

А 2015

142 к



Болат Сағынбекұлы Қорғанбеков

«Шора батыр» эпосы:

нұсқалары, генезисі, тарихилығы



Болат Сағынбекұлы
Қорғанбеков

«Шора батыр» эпосы: нұсқалары, генезисы, тарихылығы

Монография

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2014

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

Қ 66

*«Сырдария» университеті (27.01.2012. №6 хаттама)
мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
(17. 09. 2013. №7 хаттама) ғылыми кеңестері талқылап, баспаға ұсынған*

Жалпы редакциясын басқарған:

Т. Қоңыратбай – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Рецензенттер:

С. Бахадырова – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Т. Әлбеков – филология ғылымдарының кандидаты

С. Қосан – филология ғылымдарының кандидаты

Ж. Рақышева – филология ғылымдарының кандидаты

Қ 66 Қорғанбеков Б.

«Шора батыр» эпосы: нұсқалары, генезісі, тарихилығы.

Монография. – Астана: Фолиант, 2014. – 304 бет.

ISBN 978-601-292-821-1

Зерттеу еңбекте түркі халықтары арасында кең тараған «Шора батыр» эпосының ұлттық нұсқалары, олардың таралу аймағы мен вариациялану, тасымалдану жайы, уақыт аясындағы жанрлық және көркемдік түр-сипатқа ие болуы мен тұтастану үдерісі, эпикалық дәстүрге қатысы, жырлаушылары, олардың қосқан шығармашылық үлесі, ұлттық нұсқалардың стадиялық кескін-келбеті, образдар жүйесі мен олардың тарихи түптұлғаларымен байланысы, тарихи шындық пен эпикалық шындықтың арақатынасы, сондай-ақ шығарманың зерттелу жайы, ондағы даулы мәселелердің туу себебі мен дұрыс шешім табу жолдары туралы ғылыми талдаулар жасалынады.

Еңбек фольклортанушыларға, түркітанушы мамандарға және жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің оқытушылары мен магистранттарына, студенттеріне, сондай-ақ халық шығармашылығына қызығушылығы бар көпшілік оқырмандарға арналады.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-292-821-1

© **Қорғанбеков Б., 2014**

© **«Фолиант» баспасы, 2014**

СӘТ САПАР!

Қазақ фольклоры қаһармандық жырларға аса бай. Соның ішінде «Шора батыр» – өзінің тарихи деректілігімен, мазмұнының тереңдігімен, көркемдігімен, сюжеттік желісінің тартымдылығымен, құрылымының шымырлығымен, образдарының жарқындығымен, тілінің шұрайлылығымен оқшау тұратын, шоқтығы биік туынды.

Әйгілі жырға ең көрнекті ғалымдардың алдымен назар аударатыны хақ. «Шора батыр» туралы Шоқан аз да болса саз айтқан. Ол шығарманың тарихилығына, халықтың тұрмыс-салтын бейнелеуіне, сарындар жүйесіне қатысты әлі де құнды ғылыми көзқарасын білдірген. М. Әуезов те жырдың бас қаһарманы Шораны ұлы батырларға жатқызады. Бұл Мұханның Шораны, өзі айтқандай, «туысы бөлек, орны басқа, ел қиялындағы бағасы жоғары болған, ел-рудың басшысы әрі ел іргесін бермейтін елдің ұлы қамқоры, хан қатарлы болған» тұлға деп есептегенін көрсетеді. Осындай халыққа қадірлі, ғылым үшін құнды жыр патшалы Ресейдің де, тоталитарлы Кеңестің де қыспағын көп көрді. Мұндай тыйым салынған жыр кемде-кем. Олай болатын жөні бар. Өйткені отаршылдыққа ерлігімен ғана емес, ақыл-парасатының кемелдігімен, көрегендігімен қарсы тұрып, досқа сүйікті, дұшпанға қасірет болған Нәрікұлы Шора батырдай тұлғаны тарихтан табу қиын.

Талайдан бері «жабық тақырып» болып келген «Шора батырдың» бағына еңбекқор Болат бауырымның тап келгені бізді қуантады.

Болатты 1996 жылы «Қарабура» тарихи-танымдық жинағын баспаға дайындап жүрген кезден бері білемін. Осы жинаққа оның Шора батырдың тарихи тұлғасы мен эпикалық бейнесі туралы

мақаласы енді. Мақаланы, жинақтың шұғыл дайындалуына орай, тез арада, бір күннің ішінде жазып тапсырды. Әрине, мұндай асығыстық кезінде көп жайттың ұмыт қалатыны, айтылар ойдың шашыраңқы түсетіні даусыз. Сонда да Болаттың мақаласы дерекке, тың ойға бай болып шықты. Ғылыми айналымға түспеген айғақтар мен шетел ғалымдарының зерттеулерінің барынша мол пайдаланылғаны бізді тәнті етіп еді. Сол кезде бұл мақала туралы Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, С. Қасқабасов, А. Сейдімбектердің жылы лебіз білдіргені әлі есімде.

Болаттың 1998 жылы қорғаған «Шора батыр» жырының ұлттық нұсқалары» деген диссертациясымен де танысып шығып, риза болған едім. Ғылыми ортада да жақсы бағаланған сияқты. Өзі де талқылау кезінде жұмысты бірден докторлық диссертация ретінде ұсыну керек деген пікірлер болғанын айтқан еді. Мұны тезірек жариялау керек деген ойымды білдіргенмін. Бірақ Болат асықпапты. Оның да себебі бар екен. Ол диссертациясындағы жыр жөніндегі негізгі ойларын «Бабалар сөзі» қазақ фольклорының көптомдығы құрамында шыққан «Шора батырға» арналған жинақты дайындау кезінде пайдаланыпты. Ал бұл монографиясында одан бергі он бес жылдағы жаңалықтар молынан қамтылыпты. Мұнда соңғы жылдарда жарық көрген тың нұсқалар кәдеге асыпты, тек қазақ ғалымдары емес, өзге түркі халықтарының зерттеушілерінің еңбектеріне де шолу жасалып, көптеген дәйектер келтіріліпті. Ұлттық нұсқалардың мазмұнымен барынша кеңінен таныстырыпты. Диссертациясында көрсетілген сарындар жүйесіне қатысты қосымшамен бірге, мұнда жыр генезисіне және эпос нұсқаларындағы ортақ сарындарға байланысты қосымша берілген. Диссертациясындағы кейбір концептуалды ойлар да аздап өзгертілген. Тыңнан тараулар қосылған. Диссертациядағы негізгі бөлім үш тараудан тұрса, монографияда ол жетіге көбейген. Пайдаланылған дерек көздері мен әдебиеттер саны да екі есеге өскен. Автордың диссертациясындағы көзқарастарының да дені бүгін ескірген жоқ. Бірақ ол мұны місе тұтпастан, соңғы жаңалықтардың бірде-бірін қалдырмауға тырысқан, тағы да қыруар палеографиялық, мәтінтанушылық жұмыстар атқарған. Жырдың ең даулы тұстары туралы батыл да нанымды шешімдер айтқан. Моно-

графия тың ойларға тұнып тұр. Осының бәрі Болаттың «Шора батырдан» соңғы он бес жылда да қол үзбегенін танытады. Сірә, ғылымда жиі айтылатын «тақырыпқа адалдық» деген осы болса керек.

Болат бұл жұмысты толыққанды бітіргені туралы айтып хабарласқаннан кейін, оны еліміздегі ең беделді, күрделі еңбектерді жариялаудан тәжірибесі мол «Фолиант» баспасынан шығаруға кеңес бердім. Енді, міне, осы іс сәтімен болған сабақты инедей өзінің мәресіне жетті деп айтуға болады. Шығып жатқан еңбекке сәт сапар тілеуді де азаматтық борышым деп санадым. Берері мол зерттеудің ендігі игілігі Сізге болсын, құрметті оқырман!

Ілия ЖАҚАНОВ

КІРІСПЕ

«Шора батыр» эпосы – қазақ халқының, сондай-ақ көптеген түркі халықтарының эпикалық мұрасының ішіндегі кең танымал әрі сүйікті шығармаларының бірі. Кезінде ол халыққа танымалдығы жөнінен өзінен шығу дәуірі әлдеқайда ілгеріде жатқан «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», т.б. классикалық эпостармен иықтас болған. Бұл шығарма бірнеше ғасырды көктей өтіп, бізге сан алуан нұсқада келіп жетті. Бұрын кеңестік идеология жариялауға, сөз етуге тыйым салған «Шора батыр» жырын әр қырынан қарастыру – бүгінгі қазақ фольклортанушысы үшін кезек күттірмес мәселелердің бірі.

Нақты тарихи тұлға Шора Нәрікұлы мен оның эпикалық бейнесінің арақатынасы, байланысы жөнінде тәуелсіздік кезеңіне дейін бір-екі ауыз болжамдардан басқа, күрделі талдауларға негізделген салиқалы ой айтылған жоқ болатын. «Шора батырдың» өзі тектес көп шығармалардан зерттеу нысаны ретіндегі артықшылығы қай тұста дегенде, ең алдымен оның тууына себеп болған тарихи оқиғалардың, тарихи дәуірдің анықтығын айтпақ ләзім. Бұл артықшылық оның тарихилығын бірінші кезекте қарастыруға себеп болары кәміл. Ал тарихилық жайын генезис, тұтастану мәселелерімен сабақтастыра зерттегенде ғана жырдың пайда болуындағы себептер мен алғышарттарды, оның әр түрлі тарихи-әлеуметтік жағдай мен қоғамдық ортаға сай өмір сүруге бейімделу сипатын, жалпы поэтикалық даму тарихының толық көрінісін айқындай аламыз. Сондай-ақ жырдың көркемдік даму жолдарын оның барлық ұлттық нұсқаларын салыстыру арқылы ғана көрсету мүмкін.

Эпикалық шығармалардың ұлттық нұсқаларын түгелдей тарихи-типологиялық тұрғыдан салыстыра зерттеу – бүгінгі дамыған

фольклортанудың басты талаптарының бірі. Сан алуан ұлттық нұсқалары бар «Шора батыр» жыры осы талапқа жауап бере алатын іргелі зерттеуге нағыз қажет материал бола алады. Жырдың тарихи негізі неғұрлым айқын болса, оның пайда болуы мен даму ерекшеліктері де соғұрлым көрнекірек болары белгілі. Біз зерттеуімізде осы жағдайды қаперде ұстап, жырдың классикалық эпос деңгейіне жету жолын және бір топ нұсқалардың көркемдік дамудың әдепкі қалыптарын сақтап қалу себептерін барынша ашуға талаптанамыз.

Эпостан тарихи шындықтың белгілерін табу үшін оның бастапқы нұсқалары қандай болды деген сұраққа жауап іздеудің маңызы зор. Эпостың бастапқы түбірі өмір шындығынан туындайтын мүлдем басқа фольклорлық жанр (мақтау өлең, жоқтау, тұрмыс-салт жырларының, т.б. түрлері) немесе жай болмыш әңгіме, мемуарат бола беруі де мүмкін. Бұл мәселені «Шора батырдың» түркі халықтарындағы нұсқаларының айырмашылығы мен ұқсастықтарын, жанрлық ерекшеліктерін, олардағы тұтастану белгілерін көрсету арқылы ғана анықтау мүмкін.

Тарихтағы Шора Нәрікұлының (Чора Нарикович) өмірі мен оның эпикалық бейнесінің іс-әрекетіндегі айырмашылық себебін айқын түсіндіріп беру де оңай емес. Ол – тарихты эпостың өзіне тән игеру тәсілдері болатынын және оның өзі де ұзақ тарихи үдеріс екендігін көрсету арқылы ғана шешілетін мәселе.

«Шора батырдың» таралу аймағы да өзіндік ерекшеліктерге ие. Оның өзі сияқты басқа да ноғайлы жырларынан таралған жағырапиялық ауқымның әлдеқайда кең болуының ең басты себебі өзіне негіз болған дүбірлі оқиғаның бүкіл түркі халықтарының тарихи тағдырында айрықша із қалдырған мәні мен маңызында. Жыр нұсқаларының көп болуы мен сан алуандығы жыршылық мектептерге де байланысты. Сондай-ақ мұнда жеке орындаушылардың қосқан үлесі де мол болады. Жырдың таралуында жекелеген рулардың атқарар рөлі үлкен. «Шора батырдың» таралу өрісінің айрықша кеңдігі Қырым, Қазан және сол тұстағы өзге де діндес, туыстас хандықтар мен Орыс мемлекеті арасындағы қақтығыстардың, саяси-экономикалық қарым-қатынастардың куәсі болған түркі ру-тайпалардың кейіннен әлемнің түкпір-түкпіріне бытырай қоныс аударуымен де байланысты. Бұл тұстарда тек тарихи материалдарды ғана емес, шежіре, аңыз әңгіме сияқты басқа фольклорлық мұралармен де жырдың нұсқаларын салыстырып көру қажет.

Эпостың ұлттық нұсқаларындағы ұқсастықтар сырын ашу да жұмысымызда алға қойған мәселенің бірі. Ол ұқсастық тарихи типологиялық жағдайдан туған ба, немесе генеологиялық негіздеме, я болмаса шығармашылық алмасудан туған ба – осындай жұмбағы мол жайлардың кілтін барынша ашу керек. Эпос бойындағы тұрақты бөліктердің ролін анықтамақ ниетіміз генезис мәселесімен сабақтас. «Шора батыр» эпосының пайда болуы, қалыптасуы және дами келе классикалық деңгейге жету үдерісінің толық кескінін көрсетіп беру зерттеуіміздің ең басты міндеті болып саналады. Оған қоса эпосты тудырған тарихи дәуір ерекшелігін, тарихи шындық пен эпосқа тән көркемдік шындықтың арақатынасын, тұтастану кезеңдерінің ұлттық нұсқаларда сақталып қалған көрінісін, тарихи тұлға мен орталық эпос қаһарманының байланысын, жырдың таралу аймағын, оның эпикалық дәстүрге қатынасын, жанрлық ерекшелігін, жыршылық мектептер мен жекелеген жыршылардың жырды таратудағы ролін анықтап беру сияқты мәселелердің бәрі басты міндеттеріміз болып саналады.

Бір эпикалық туындының әр түрлі ұлттық нұсқаларын салыстыра зерттеудің маңызды екені талайдан бері айтылып келе жатқанымен, бұл бағыттағы жұмыстар қазірге дейін қарқынды атқарыла қойған жоқ. Тек қазақ фольклортануында ғана емес, бұрынғы Кеңестер Одағында да, кейінгі ТМД елдерінде де осы мазмұндағы еңбектер санаулы ғана. Мұндай еңбектер қатарында роман тілдеріне жататын халықтар эпосын салыстырған В.М. Гацактың, славян тілдес халықтардың эпос нұсқаларына талдау жасаған С.Н. Азбелевтің, Ю.И. Смирновтың еңбектерін айтуға болады. Ал жеке эпос үлгілерінің вариант-версияларын тұтастықта қараған зерттеулер тіптен аз. Бұл салада «Алпамысты» В.М. Жирмунскийдің, «Көрұғылыны» Х. Короглының, «Джангарды» А.Ш. Кичиковтың, «Гесерді» С.Ш. Чагдуровтың зерттегенін саусақпен санап көрсете аламыз.

Ұлттық нұсқаларды тұтас қамтыған еңбектердің аз болуының өзіндік себептері де жоқ емес. Бұл, бір жағынан, халықтардың рухани-эстетикалық мұраларын туыстық негізде қарастыратын гуманитарлық саланың (түркология, славистика, монғолистика, т.б.) фольклортанудан түпкілікті орын алмағанымен байланысты болса, екінші жағынан, фольклортануға әдебиеттанушылық әдістемелер тұрғысынан қараудан әлі де арыла алмаушылыққа қатысты. Әде-

биеттануда жеке шығарманы зерттеу жазушы шығармашылығын немесе әдеби бағыттарды, ағымдарды, жанрларды тұтас тексеруден маңызды болмаса, фольклортануда олай емес. Жекелеген фольклор туындысын барлық ұлттық нұсқаларымен тұтас зерделеу өзінің мақсат-міндеттері жағынан да, ғылыми жаңалығы мен қарастыратын материалдарының саны мен салмағы жөнінен де жанрды немесе жанрлық түрлерді қамтыған зерттеулерден асып түспесе, кем түспейді. Осы айтылғандармен қатар туыстас ұлттарды, әсіресе түркі халықтарын бір-бірінен алшақтатуға күш салған космополиттік көзқарастың, кеңестік интернационалистік саясаттың да бұл бағытқа тегеурінді кедергісі болғаны айқын. Сондықтан жекелеген эпосты барлық ұлттық нұсқаларымен қарастырудың маңыздылығы туыстас халықтардың рухани сабақтастығын терең танытуымен де, фольклортанудағы аталмыш бағытты одан әрі дамытуымен де көзге түседі. Мұндай зерттеу әрі мәдени, әрі саяси, әрі ғылыми мәнге ие болмақ.

Біздің бұл еңбегімізде бірінші рет «Шора батыр» эпосының түгелге жуық ұлттық нұсқалары қамтылып, әрбір варианттың өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. «Шора батырдың» ғылыми айналымға түспеген көптеген нұсқаларын алғашқы болып зерттеу нысаны еттік. Көне басылымдарда және латын, араб, кирилл жазуындағы қолжазба варианттарды Алматы, Бішкек, Ташкент, Нөкіс, Мәскеу қалаларындағы республикалық және ғылыми кітапханалардың, мұражайлардың қолжазба қорларынан алып пайдаландық. Сонымен қатар жырдың Түркияда, Польшада, Румынияда, Татарстан мен Башқұртстанда, Өзбекстан мен Қарақалпақстанда, Ресейде әр қилы дәуірлерде, транскрипция түрінде және әр түрлі графикада жарық көрген басылымдарын түпнұсқада оқып, оларды да фольклортану ғылымында 1998 жылы тұңғыш рет айналымға түсірген болатынбыз.

Ұлттық варианттарды синхрондық және дихрондық тұрғыдан салыстырып, жырдың тұтастану сипатын, көркемдік дамуын ашып көрсетіп, оларды тарихи шындық пен көркем қиялдың үлесіне, стильдік ерекшеліктеріне, тұрақты элементтері және тұтастанудың кезеңдік белгілеріне, көлемі мен айтылу мақсатына қарай жіктемеппіз. Эпос қаһарманының тарихи түптұлғасы кім екендігі жайындағы және кейбір нұсқаның қайсы ұлтқа, қай жыршыға

тиесілілігі жөніндегі шешуін күтіп тұрған мәселелерді біршама анықтауға күш саламыз. Жырдың тарихилығына байланысты бұрын сөз болмаған тың деректер айтылмақ.

Жұмыстың мақсаты мен міндетіне байланысты тарих, этнография, әдебиеттану, тіл білімі, музыкатану ғылымдарының жетістіктерін, сондай-ақ орыс, қазақ және басқа түркі халықтарының эпостанушы ғалымдарының еңбектерін де таяныш еттік. Зерттеушілік мектебі ортақ болып келген Кеңестер Одағынан енші алып шыққан елдердің ғылыми тәжірибесі ғана емес, бұдан тыс мемлекеттердегі ғылыми әдістемелер де есепке алынды. «Шора батыр» жөнінде пікір айтқан ағылшын, румын, түрік ғалымдарының зерттеулерінде бізге елеусіз болып келген көп жайттар айтылған. Олардың біздің зерттеуге тигізген пайдасы өте көп.

Бір ескерте кететін жайт, әдетте осы тектес зерттеулерде бірінші орында берілетін эпостың тарихилығы жөніндегі тарау біздің жұмыстың соңғы жағынан орын алды. Дәстүрлі қалыпқа басқа қырынан келуіміздің өзіндік себептері бар. Алғашқы екі тараудағы айтылған мәселелер, бір жағынан, шығарманың тарихилығын ашуға қызмет ететін болғандықтан, оларға жұмыстың бас жағынан орын бердік. Мәселен, ұлттық нұсқалардағы тұрақты белгілердің көбі эпосты тудырған тарихи дәуір шындығымен тікелей байланысты. Осының бәрі де «Шора батырға» қатысты мәселелердің ең даулы тұсы болып табылатын бас қаһарманның тарихи түптұлғасы кім екендігі жөніндегі мәселені дұрыс шешу үшін тарихи деректерге қосымша материал есебінде пайдаланылды.

Сондай-ақ жырдың қазақ варианттарын өзге ұлттық нұсқалардан бөле-жармастан, тең дәрежеде салыстырдық. Соның нәтижесінде жырдың жалпы поэтикалық даму деңгейіне, тұтастану сатыларына тоқталу, бір жағынан, эпостың көркемдік эволюциясы мен генезисін барынша көрнектірек етіп беруге мүмкіндік туғызса, екінші жағынан, қолдағы мол материалдарды игеру ісі былайша жеңілдетілді: көне сипаты мол ноғай, қырымтатар нұсқаларын зерттеудің бас жағында таныстыру – қазақ, қарақалпақ, қырғыз нұсқалары сияқты көркем варианттардың мазмұнын қысқартып баяндауға мүмкіндік берді. Өйткені көне нұсқалардағы көптеген белгілер көркемделген классикалық нұсқаларда ішінара сақталып қалған. Қырымтатар, ноғай нұсқалары жөнінде кеңірек сөз қозғау да қазақ нұсқаларының көне сипатын танытуға қызмет ететіні кәміл.

ЗЕРДЕЛЕНУ ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ ЖАДЫ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Тарихи даңқты оқиғадан туған даңғайыр жырдың жырлануы ғана емес, оған ғылыми қауымның назар аударып, тексеру жайы да кең ауқым алды. «Шора батырды» зерттеп-зерделеу ісі түрлі тосқауылдарға қарамастан, XIX ғасырдың орта шенінен бері қарай тоқтаусыз жүргізілді. Бұған түркі ғалымдарының ұлтжандылығы, сондай-ақ тегі, тілі өзге ұлт ғалымдарының жырдың бітім-болмысы мен мән-маңызының өзгешелігіне деген қызығушылығы себеп болды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап 1939 жылға дейін үздіксіз баспа бетін көріп келген жырды одан әрі жариялау және зерттеу ісі кеңестік Қазақстанда ұзақ уақыт бойында тоқтап қалды. Қаһармандық жырлардың жауынгерлерді жігерлендіре алатын рухани қуаты бар екенін тани білген кеңестік саясат, Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығына қарамастан, бұл жырлардың тың нұсқаларын жинауға, жариялауға, ғылыми айналымға түсіруге ден қойған кезде, өзге жырлармен қатар «Шора батырдың» да бірнеше тың варианттары қағаз бетіне түсіп, баспаға дайындалғанымен, жарыққа шығып үлгермеді. Себебі осы кезде соғыстың аяқталуына байланысты кеңестік идеологияға енді олардың қажеті болмай қалды, сөйтіп олар жарияланған жоқ. Жай ғана баспадан шықпай қалу былай тұрсын, енді бұл жырларды насихаттауға, зерттеуге тегеурінді тосқауыл қойылды. 1947 жылғы ҚКП Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтындағы саяси-өрескел қателіктер» деген қаулысынан соң ақ жыр тотолитарлық жүйенің қаһарына ұшырады. 1953 жылдың 11-15 сәуірі аралығында өткен, Қазақ КСР Ғылым академиясы мен Қазақстан Жазушылар одағының президиумдары ұйымдастырып, оған КСРО Ғылым академиясының, КСРО Жазушылар одағының, Өзбек КСР Ғылым академиясының өкілдері қатысқан эпос жөніндегі дискуссия қорытындысы өзі тектес көптеген жырлармен бірге «Шора батырды» да зиянды мұра деп тапты. Жарияланған дискуссия қорытындысында бұл жөнінде былай делінеді: «Дискуссияға қатысушылар «Орақ – Мамай», «Қарасай – Қазы», «Шора батыр», «Ер Есім», «Ерсайын», «Едіге» эпостарын бірауыздан реакциялық,

халық мүддесіне қарсы эпостар деп тапты» [1]. Осы туралы: «Мұндай қатал да әділетсіз үкім жырдың кейбір варианттарында Шораның Қазанға қарай жауға аттанып бара жатқандығына бола шығарылған еді» [2], – дейді белгілі фольклортанушы Р. Бердібай. Ал түрік зерттеушісі Х.Б. Паксой «Шора батыр» – татарлардың келешек ұрпақтарға қалдырған өсиеті» атты мақаласында бұл жырға көрсетілген қысымның саяси астарына көбірек мән береді. «(...) Орыстар «Шора батыр» жырынан қауіптеніп, оның көзін жоюға күш салды. Бұл жыр орыстар мен Кеңес үкіметінің тарихты өз қалауларынан көрсетпек болған мақсатына орасан кедергі келтіргендіктен де одан құтылғылары келді» [3], – дейді. Дегенмен шетел ғалымдарының жырға деген ілтипатының арқасында ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері жыр жөнінде айтылған бағалы, ғылыми құнды ой-пікірлердің легі толастай қоймады.

Эпос жөнінде ең алғаш пікір айтушылардың бірі – Ш. Уәлиханов. Ол жалпы ноғайлы жырлары туралы айта келіп, «Шора батырға» да тоқталады. «Шора – қоршауда қалған Қазанға көмекке барған татар жауынгері. Оның аты Қазан жылнамасында сақталған. Бұл дастандар біздің көшпелілердің ата-баба мұраларын қалай құрметтейтіндігін және сақтайтындығын көрсетеді» [4], – дейді Шоқан. Сондай-ақ ол жырдың екі вариантының қысқаша фабулалық желісін баяндайды. Ол туралы алдағы әңгімемізде айтылмақ.

«Шора батыр» жөніндегі ғылыми пікірлер кеңестік дәуірдің Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңінде көбірек айтылды. Ноғай эпосын көп зерттеген ғылым П.А. Фалев бұл жырлардың таралу ерекшеліктерінің бір мысалы ретінде «Шора батырдың» ноғай вариантын келтіреді. Жырдың тарихилығы жөнінде де тың ойлар айтады. Ол эпос қаһарманына негіз болған орыс жылнамалары мен тарихи құжаттарындағы Чора Нарикович емес, 1500 жылдары Азов маңында қарақшылық күн кешіп, орыс елшілері мен саудагерлеріне жиі-жиі шабуыл жасап тұрған тарихи тұлға – Қара Шора (Қара Чора) деген тұжырым айтқан [5]. Бұл пікірді А.К. Боровков [6] және көптеген қарақалпақ ғалымдары, атап айтқанда, Қ. Мақсетов [7], [8], А. Қожықбаев [9], Қ. Мәмбетназаровтар [10] сол күйінде қайталайды.

М. Әуезов 1927 жылы Қызылордада жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде «Шора батырдың» Ә. Диваев жариялаған

екі нұсқасын салыстыра отырып, олардағы эпикалық жаулардың біреуінде «орыс», екіншісінде «қалмақ» болып айтылу себептерін нұсқалардың поэзия немесе проза түрінде жариялауынан деп түсіндіреді. Және жырдағы батырдың Қазанға аттануы мотивінің тарихи-әлеуметтік мәнін, эпостағы кейінгі дәуірлердің әр түрлі қоспаларын көрсетіп берген [11]. М. Әуезовтің бұл еңбегі 1991 жылы қайта жарық көрді [12]. Эпостың Ә. Диваев жариялаған прозалық нұсқасы [13] Майлықожа ақыннан жазылып алынған болатын. Ал Диваев өзі жариялаған поэзиялық вариантты Төрткөл болысының қарақалпағы, молда Ермұхаммет Нығметуллаұлының қолжазбасы бойынша, бірнеше рет «қарақалпақ дастаны» деп, орыс тілінде жариялаған еді [14] [15]. Сондықтан да қарақалпақ ғалымдары И.Т. Сағитов [16], Қ. Мақсетов [8,89], У. Ерполатовтар [9,9-10] бұл нұсқаны өз мұралары ретінде қарастырып жүр. Бұл варианттың түпнұсқасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архивінде сақтаулы тұр [17]. 1922 жылдан бергі уақытта бұл жыр бірнеше рет қазақ халқының эпикалық мұрасы ретінде жарияланды. Жариялану кезіндегі нұсқаның бірде қазақтарға, бірде қарақалпақтарға телінуінің басты себептеріне біз алдағы уақытта арнайы тоқталамыз.

1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» атты оқулығында С. Сейфуллин де осы нұсқалар жөніндегі М. Әуезовтің біршама пікірлерін қайталайды. Сәкен де Әуезов сияқты еңбегінің батырлар жыры туралы тарауында әуелі шығармалардың мазмұнымен таныстыра келіп, соңынан оның ғылыми талдауын беріп отырады. Ол мұнда Диваевтың поэзиялық нұсқасының қысқаша мазмұнын баяндап өтеді [18]. «Нәрікұлы Шора батырдың әңгімесі» атты тараушада аталмыш нұсқа талданады [18,204-206]. Сондай-ақ «Ертедегі жырлы әңгімелер яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» деп аталатын екінші бөлімде жырдың өзге ұлттардағы варианттары, Шора туралы басқа да шығармалар, мәселен, Мұраттың «Шалгезіндегі» (С. Сейфуллин «Шалгез» жырын Мұрат Мөңкеұлынікі деп есептеген) Шораның портреті туралы ой қозғайды [18,163-165]. Оның бұл еңбегі 1964 жылы шыққан шығармалар жинағының көптомдығына енді [19]. Алайда «Шора батырға» арналған негізгі тараушалар оған кірмей қалған. Сондай-ақ 2007 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан С. Сейфуллин шығармаларының көптомдығында да бұл тараушалар қамтылмаған.

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында қазақ жұртшылығына баспа арқылы жақсы таныс болғандықтан да эпосқа қатысты пікір айтқан ғалымдардың көбі эпостың Ә. Диваев жариялаған осы екі басылымына сүйенеді. И. Есмағамбетұлы [20] мен Б. Кенжебаев [21] жырдың нақты тарихи оқиғадан туғанына назар аударса, С. Мұқанов Сәдібек Нүсірепұлынан (Садықбек Мүсірепов) жазылып алған варианттың бұрынғылардан бес-алты есе үлкен және көркемдік жағынан құнды екенін тілге тиек еткен болатын [22]. Асылы, өткен ғасырдың 30-жылдарының орта шенінен бастап қана зерттеушілер жырдың өзге нұсқаларымен де таныса бастағанға ұқсайды. Мәселен, И. Есмағамбетұлы «Шора батыр туралы» деген жоғарыда көрсетілген мақаласында Мәскеудің Тарихи музейінің мұрағатында Александр дегеннің Қазалы уезінен жинаған бір нұсқасы бар екенін ескертеді [20]. И. Есмағамбетұлы – Е. Ысмайыловтың бүркеншік есімі болуы керек, М. Жолдасбеков осы мақаланың сол кісіге тиесілі екенін айтады [23]. М. Әуезов «Молда Мұса» деген мақаласында [24] Мұсабек Байзақұлының «Ер Шора» дастанын жырлағанын айтады.

Қ. Жұмалиевтің авторлығымен 1942 жылы шыққан мектеп оқулығында «Шора батырға» елеулі орын берілген. Бұл оқулықта жыр «Қазан мен Астраханды жаулап алу, оның әдебиеттегі сәулесі» деген тақырып ішінде айтылады. Мұнда жырдың тарихилығына, оның Қазанды құтқару жөніндегі халық арманынан туғандығына, соның жырдағы көріністеріне көңіл бөлінеді [25]. Ә. Диваев жариялаған нұсқалар Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ халқының батырлық жырларын зерттеген еңбектерде де негізге алынып жүрді. Соғыс күндерінде Қазақстанға эвакуациямен келген академик А.С. Орлов өзінің қазақ эпосы жөніндегі зерттеуінде жоғарыда айтылған нұсқаларды орыстың әйгілі былиналарымен салыстырып, олардың жалпы эпосқа тән белгілерін ашып көрсеткен, поэтикалық формаларына назар аударып, шығарманың өзіндік ерекшелігіне де тоқталған [26]. 1946 жылы дайындалған, бірақ жарық көрмей қалған «Қазақ әдебиеті тарихының» батырлар жыры жөніндегі тарауын Қ. Жұмалиев жазған. Осы тарауда да «Шора батырға» арнайы бөлім берілген. Онда жоғарыда айтылған екі вариантпен бірге Әбдіғани Сариевтан жазылып алынған көлемді нұсқаның қысқаша мазмұнымен таныстырады. Ғалым бұл нұсқалардың қайсысы бұрын,

кайсысы кейін пайда болды деген мәселеге де біршама көңіл бөледі [27]. Кейіннен бұл еңбек біраз түзетумен 1948 жылы жарық көрген кезде осы бөлім алып тасталынды [28]. Жарық көре салысымен кеңестік саясат салдарынан репрессияға ұшыраған бұл еңбекте халық игілігіне көп қызмет ете алмады. Оны тарату тоқтатылды.

«Шора батыр» жырын зерттеуге тыйым салынғаннан кейін зерттеушілер бұл тақырыпқа көпке дейін беттей қоймады. Өткен ғасырдың 70-жылдарының бас кезінен бастап кейбір ғалымдар батылдық көрсетіп, бұл жыр жөнінде там-тұмдап айта бастады. Бұл тұстарда «Шора батырға» алғашқылардың бірі болып жанашырлық танытқан ғалым профессор Р. Бердібай болды. Ол жырдың Молда Мұса жырлаған көлемді вариантын ақын шығармашылығына қатысты талдайды [29]. «Шора батырдың» қара сөз түріндегі Майлықожа нұсқасы мен осы айтылған Молда Мұса нұсқасы жөнінде филология ғылымының кандидаты Ө. Оспанұлы да жетпісінші жылдардың басынан бастап-ақ ғылыми көзқарасын айта бастаған еді [30].

Мұнда ол жырдың тарихилығы жөнінде бұрынғы айтылған пікірлерді қайталайды. Ғалым эпосты жазба әдебиет туындысын талдауға тән әдістеме тұрғысынан зерттеген. Бірақ бұл бастама бірден қолдау тауып кете қойған жоқ. Ө. Оспанұлы 80-жылдардың басында да [31], 90-жылдардың басында да [32] Майлықожа мен Молда Мұса нұсқаларын сөз ете отырып, жырдың халықтық сипатының басымдығына назар аударады. Р. Бердібай 1983 жылы қазақ эпосының ішінде бір кезде саяси тұрғыда жөнсіз тыйым салынған, қазіргі кезде ақталуы тиіс жырлар бар екенін, оларды кешіктірмей зерттеу керектігін Кеңестер Одағы көлемінде мәселе етіп қойды [33]. Осыдан соң бұл мәселеге үн қосушылар да көбейді. Жазушы, сыншы Т. Тоқбергеновтің 1984 жылы «Шора батырды» солақай саясаттан қорғап, осы келелі істі күн тәртібіне қайта қоюы [34] 70-жылдары көтерілген мәселенің әлі де кең қолдау таба қоймағанын көрсетті. 1986 жылы Р. Бердібай В.М. Жирмунскийдің 1974 жылы жарық көрген «Түркі халықтарының қаһармандық эпосы» атты зерттеу еңбегін сәттілікпен пайдаланып, зерттеуге тыйым салынған жырларды ақтап алу қажеттігін тағы да КСРО деңгейінде қозғады [35]. Ол 1992 жылы Молда Мұса нұсқасын арнайы зерттеу мақаласына арқау етті [36]. Автордың зерттеулер жинағына [2,173-

193] енгізілген бұл мақаласында Молда Мұса варианты арқылы «Шора батыр» эпосындағы эпикалық дәуір бейнесіне, ондағы тарихи оқиға іздеріне, эпикалық шындықтың тарихи шындыққа қатысына, жырдың ертегі, миф сияқты өзге жанрлармен ортақ типологиялық белгілеріне, формулалықтың жыр поэтикасындағы рөліне, тарихи тұлға мен бас қаһарманың арақатынасына, шығарманың полистадиялық сипатына, т.б. негізгі мәселелерге еңбектің көлеміне лайықты терең талдау жасаған.

1998 жылы «Шора батыр» эпосы бойынша екі бірдей диссертация қорғалды. А. Мамытовтың кандидаттық диссертациясында жырдың қазақ нұсқалары арқау етіліп, негізінен алғанда, мұндағы поэтикалық үрдістер қарастырылған. Біз қорғаған екінші диссертацияда эпостың түркі халықтарындағы нұсқалары түгелге жуық қамтылды деуге болады. Бұл диссертацияға ішінара жаңартулар жасалып, көптеген тың толықтырулар енгізілгенімен осы монографияға негіз болғандықтан, оны мазмұндап жатудың қажеттілігі жоқ деп санаймыз. А. Мамытовтың [37] және біздің [38] бұған дейін жариялаған мақалаларымыз диссертация авторефераттарында көрсетілген. А. Мамытовтың диссертациясы негізінде дайындаған монографиясы 2001 жылы баспадан шықты [39]. Мұнда автор эпостың бас қаһарманы мен оның түптұлғасының арақатынасын, сюжет құраушы мотивтер жүйесін, бейнелеу және көріктеу құралдарын, формулалық түрлерін, өлең өлшемдерін сөз етеді.

«Шора батырдың» басқа ұлттық нұсқаларының зерттелу тарихы да дәл осындай жағдайларды бастан кешірді. Ноғай нұсқалары жөнінде П.А. Фалевтен кейін толымды пікір айтқан ғалымдардың бірі – Р. Бердібаев. Ол жалпы ноғай халық ауыз әдебиеті жөніндегі зерттеулерінің ішінде ноғайлардың «Шора батырын» бірнеше рет тілге тиек етті [40], [41]. 1969 жылы Мәскеуде жарық көрген «Ноғай халық йырлары» деген жинаққа [42] және 1991 жылы Ноғай Ордасы мен «Едіге батыр» жырының 600 жылдығына орай шығарылған ноғай халқының батырлық жырлары жинағына [43] Ашим Шейх-Али ұлы (Сикалиев) жазған алғы сөздерде «Шора батыр» талдауына едәуір орын берілген. Жыр және оның көркемдік сипатына шолу ноғайлардың орта мектеп оқулықтарынан да орын алды [44]. А.И. – М.Сикалиев өзінің ноғай эпосы туралы зерттеуінде өзге шығармалармен бірге «Шора батырдағы» басты сарындарға кеңінен тоқталды [45].

Кеңес дәуірінде қырымтатар зерттеушілерінің барлығы жырды әдеби шығарма ретінде қарастырған. А. Фетислямов орта мектеп оқушылары үшін эпосқа қысқаша талдау жасаған [46]. Қырым татар зерттеушісі Джефер Бекировтің авторлығымен Ташкенттен «Татар фольклоры» атты филология факультетінің татар тілі мен әдебиеті бөлімі студенттеріне арналған оқулығында [47] «Шора батырға» біршама орын берілген. Бұл оқулық шыққан кезде баспасөз беттерінде бірнеше рецензия [48], пікірлердің [49] жарық көруі кітаптың тың тақырыптары қозғаған жаңалығында болса керек. Осы мақалаларда айтылған кемшіліктерді ескере отырып, автор қайта түзетумен кітапты екінші рет баспадан шығарды [50]. Дж. Бекиров шығарманың тақырыбы мен идеясын, ондағы образдарды жеке-жеке талдайды [50, 34-43]. Соңғы кезде шыққан қырымтатар мектеп оқулығына да «Шора батыр» туралы осындай мәліметтер берілген [51]. Дж. Бекиров өзі құрастырған дастандар жинағына [52] алғы сөз орнына жазған «Қырымтатар халық дастандарының ерекшеліктері» («Кырымтатар халкъ дестанларынынъ хусусиетлери») атты мақаласында да жырдың тарихилығына ден қойып, осыған қатысты айтылған П.А. Фалевтің пікірлерін қуаттайды. Ал С. Нагаев «Шора батырды» қырымтатар әдебиетіндегі роман жанрының қалыптасуына ықпал еткен туындылардың бірі ретінде көрсеткен [53].

«Шора батыр» жөнінде зерттеулер жазған шет ел ғалымдарының көбі қырымтатарлар аузынан жазылып алынған материалдарға сүйенген. Әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты Түркияға, Румынияға қоныс аударған қырымтатарлар сол өлкелерге өздерімен бірге эпикалық мұраларын да ала барған. Осы рухани жәдігерліктер жергілікті ғалымдардың назарын өзіне еріксіз аударған. Қырымтатар тіліндегі эпос варианттарының ғылыми басылымдары 30-жылдардың өзінде-ақ Польшада [54] және Түркияда [55] жарық көрген болатын. Мұның алдыңғысына Саадет Исхаки неміс тілінде алғы сөз жазып, жырдың жариялану тарихымен, мазмұнымен таныстырған, жариялауға көмектескен кісілерге өз атынан алғыс білдірген [54, 3-4]. Румыния жеріндегі татарлардың аузынан жазылып алынған екі бірдей вариант 1985 жылы жарияланды [56]. Румыния ғалымдарының біразы осы шығармаларды әр қырынан зерттеді.

Н. Махмут деген Румыния ғалымы «Едіге батыр» мен «Шора батыр» жырындағы кек қайтару мотивін румын балладаларындағы

түрлерімен салыстырады [57]. К. Кэлин «Шора батырдың» сюжеті мен композициясының және тілінің жарты ғасыр ішіндегі өзгеру эволюциясын көрсетіп берген [58]. Музыкатанушы Ч. Сулициян эпикалық жанрдың музыкаға қатысын сөз ете келіп, «Шора батыр» жырының орындалу ерекшелігін одан келтірілген үзінділер арқылы көрсетіп берген [59]. Түрік ғалымы А. Инанның зерттеулерінде де «Шора батырдың» көркемдік сипаттары сөз болады. Ол жырдың қырымтатар, қазақ-қырғыз, башқұрт халықтары арасында айтылған үш түрлі версиясы бар екенін көрсеткен [60]. Қазақ версиясының «Қорқыт ата кітабындағы» жырлармен ортақ тұстары бар екеніне бірнеше рет көңіл бөледі [60,76,173]. Добружа татарларының аузынан жазылып алған эпикалық шығармалар жинағына жазған Недрет Махмут пен Енвер Махмуттардың «Добружа татарларының дастандары» («Dobruca Tatarlarının Destanları») деген алғы сөзінде де «Шора батырдың» қысқаша мазмұнына, көркемдігіне аз-кем тоқталады [61]. Осы жинаққа енген «Шора батыр» («Şora Batır») атты вариант 1993 жылы Қазан татарларының тіліне аударылып, басылып шықты [62]. Оны татар әдеби тіліне аударған Флүс Латыйфидің «Бір ананың егіз ұлдарымыз» («Бер ананың игез уллары без») атты алғы сөзінде Добружа татарларының тарихына, жырдың құндылығына қатысты ескерерлік мағлұматтар бар [62, 3-11].

Қырымтатар нұсқаларына сүйенген түрік ғалымдарының кейбірі мәселенің саяси астарына үңілген. Осы қатарда Гүлчін Чандарлыоғлының еңбегін айтуға болады [63]. Оксфорд, Гарворд университеттерінің мүшесі, Орта Азия түркілерінің тарихын, мәдениетін зерттеуші, доктор Х.Б. Паксой өзінің біз жоғарыда көрсетіп өткен мақаласында [3, 260-289] «Шора батыр» эпосының Түркияда, Польшада, Румыния жарияланған варианттары мен Ташкентте 1939 [64], 1980 [52, 26-45], 1991 [65] жылдары қайта-қайта жарық көрген бір қырымтатар вариантын біріктіріп, қосып, олардың ортақ мазмұнын бір нұсқа етіп берген. Осы қосынды, жасанды нұсқаға сүйене отырып, зерттеуші эпостың тарихқа қатысын біршама қарастырған. «Шора батырдың» тыйым салынған шығарма қатарында қалу себебін түсіндірген зерттеуші пікірін біз жоғарыда келтіріп өттік. Бұған қоса, жырға тыйым салушылар орыс шовинистері екенін айта отырып, орыстың осы тектес өз шығармасы

«Игорь полкы туралы жырды» барынша дәріптеулерін олардың ісіндегі қайшылық әрі әділетсіздік екендігіне баса назар аударған. Түркі халықтарының рухани мұраларының көзін жоймақ болып әрекеттенген империялық саясаттың ерте кезден басталып, кеңестік дәуірде одан әрі жалғасқанын, соған қарамастан бұл шығармалардың бүгінге дейін аман-сау жетіп келген өміршеңдігі олардың өмір сүру формасында, яғни ауызша таралуында екенін, оларды халық жадынан өшіру мүмкін еместігін дәл тауып айтқан. Сондай-ақ зерттеуші «Шора батырдың» жанрлық ерекшелігіне де біршама көңіл бөлген. Шығарманың бітімі классикалық эпостан өзгеше екендігіне оның айрықша болып аяқталатын финалын дәлел етіп келтіреді. Автор кеңестік дәуірдегі тоталитарлық жүйенің түркі халықтары эпосын құрту ниетіндегі әрекеттерін және бұл әрекеттің әр түрлі кедергілерге сай сан алуан айла-тәсілдер қолдану арқылы құбылып отырғанын, ортаазиялықтардың бұл іске қарсылығын жақсы көрсетіп өткен. А. Салғының мақаласында жырдың қырымтатар варианттары салыстырылады [66]. Азербайжан ғалымы И. Гасымовтың еңбегінде де қырымтатар нұсқалары қарастырылған [67]. Г. Туралдың мақаласында да [68] қырымтатар нұсқаларының «Манас» эпосымен ортақ тұстары көрсетіледі. Ол бұл эпикалық шығарманың тілдік қолданыстар, кейіпкерлер есімдерінің ұқсастығы бойынша және перзент көру қуанышына орай құлды азат ету, әйелінің күйеуіне болатын қауіпті ескертуі, ұнамсыз кейіпкерлердің менді болуы, атын бермеудің себебінен дұшпандықтың туындауы, түс көру, жекпе-жекте кезектесіп оқ ағысу, өліп-тірілу сарындары мен эпизодтары бойынша ұқсастықтарын көрсетеді. Түркия зерттеушісі Музафер Ақчораның «Шора батырдың» тарихи негізі» деген мақаласы [69] эпостың тарихилығын, пайда болу дәуірін танытуға арналған. Шығарманың соншалықты кең көлемде таралу себебін де біршама айтып өткен. Д. Кайаның еңбегінде де жырдың таралуы, тарихилығы туралы қысқаша мағлұмат бар [70]. Түркияда жарық көрген энциклопедиялық еңбекте жыр жөнінде жалпы мағлұмат берілген [71].

Татар фольклортанушысы Ф. Әхмәтованың «Татар халық дастандары» деп аталатын 1984 жылы шыққан жинаққа жазған алғы сөзінде де жырдың татар нұсқасының тарихилығына, мифоло-

гиялық элементтердің аздығына көңіл бөлінген [72]. Оның «Татар дастандарының бүгінгі жай-күйі» деген мақаласында «Шора батырдың» татарларда жалғыз ғана нұсқасы бар екені, оның кітап болып басылу себебінен сақталып қалғаны айтылады [73]. Ф. Урманчиев Шора жөніндегі татар бәйітінің тарихи шындыққа қатысына байланысты сөз қозғаған [74]. Оның (Ф.И. Урманче) 2001 жылы шыққан дастандар жинағына [75] жазған алғы сөзі мен түсініктерінде де «Шора батырдың» пайда болған кезеңі [75,4], тарихилығы мен бас қаһарман бейнесі туралы [75, 45-46] маңызды пікірлер бар.

Башқұрттарда сақталған Шора жөніндегі қобайырдың (батырлық жыр) нақты тарихи оқиғадан туғандығы Кирей Мергеннің зерттеуінде айтылып өтеді [76]. М.Х. Минһажитдинов пен Ә.М. Сүлейменов зерттеуінде Шора (Сура) жөніндегі мәліметтердің башқұрт шежірелерінде кездесетіні туралы мәлімет беріледі [77]. Рәуеф Насировтың мақаласында да башқұрттар арасынан жазылып алынған Шора (Сура) жөніндегі шежірелік аңыздар мазмұны салыстырылады [78]. «Ватандаш» журналының 2000 жылғы қазандағы санында жарияланған «Сура батыр» атты башқұрт қобайырына берілген кіріспе сөзде бұл эпос жөнінде А. Валиди Тоған, Мөхәммәтсәлим Өмөтбаев, Ризаитдин Фәхретдин сияқты башқұрт зиялылары пікір білдіргені айтылады [79]. Абдулқадыр Инан башқұрт вариантының жарық көрмегендігін, бірақ қазандық Мунир Хади молданың «Башқұрт тарихы» еңбегінде «Шора» дастаны жөнінде мәлімет барлығын айтады. Сондай-ақ Башқұртстанның кейбір өлкелерінде «Шора батырдың» үзінділері гимн сипатында айтылатынын, қазіргі кезде олардың мәтіні мен нотасын баспадан шығаруға дайындап жатқандығы туралы хабар береді [60,79]. Башқұрт вариантының өзге ұлттық нұсқалармен ортақ тұстарының молдығын да атап өтеді [80].

Жырдың қарақалпақ нұсқалары жөнінде Қарақалпақстан ғалымы Қ. Мәмбетназаров «Ер Шора» дастаны хақында» деген мақаласында [81] қарақалпақ нұсқаларына жалпы шолу жасайды. Ғалым жырдың жанрлық ерекшелігіне тоқталып, оны зерттеудегі көкейкесті мәселелерді қозғайды. 2002 жылы шыққан қырғыз фольклоры көптомдығының 11-томына енген жырдың қырғыз нұсқалары туралы Г. Орозова жазған кіріспе сөзінде («Нарикбай» поэмасының

тарыхый негизи жана кыргыз варианттарынын сюжеттик-композициялык бөтөнчөлүктөрү») жырдың тарихи шындыктан туғандыгы, оны айткан кыргыз жырлаушылары жайлы, кыргыз нұсқаларының өзіндік ерекшеліктері, кыргыздарда сақталып қалған екі нұсқаның ортақ тұстары мен айырмашылықтары туралы маңызды мәліметтер береді [82].

«Шора батырдың» («Нарикбай») кыргыз варианттарына түрік ғалымдары көбірек назар аударды. Бұған жоғарыда көрсетілген Гузин Туралдың мақаласының да қатысы бар. Ал Х.И. Шаһиннің жыр туралы зерттеулері, негізінен алғанда, осы кыргыз нұсқасына, дәлірек айтқанда, С. Чойбеков вариантына бағышталған. Оның бұл тақырыптағы бір баяндама тезисі [83] мен бір мақаласы [84] жарық көрді. Ал жырдың басқа ұлттық нұсқалары жөнінде арнайы зерттеулер өте аз.

Эпостың әр түрлі ұлттық нұсқаларын типологиялық жағынан салыстырған еңбектер санаулы ғана. Р. Бердібайдың ғылыми мақалаларында жырдың әр түрлі ұлттық үлгілерінің көркемдігі, идеясы, сюжеті, тақырыбы, т.б. мәселелері салыстырмалы-типологиялық тұрғыда сарапқа салынған [2,193-198; 338-339]. В.М. Жирмунскийдің [85] Ш. Ыбыраевтың [86] эпос жөніндегі монографияларында «Шора батырдың» қазақ нұсқаларынан көптеген мысалдар алынған. В.М. Жирмунский жырдың бұрыннан белгілі, Ә. Диваев жариялаған екі нұсқасын ғана дәйек етсе, Ш. Ыбраев бұрын жарық көрген және жарияланбаған нұсқаларды да пайдаланған. Әдебиеттер байланысын зерттеуші Б. Кебекова [87], С. Тойшыбаева [88], Б. Ысқақов [89] сияқты ғалымдар эпостың түркі халықтарындағы варианттары мен версияларының ұқсастығын айтып өткен. «Шора батыр» эпосын зерттеуде бұл айтылған еңбектердің маңызы өте зор. Бірақ бұл жырға тиісті мәселелердің айтылғанынан айтылатыны көп.

Жырға қатысты соңғы жылдарға дейінгі зерттеулердің барлығына ортақ бірнеше белгілері бар. Біріншіден, олардың көбінде «Шора батырды» басқа эпикалық жырлармен бірге жалпы эпос мәселесіне байланысты мысал ретінде ғана қарастырып өтеді. Екіншіден, бұларда «Шора батырдың» бұрыннан белгілі бірді-екілі варианттары ғана сөз болады. Жырды арнайы зерттеген мақалаларда да жекелеген нұсқалар ғана қарастырылған. Үшіншіден, эпостың

жекелеген мәселелері емес, жалпы белгілері тілге тиек етіледі. Жырдың тарихқа қатысы, көркемдігі, жырлаушылары жөнінде шолу сипатында ғана айтылып өтіледі. Біз өз зерттеуімізде «Шора батыр» жырының ұлттық нұсқаларын салыстыру барысында эпос пен эпикалық дәстүрге байланысты көптеген мәселелерді ғылыми-теориялық және методологиялық тұрғыдан қарастыруды мақсат еткен болатынбыз [90].

«Шора батыр» эпосын тұтастай немесе ұлттық нұсқалар бойынша дербес зерттеу нысаны етіп алған ғылыми еңбектер 1998 жылдан кейін жария етіле бастады. Жырдың өзге ұлттардағы нұсқалары басты назарға алынып, оларды қазақ варианттарымен салыстырған диссертациялық еңбектер осыдан кейін қорғалды. Олардың авторлары – сол ұлттардан шыққан зерттеушілер. Бірақ бұл зерттеушілер түркілік нұсқалар түгелге жуық қамтылған біздің еңбекті, өкінішке орай, ескермеген. 2000 жылы Г. Орозованың [91], Ж. Низамеддиновтің [92], Л. Ибрагимованың [93] қорғалған диссертациялары жөнінде осыны айтуға болады.

Г. Орозова қырғыз халқының өзге түркі халықтарына ортақ «шағын эпостары» (қырғыз фольклортануында «Манастан» басқа эпикалық туындыларды осылай атау қалыптасқан) жөнінде айта отырып, «Шора батырдың» қырғыз нұсқаларын Молда Мұса вариантымен типологиялық белгілері жөнінен салғастырады. Мұны Г. Орозованың өз диссертациясы негізінде жариялаған еңбегінен [94] де таба аламыз. Ж. Низамиддиновтың зерттеуінде қарақалпақ жырауы Есемұрат жырлаған нұсқа Майлықожадан жазылып алынған прозалық, сондай-ақ Мұрын жырау айтқан жыр түріндегі қазақ варианттарымен салыстырылады. Алайда бұл тексерулер жалпы типологиялық белгілерді және нұсқалардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетумен шектелген. Нұсқалардың жанрлық-стидиялық және көркемдік даму сипаты, оларды тудырушы факторлар ашылмай қалған. Изденушінің қарақалпақ дастаны «Ер Шора» бірінші рет зерттелгелі отыр [92, 3] деген жаңсақ пікірі де біздің еңбегімізбен таныс болмаудан туған. Біз диссертациямызда қарақалпақ варианттарына қатысты назар аударарлықтай пікірлер айтқанбыз. Оны осы монографиядан да көруге болады.

Диссертация тақырыбының түзілімі басқа болғанымен, қамтыған материалдары және алдына қойған мақсат-міндеттері біршама қарайлас Л. Ибрагимова диссертациясында да біздің еңбек қаперге алынбаған. Тіпті бізге дейінгі қазақ және өзге ұлт зерттеушілерінің «Шора батырға» қатысты еңбектерінің көбін зерттеу тарихнамасына енгізбеген. Ал біз кезінде қарақалпақ, түрік, ноғай, қырғыз ғалымдарымен бірге татар зерттеушілерінің де осы бағыттағы еңбектерін атаусыз қалдырмаған едік. Румын ғалымдарының да зерттеулері біздің диссертациямызда осы монографияда көрсетілген күйде пайдаланылған болатын. Шындығында, Л. Ибрагимованың зерттеу нысаны жалпы түркі халықтары фольклорымен байланысты болғандықтан, диссертациясында олардың зерттелу жайы да толық қамтылғаны жөн болар еді. Бірақ біз кезінде Л. Ибрагимова диссертациясының тарихнамасындағы еңбектердің көбін пайдаландық дегенімізбен, КСРО тарағаннан кейінгі татар зерттеушілерінің кейбір еңбектері бізге беймәлім болып шықты. Атап айтқанда, Н. Атласидің [95], Х.Б. Паксойдың [96], Р. Фахретдиннің [97], А.Х. Халиковтың [98], Д.М. Исхаковтың [99], Ф.И. Урманчевтің [100] еңбектерін біз Л. Ибрагимованың диссертациясы негізінде жариялаған монографиясы [101] арқылы білдік. Ол зерттеулерден біршама тың деректер алып, монографиямызға пайдаландық. Л.Н. Мухамедзянованың (бұл – Л. Ибрагимованың кейінгі фамилиясы) мақаласында ұлттық нұсқалар типологиялық тұрғыда салыстырылады [102]. Мұнда да қарастырылған материалдар ауқымы алдыңғы еңбектеріндегідей. Тағы бір татар ғалымы М.Х. Бакиров жоғары оқу орындары үшін жазған оқулығының «Шора батыр» эпосы» («Чура батыр» дастаны») атты тарауында [103] қазақ, қырымтатар, ноғай, татар, башқұрт нұсқаларын салыстырып, қазақ версиясының архаикалық белгілері мол деген қорытындыға келген. Ол сол себепті эпосты Батыс Қазақстанда пайда болған деп есептеген В.М. Жирмунскийдің пікіріне қосылады. Эпостың орталық қаһарманын сомдауға негіз болған орыс жылнамаларындағы Шора Нәрікұлы (Чора немесе Чура/Чюра Нарикович) емес, өйткені оның іс-әрекетінің идеал бейне туғызуға лайықтылығы жоқ, ал эпос қаһарманы Қазанды қорғаған батырлардың ерлік істерін жинақтаудан, бас қаһарманның аты-жөні олардың ішінде Шора есімділердің көп болғандығынан туған деп санайды. Х.И. Шаһиннің келесі бір мақаласында жырдың түркі

халықтарындағы нұсқаларының сарындастығы көрсетілген [104]. Біз «Оңтүстік Қазақстан» энциклопедиясына енгізген мақаламызда [105] және «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шығарылып жатқан «Қазыналы Оңтүстік» атты көптомдықтың «Шора батырға» арналған томына жазған алғы сөзімізде [106] жырдың Оңтүстік Қазақстанда жырланған варианттары туралы айта отырып, олардың басқа варианттармен және өзге ұлттық нұсқалармен ортақ тұстарын да көрсете кеткен болатынбыз. 1997 жылы шыққан «Қарабура» атты тарихи-танымдық жинаққа [107] да «Шора батыр» жөніндегі Б. Залескийдің, М. Әуезовтің, Ә. Кекілбевтың, А. Сейдімбековтің, И. Жақановтың және осы жолдар авторының зерттеулері мен очерктері, эсселері, сондай-ақ жырдың бірнеше ұлттық нұсқалары енгізілді. Қазақстанда кейінгі жылдары жарық көрген энциклопедиялық, анықтамалық жинақтардағы «Шора батыр» жөніндегі мәліметтердің дені біздің жоғарыда айтылған зерттеулерімізден алынған.

Тақырыптың зерттелу тарихнамасы бойынша біз атап өткен еңбектердің барлығы да зерттеу көкейкестілігін айқындауға аздықөпті септігі тиді. «Шора батырды» тереңдей зерттеу тарихи негізі көмескі өзге батырлық жырлардың осы тектес мәселелерін шешуге де ықпал ете алады. Өйткені көптеген эпостық шығарманың бастапқы нұсқалары тарихи шындыққа байланысты туатыны және ол классикалық эпос дәрежесінде бірден жетпейтіні белгілі [108]. Сол себепті біз шығарма генезисі мен тарихилығына баса назар аударамыз. Шындығында, бұл екі мәселе бір-бірімен тығыз байланысты. Әйгілі фольклортанушы В.Я. Пропптың: «Фольклорды генетикалық тұрғыдан зерттеу дегеніміз оны тарихи тұрғыдан зерттеудің бір бөлігі болмақ, мұның өзі бізді тек әдеби ғана емес әрі тарихи пән фольклортану жөніндегі мәселелерге алып барады» [109], – деген сөзі осыны айғақтап тұр. Эпосты поэтикалық тұрғыдан қарастырғанда, оның даму үстіндегі құбылыс екенін ескеріп, тарихи-элеуметтік жағдай аясында зерделеу керек. Біздің зерттеу барысында ұстанған бұл бағытымыз фольклордың өз табиғатынан туындап отыр. Кіріспе бөлімде айтып өткеніміздей, аталмыш мәселелермен қарайлас жырдың тұтастану үдерісіне, ұлттық нұсқалардың жырлаушыларына, таралу аймағы мен таралу ерекшелігіне, жергілікті эпикалық дәстүрге қатысына да деректік негізде көңіл бөлінеді.

«Шора батыр» жыры халық арасына ерте кезден бастап-ақ кең түрде тараған. «Ноғайлы жырлары» деп аталатын батырлық жырлардың ішінде «Шора батырмен» бұл тұрғыда «Едіге батыр» ғана иық теңестіре алады. Жырдың барынша кең тарауына, біз жоғарыда айтып өткендей, оған негіз болған тарихи оқиғаның түркі халықтарының өмірі мен тіршілігінде үлкен бетбұрыс жасаған маңыздылығы басты себеп болған. Бұл жөнінде көптеген ғалымдар өз пікірлерін айтып кеткен. Мәселен, М. Әуезов: «(...) Алтын Орда кезінен ескі бірлік, ескі елдікті ұмытпай, соны арман қылып көкसेп жүрген ұсақ рулардың барлығына да Қазан қаласының алынуы қозғау салған. (...) Бұрынғы ескі биліктің тілеуінде жүрген рулардың барлығына бұл оқиға оңайға тимейді» [12,68-69], – деп, 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» еңбегінде осы тарихи оқиғаның халық жадында ұзақ сақталуының мәнін ашып көрсеткен. 1932 жылғы «Қазақ әдебиеті» оқулығында С. Сейфуллин де осы пікірді қайталайды [19,344]. Қ. Жұмалиев те осы тарихи оқиғаның түркі халықтары өміріндегі маңызымен бірге оның эпикалық дәстүрінен берік орын алғанын да көрсетеді [25].

Еділ өзенін иемдену орыс патшалығы үшін саяси-экономикалық тұрғыда нығаюдың негізі болса, түркі әлемі үшін әлсіреудің, ыдыраудың басы болды. Орыс патшасына Қазанды бағындыру Еділді иемденуге жол ашса, Еділ өзге хандықтарды игерудің кілті еді. «Европа хабаршысы» журналының редакциясы: «Шынында өз жағалауындағы жерлерді бағындыруға Еділ орасан күшті құрал болды. Сондықтан Қазанның құлауынан кейін Астраханды тізе бүктіру қиынға түспеді және тез жүзеге асты» [110], – деп жазды «Орыс отаршылдығы» деген мақалаларында. Демек, Қазан үшін күрестің тарихи мәні түркі халықтары үшін ғана емес, орыс, тіпті славян халықтары үшін де маңызды болды. Жарты әлем назар аударған осы тарих дүрбелеңінің бел ортасында ғұмыр кешкен Шора Нәрікұлының көркем образға айналған тұлғасы да халық жадынан шықпақ емес. Кешегі кеңестік дәуірде өзі тектес жырлардың көбінен саяси қысымды артығырақ көрсе де, жыр ел аузынан түспей жырланып келді. «Шора батырды» айтып жүрген жыршылар ел ішінде әлі де бар. «Қазан хандығының әлсіреген және қоршауда қалған кезінде болған ұрыстарда халық қаһарманы Шора батырдың дастанға айналған өмір жолы бүкіл қыпшақ түркілеріне әсер еткен» [69,27], – дейді түрік зерттеушісі Музафер Ақчора. Әрине, тек «Шора батыр»

ғана емес, барлық ноғайлы тобын құрайтын жырлардың қыпшақ тілдік тобына кіретін түркі халықтарында ғана бар екенін көптеген ғалымдар айтқан еді [6,68] [2,339] [111]. Солай болғанымен, ноғайлы тобына жататын жырлардың көбі осы халықтардың ішінде де шектеулі аудандарда ғана жырланады. Мысалы, бұл жырлар қазақ арасында, негізінен, Батыс Қазақстан аймақтарында айтылатынын ғалымдардың көбі ерте кезден-ақ аңғарған болатын [19,319]. «Шора батырдың» да XIX ғасырдың бас кезінде Орынбор, Орал өңірлерінде кең тарағанын танытатын айғақтар кездеседі. Мәселен, этнограф-ғалым В.И. Даль 1833 жылдан бастап Орынбор, Орал өңірін аралаған кезде көптеген фольклорлық шығармалармен бірге «Шора батыр» жырын да естіген [112]. Оның Чур батыр туралы жазбасы осыны растайды. Ол 1839 жылдың желтоқсан айында Жем өзенінің бойында, Орынбор маңындағы далада, кешкі шай үстінде Санат деген жыршыдан «Шора батыр» («Чур-батыр») жырын естігенін, одан алған әсерін таңданыспен жазады. «Әлбетте, «Шора батыр» сөзбе-сөз жазылып алынады және орыс тіліне аударылады. Мен бәрін түсінуден алыспын, бірақ бұл ертегі мен бұл әңгіменің орыстың батырлық ертегілерімен рухани әсерінің ұқсастығына қайран қалдым» [113], – дейді ол. Алайда жырдың Санат жыршы айтқан вариантының тағдыры бізге беймәлім.

Қазақ арасына таралуы жөнінен «Шора батырдың» өзге ноғайлы жырларынан бір ерекшелігі – Қаратау өңірінде де, Жетісудың көп жерінде де жырланғаны. Сондай-ақ қырғыздарда жеке жыр ретінде айтылатыны, Түркия және Румыниядағы татарлардың аузынан әлі күнге дейін түспей айтылып келгені оның таралуындағы артықшылықтың көрсеткіші бола алады. Таралу аймағының осындай кеңдігіне қарай «Шора батырдың» ұлттық варианттары да өте көп. Ал «жырдың варианттылығының мол болуы – оның даңқтылығының да, көтерілген мәселелерінің халық көңілінен терең орын алғандығының да күрделі белгісі» [2,93].

Тарихи негізінің әсерімен халықтың эпикалық жадынан берік орын алған туындыға ғылым мен білімнің өркендеген заманында тек зерттеуші-ғалымдар ғана емес, жазушылар да ден қойды. Халыққа ең танымал «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», т.б. халықтық шығармалардың ізімен кеңестік дәуірде драмалық, опералық шығармалардың жазылғаны сияқты, «Шора батырға» да әдеби туындылар арналды. Бұл, әсіресе, қырымтатар

ұлтынан шыққан жазушылар шығармашылығынан көбірек орын алды. Әйгілі қоғам қайраткері Ысмайыл Гаспыралының (Исмаил Гаспринский) Шораға арнап өлең жазғандығы туралы дерек кездеседі [3,265]. Ф. Әхмәтова «Аң» журналының 1916 жылғы №5 санында Қыям Юлдаштың «Чура батыр» атты поэмасы жарияланғанын хабарлайды [102,347].

1923 жылдан бастап қырымтатар тілінде 3 перделі, 6 актілі «Чора батыр» операсы жазылады. Оның либреттосын қырымтатар тарихшысы әрі этнографы Осман Нури Акчокраклы, музыкасын композитор Асан Рефат жазады. Шығарма алғаш рет 1923 жылы Ақмешіт (Қырымдағы) қызыл әскер клубының сахнасында қойылып, қырымтатар музыка өнеріндегі алғашқы опера болып дүниеге келеді. Опера 1924 жылы Қырым мемлекеттік драма театрында екінші рет қойылады да, 1937 жылы авторлары репрессияға ұшырағаннан кейін мүлдем қайта сахна көрмейді. Оның либреттосы мен музыкасы да дерексіз жоғалған [114]. 1940 жылы Исмаил Зияэддин де эпос негізінде «Чора батыр» пьесасын жазған. Бірақ бұл шығарма да жарыққа шықпай қалды. Бұл туралы біз Н.А. Махмуттың мақаласынан біле аламыз [115]. Тағы бір қырымтатар жазушысы Лейла Расулзадениң «Чора батыр» атты драмалық шығармасы 1964 жылдың 27 сәуірі күні Түркия республикасының Мәдениет орталығында сахнаға қойылған. Автор сол күні Түркия азаматтығын қабылдаған. Шығарма бұдан кейін 1972, 1976, 1979 жылдары осы жерде үш рет қойылым көрген. Туынды мәтіні қазір Түркия Республикасы Мемлекеттік кітапханасының мұрағаттық бөлімінде Т512,33/2072/231-78885 санымен тіркеулі тұр.

Қырымтатар жазушысы О. Өзқырым бұл тақырыпта роман жазған. Ол 1974 жылы түрік тіліне аударылып, басылып шығады [116]. Қазір Түркия Республикасының Мемлекеттік кітапханасында RN-5560-74 санымен сақтаулы тұр. Әуесқой жазушы Евгений Суховтың «Үш гаремнің ханшайымы» («Госпожа трех гаремов») атты электрондық нұсқасы интернет желілеріне шыққан романның да бас қаһарманының бірі – Шора Нәрікұлы. Башқұрт зерттеушісі Р.М. Алламуратова жырдың кейбір башқұрт драмалық шығармаларына тигізген әсерін зерделеген [117]. Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» повесіндегі кейіпкерлер атының «Шора батырдан» алынуы жазушының жыр мазмұнына қанық болғанын білдіреді. Бұлардың барлығы Шора жөніндегі халық эпосының жаңғырығы іспетті.

ТАРИХИ ТҮБІРМЕН ТӨРКІНДЕС ҰЛТТЫҚ НҰСҚАЛАР

Жырдың ұлттық нұсқаларының өзінің тарихи негізіне кеңістіктік және уақыттық тұрғыда жақын тобы бар. «Кеңістіктік жақындықты» түсіну киын емес. Ал «уақыттық тұрғыдағы жақындықты» деген сөз оралымы әмбеге бірден ұғынықты бола қоймасы белгілі. Бұл жердегі гәп мынада: баз бір ұлттық нұсқалар көркемдік дамуға қолайлы тарихи жағдай тумағандықтан, өткен ғасырлардағы жанрлық-поэтикалық қалпын сақтап қалған. Сол себепті олар эпостың пайда болған кезіндегі шығарма сипатындағы болмыс-бітіміне уақыттық тұрғыдан да жақын тұрады. Бұлар – ноғай, қырымтатар, татар, башқұрт, чуваш нұсқалары. Әңгімені осы нұсқалардан бастаған жөн деп санаймыз.

Ноғайлы эпосының бас кейіпкерлеріне, негізінен алғанда, Ноғай Ордасында зор беделге ие болған тарихи тұлғалар өмірі түбір болғанын білеміз. Тек Шора батырдың ғана емес, өзге де ноғайлы жырларының түркі халықтарының арасында кең тарауына себепші болған этнос – ноғайлар. «XV ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында ыдыраған ноғай руларының бір бөлігі Москва мемлекетіне, бір бөлігі Қырым хандығы мен Түрік сұлтандығына бағынып, енді бір бөлігі Кіші жүз қазақтары құрамына (шығыстағы өздерінің бастапқы территорияларында) сіңіп кетті» [83,415]. Олар бұл жерлерге өз эпостарын алып барды. Бұл эпостар сол босқын болып барған ноғайлар құрамына енген халықтардың да мұрасына айналды. «Шора батырдың» қазіргі ноғайлардағы нұсқалары дер кезінде жазылынып алынбағандықтан, оның санаулы ғана ноғайлық үлгісі бізге жетті. Құмық ақыны әрі ғалымы Магомед Османов жырдың ноғай вариантын ең алғаш жазып алып, 1883 жылы Санкт-Петербургте араб алфавитімен жариялаған [118]. Бұл нұсқа «Нәрік, Шора екі батырдың хикаясы» деп аталады. Жыр XIX ғасырдың 80-жылдарында жазылып алынған болуы керек. 1874 жылы жазылған Башқұрт Ғылым академиясында сақталған «Қазақ өлеңдері мен қиссалары» деген қолжазбаның М. Османов жинағымен ұқсас болуы осы сырды аңғартқандай. «Нәрік, Шора екі батырдың хикаясы» қай жерде, кімнен жазылғаны белгісіз. Біз жоғарыда айтып

өткен «Қазақ өлеңдері мен қиссалары» деген қолжазбаның Башқұртстан жерінен табылуы да бұл шығармалардың башқұрт немесе татар халықтарының құрамына енген ноғайлардан жазылған болса керек деген ойға жетелейді. Осы қолжазба мен М. Османов жинағының ұқсастығы зерттеушілерді «М. Османов осы дәптерден көшірді ме? Әлде дәптер иесі М. Османов жинаған материалдардан көшірді ме? Немесе М. Османов пен дәптер иесі Ибрагим Шейхали екеуі де бұл мұраларды ел арасынан қатар жинады ма?» [119] деген күмәнді ойға қалдырған. «Өмірінің көбін Петербургте өткізген, әрі ақын, әрі ауыз әдебиетін жинаушы Османов ноғай, құмық фольклорлық үлгілерін негізінен өзіне таныс тілшілер мен корреспонденттер арқылы жинап жариялайды» [120], – деп Ә. Дербісалиннің берген мәліметі И. Шейхалиді М. Османовқа жәрдемдескен фольклор үлгілерін жинаушылардың бірі болуы керек деп жорамалдауға негіз боларлықтай. Әңгімемізге өзек болып отырған И. Шейхалидің атақты қазақ тарихшысы М. Тынышпаевтың қайын атасы болғандығы қазір белгілі болып отыр. Қилы тағдырмен Башқұртстанға кеткен М. Тынышпавтың жұбайы, Ибрагим Шейхалидің қызы Әмина ұлына өз атасы Дәулеттің атын қойып, әкесінің фамилиясына жаздырады. Бұл жағдайлар 1999 жылы ғана бізге мағлұм болды. Осы кезде Дәулет Шейх Алидің «Қазақ әдебиеті» газетіне берген интервьюінде бұл жайт кеңінен баяндалған [121]. Қазіргі кезде Д. Тынышпаев (Шейх Али) өзінің тарихи Отанына қайта оралып, Қазақстан ғылымына елеулі үлес қосып жүр. Ол туралы «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатынан біле аламыз [122]. Шейх Алилер – бұрыннан белгілі құмық зиялылары. Енді М. Османов жариялаған нұсқаның қысқаша мазмұнына тоқталайық:

Дағыстанлы Қазы би мырза аң аулап жүріп, орманнан бір ер бала тауып алып, асырайды. Оның аты Нәрік болады. Нәрік жақсы қасиеттеріне орай Қазы биге де, елге де сыйлы болады. Оның бұл беделін Қазы бидің інісі Қан мырза көре алмайды. Оның үстіне үйленген Нәріктің әйеліне гашық болған Қан мырза Нәрік сапарға шыққан кезде оның үйіне қарау оймен келеді. Нәріктің әйелі Қан мырзаны қабылдамай, қайтарып жібереді. Бұл жайды естіген Нәрік Қан мырзаны өлтіріп, Астрахқандағы (Астрахан) Ақша сұлтанға келіп паналайды. Мұнда Қан мырзаның ісін Ақша сұлтан да

қайталап, сол үшін оны өлтірген Нәрік әйелімен Қырымға кетіп қалады. Осы кезде жүкті әйелі айы-күні жетіп, ұл табады. Атын Шора деп қояды. Әйелі Меңді сұлу Қырымға келіп және бір қыз бала табады. Нәрік Қырымда орташа бай санатына кіріп, өзі де, ұлы Шора да елге сыйлы болады. Шораның батырлықпен аты жайылады. Қырымды сол тұста Ақтасұлы Әли би /Ғалиби/ деген бір атақты би болады. Сол би Шораның үйде жоғында ата-анасын жәбірлеп, Қарагер деген сүйікті атын мініп кетеді. Еділ бойынан сапардан оралған Шора жекпе-жек атыста Әли биді өлтіріп жазықты болады да, ата-анасымен қоштасып, Қазанға бас сауғалап кетеді. Шора жолда Құлыншақ деген батырға жолығып, оған барар жерін, өзінің кім екенін білдіреді. Шора Қазанға келіп, бір байға қонақ болады. Шораның кім, қандай адам екенін ешкім білмейді. Бір күні Қазандағы батырлар Шораның түскен үйіне жиналып ас ішеді. Олар өздерінің орыс әскерімен ұрыста көрсеткен ерліктерін айтып мақтананысып отырады. Және де Қырымда Шора деген теңдесіз батыр бар екенін, ол туралы әрбірі естігенін, бірақ ешқайсысы көрмегенін айтысады. Шора өзін оларға жырмен таныстырады.

Қазанға орыс әскері келесі бір келген кезде қаланы тастап кетпек болған батырларды Шора сөзбен тоқтатып, өзі жауға қарсы шығып, жеңіске жетеді. Шығалы хан батырға риза болып, көп сыйлық береді. Мәскеудегі майордың қатын-қыздары Шора келіп бізді алар деп жылайды.

Бір жорықта Шора орыс қызын олжа етіп әкеледі. Екеуі бір-бірін сүйсе де, қыз мұсылман дінін қабылдапқа болған батырдың талабын орындамай, қашып Мәскеуге кетеді де, алты айдан соң ер бала табады.

Әли бидің ағайындары Қырымда қалған Нәріктің бар малын тартып алады. Қайыршы күйге түскен Нәрік ұлын іздеп Қазанға келеді. Әкесінің қайыршы кейпіне намысы келген Шора оны жұртқа танытуға қысылады. Оған шамданған Нәрік Шораны көпшілік алдында ұялтпақ болып, өзінің кім екенін айтып салады. Шора әкесін жақсы киіндіріп, Шығалы ханға көрсетеді. Шығалы хан қартқа көп мал беріп, кері қайтарады.

Бір күн Шығалы ханның қызы Сары ханым Қазандағы батырларға әрқайсысының дәрежесіне қарай сыйлық жібереді. Басқа батырларға Сары ханымнан қару-жарақ келеді де, Шораның үлесіне

жай қапшық тиеді. Бұған өкпелеп, Шора ұрысқа бармастан, Сары ханымға өкпесін айтады. Сары ханым оның өкпесінің жөнсіз екенін түсіндіріп, жіберген қапшығында бүктемелі қылыш барын көрсетіп береді. Сыйлыққа риза болған Шора ұрысқа кіріседі. Орыс әскерінен бір жас жігіт шығып, Шорамен ұзақ уақыт алысады. Ол жігіт баяғы орыс қызынан туған Шораның өз ұлы болып шығады. Олардың бір-бірін жеңе алмай, шаршағанын көріп, демалып, сусын ішіп кетуге шақырған Сары ханымның ұсынысынан бас тартқан Шора ақыры жас жігітті өлтіреді. Бірақ орыс әскерінің соңынан көп көмек келіп, Қазанды басып алады.

Тірі жүріп Қазанды жауға алдырғанын және кейін қайтпағын ар көріп, бір жағынан орыс қолында қалғысы келмеген Шора Қазан қаласының алдындағы Қарасу деген суға түсіп мерт болады.

«Бұл хиджраның мың алпыс тоғызыншы жылы еді» [118,31], – дейді жыр.

Бұдан кейін қағаз бетіне түскен ноғай вариантына «Шора батыр» деген ат берілген. Оны 1926 жылы қара ноғай жырауы Ажи-Молла Ноғмановтың аузынан ноғай жазушысы, тілші-ғалым, әдебиетші, ноғай фольклорын жүйелі түрде жинаумен айналысқан Абдул-Хамит Жанибеков жазып алған. Бірақ ол кешігіп барып баспа бетін көрді. Бұл нұсқа алғаш «Ноғай халық йырларына» [42,67-81], кейіннен «Едіге» жырының 600 жылдығына арналған жинақтарға [43,118-133] енді.

Вариант Али бидің Нәріктің үйіне келгенін баяндайтын қысқа жырдан басталады:

Қонақ етіп көрсеткен Нәріктің құрметін де, берген сыйын да Али би көзіне ілмейді. Шораның Қарагерін тартып алып кетеді. Бұл хабарды естіген Шора Али биді қуып жетіп, атысады. Али биді өлтірген соң, Шора Қырымда тыныш тұра алмайтынын біліп, не істерін білмей жүргенде бір түс көреді. Түсінде Қазанға кеткен болады. Сонан соң Қазанға аттануға бел байлап, Нәрікпен, анасы Меңлі сұлмен, жары Алтынмен қоштасады. Шора елден шығып бара жатқанда оған су алып келе жатқан бір келіншек жолығып, қайда бара жатқанын сұрайды. Шора Қазанға келіп, сарай маңынан өтіп бара жатқанда Қарагер сүрініп кетіп, басындағы айдары көрінеді (Жырда бұл деталь жыршылық баяндау арқылы емес, сарай

қызының аузынан айтылады). *Шора Қазанда Сәли деген тоқсанға келген қарттың үйіне түсіп, тоғыз жыл тұрады. Бір күні Сәли қарт Шораны батырлардың жиынына ертіп барады. Бірақ жиындағы батырлар Шораға көңіл бөлмейді. Бұған ызасы келген батыр олардың тоғыз жылдан бері өзін танымағанын, жау келгенде кім екенін көрсететінін айтып, мін таға сөйлейді. Жиынның ішінен Құлыншақ батыр жауап қайтарады. Ол Шораның тоғыз жылдан бері үнсіз жатқанын кінәлай сөйлеп, батырлардан Шораны сыйлап, орын беруін өтінеді.*

Қырым ханы жазалап, тіленшілікте қалдырған Нәрік Қазанға келеді. Шора атасын разы етіп, еліне қайтарып жібереді. Қазан үстіне жау келген бір ұрыста батыр Қарагер атымен Еділ суына батып өледі. Күндердің бір күні Меңлі сұлу баласын іздеп Қазанға келеді. Бірақ Қазандағылар өз басымен қайғы болып, Меңлі сұлуға ешкім көңіл бөлмейді. Шораның хабарын қыздардан сұрап, олардан дұрыс жауап ала алмаса да, ұлының шейіт болғанын әйтеуір бір естіген Меңлі сұлу Абыл-Қасымға келіп хабар сұрайды. Абыл-Қасым естірту түрінде Шораның қаза тапқанын тұспалдап білдіреді.

Жыр Меңлі сұлудың қысқаша жоқтауымен аяқталады.

Румыния татарларынан жазылып алынған жырдың тағы бір нұсқасындағы [61,68-105] диалог пен монолог Ажи-Молладағы түрімен өте ұқсас. Осы ұқсастыққа орай, Л. Ибраимова бұл екеуін бір нұсқа деп қате пайымдаған [101,4].

Румыниядағы татарлар Добружа аумағында тұрады. Ол Дунайдың Қара теңізге құяр тұсының оң жақ жағалауында, Болгария шекарасына жақын жерде орналасқан. «Шора батырдың» добружалық варианты жарияланған тұста онда 23 мың татар тұрған екен [123]. Олардан «Шора батырдың» бірнеше нұсқасы жазылып алынған. Үш нұсқа біз сөз етіп отырған варианттан бұрын, жоғарыда атап өткеніміздей, 1935 [54] және 1985 [56] жылдары жарық көрген. Өкінішке орай, біз 1985 жылы шыққан басылымды қолымызға түсіре алмадық. Бірақ бұл нұсқалардағы монолог пен диалогтарды біз оларды толық қарастырған Ч. Сулициян мақаласынан (мақала жөнінде кіріспе бөлімінде айтқанбыз) көре аламыз.

Біз сөз еткелі отырған вариантты Недрет Махмуд пен Энвер Махмуд жинап, баспаға дайындаған болатын. Бұл нұсқа екінші рет

Симферопольде шығатын әдеби-көркем және саяси «Йылдыз» журналында 1994 жылы біршама қысқартумен жарық көрген болатын [124]. Біз осы басылым бойынша қарастырып отырмыз. Нұсқаның қысқаша мазмұны төмендегідей:

Баяғыда бір хан болған. Оның отыз тоғыз қызметкері болады. Қырқыншысы Нәрік еді. Нәрікке ерекше ықыласы түскен хан оны өз таңдауы бойынша үйлендіреді. Ханның асырап алған ұлы Нәріктің әйеліне гашық болып қалады да, ол ат бағушысының ақылымен Нәрікті көрші мемлекетке хат беріп, қиын сапарға жөнелтеді. Нәрік әйелінің ақылымен жолдан қайтып оралады да, жаман ниетпен келген хан ұлын өлтіріп, көміп тастайды. Хан бұл істі Нәріктің өз аузынан естиді де, айыпты өз ұлы екенін білген соң: «Мұнда жүрсең сені көрген сайын ұлым көзіме елестер», – деп бір ат, бір арба беріп, Нәріктің басқа жаққа кетуін өтінеді. Нәрік әйелін ертіп жолға шығады. Жолда әйелі түс көреді. Түсінде жанып тұрған отты бір жауын келіп сөндіреді. Әйелі түсті өзі жориды. «Оттай жанатын бір ұл туады екенмін, оның ажалы судан болады екен», – дейді. Жолда әйелі ұл туады. Баланы жууға су таппай, бір қақтың суына шомылдырып жатқанда, сәбидің бір аяғының өкшесі жерге тиеді де, сол жерден су шығады. Ол суға баласын да шомылдырады, өздері де жуынып, қайта жол жүреді. Бір ауылға келіп, бейтаныс бір қажының үйіне түседі. Ол өте жақсы адам болып шығады. Нәріктің хал-жағдайын түсініп, өз үйінде ұзақ паналатады. Ханның қаһарынан қорыққан Нәрікке: «Қорықпа, бұл сен келген Қазан ханының жері емес, бұл жер Қырым ханына тиісті», – дейді.

Шора ер жігіт болып өседі. Ауылдағы басқа балалармен бұзау бағып жүргенде бір тайлы бие мінген сопы қария келеді. Шора қартты қонақ етіп күтіп, жалғыз бұзауын сояды. Басқа балалар көп бұзауларының біреуін де союға қимайды. Әкесі Нәрікке кетіп бара жатқан қарияға Шора бұзаудың қалған етін артып беріп жібереді. Қария кетер сәтте балаларды сынап ойын ойнайды. «Мен белімдегі қылышты қадаймын. Сендер тегіс айналып тұрыңдар. Егер кім осы қылыштың үстіне құласа, қылыш пен мына тай сонікі болады», – дейді де, қылыш орнына таяқ қадап, үстін шөппен жауып қояды. Бұл сыннан Шора ғана өтіп, сыйлыққа ие болады. Сопы қарт Нәрікке келіп Шораны мақтайды.

Бір күні Нәрік өз мемлекетіне жақын болайын деп, мемлекет шекарасындағы Көкішлі Тама деген ауылға көшіп барады. Осында тұрғанда бір күні баяғы қария сопы тағы келеді. Шораға бір таспа алдырып, тайдың мойнына байлап: «Бұның аты Тасмагер болсын», – дейді. Қылышын беліне байлап беріп, Шораға: «Қай жерге жау келсе, сонда барасың», – дейді де, қоштасып жөніне кетеді.

Мұнан соң Шора әкесін көндіріп, әскерге жазылады. Келген Шораны әскерлер жассынып, менсінбейді. Қыстаудың арғы басындағы бір қазықты атып тигізіп, бала олардың сынынан өтеді. Шораның оғы қазықты тесіп, оның арғы жағындағы бір қия тасты жарып кетеді. Мұны көрген Ақташлы Али бидің жүрегі су ете қалады. Өйткені оған кезінде бір балшы: «Шора деген батырдың қолынан өлесің», – деген екен.

Бұдан кейін Али би Шораны өлтірудің жолын қарастырады. Бір күні ата-анасын көріп келуге кеткен Шораның соңынан Али би өзінің адамдарын жіберіп, оны өлтіріп келуге бұйырады. Али бидің адамдары Шораға шамасы келмей, өздері мерт болады. Осы оқиғаны пайдаланып, Али би Шора мен ханның арасында жаулық туғызды. Хан: «Тасмагер атты маған тартып алып кел», – деп Али бидің өзін жұмсайды. Қасына қырық адам алған Али би Шораның ата-анасына қол жұмсап, қарындасы Қаныбекке жаман сөздер айтып, Тасмагерді тартып алып кетеді.

Мұнан соңғы оқиғаның барлығы Ажи-Молла вариантындағыдай болып өріледі. Аздаған айырмашылықтар ғана бар.

1935 жылы Польшаның Ғылым академиясының Краков баспасынан шыққан «Чора батыр» туындысының сюжеттік желісіндегі көп тұстар Энвер және Недрет Махмудтар жариялаған нұсқаға ұқсас. Мұндағы диалогтар ғана жыр түрінде келеді. Он төрт беттік жарияланымның басым бөлігі қара сөз түрінде. Бастырушылар оны «эпсана» («легенда») деп атаған. Шынында да, мұнда эпсанаға лайықты қияли элементтер молынан ұшырасады.

Бұл нұсқаның басталуы, яғни Нәріктің үйленуі, кісі өлтіру себебінен өзге жұртқа көшуі, Шораның тууы, ержетуі, оның Али биді өлтіріп, Қазанға кетуі сияқты бөліктері жоғарыдағы вариантқа өте жақын. Тек Шораның қарындасы Баян сұлу деп аталады. Одан әрі қарайғы оқиға әрбүі сәл өзгешерек. Шора жолда келе жатып

өзінің даңқына қанық болып, көруге ынтығып жүрген ханның үш қызына жолығады. Оларға Қазанға бара жатқандығын айтады. Жолда кездескен бір баламен оқ жарыстырып, жебесін Қазанның қақпасына қадайды және ол балаға қадалған оқты өзінен басқа ешкімнің ала алмайтынын айтып мақтанады. Ал серік болған балуан болса, оғын Қазанның жарым жолына-ақ жеткізе алады.

Қазанға келген батыр шеткі бір үйге қонақ болып түседі. Үйдің иесі кәрі әжей болып шығады. Шора атын байлап, батырлар жатқан үйге барады. Боза ішіп жатқан батырлар Шораның сәлемін алмайды. Қара батыр деген кісі ғана Шораға боза ұсынады. Жатқан батырлардың ішінде де Шора есімді біреуі бар екен. Қара батыр қаланы көріп келуге соны жұмсағанда, мені жұмсап жатыр екен деп бұл Шора да қаланы аралайды. Қаланы алуға келе жатқан орыстарды көріп, айдаһар болып от шашады. Мұны бағанағы Шора байқап, батырларға айтып келеді. Кейінен Шораның бұл қасиетін өзге батырлар да көріп, көздерін жеткізеді. Мұның Шора батыр екенін білген соң, ханға хабар береді.

Хан батырларға сыйлық үйлестіреді. Шора өзіне берген қалтаға риза болмай, ұрысқа шықпай қалған кезде хан келіп, онда зұлпықар бар екеніне көзін жеткізеді. Шора мұнан соң ұрысқа келіп: «Сендерге зияным тимесін», – деп батырларды қайтарып жібереді де, бір жағынан семсермен, бір жағынан айдаһар болып от шашып, орыстарды қырады. Соғысты бітіріп, ханның өзіне берген жеке бөлмесіне келсе, онда бір орыс қызы жүреді. «Мені хан саған қызмет етсін деп жіберді», – дейді қыз. Орыс қызы батырмен алты ай бірге тұрып, ешкімге білдірмей еліне кетіп қалады. Арада 11-12 жыл өткенде орыс әскерімен бірге келген орыс қызынан туған өз баласымен соғысады. Сол кезде оған Шораның қылышы өтпей, басқа бір қылышпен шауып өлтіреді. Екіге бөлінген баланың жүрегінің үш айыр екендігін көріп, оның өз баласы екендігін біледі.

Осы кезде Шораның ауылындағы бір жігіт айдаһар өлтіреді. Оған жолыққан сопы: «Бұл – айдаһардың ұрғашысы. Мұның еркегі сенің түбіңе жетеді. Сені одан Шора ғана құтқарады. Сол үшін Қазанға бар», – дейді. Осындай себеппен өзіне келген ауылдасын Шора өлімнен құтқарады, айдаһарды өлтіреді.

Бөлмесіне келген Шораға Қара батыр: «Періштелерімізді бір-бірімізге жіберейік», – дейді. Шора: «Сен қорқасың да, періштеме

зиян келтіресің», – дейді. Қара батыр қорықпайтынын айтып, ақыры екеуі бәстеседі. Бір-бірінің орнына жатады. Шора жылан болып келген Қара батырдың перішесін басынан бір сипайды да жата береді. Ал Қара батыр айдаһар болып келген Шораның перішесінен қорқып қашып кетеді. Бөлмесіне қайта келген Шора баяғы ауылдас жігітіне: «Түнде үш атты келсе, мені оят», – дейді. Айтқан үш кісі келеді де, Шора солармен еріп кетеді. Ауылдас жігіт ауылына келіп, Шораның анасына: «Шора суға кетті, бірақ оның не өлісін, не тірісін білмеймін», – дейді. Қазанға қайтып келе жатқанда оған сопы қарт кездесіп: «Ой, балам, Шора батыр өлген жоқ. Ол қазір Қап тауында. Сонда бір бұлақ бар. Соған келіп дәрет алар, онда қырықтың жамағаты бар, оған келіп намаз оқиды. Ол – сол қырықтың имамы. Сен егер олардан бұрын бара алсаң, жамағатқа айналып дұға еткенде көре аласың», – дейді.

Жігіт сопының айтуымен Шораны бір көріп қалады. Дұға етіп болған соң Шора да, қырқы да гайып болады. Жігіт елге барып: «Шора өлі емес, қырықтың имамы», – деп хабарлайды.

«Шора батырдың» ұлттық нұсқалары ішінде ең көп жарық көргені – қырымтатарлардікі. Эпостың қырымтатарлық нұсқаларын ең алғаш жариялаушы В.В. Радлов еді. Ол «Солтүстік түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» деген атпен шыққан көптомдық жинағының жетінші томында «Шора батырдың» үш нұсқасын жариялаған. Олар өте қысқа көлемде, бір вариант аяқталмай қалған. Бұл жөнінде оксфордтық зерттеуші Х.Б. Паксой былай дейді: «Радлов – жырды жазып алған екінші кісі (*Радловқа дейін жарияланған бірнеше басқа ұлттық нұсқалар барын білмеген автор Радловты Ә. Диваевтан кейінгі эпосты жарыққа шығарушы екінші кісі деп есептеп отыр – Б.Қ*). Эпос бөлім көлемінде, барынша қысқартумен қағазға түсірілген және жазылған уақыты мен басқа да деректері көрсетілместен жариялаған. Бәлкім, бұл Радловтың өзіне ғана керекті қажеттіліктен, тез арада жарияламақ ниетінен, тіпті цензураның әсерінен де болған шығар. Мүмкін, Радлов толық варианттарда мүлдем кездеспейтін Шора батырдың ерлігі мен жүректілігін көрсететін қысқаша қосымшаларды жариялағысы келген болар».

Шетелдік зерттеушінің осы айтқан болжамдарының шындыққа жуық екендігін осы нұсқалардың өзі-ақ көрсетіп тұрғандай. Радлов бұл нұсқалардың әрқайсысын Қырымның әр түрлі өңірлерінен жазып алған.

Радловтың Бақшасарайдан жазып алған «Шора батыр» («Чора батыр») әңгімесі – өте қысқа прозалық үлгі [125]. Әңгіменің көп белгілері аңыздық проза түріне ұқсайды. Мұнда да Шораның алты жасында шөлде жалғыз бұзау баққаны, күтпеген жерден қарт адамға ол бұзауын сойып бергені және қарияның Шораны Урушан деген таудың басына кел деп шақырғаны бас-аяғы алты сөйлем көлемінде жедел айтылып өтеді де, батырдың Қазанға аттанғаны бұған ешбір байланыссыз баяндалады.

Қазанда Шораның жаумен ұрысы емес, ондағы Құлыншақ, Сары және Қараман атты батырлармен қарым-қатынасы айтылады.

Қазандағы үш батыр кезегімен сапарға аттанады да, жүрер кезінде Шорадан өздерінің төсегіне жатуын сұрайды. Олардың төсегінен Шора жылан көргенімен, қорықпай жатады. Кейін Шора сапарға шығарда оның төсегіне жатпақ болған Қараман батыр онда от жанғанын көріп, жатуға қорқады. Бұл батырлардың барлығы Шораның өздерінен артық екенін мойындайды.

Әңгіме осымен аяқталады.

В.В. Радлов жазып алған екінші бір нұсқа бұдан гөрі көлемдірек. Ол Бүйік-Хожалар жерінен жазылып алынған [125,122-132]. Бұл нұсқа да прозалық бөлімнен басталады. Нәріктің басынан өткен оқиғалар Добружда нұсқасындағыдай ізбен жүріп отырады. Тек мұнда ханның аты Жәнібек деп аталады. Нәріктің әйеліне қызығушы жоғарыдағы варианттардағыдай хан ұлы емес, Жәнібек ханның өзі болып шығады.

Нәрік мұнда да әйелінің ақылымен хан жіберген сапардан жасырын оралады. «Кешке ешбір еркек тысқа шықпасын» деген жарлық шығарған хан қас қарая Нәріктің үйіне келеді.

Мезгілсіз келген қонақты Меңлі сұлу (Нәріктің әйелі) сөзбен тоқтатады. Ол былай дейді: «Бір арыстан болған екен, «жатқан – таудың ішінде де ашыққан» деген зой. Бұл таудан шығайын, не тапсам жейін деді. Шықты таудың етегіне, даласын кезгенде, алдынан кез келді бір меңсіз ақ боз бие. Жейін соны деді. Бірақ биенің арт-

қы санын қасқыр тартқан. Кейін ол «Мен арыстан болсам, қасқыр тартқан биені жеу маған лайық па?» деп ойлады. Жемеді».

Осы жауаптан кейін, бұл әңгіменің өзіне тұспалдап айтылғанын біліп, сөзден ұтылып, кейін қайтқан ханға есік аузында Нәрік ұшырасып, оның басын кесіп алады. Арбаға жүгін тиіп, Нәрік әйелімен бірге жолға шығады. Жолда әйелі түс көреді: «Аяғымның арасынан от шығып, бір ұшы көкте, бір ұшы жерде болды. Ешкім сөндіре алмады. Көктен бір қара бұлт шықты. Ол жаңбыр болып жауып, отты сол жаңбыр сөндірді», – деп түсін баян етеді де, оның жоруын өзі айтады.

Жоруы жоғарыдағы Добружа вариантындағыдай айтылады.

Нәрік қарт Көкішлі Тамамен көрші қонады. Меңлі сұлу ұл туып, атын Шора (Чора) қояды. Ол ер жігіт болып өседі. Басқа варианттардағыдай мұнда да Әлі би Шора жоқ кезде Керторы атты алып кетеді. Сол үшін оны Шора өлтіріп, ата-анасымен қоштасып, Қазанға кетеді.

Қазанға аттанып бара жатқан Шора бір топ аққуға оқ атады. Оқ аққуға тигенмен, құламайды. Аққу Қазанға барып түседі. Құлынишақ батыр бастаған Қазандағы отыз екі батыр оқ атып сынасуға шығады. Олар өліп жатқан аққуды көреді де, оған қадалған оқтың ерекшелігіне қарап, бұл кімдікі деп бас қатырады. Тек Құлынишақ батыр ғана бұл оқ Көкішлі Тамадағы Нәрікұлы Шора батырдікі болуы керек деп жорамалдайды. Қазанға келген Шора Құлынишаққа ұзақ уақыт қонақ болады. Бір күні Сары ханымның қызы Чығалы батырларға алаңға шықсын деп әмір береді.

Батырлар алаңға шығып, жай тартысудан жарысқан кезде Шораға ешбір жан тең келмейді. Өз садағын әкелуін сұрайды. Оның оғы мен жағын үш адам әзер көтеріп келеді. Сары ханым мен Чығалы ханым Шораның кім екенін біледі.

Мұнан соң Чығалы ханымның сыйлық жіберуімен байланысты эпизод бұрынғы варианттарды қайталайды.

Бір күні Қазанды алуға Мәску келген кезде сыйлық үшін ренжіп, ұрысқа шықпай қалған Шораның өкпесінің орынсыздығын ханым дәлелдеп береді. Ат қорасына лақтырып тастаған сыйлық-қалтасының ішіндегі сегіз қат бүктелген қылышты көрсеткеннен кейін ғана батыр Қырымның шетіне кірген Мәскудің әскеріне

қарсы шығады. Мәскуді байлап, ханға алып келеді. Шораның от болып көрінген періштесінен қорқып, Мәскудің жүрегі жарылып өледі. Шора Қазанда он жыл Чығалы ханымның бас батыры болып отырады. Ешбір Мәску келе алмайды.

Бір күні Құлынишақ Шорамен ерлік сынасып, жатын орнын алмастырып жатады. Құлынишақтың періштесі Шораға қара жылан болып келгенде, одан қорықпай, тілін жұлып алады. Ал Құлынишаққа Шораның періштесі аждаһа болып келеді де, Құлынишақ қорқып қашады. Бірақ Шораның періштесі мұнан соң өкпелеп, қарамай кетеді.

Радлов жинағындағы «Шора батырдың» Қара-су Базар жерінен жазылып алынған үшінші варианты [125,167-184] бұл екі нұсқадан көлемдірек, бірақ аяқталмай қалған. Мұнда да Нәрік оқиғасы жоғарыдағы айтылып өткен варианттармен ұқсас, ертегілік сипатта, қара сөзбен баяндалады.

Бұл вариантта да Нәрік хан қызметкері болады.

Ханға қонақ болған керуеншілерге Нәрік ұнап қалады да, одан өздері барған Иеменнен Нәрікке бір ат, бір арба, басқа сыйлықтар әкеліп береді. Мұны көрген хан да Нәрікке сый көрсетпек болып, оны үйлендіруді ойлайды. Сөйтіп, Нәрік өзі тұрған хандықтың ішінен қыз іздеп, ақыры Жайық бойындағы бір қарияның қызы Меңлі сұлуды көрегендікпен таңдайды. Хан Нәрікті сол қызға үйлендіреді.

Мұнан арғы оқиға Бүйік-Хожалар жерінен жазылған вариантқа ұқсас өріледі. Тек мұнда хан ұлының орнына Меңлі сұлуга қызығушы ханның өзі болып көрінеді.

Ханды өлтіріп, жер ауып жүргенде Шора туады. Шора ержетіп, жігіт болған шағында бір дәруіш келіп, оған қонақ болады. Дәруіш Шораға бір тай сыйлайды да, оған белгі тағуын тапсырады. Шора тайдың мойнына таспа байлап, оны Тасмалы кер деп атайды.

Күндердің бір күні Көкішлі көк Тамаға Али би (Ақташның Али би) жасақ жинай келеді. Шора оны жақсы сыйлап, күтіп алады. Балаға риза болған Али би Тамадан жасақ алмай қайтады. Мұны естіген хан Али биді шақыртып, неге бұлай еткенінің мәнісін сұрап, одан Шораның ерекше бала екенін естиді де, Шораны шақыртып алады.

Хан Шорадан: «Али бидің мың кісілік күші бар. Сенің қанша кісіге күшің жетеді?» – дейді. «Өзімдей бір кісілік күшім бар», – дейді Шора. Тасмалы керге қызыққан хан Шораның соңынан өзінің қырық жігітін жібереді. Атын тартып алмақ болған хан жігіттерін Шора жалаңаштап, байлап, ханға қайтып алып келеді. Бұған қорланған хан Шораның соңынан енді Али биді жұмсайды.

Али би келгенде, барлық варианттардағыдай, Шора үйде болмайды.

Ата-анасына зәбір жасап Тасмалы керді алып кеткен Али биді өлтіріп, Нәрік және Меңлі сұлумен, қарындасы Қаныкеймен қоштасып, Қазанға аттанады.

Қазанға бара жатып Шора жол шетіндегі майханаға кіреді. Ондағы бал (шарап) ішіп отырған жігіттер Шораға бал ұсынбаған соң сұрап ішуіне тура келеді. Бал сұрап ішкен жолаушының кім екендігін білуге шамасы келмеген жігіттер мастықпен құлап-жығылып жатқанда, бір қыз келіп жөн сұрайды.

Қыздың сұрағы, оған Шораның берген жауабы жоғарыда айтылған варианттардағы жол сұраушылар мен (су алып қайтқан келіншек, Құлыншақ, қыз) Шораның жауаптасуларына өте ұқсас.

Осы кеткеннен Шора бір обаның басында отырған қарт ноғайды жолықтырады. Қарт ноғай өзінің аш екендігін айтып, Шорадан азық сұрайды. Азығы таусылған батыр бір аққуды атады. Шораның оғы сол кеткеннен кетіп, Шығалы ханның сарайына қадалады. Оны Қараман батыр көріп, Шығалы ханға айтады. Шығалы Қазанда мұндай оқтың жоқтығын біліп, сақтап қояды. Қазанға бара жатқан Шораға Құлыншақ батыр жолығады. Шора қалаға кірместен бұрын Қазандағы батырлардың мәрттігін біліп келуге Құлыншақты жұмсайды. Қазан батырлары Құлыншақтың берген сәлемін алмайды. Құлыншақ қайтып келіп, Қазандағы ерлердің қонаққа көрсетер сый-сияпаты жоқтығын Шораға баян етеді.

Шығарма осы тұсқа жеткенде кілт үзіліп, аяқталмай қалған. «Шора батырдың» қырымтатарлардағы және бір варианты 1935 жылы Бекмамбет Құлмамбет деген масалджыдан (жыршы) жазылып алынған болатын. Содан бері бұл нұсқа 1939 [64], 1980 [52,26-45], 1991 [65], 2008 [126] жылдары бірнеше рет жарық көрді.

Бұл да жоғарыда сөз болған ноғай, қырымтатар варианттарына көп ұқсайды. Мұндағы өзгешеліктің бірі: Нәріктің Әрік (Арик) деген ағасы жөнінде айтылады.

Нәрік, Әрік қарапайым адамдар болады. Олар ақылдасып, бір ханға жалшылыққа барады. Жиырма бес жыл тегін қызмет еткен Нәрікке хан ат, арба, әйел алып бермек болады. Ат таңдаған Нәрік барлық жылқыны бір-бірлеп құйрығынан ұстап, лақтырып көреді. Жығылмаған бір тайды таңдайды. Бір ақсақалдың ақылымен малшының қызы Меңлі сұлуды жұбайлыққа алады.

Одан соң Нәрік ағасына барады. Жолда жайылып жатқан қойларды көреді. Бір қозы қойдың бір шетінен кіріп, екінші шетіне дейін емін шығады. Сонда да маңырай береді. Тағы жүріп, бір ұрғашы ит көреді. Ол өзі үндемейді де, ішіндегі күшіктері үреді. Одан да өтіп, ашулы тұрған үш қазанды көреді. Екі шеткі қазанда ет қайнайды, ортадағы қазанда су болады. Шеткі қазандағы ет ортадағы қазанды аттап, екінші шеткі қазанға түсіп жатады.

Көрген жайын Нәрік ағасына келіп айтады. Ағасы: «Сенің көрген қойларың – бізден кейінгі халық, қозы – әкімдер. Олар халықты қанша жесе де тоймайды. Көрген қаншығың – бізден кейінгі халықтың әкесінен бұрын баласы сөйлейтінінің мысалы. Көрген қазандарың да әкімдердің мысалы. Екі адам бірін-бірі сыйлайды. Бұқара халық аш қалады», – дейді.

Мұнан кейінгі Меңлі сұлуға қызыққан хан ұлының Нәрікті алыс сапарға жұмсауы, Нәріктің жасырын қайтып келуі, Меңлі сұлудың мысал айтып, хан ұлын сөзден жеңуі, сол арада Нәріктің хан ұлын өлтіруі, оны көміп тастауы, ханға шынын айтқан соң, оның хандықтан кетуін тілеген хан өтінішін орындауы жоғарыдағы варианттармен өте ұқсас.

Бұл вариантта да Меңлі сұлу елден кетіп бара жатқанда толғатады. Бірақ мұндағы бір ерекшелік – бала от болып туылады да, аяғы тиген жерден су шығып, отты сөндіреді. «Шораның ажалы судан болғаны содан екен», – дейді аңызда. Варианттағы және бір өзгешелік – Нәріктің қазақ Шорасы деген адам жөнінде айтылады. «Чора» – қырымтатар тілінде «құл» деген мағынаны білдіреді. Яғни, Нәріктің жалшысы деген сөз. Шора туғанда «есігіндегі Шорасын (Чора) азат етті» деген сөз Радлов жариялаған Бүйік-Хожалар вариантында да

айтылған болатын. Нәрік жалшы Шорасының құрметіне ұлының атын Шора (Чора) деп қояды. Сөйтіп жалшысын азат етеді. Шора есейіп, бұзау бағып жүргенде қарияның келуі, онымен арада болған оқиғалар Добружа вариантындағымен өте ұқсас.

Мұнда Али би мұртын желкесіне байлаған хан балуаны болады. Ол Көкішлі көк Тамада бір досынан Шораның қалыңдығына ұрын кеткенін естіп, қырық жігітімен Нәріктің үйіне барып, зорлықпен Тасмалы керді алып кетеді. Али биді өлтірген Шора Қазанға Құлыншақпен бірге аттанады.

Алайда бұрынғы варианттардағы жол сұраушы қыз-келіншектер мұнда Таз Оғлан атты кейіпкермен алмастырылған. Кейіпкер аты өзгергенімен диалог сипаты көп өзгермеген. Одан әрі қарайғы оқиға прозалық баяндау арқылы беріледі.

Жолда екі батыр бір ханда қонақта болады. Хан батырларымен бірге Шора да оқ атып жарысады. «Мен оқ атсам құлынды биелер іш тастар, жүкті әйелдер баласын түсірер», – деп алыс шөлге шығып оқ атады. Оның оғы Қазанның мәрмәр тасына қадалады.

Шора батыр Қазанға келгенде ондағы батырлар тасқа қадалған оқты ала алмай әуре болып жатады. Жүз кісілік күші бар Қара батыр да оқты тартып ала алмайды. Шора оқты жұлып алып, беліне қыстырып, оқ иесі өзі екенін танытады.

Сары ханымның жіберген сыйлығына қатысты оқиға да жоғарыдағы варианттарға өте ұқсас.

Ат қорасына лақтырып тастаған қалтадағы бүктемелі қылыш-сыйлыққа дән риза болған батыр жаумен екі күн, екі түн соғысады. Жауды тауысқан соң, жалғыз қалған Золтын балуанмен алысады. Шораның бойынан қызылды-жасылды от шығып, Золтынның көзіне еш нәрсе көрсетпейді. Құлыншақпен екеулеп Золтынның жүрегін жарып алады. Оның жүрегі екі айыр болып шығады. Золтынды дер кезінде өлтіріппіз деп қуанысады.

Жауды жеңген Шора Сары ханымға үйленеді. Кейін екеуі айырылысып, Сары ханым жау тарапына кетіп қалады. Он-жиырма жылдан соң жаудың ішінен даңқты бір батыр шығып, Шорамен соғысады. Шора бұл батырдың өз баласы екенін біледі. Екі батыр алыса-алыса өздерін суға атады. Шора мерт болған соң, Қазанды орыс әскері алады.

Жырдың және бір вариантын қырымтатар музыкатанушы-ғалымы Я. Шерфединов жазып алған [127]. Вариант музыкалық нотасымен бірге жинаушы қаза тапқаннан кейін жарық көрді. Бұл нұсқа да Әжи-Молла вариантының композициялық, сюжеттік желісін қайталайды. Кейіпкер сөздерінде де негізгі мазмұн сақталған, бірақ стилдік тұрғыдан көп өзгеріске түскен.

Қырымтатарлардың көп бөлігі белгілі себептермен Түркия жеріне ауып барғаны тарихтан белгілі. Түркия түріктерінің құрамына енген татарлардың «Шора батырды» әліге дейін ұмытпай айтып келе жатқаны – таңғаларлық құбылыс. Алайда Түркия жұртында өзге жырлар дәл «Шора батыр» сияқты кең тармаған. Жырлардың таралуында халықтың рулық құрамы үлкен рөл атқаратынын осыдан-ақ байқауымызға болады. «Қазан хандығы құлаған соң Шораның нәсілі Османлы түрігіне ауып кеткен. Оның нәсілдері осы күнге дейін түрік ішінде бар. Өздерін Шораның тұқымымыз дейді» [12,92], – деп М. Әуезов берген мағлұмат бұл шығарманың ноғайлы эпосы көп тарала қоймаған Түркия жерінде ұмытылмай келу себебін анықтап бергендей.

Түркияда айтылып жүрген «Шора батырдың» үлгілері баспа бетін көрді. Оның бір вариантын Түркияға қуғындалып барған қырымтатар Хасан Ортекин жариялаған болатын. Келесі бір вариантты 1977 жылы Ескішиһир тұрғыны Хажымұрат деген адамнан Мұзаффер Ақчора жазып алып, «Қырым» журналында жарыққа шығарды [128]. Бұл варианттың мазмұны біз тоқталған қырымтатарлар вариантымен өте ұқсас. Мұнда да Бекмамбет Құлмамбет варианттарындағыдай Нәріктің Әрік (Арик) деген ағасы болып, екеуі ата-анадан жастай жетім қалады.

Әрік үйленеді. Бір жолы Нәрік жеңгесімен сөзге келіп қалады да, ағасы сол үшін інісіне қол жұмсайды. Нәрік ағасына өкпелеп Хайдар ханға барып, салық жинаушы болып қызмет істейді.

Нәрік бір күні бір ауылға салық жинауға барғанда дәрет алуға шыққан бір қызды көреді. Қыз дәрет алып кеткен соң, сол жерден түтін шығып тұрады. Нәрік күрек алып қазса да, түтіннің шыққан түбіне жете алмады. Бұл ерекше қыз екен деп, оған көңілі кетеді. Кейіннен хан Нәрікті үйлендірмек болып қыз таңдауға бұйырғанда, ол осы қызды таңдайды.

Мұнан әрі қарайғы оқиға бұрынғы варианттардағыдай ізбен жүреді: Ханның ұлы Нәріктің әйеліне қызығып, оны ұзақ сапарға жұмсайды. Оның арам пиғылын білген Нәрік қайта келіп, оны өлтіреді. Осыған байланысты хан бір ат, арба, құл беріп, Нәріктің бұл хандықтан кетуін өтінеді. Жолда әйелі түс көріп, оны өзі жориды. Әйелі ұл туып, атын Шора (Чора) қояды, құл Шорасын азат етеді. Шора жеті жасқа келгенде балалармен бірге қой бағады. Балалардың арасындағы сайыста жеңіп, өзін балаларға хан сайлатады.

Польшада Добружада, Ташкентте жарияланған (Бекмамбет Құлмамбет) варианттардағыдай ғажайып қария келеді де, Шораның ісіне дән риза болып, таспа таққан тайды сыйлап кетеді.

Нәрік Хайдар ханға өзінің қартайғанын айтып, қызметтен босайды. Оның орнын Шора басады. Бір күні Шораның алдынан бір қой қашады. Қойдың ізіне түсіп бір үңгірге кірсе, ерекше қылыш жатады. Шора қылышты иеленеді.

Хайдар ханмен көршілес Қорасан хандығы болады. Қорасан ханы Шораның даңқынан сескеніп, ауылын су жағасына көшіреді. Шора ол ханға тимейді. Теңіз жағасына көшіп бара жатқан Қорасан ханның жұртымен бірге барып, суға кеткен ханның қызын құтқарады. Хан қызын Шораға бермек болады. Бірақ қызды әкесі бұрын Қонжық деген батырға беруге уәделесіп қойған екен. Шора қыздың ақылымен Қонжық батырмен бақ сынасып, қызға мәрттікпен үйленеді. Қонжық батыр бұларға ризашылығын беріп, өзі Қазан мен Қазақ («Қазақ» – еркін жүріп-тұратын, ешбір билікке бағынбайтын топқа беретін жалтылама атау. Ноғайлар «қазақ» деп өз жағындағы да, жау жағындағы да осындай топты айта берген – Б.Қ.) арасындағы ұрысқа кететінін айтып қоштасады. Шора ауылына келіп, той жасайды. Ол кезде Әли, Вели, Дели деген үш ағайынды хан келіп, Тасмалы тайды Нәріктен тартып алып кетеді. Шора соңынан барып, Әлиді атыста өлтіреді. Әлидің ағайындары ауыр әскермен Нәріктің ауылын қоршап алады. Соншама көп жұрттың қанын төгуді қаламаған батыр Қазанға аттанады. Қазанға кетіп бара жатқан батырға жолда қариялар жолығып жөн сұрайды.

Шора Қазанға келгенде дабыл даусын естиді. Обаның төбесіне шығып қарайды. Жаулар обаға қараған кезде, Шора оларға

құс болып көрінеді. Көп жауды қырып, қалаға кіреді. Қонжық батырмен кездеседі. Екі батыр Қазан батырларын бастап жауды қуады. Содан кейін Шора Қазанға хан болады. Көп уақыт өткен соң Қазанның алдына бір шатыр құрылады. Шора шатырға келсе, бір еркек, бір әйел және бір қыз шығады. Ер кісі: «Сенің дініңе кіремін, қызымды саған беремін», – дейді. Шора сол қызға үйленеді, балалы болады. Баласының атын Малай деп қояды. Малай бір жасқа келгенде әйелі Шораны алдап еліне қайтып кетеді де, келмей қояды.

Малай жиырма жасқа келгенде қазақ әскерін бастап келеді, Қазан әскерімен ұрысады. Шора өз баласына зиянын тигізбейін деп, Тасмалы таймен өзін теңізге атады. Әңгіме қазірге дейін Шора батырды теңізден қайта шығады деп жұрт күтумен келеді деп аяқталады.

«Шора батырдың» башқұрттардағы, татарлардағы қаһармандық эпос түріндегі нұсқалары ноғай, қырымтатар варианттарымен өте ұқсас болса, аңыздық проза түріндегі шығармалары бұлардан бөлек мазмұнға ие болған. Башқұрттардың «Сура батыр» қобайыры ноғай варианттарына көбірек ұқсайды. Мұнда Шораның Қазанға аттанып бара жатқаны айтылады [129]. Жыр үзінді сипатында сақталған. Ал татарлардың «Чура батыр хикәяте» атты дастаны [72,108-119], [75,62-73] қырымтатар варианттарына ұқсас. Бұл нұсқаны ең алғаш рет И. Березин жариялаған болатын [130]. 2001 жылы түрік тіліне аударылып басылды [131].

Мұнда да Дағыстан жұртындағы Қазы би мырза аң аулап жүріп, жау шауып кеткен бір ауылдан орманға жасырынып қалған бес жасар баланы тауып алады. Оны асырап, тәрбиелейді. Бала қызыл шырайлы болғандықтан, нар реңді екен деп, оның атын Наррең деп қояды. Ол өсе келе батырлығымен танылып, Наррең батыр аталады. Қазы би Нарреңді Қфбақ басы Қара өзден дегеннің Меңсұлу деген сұлу күңіне үйлендіреді. Бұдан соң Наррең Қазы бидің інісі Қан мырзаны жоғарыдағы нұсқаларда айтылғандай себеппен өлтіреді де, ол Хажытархан шаһарындағы Ақша сұлтанға келеді. Ақша хан да Меңлі сұлуға ғашық болып, Нарреңді әскерге жібереді. Нарреңнің үйде жоқтығын пайдаланып, Меңлі сұлуға оны өзінің жақсы көретінін айтқан кезде, Меңлі сұлу арыстанның бөріден қалған жемтікті жемейтінін мысал етіп, сұлтанды ұялтады. Хан

келгеніне пұшайман болып қайтып кетеді. Бірақ Нәрәң бұл хабарды естіген соң сұлтанды өлтіріп, ауылды жерге қашады. Бұдан кейінгі Шораның дүниеге келуі жоғарыда баяндалған варианттардағыға ұқсас. Бала туарда Нәрәң Шора деген құлын азат етіп, көк айғырын құрбандыққа шалады.

Шора бес-алты жасқа келгенде балалармен бірге бұзау бағады. Бір күні Шора: «Кім өз бұзауын сойып ас берсе, соны басшы сайлайық», – деп ұсыныс жасайды. Сөйтіп өзі бұзауын сойып, балаларға басшы болады. Кешке ауылдарына қайтқанда балалар бұзауға мініп, таяққа ту байлап, «Шораның әскеріміз!» деп айғай-шумен шауып барады. Бұдан «Шора әскер жиып аттанған екен» деген хабар тарап, Еділ бойындағы жұрт бұл қауесеттен қорқып, Еділдің арғы жағына көшіп жатады. Шора мұның рас-өтірігін білейін деп барғанда, Еділ өзенінің ортасында суға арбасымен ағып бара жатқан қарт кісінің қызына кездеседі.

Шораның қызды құтқаруы, оның атастырылған адамының Құлыншақ батыр болып шығуы, Құлыншақты сөзден ұтып, ол қызға үйленуі Ескішіһир вариантына ұқсас. Ал бұдан кейінгі Әлі биді (Гали бәк) өлтіріп, Қазанға кетуі ноғай, қырымтатар варианттарының көбінде бар еді.

Шора батыр Қазанға көп уақыт жау келтірмей, ерлік көрсетіп тұрады. Орыс әскері батырды өлтіруге амал-айла ойластыра бастайды. Ақылдаса келіп, бір жұлдызшының айтуымен, Шораға бір қыздарын береді. Шорадан жүкті болған бұл қыз өз еліне қашып келеді, бір ұл туады. Бұдан кейін, ноғай варианттарындағыдай, кедейленіп қалған Нәрәң Қазанға келеді. Оның киімінен намыстанған Шораға және басқа батырларға Нәрәң жыр арнап айтады. Бұдан ұялған Шора әкесіне көп ақша беріп: «Сен бұған ат-тон, қару-жарақ алып кел, пәлен күнде әскерге шығамыз. Сен соған әзір болып, байрақ көтеріп кел. Келген жауға мен жауап берермін, сен қарап тұр», – дейді. Айтқан мезгілінде әскер де шығады, байрағын бір жақтан көтерген Нәрәң де келеді. Шораның айтуымен әскер түгелімен Нәрәңға тағзым етеді. Нәрәңді Шағалы ханға табыстайды. Шағалы хан оны құрметтеп күтеді.

Бұдан кейінгі Сары ханымның батырларға сыйлық үйлестіруі, Шора оның берген қапшығын ренішпен тастай салуы, кейіннен онда

«көк шыбық» деген қылыш бар екенін білген соң, көп күн шықпай жатқан ұрысқа шығып, жау әскерін қыруы – алдыңғы варианттардағы бар эпизодтар.

Бұдан соң Шора Құлынишақты үйінің амандығын біліп келуі үшін Қырымға жібереді. Қырымға келген Құлынишақ Шораның әйелінің бір жігітпен құшақтасып жатқанын көреді. Бұл хабарды естіген Шора қаһарланып Қырымға келеді. Батырдың қарындасы Айсұлу мән-жайды алдын ала біледі де, жігіт болып киініп, жеңгесінің қасына қонып жүрген өзі екенін айтады. Шора үйінде бірнеше күн жатып, Қазанға қайтады. Жолда Қазанды жау алды деп қашып келе жатқан бір кісіге жолығып, оған өзінің кім екенін, қайда бара жатқанын хабарлайды. Қазанға келгеннен соң жау әскерімен соғысып жүріп, бір жігітке жолығады. Оны өлтіре алмай шаршаған кезінде, Сары ханым сусын ішіп кетуге шақырады. Шора сусын ішуден бас тартып, соғысты жалғастыра береді. Ақыры атының тағасы қызып кетіп, оны тоқтата алмай, Еділге құлайды. Батыр солай суға кетіп өледі.

Осы орайда қырымтатар варианттарына «Аяз би» ертегісінің әсері барлығын айта кету керек. Бұл, әсіресе, Нәріктің қалыңдық таңдауы, қызметімен ханға жағуы, оны хан уәзірлерінің күндеуі, ханның оның әйеліне қызығып, өзін қайтпас сапарға жұмсауы сияқты сюжеттік желіден көзге түседі. Аяз бидің жарының да Менді деп аталуы кездейсоқ сәйкестік болмаса керек. Соған қарағанда, «Аяз би» ертегісі бір кездері қырымтатарлардың арасында да кең тараған болуы тиіс.

Жоғарыдағы варианттардан басқа Шора тақырыбына қатысты татар, башқұрт халық шығармалары өзге жанрлық түр қабылдаған. Мысалы, Қазан татарларының «Қазан бәйіті» деп аталатын бәйітінде де Шора батырдың ерлік әрекеттері баяндалады. Мұнда Шораның Қазанға сырттан келгені, оны ешкімнің елеп-ескермегені, Қазан жеріне рұқсатсыз қала салған орыс әкімінің басын кескені айтылады. Байқап қарасақ, бұл фабулалық желі қырымтатарлардың эпос нұсқаларындағы сюжеттік оқиғалармен ұқсас екендігіне көз жеткіземіз. Тарихи Шора мен оның осы бәйіттегі бейнесінің сәйкессіздігі жөнінде айта келіп, татар ғалымы Ф. Урманчиев былай дейді: «Маштабты образ жасау үшін тек тарихи оқиғаларға ғана

үңілу жеткіліксіз болды, өйткені қарапайым халыққа оның барлығы түсінікті бола қойған жоқ. Сондай кезде бұқара халық өзінің бай эпикалық дәстүріне жүгінді. Көптеген түркі халықтарының шығармашылығында эпикалық Шора батыр жөнінде аңыздаулар бар. Айтқандай, оның әкесін де Нәрік деп атаған. Мүмкін, бұл тарихи бәйіт шығарманың негізгі идеясын барынша жарқыратып көрсету үшін түркі әлемінде мейлінше кең тараған образды пайдаланған болар. Осылайша бәйітте, бір жағынан, прогрессивті тарихи қайраткердің образы, екінші жағынан, халықтың эпикалық дәстүріне негізделген образ өте шебер өрілген» [74].

Н. Катанов бұл бәйіт ең алғаш рет 1881 жылы А.Н. Насировтың календарында жарияланғанын айта отырып, оны екінші рет 1899 жылы өзі жариялайды [132]. Кейіннен «Шура» журналында да жарияланған [133,525-526].

Бәйіт дегеніміз – татар, башқұрт халық ауыз әдебиетінің бір жанры болып саналады. Жалпы алғанда, бәйіт фольклор мен әдебиеттің аралығындағы жанр сияқты. Н. Катанов бәйітті халық емес, жекелеген адам шығаратынын айтса [132,3], Ф. Урманчев бұл жанрдың діни дұғалармен байланысты болғандығын атап өткен [74,222-223]. Осыған қарағанда, «Қазан бәйітін» шығарушы сауатты адам тарихи дерекке де, халық аңызына да қанық болуы мүмкін. Сол негізде шығармадағы Шора бейнесін сомдаған деуге әбден болатын сияқты. Сонда да Ф. Урманчевтің бұл бәйітте бүкіл түркі әлеміндегі Шора жөнінде аңыздаулар пайдаланылған деуінде біржақтылық бар. Олай болған болса, бәйітте Шораның Қазанға келу себебі, яғни барлық вариантта кездесетін Әлі биді өлтіріп, Қазанға кетуге мәжбүр болғаны көрсетілуі керек еді. Соған қарағанда, бәйіт авторы тек Қазан халқы арасындағы Шора жөнінде аңыздауларға ғана (басқа түркі халықтарының емес) сүйенген сияқты. Н. Катанов бәйітті алғашқы жариялаушы А.К. Назаровтың бұл бәйіттің ерте заманда туғандығы туралы пікірін келтіреді [132,5]. XIX ғасырдың екінші жартысындағы жариялаушы үшін «ерте заман» дегеннің өзі тарихи Шораның өмір сүрген дәуіріне жуық уақыт екенін ескерсек, ол дәуірде тарихи қаһарман туралы әңгімелер әлі тұрақты сюжет құрай қоймайтынын да аңғаруға болады. Яғни, ол кезде Шораның Қазанға келгенге дейінгі өмірін бейнелейтін әңгімелер Қазан халқы арасына тарай қоймаған болса керек.

«Қазан бәйітіндегі» Шораның Қазанға келгенге дейінгі өмірінің баяндалмауынан бәйіт авторының өзге түркі халықтарындағы Шора жөнінде аңыздаулардан бейхабарлығы байқалса, бас қаһарманның Қазандағы басынан кешірген оқиғаларының өзге түркі варианттарымен ұқсас болуы мұндағы тарихи шындықтарының сілемдерінен елес береді. Ол сілемдер – жұртшылықтың оны танымауы, Қазан үшін болған күрестерде көзге түсіп, беделге ие болуы, Шораның жеке адамгершілік қасиеттерінің молдығы. Бәйіттің тілінен, құрылысынан жазба әдеби стиль анық байқалып тұр. Татарларда бұл тақырыпта айтылған аңыздар да бар [134].

Башқұрттардың Шора жөніндегі аңыздаулары мазмұны жағынан мүлде өзгеше сипатта көрінеді. Біз жоғарыда атап өткен «Сура батыр» қобайыры үзінді тәрізді болғанымен, мазмұны Шораны Қазанды қорғауға аттанған қаһарман ретінде көрсететін өзге ұлттық нұсқалармен үндес. Кейінгі кезде жарияланған Шора жөніндегі екінші бір қобайыр башқұрт аңыздары мен татар нұсқасының және Ажи-Молла вариантының қосындысынан пайда болған сияқты [135]. Нұсқаны жариялаушылар да бұл туралы: «Сура батыр» қобайыры башқұрт халқының жадында сақталып қалған мағлұматтар, сондай жазбалар мен басылымдар негізінде, ноғай халқының «Шора батыр» жыры үлесінде, жиынтық мәтін түрінде түзілді» [79,135], – деген. Нұсқаны бұл үшеуін де жақсы білетін кісі құрастырған сияқты. Барлық монолог, диалогтар өзге ұлттық нұсқалардағыдай жыраулық поэзия үлгісінде келеді де, бір тұста Менді сұлуға арналған мақтау жыры жазба поэзияның үлгісінде көрініс береді. Осы өзгешелігі және оның басқа ұлттық варианттарда кездеспейтіндігі оның кейінгі айтушылар тарапынан қосылғанын аңдатады.

Ирәлмәлкәй таузың ақ таштары
Йәмләп ята Урал буйзарын,
Миңһылыукай, кемде ғашик итмәс,
Кыйғаскашың, зифа буйзарың.

Ерімегей таудың ақ тастары,
Самсап жатқан Орал бойында.
Меңді сұлу, кімді ғашық етпес
Қиғаш қасың, сенің сұңғақ бойларың.

Ғылыузарзан һылыу күп Уралда,
Ғиндәй һылыузарзы күрмәнек.
Хозай һине безгә ебергәндер,
Булһын тиеп ферештә-күрмәлек.

Сұлулардан сұлулар көп Оралда,
Сендей сұлуларды көрмедік.
Құдай сені бізге жіберген,
Періштені көргендей болсын деп
[135,129].

Бұл жолдардың «Сура батырдағы» өзге жырлардан мазмұны мен өлшемі жағынан бөлектігі бірден көзге шалынады. Варианттың бас жағы татар нұсқасына ұқсаса, Әлі бидің (Ғәли бей) Шораның Қарайғыр атын зорлықпен алып кеткен тұсынан бастап, Ажи-Молла вариантынан алынғаны анық.

Шора жөніндегі қобайырлар басқа ұлттық нұсқаларға жақын болса, аңыз түріндегі кейбір башқұрт нұсқалары мүлдем басқа бағытта өрбіген. М. Өмөтбаев жазып алған бір аңызда *Шора (Сура) татарлар жағында орыстармен соғысса, «Қазан алған»* деп аталатын, Карим Дияровтың айтуынан жазылған келесі бір аңызда *ол Қазанға патшаның әскері шабуыл жасағандығын естіп, өзінің жасағымен татарларға көмекке барады. Бірақ батыр кешігіп қалады. Ол барғанға дейін Қазанды жау басып алған болып шығады* [136]. Ал 1897 жылы Байгускаров деревнясының тұрғыны Р.Х. Давлетбаевтан Б.Г. Ахметшин жазып алған «Шора (Сура) батырдың орыс әскеріне жәрдемге баруы» деп аталатын аңызда Шора жас кезінде қолға түсіп, еріксіз татар әскерінде болған адам етіп көрсетіледі. *Сондықтан да ол өзі орыс әскеріне жәрдем беруге бел буады. Қазанға қайта-қайта шабуыл жасап, ала алмаған орыс әскеріне Шора жасырын жолды көрсетеді де, Қазанды жаулаушылар басып алады* [136,190]. Б. Кидрасов деген кісіден 1966 жылы жазылып алынған «Сура-батыр» деп аталатын бір әңгімеде *Шора башқұрттардағы көпеш (купеш) руының негізін қалаған Көпеш деген атақты шешен адамның баласы болады. Көпеш қайтыс болғаннан кейін билік Шораға (Сура) тиеді. Бір жолы ол өзінің жігіттерімен бірге орман ішінде түскі ас ішіп отырған кезде оған жау әскерінің шабуыл жасағаны туралы хабар жетеді. Шора ең биік таудың басынан өзінің Құли (Кулуй) сенімді бір батырын қарауыл етіп қояды да, оған үлкен құрай (құрайдан жасалған сырнай) беріп, жау әскері көрінгенде оны қатты тартып, белгі беруін тапсырады. Құлиды ұйықтап қалған деуге болмас, бірақ жау одан қулығын асырған деген дұрыс сияқты. Олар түнде және Құлидың күтпеген тұсынан шабуыл жасап, Шораның көптеген батырларын мерт қылады. Аман қалған әскерімен тау басына шыққан Шора құрайшыға:*

– Сен не қарағансың? Мүмкін, емен қарауылдаған шығарсың? – деп кекетеді. Содан бері бұл тауды «Емен қарауылы» деп атайды [136,189].

Башқұртстанның Уйск ауданының Әмин ауылынан жазылып алынған бір аңыздың көп бөлігі татар вариантының бас жағында баяндалатын оқиғамен мазмұндас.

Мұнда Нәріктің (Нүрәк) қазақтың жағалбайлы руынан (Жағыл бай нәселе) екенін, оның Бұқара елінен келіп, Шалқаркөл (Салқаркөл) жеріне көшіп келгені, өте бай болғаны, тоғыз тоғай жылқысынан бір арыстанға күнде бір байтал беріп тұрғаны айтылады. Бір күні Нәріктің арыстанның келер жолына байлап кеткен жылқысын ол жемей қояды. Сөйтсе жылқыны бұрын қасқыр тартқан екен. Мұны көрген Нәрік бай «Қасқырдан қалған сынықты арыстан жемес» деп мақал айтады. Соңыра екінші бір байлаған байталын жейді де, арыстан өз жолымен кетеді. Сөйтіп жылқылар аман қалады. Нәріктің Тайдула (Тайзүлә) деген әйелі ұл туып, атын Шора (Сура) қояды. Екінші жылы тағы бір ұл туып, оның атын Шырын деп қояды. Шора ержеткен кезде орыстардың Қазан шаһарын алуға келгенін естіп, Құлыншақ (Колонсак) батырмен жәрдемге барады. Шора жауды қуып, Қазан ханының ризашылығына бөленеді. Сонда бір татар қызына үйленіп, ұлды болады. Қазандағы одондар әулеті (Озондар нәселе) содан тарайды.

Қазан шаһарында тыныштық орнатқан соң, өзінің аман қалған жігіттерімен бірге Шалқаркөлге қайтады. Елге жақындағанда Құлыншақты хабар айту үшін алға жібереді. Құлыншақ: «Шора батыр болды, Қазанды орыстардан құтқарды», – деп сүйінші хабар таратады. Шора үйіне таң қараңғылығында келеді. Отауынан бір жас жігіттің шыққанын көріп, әйелін қызғанып, қылышын суырады. Сол кезде бұл жігіттің өз інісі Шырын екенін біліп, қынына қайта сыймаған қылышымен атының басын шауып тастайды.

Қазанды Иван Грозный алған кезде Шора өзінің соңына ерген жұртымен бірге Оралдың қалың орманына босады. Осыдан бір жылдан соң өзі қатты ауырып, опат болады. Оның соңында нәсілі қалмады деп айтылады [78,177].

Башқұрттардың көне эпосы «Ақбозатта» Шора (Сура) есімді кейіпкер бар. Бұл қобайырдағы Шораны тарихи Шорамен байланыс-

тыру қиын. Өйткені онда «Шора батыр» нұсқаларындағы сюжеттік желінің, кейіпкер бейнесі мен іс-әрекетінің нышаны байқалмайды. Алайда Р. Насиров «Ақбозаттағы» көптеген жер-су атауларының «Шора батыр» эпосының пайда болған жағырапиялық аймағын білдіруі мүмкін екенін айта отырып, Шораға қатысты Ғ. Хөсәйенов пен Т. Рәхмәтуллин шежірелеріндегі есімдер мен топонимикалық атауды салыстырып, төмендегіше көрсеткен.

Ғ. Хөсәйеновте	Т. Рәхмәтуллинде	«Ақбозат» эпосында
Жағылбай	Жағыл бай	–
Ұлы Нарықбай	Нүрек бай	Урал батыр
Оның ұлы Сура	Сура	Сура
Анасы Тәнисула	Тайдула	Һомай
Ойыл жылғасы	Ой жылғасы	Акеділ, Жайық өзендері
Чалпар көлі	Салқар көлі	Шүлгенкөл

Өздерін Нәрік пен Шорадан тарататын әулеттер башқұрт ішінде көп екенін Р. Насиров мақаласынан көруге болады [78,177-179].

Шораға қатысты мұндай аңыздар чуваштарда да кездеседі. И.И. Одюков жазып алған бір аңызда («Чура патғар») Шора жөнінде айтылады. *Мұнда батыр Еділдің (Волга) оң жағалауындағы қалың орман ішінде екі серігімен қарақшылық өмір сүреді. Олар Еділде жүрген көпестердің қайықтарын тонаумен айналысады* [137]. 1917 жылы И.Д. Никитин жазып алған «Шора батыр мен Шишту» (Чура патғарпа Шишту) деп аталатын үзінді сипатындағы қысқа бір аңызда да жоғарыдағы әңгімемен сарындастық бар. Онда: *«Олар бір-біріне қарсы, қолдарына балта ұстап тұрды. Аралары жеті қадамдай еді. Өтіп бара жатқандарға жол берген жоқ. Тек қана өздеріне тағзым еткендер мен жақсылық жасағандарға ғана жол ашты»* [138], – делінеді. Келесі бір әңгімеде («Чура патғар») *Шора батыр иіліп тұрған емен ағашының қасында өмір сүреді. Бұл жер Еділдің (Волга) оң жақ жағалауында еді. Бұл оқиганың қалай басталғанын былай деп айтады.*

Ерте кезде татар батыры болған. Ол Еділде жүзіп жүрген кемелерді тонаумен айналысқан. Ол бір аяғын Еділдің бір жағына, екінші аяғын екінші жағалауына қойып, кемелерді желкенінен ұстап

көтерiп, өзiне қажетiн алатын болған. Ол батыр қайтыс болған кезде өзi аманат еткен жерге жерленген. Чуваштар оған әрдайым зиярат етедi. Олар өздерiнiң әкелген сый-құрбандықтарын баяғы еменге қойып кетедi [138,81-82].

Бұл әңгiменi 1875 жылы В.К. Магницкий Чебоксары ауданына қарасты Анат Кенер деревнясында Н.В. Смеловскийден көшiрiп алған.

1914 жылы М.Д. Никитин жазып алған бiр аңызда да Шораның ақы төлемегендердi Едiлде жүргiзбегенi баяндалады.

Бiрде бiр кiсi Чебоксарыға бармақ болып, Құдайға сиынып шығады. Ол соқпақпен жүрiп отырып, Шора батырға кезiгедi. Шора оны өзiне шақырады. Әлгi адам қорықса да, кетудiң ретiн таппай, оған жақындайды. Шора оған жанында үлi тұрған алтын мен күмiстiң бiр бөлiгiн ал, бiрақ ешкiмге айтпа дейдi. Ол қалаға барып келген соң болған жағдайды, қуанышын жасыра алмай, әйелiне айтып қояды. Содан кейiн ат-арбасымен әлгi байлықты алып кетуге келсе, адам да, ақша да жоқ болып шығады [138,82].

Бұл жазбалардан Шора жөнiндегi әңгiмелердiң чуваштар арасында ерте кезден берi үзбей айтылып келе жатқанын көреміз.

Ноғай, қырымтатар, татар, башқұрт, чуваш халықтарындағы эпос нұсқаларының Қазан хандығына қатысты тарихи деректердi және сол дәуiрдегi халық дүниетанымына, көзқарасына қатысты сипаттарды мол сақтағаны байқалады. Кезiнде Қазан хандығына, яғни тарихи Шораның негiзгi белсендiлiк көрсеткен мемлекет құрамына енген халықтардағы бұл тарихи тұлға жөнiндегi шығармалардың мазмұны әр қилы, тiптi мазмұны қарама-қайшы болуына қарамастан, оларда өзгермес ортақ белгiлер бар. Осындай белгiнiң бiрi – мұнда Шора қандай iсте көрiнсе де жағымды бейнеде суреттелетiндiгi, оның Қазанға сырттан келуi, жатжұрттық ретiнде сипатталуы. Бұл – әсiресе татар, башқұрт, чуваш нұсқаларындағы тұрақты көрiнiс.

ЕРТЕГІЛІК ЖӘНЕ ПРОЗАЛЫҚ ҚАЗАҚ НҰСҚАЛАРЫ

«Шора батырдың» кең құлашты эпикалық баяндауға ие болған нұсқалары қазақтарда, қарақалпақтарда, қырғыздарда кездеседі. Бұл халықтардағы эпос варианттарының көлемі, мазмұны, көркемдік сипаттары сан алуан. Әсіресе қазақтардағы эпос варианттарының басты белгілері бір-біріне мүлдем ұқсамайды.

Қазақтарда «Шора батыр» Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстанда және жазбаша түрде Жетісу өңірлерінде кеңірек таралған. «Шора батырдың» ертерек баспа бетін көрген үлгілері де – оның қазақша варианттары. Оның ішінде ертегілік және жырдың қара сөзбен баяндалған нұсқалары бұрынырақ жарыққа шықты.

«Шора батырдың» ертегілік нұсқасын ең алғаш жариялаушы – революциялық идеялары үшін қазақ даласына жер аударылып келген поляк халқының қайраткері Бронислав Залеский. Ол 1857 жылы Варшавада шыққан «Әлем кітабы» жинағына «Қырғыз даласына саяхат» атты очеркін енгізеді. Ал бұл очерктің ішінде «Шора батыр» («Батыр Шора туралы аңыз») ертегісінің аудармасы берілген. 1865 жылы Б. Залеский Парижде тұрғанда бұл очерк «Қырғыз даласының өмірі» деген атпен француз тілінде офорттар альбомы болып, әшекейленіп жарық көрген [139]. Бұл очерктің қазақша тәржімесі 1991 жылы баспа бетін көрді [139,157-162]. Демек, «Шора батыр» өзінің тәржімеленіп басылым көрген қазақ нұсқасы арқылы алғаш рет шетел жұртшылығына таныс болған. Б. Залеский бұл нұсқаны Мырзақай деген ертегішінің аузынан естиді. «Мырзақай шыр бітпеген тақыр кедей екен, бірақ өзінің осы ертегілерінің арқасында бір отар қой жинап алып, халқының алдында қадірі артыпты. Мырзақай кең маңдайлы, жайдары жүзді жас жігіт, ол бұл ертегілерді қарттардан естіп, ұғып алғандығын айтады» [139,162], – дейді Б. Залеский ол жөнінде. Енді нұсқаның қысқаша мазмұнына тоқталайық.

Ертеде Қазан шаһарының маңында Қара, Тама, Жақай есімді үш батыр өмір сүреді. Екеуінің ұлдары болады да, Қараның ұлы Нүрек баласыз болады. Бір үлкен той үстінде Жақай Нүректің баласыздығын бетіне басады да, ол тойдан шыға шаба жөнеледі.

Бала сұрап, құдайға жалбарынады, кейін ниетін құдай қабыл етіп, әйелі жүкті болады. Әйелі ұл туып, оның атын Шора қояды. Шора алтыға келгенде садақ тартуды үйретеді. Он жасына келгенде ол жау іздей бастайды. Бір күні аңда жүрген Шораға оның ауылын шабуға келе жатқан жаулар жолығып, айқасқа түседі. Шаршап-шалдыққан батырдың соңынан әкесі келіп, қуат беретін қымыз ішкізеді. Күш жиып алған Шора бұлай әлсірегенінің себебін әкесінің батасын алмай шыққанынан деп түсініп, Нүректің батасын алады, жауды жеңеді.

Мұнан соң Шора Нүректен Қазанға баруға рұқсат сұрайды. Әкесі көп уақытқа дейін келіспей, ақырында рұқсатын береді. Қос жүйрік мініп, қаруын сайлап алған Шора ұзақ жол жүріп Қазанға жеткенде, қаланы қоршап жатқан жаудың үстінен шығады. Күш-қуат жинап алуы үшін атын отқа жіберіп, өзі жатып ұйықтайды.

Сол кезде Қазандағы Таманың қызы биік мұнараның басына шығып қарап тұрады, Шораны көріп, әкесіне хабарлайды. Шора ұйқысынан ояңғанда Қазанның қалың жылқысын айдап бара жатқан жаудың әскерін көреді. Қалың әскермен он алты күн соғысып, оны жеңген Шора кеткен малды қайтарады. Шаршаған батыр Қазан төңірегіндегі орманға кіріп ұйықтайды. Қазандағылар ұйықтап жатқан батырды іздеп табады, бірақ ұйқысынан оята алмайды. Қара оны оятпақ болып дұға оқиды. Қараның дұғасы аздық еткен кезде Таманың қызы Баян батырды құшақтап, аймалап оятады. Шора ағайындарымен табысады. Бір кезде әкесінің баласыздығын бетіне басып, Қазаннан кетуіне мәжбүр еткен Жақайдың да кінәсін кешіреді.

Біраз уақыт өткен соң, Шораның қасына он жігіт қосып беріп, еліне қайтарады. Батыр еліне жақындағанда бір топ дұшпандардың қарасын көреді де, олардың бәрін жер жастандырады. Әкешесіне аман-есен келіп, бастан кешіргендерін айтады. Біраз күн тынығып, ата-анасымен Қазанға бет алады. Қазанға келіп, ағайындар табысып, ұлан-асыр той болады.

«Шора батырдың» ертерек жарық көрген прозалық нұсқасының бірін Ә. Диваев Майлықожа Сұлтанқожаұлының аузынан жазып алған еді. Сөйтіп оны алғаш рет орыс тілінде жарыққа шығарады [13]. Майлықожаның репертуарында көптеген көлемді жырлар

болғанымен, оның репретуарын, негізінен, қазақтың төл эпикалық мұралары емес, шығыстық дастандар құрағанын зерттеушілер еңбегінен көруге болады [32,115-127]. «Көрұғлы» жырын және «Калила мен Димна», «Тотынама», «Мың бір түн» сияқты шығармалардың кейбір тарауларын дастан етіп айтқан ақынның «Шора батырдың» жыр түріндегі үлгісін жатқа айтуға қабілеті толық жеткен болар еді. Алайда оның шығыстық сюжетке ден қоюы ақынның өзіндік шығармашылық ерекшелігі болған [112,349]. Біз бұрынырақ жарық көрген мақаламызда бұл мәселеге кеңірек тоқталған болатынбыз [140].

Егер Майлықожа айтқан «Шора батыр» прозалық түрде ауыздан-ауызға өтіп келген шығарма болса, оған әйтеуір бір ертегілік бояулар жұққан болар еді. Ал мұнда ертегілік сарындар тым аз. Демек, Майлықожа бұл шығарманы арнайы үйреніп айтпаған, әрдайым бірге жүрген ақындардың бірінен қайта-қайта тыңдап, мазмұнына әбден қанық болғандықтан, Ә. Диваевтың өтінішіне орай, оны қара сөзбен айтып берген сияқты. Сонда Майлықожа бұл нұсқаны кімнен естуі мүмкін деген заңды сұрақтың туары сөзсіз. Бұл сұрақтың жауабын ақынның өз айналасынан іздеуіміз керек. Майлықожамен қарым-қатынаста көбірек болған Майкөт, Молда Мұса, Құлыншақ, Мәделі ақындардың Мәделіден басқасы «Шора батырды» өзінше жырлаған. Бірақ, Майкөт, Молда Мұса жырлаған нұсқаларға ұқсастығы болғанына қарамастан, мұнда оларда жоқ кейіпкерлер мен эпизодтар көптеп кездеседі. Ал Құлыншақ жырлаған вариант толығымен сақталмаған. Тек Құлыншақ нұсқасын қара сөзбен жеткізген Мәшһүр Жүсіп (біз солай деп есептейміз, ол туралы алда сөз болады) айтуынан ғана оның жалпы мазмұнын айқындауға болады. Бұл екі прозалық нұсқаның өзара ортақ тұстары көп. Осыларға қарағанда, Майлықожаның Ә. Диваевқа баяндап берген нұсқасы Құлыншақтан алынған болуы мүмкін деген қисын туады. Ә. Диваев Майлықожадан эпосты жариялаудан ертерек, яғни 1895 жылдан бұрын жазып алды деп есептесек, бұл тұстарда Құлыншақ қажы сапарына кеткен немесе соған дайындық үшін ел аралап жүрген болса керек. Оның қажылық сапарға аттанатын кезі XIX ғасырдың 90-жылдарының орта тұсы сияқты. Ә. Оспанұлы ақынның сол сапардан қайтар жолда 1901 жылы ауырып қайтыс болғанын

айтады [32,21]. Енді бір деректерде ақынның қайтыс болған жылын 1892 [141], бірде 1904 [142], бірде 1908 [143], енді бірде 1911 [144] деп көрсетеді. Ақынның өлген жылы туралы мұндай деректік әркелкілік оның қажылыққа баруымен байланысты тәрізді. Өйткені Құлыншақтың қажы сапарында қайтыс болғаны – «Адамзат келер, келер, жүзге келер» деп басталатын өлеңі арқылы көпшілікке әбден белгілі жайт. Зерттеушілердің бір тобы ақынның ХІХ ғасырдың 90-жылдарында Меккеге тәуап ету сапарына шыққандығы жөніндегі әңгімеге сүйеніп, оның қайтыс болған жылын 1892, 1901 жылдар деп көрсетуге мәжбүр болған сияқты. Ал 1904, 1908, 1911 жылдар да ел аузындағы деректерге сүйеніп айтылса, бұл оның ХХ ғасырдың басында өмір сүргеніне куә болғандардың аз еместігін айғақтайды. Осы жерде ақынның қажылыққа екі рет барғаны туралы ел аузындағы әңгіменің растығы айқындалмақ. Егер зерттеушілер екі қажылық туралы білсе, деректердің мұндай әртүрлілігі туындамас еді. Біздіңше, Құлыншақ ХІХ ғасырдың соңында бір, ХХ ғасырдың басында екінші рет Меккеге сапар шеккен.

ХІХ ғасыр мен ХХ бас кезі аралығындағы Қазақстандағы қажылық туралы дерекнамалық еңбекте 1894 жылдың 5 желтоқсанында Меккеге баруға төлқұжат алғаны көрсетілген Прежевалский уезі Опарша болысының қазағы Кулунчак Бутиевтің [145] осы Құлыншақ ақын болуы мүмкін. Оның бұл кезде Прежевальский уезінде жүруі де таңғаларлық жайт емес. Бұған қатысты Р. Бердібай: «Білетін кісілердің айтуынша, Құлыншақ өзінің туып-өскен жері – қазіргі Шымкент обылысының Созақ ауданындағы Үштөбе, Жартытөбеде көп тұрмаған» [29,61], – дейді. Ал Құлыншақтың өз әкесінің аты Кемел болғаны қазір көпшілікке әбден мағлұм. Кемелдің әкесін Өтеп деп көрсетуші мәліметтер бар. Алайда Рысқұл Рысжановтың «Кемалов Құлыншақ ақын туралы» деген қолжазба деректемесінде Өтепті арғы атасы ретінде көрсетіп: «Руы – қошқар саңғыл, оның ішінде, өтеп (...)» [143,2], – деген. Демек, Өтеп – Кемелдің әкесі емес, арғы атасы. Сонда Құлыншақтың үлкен әкесі, яғни атасы Бота, немесе Ботай, немесе Бөтей болуы мүмкін. Бұл мәселені тереңдей зерттеу керек.

Қалай болғанда да, Ә. Диваевтың жырды Құлыншақтан жазып алуға мүмкіндігі болмай, оны Майлықожаның аузынан қарасөз түрінде қағазға түсіруіне тура келген деп ойлаймыз.

Жоғарыда аталған ақындардың ішінен Майлықожа, әсіресе, Құлыншақпен көп шығармашылық байланыста болған. Оған екі ақынның бірнеше дүркін сөз қағысулары және Майлықожаның: «Майлықожа, қоңыраттан Құлыншақ боп, екеуміз шығып едік Орта жүзден [146]», – деген сөздері дәлел бола алады. Құлыншақпен ұзақ уақыт бірге жүрген Майлықожаға ол жырлаған «Шора батырдың» сюжеті етене таныс болатыны түсінікті. Бірақ Диваевқа баяндаған кезде Майлықожа нұсқаның көп жерін ұмыта бастаған сияқты. Баяндауының соңында: «Осымен біз сөзімізді аяқтаймыз, егер біздің айтуымызға еріксіз қате кірген болса, оқырманымыз кешірер. Біз пендеміз ғой, ал пенделер кейде қателеседі» [13,88], – деп күдік білдіргені соны айғақтайды.

Ал Құлыншақтың «Шора батырды» жырлағанын Жамбылдың естеліктерінен білуімізге болады. Жамбыл жас кезінде, 1890 жылдар шамасында Оңтүстікке барған сапарында Құлыншақтан «Шора батырды» үйренгенін бірнеше рет айтқан [147]. Дәл осыны Құлыншақ пен Жамбыл шығармашылығын зерттеушілер де растайды [32,23-25], [148], [149]. Олар бұл жырды Жетісуға Жамбыл әкелген деп есептейді.

Қазіргі кезде «Шора батырдың» ең көлемді әрі көркем варианты деп есептелініп жүрген Молда Мұса жырлаған нұсқа 7 мың жыр жолынан астам. Сондай-ақ Майкөт ақын жырлаған нұсқа да көлемі жөнінен осыған жақын, фольклорлық формулаларға өте бай. Ал Майлықожа нұсқасында жоғарыдағы варианттарда жоқ эпизодтардың көптігінен бұның жыр түріндегі түпнұсқасының көлемі ол екеуінен де үлкен болғандығын аңғарамыз. Оның көркемдігі де күшті болған болуы керек. Жамбылдың Молда Мұсамен де, Майкөтпен де таныс бола тұрып, жырды Құлыншақтан үйренуі тегін емес. Шамасы, ірі эпик-ақын ең көлемді әрі әсерлі варианты таңдаған болса керек. Профессор Д. Ысқақұлы Бұдабай ақынның «Ең озығы Құлыншақ» деген сөзіне сүйене отырып, Құлыншақтың оңтүстік ақындары арасындағы орнының жоғары болғанын көрсеткен [150]. Өкінішке орай, Жамбыл жырлаған «Шора батыр» бізге жеткен жоқ. «(...) ұлы ақынның «социализм мен көсемдерін» мақтаған ағымдағы өлендеріне көңіл бөлініп, оның жадында сақталған кейбір інжу-маржан жырлар назардан тыс қалған»

[2,293], – дейді Р. Бердібай. Оның үстіне ақын «Шора батырды» жас кезінде ғана айтып, кейін мүлдем жырламай қойған болса керек. 1922 жылы тілші-ғалым Шамғали Сарыбаев жазып алған Жетісу облысындағы қосшы одағының съезіне қатысқан он тоғыз жетісулық ақынның репертуарына, өміріне қатысты деректердегі Жамбыл жырлаған жырлардың қатарында «Шора батыр» айтылмайды [151]. Қазақстандағы жыршылық мектептерді зерттеген А. Бұлдыбаев Жамбылдың өмірінің көбі Жетісуда өткендігін ескере отырып, ақынның жергілікті халықтың сұранысы бойынша, сол ортаға жақсы таныс «Өтеген батыр» сияқты тарихи жырларды көбірек айтып, «Көрұғылы» сияқты жырларды өте сирек орындағанына зер салған [152]. «Сүйікті жырды тындау дегеннің де себептері болады. Халық әдетте өздерінің құлағына қанық, белгілі дәрежеде елінің өткен тіршілігіне, тарихына, шежіресіне азды-көпті қатысы бар әңгімелерді көбірек қалайды» [40,51], – деген Р. Бердібаевтың сөзі тап осындай жайға қатысты айтылған. Ал Жетісу өңірінде тарихи жырлардың қаһармандық эпостан көрі көбірек дамығанын зерттеушілер жиі айтып жүр [40,84], [152,20], [153]. Бұл өлкеде тарихи жыр дәстүрінің басымдығы соншалық, соның әсерінен осы ортада айтылған қиялға негізделетін ертегі жанрында да реалистік тенденциялар орын ала бастаған [154]. Осындай себептермен аз айтылған жырлардың ұмытыла бастауы заңды. Бірақ Жамбыл жырлаған «Шора батырдың» қырғыздар арасында сақталғаны туралы деректер бар [140,10]. Егер ол нұсқалар табылып жатса, Құлыншақ вариантының ерекшеліктері айқындала түскен болар еді. Майлықожа аузынан жазылған «Шора батыр» ең алғаш орыс тілінде жарық көргендіктен, оның тілдік көркемдігі жөнінде де пікір айту қиын. Кезінде академик В.В. Бартольд бұл басылым жөнінде жазған рецензиясында бастырушының шығармадағы мақал-мәтелдердің түпнұсқасын бермегені жөнінде сын айтқан еді [155].

Майлықожа нұсқасының мазмұны жоғарыда сөз болған варианттардан сәл басқашарақ. Енді соған тоқталайық.

Бұрынғы заманда Қазан қаласында Кәріпбай, Нәрікбай, Есімби деген ағайынды үш жігіт болады. Нәрікбай есепсіз бай болғанымен, перзентсіз екен. Бір күні Анасбай деген бір атақты бай үлкен той жасап, барлық елді шақырады. Нәрікбайдың бүкіл жұрттың

аузынан түспей жүрген мақтаулы шұбар тұлпары болады. Нәрікбайдың Тасан мырза деген немере інісі Анасбайдың тойында бәйгеге шабуға ағасынан шұбар атты сұрайды. Нәрікбай қадірлі атын бермейді. Тасан өкпелеп, немере ағасының баласыздығын бетіне басады. Тасанның сөзіне қорынған Нәрікбай ел-жұртымен қоштасып, Аққала деген қалаға көше жөнеледі. Бұл кезде Кәріпбай мен Есімби сыртта жүріп, бұл істен бейхабар қалады. Бірнеше күннен кейін осы хабарды естіген Есімби ағасын қуып жетіп қайтармақшы болады. Бірақ тас түйін бекінген Нәрік қайтпайды, інісімен қоштасып, қайтадан сапарын жалғастырады. Қасына ерген қырық үйлі тамасымен Аққаланың жанындағы Кермесін саз деген жерге келіп қонады.

Қырық мың үйлі айрақты, он мың үйлі ноғайлы тұратын, ханы ноғайлылардан болатын Аққаланың Темірхан деген бұрынғы ханын айрақтылар у беріп өлтіріп, Темірханның буыны қатпаған жас баласы Қараханды хан сайлаған екен. Ондағы айрақтылардың өз есебі болады. Айрақтының биі Әліби жас Қараханды баласының, өктемдігін жүргізеді.

Бір күні Әліби қырық нөкерімен құс салып шыққанда Кермесін саздағы жайылып жатқан малды көріп, мән-жайды сұрайды, мұнда Нәріктің ауылы қонғанын біледі. Дереву Қараханға жетіп келген Әліби көшіп келушілерден зекет алу керектігін айтады, бірақ Қарахан оған қарсы болады. Соған қарамай өз өктемдігін жүргізген Әліби жас ханды дегеніне көндіреді. Қарахан шарият жолымен ғана зекет алуға келісім береді.

Нәрікбайдің малынан артығымен зекет алған Әліби шұбар тұлпарды көріп, оны өзі мінбекші болады. Бидің нөкеріне шұбар ұстатпайды, құрық салған Әлібидің өзін теуіп жығады. Есі ауып жығылған би орнынан тұрған соң: «Менің бұл ісім әулие-пірлерге жақпаған болар», – деп қалаға қайтады. Қарахан Әлібидің зекетке артық мал алғанын біліп, реніш білдіреді.

Әліби ханды шұбар атты алуға көндіреді. Бірақ Қарахан шарт қояды. Ол шарт бойынша, Әліби той жасап, байларды тоғыз саба қымызбен шақыруы тиіс. Нәрікке бір күн бұрын ғана хабар жібермек болады. Бір күн ішінде тоғыз саба қымызды толтыра алмаған Нәріктен айып үшін шұбар атты алып қоймақ болып

жоспарлайды. Осы жағдайдан кейін Нәрікке жаны ашыған Қарахан өзінің ноғайлыларымен жасырын кеңес құрады. Өзгелер ақыл қоса алмай бастары қатып отырған кезде, жалғыз диірмені бар жарлы, бірақ ақылы мол Қаратиын ханға дұрыс мәслихат береді. Келісім бойынша, Қаратиынның жасырын жеткізген хабарынан соң Нәрік межелі уақытына қымызды дайындап үлгереді. Нәрікбайға жіберген нөкерінен байдың тоғыз сабаны дайындап қойғанын естігенде, Әліби ызадан жарыла жаздайды, Нәрікке қарсы неше түрлі сұмдық ойластырады. Тойға кешікпей келген Нәрікке қаланың қақпасы ашылмайды. Кеш ашылған қақпадан шашын жайып жіберген бір кемпір шығып, хан тойына кешіктің деп Нәрікті қарғайды, баласыздығын бетіне басады. Ызаға булыққан Нәрік кемпірдің ішін жарып, алып келген нарларды да бауыздап тастап, үйіне кетеді.

Мұнан соң бар дүниені тәрк етіп, Гүлқаныспен бірге әулиелерден бала тілеу сапарына аттанады. Ел-жұртымен, шұбармен қостасып, қиындығы мол жолға шығады. Екеуі қанша әулиеге түнеше де тілектері қабыл болмай, неше жыл далада жүреді. Бір күні елсіз далада бес-алты қой баққан шалға кездеседі. Ол шалдың ақылымен екеуі Қаршыдан, Самарқаннан, Қара дария, Ақ дариядан өтіп, Сырдарияға келеді. Одан салмен өтіп, Зеңгі атаға дұға қылып, Салар өзенінің жағасындағы Қылқауыз патшаның арығынан асып, Қазығұрт маңындағы Мұхаммед Дәуріш атаға зиярат етеді. Одан соң Шымбас тауы, Сайрам арқылы Түркістанға жетіп, Қожса Ахмет Иасауиге дұға қылады. Бұдан кейін Арыс, Бөгеннен өтіп, зор қиыншылықпен Баба Түкті Шапты Әзизге келіп жетеді. Бір топ шеңгелі бар жер әулиенің орны екенін баяғы шалдың айтуы бойынша сезген Гүлқаныс сонда қонбақшы болады. Бұған Нәріктің көңілі сенбесе де, ең соңғы қалған жалғыз қозысын сойып, екеуі сонда түнейді.

Таң алдында Баба Түкті Шапты Әзиз Гүлқанысты оятып, Жасағаннан бұл екеуі үшін өзінің үш рет бала сұрағанын, тілектері қабыл болғанын, ұл туса атын Шора деп қоюды тапсырып, көзден ғайып болады. Гүлқаныс Нәрікті оятуға мұршасы келместен, беті ауған жағына жүре береді. Нәрікбай Гүлқанысты әзер қуып жетеді, екі ғаріп балалы болатынына шексіз қуанады.

Елге қайтқан екеуінің азықтары таусылып, бір бұлақтың басында қиналып отырған кезде, судағы аққу-қаздарды гайыптан келген бір бидайық қырып кетеді. Қырылып жатқан құстарды азығына жинап алған Гүлқаныс өзінен туатын ұлды осы бидайыққа жориды. Бойына бала біткен Гүлқаныс пен Нәрік қырық үйлі тамаға қайта келеді. Бұлар кеткен соң құландардың үйіріне қосылған шұбар ат қайтып келеді. Ұзамай Гүлқаныс арыстанның етіне жерік болады. Нәріктің бір қойшысы мертіккен арыстанның етін алып келіп, Гүлқаныс жерігін басады. Нәрікбай жылқыда жүргенде Гүлқаныс босанады. Сүйіншіге баруға таласқан қатындардан қара күң мен Жағалтай деген қатын жарысады. Нәрік алғашқы келген қара күннің де, Жағалтайдың да сүйіншісін береді.

Шора туғаннан-ақ Әлібиге қайғы түседі. Бала ерекше болып өседі. Он жеті жасқа келген Шора әкесінен шұбар атты сұрайды. Әкесі жазым болар деп қорқып, көнбей тұрған кезде әулиелердің аянын мысал етіп, Гүлқаныс атты бергізеді.

Жылқыға бара жатып бөлек-бөлек ойнап жатқан айрақтының мың баласын, ноғайлының жүз баласын және тамалардың қырық баласын көреді. Бөлек ойнағандарының мәнісін сұрағанда таманың қырық баласы Айрақтының балаларынан көрген қорлығын айтып шағынады. Мұнан соң Шораның ақылымен қырық бала айрақтыларға келіп ұрыс салады. Шұбар атты өз күшімен, ептілігінің арқасында мініп алған Шора айрақтының балаларын түгел қырып тастайды. Алдымен Әлібидің ұлы Зәниминнет өледі. Жалғыз ғана Жанбай деген таз бала қалаға аман жетіп, Қараханға болған жайды айтады. Қарахан Шораның ісіне іштей риза болып, Жанбай тазды өтірік айтасың деп қуып жібереді. Жанбайдан бұл хабарды естиді де, Әліби талып құлайды. Есін жия сала нөкерлерін ертіп Қараханға келеді. Қарахан Әлібиді алдаусыратып, Шораның ауылда бар-жоғын білейік дейді де, оған Қаратиыннан өзі жасырын сәлем айтып, қауіп төніп тұрғанын хабарлайды.

Қаратиынның айтуымен Шора Зинимнетке төлеген құны есебінде қырық қашырға артқан алтын-күмісті Әлібидің келер жолына төктіріп тастайды. Әліби бұл қазынаға мойын бұрмай, тамаларға бара жатқанда қамыс арасынан Шора шыға келеді. Осы жерде ол Әлібиді, кейін қырық жігітімен қоса Жанбай тазды өлтіреді. Әлібидің басын сәлемдемеге деп Қараханға жібереді.

Тамалар: «Қазандағы Есім ағаңа барып панала», – дегенде көнбеген Шораға: «Олай етпесең, ақ сүтімді кешпеймін», – деп Гүлқаныс мәжбүр етеді. Ақырында батыр Қазанға бет бұрады. Жолда әдейі тосып жатқан Әлібидің інісі Тасмергенді шұбар аттың жүйріктігі арқасында қолға түсіріп, құлақ-мұрынын кесіп, айрақтыларға қайтарады. Тасмергенді көрген айрақтылар Шорадан бұрынғыдан бетер қорқады.

Жолдан шаршаған батыр мұнарланған бір таудың етегіне келіп ұйықтайды. Пірлердің жәрдемімен бір киікті сойып жейді. Өзіне шапқан арыстанды, кейін айдаһарды өлтіреді, жабайы адамдармен алысып жеңеді. Осындай қиындықтардан өткен батыр Қазанға жетеді.

Қазанға келген баланың ең алғаш көрген кісісі қақпан арқалаған Тобылғы шал болады. Екеуі бір-бірінен жөн сұрасады. Тобылғыдан Қазандағы ағайындарының жағдайын біледі. Оның сілтеуімен батыр әуелі Кәріпбайды, кейін Есімбиді тауып алады. Жылқысын айдап кеткен қалмаққа аттанғалы жатқан Есімбидің әскеріне Шора да қосылып, бірге аттанады. Қапсағай белі деген жерде Шора қалың қолдан ілгері озып, қарауылға қойып кеткен қалмақ батыры Садырға кездеседі. Садырдың серіктерін өлтіріп, өзінің екі қолын артына байлап, ілгері кеткен қалмақтарға хабар айтуға жібереді. Қалмақтың әскерін қырып, Қосмамбет батырын алдына салып айдап қалмақтың қаласына қарай жүреді.

Сол уақытта қалмақ ханы Қараман қырық мың әскер жиып, өзбектің шаһарын алуға кетіп, қаланы Қаныкей, Тыныкей деген екі қарындасына қалдырған екен. Қараманның боз тұлпары тамаларға ұстатпай, қалаға қашып келгенде Қаныкей, Тыныкей жылқыға жау шапқанын біледі. Қаланы тамалар үш күн талайды. Қаныкейді – Шораға Тыныкейді – Есімге, Қараманның өз қызын Тасанға некелеп қосады.

Бір айдан соң жорықтан оралған Қараман мән-жайды біліп, боз тұлпарын сұратады. Шораны жекпе-жек айқасқа шақырады. Қараманның тілегін орындап, Шора онымен ұрысқа шығады. Қараманды жеңіп, басын кеседі, әскерін тоз-тоз етеді.

Жеңістен кейін Шора қалаға жеті жыл хан болады. Бір күні ел-жұрты, ата-анасы есіне түсіп, Қаныкей сұлмен Қазанға

келеді, әскер жинап Аққалаға жол тартады. Елге жақындағанда қой баққан таманың бір баласынан мұндағы тамалардың, Шораның ата-анасының құлдықта жүргенін естиді. Айрақтылар Шораны өлдіге жорып солай еткен екен. Қойшы бала шұбарды мініп, Нәрік пен Гүлқаныстан сүйінші сұрайды. Шора Тасмергенді ұстап алып, тамаларға тиме деген ескертуін орындамағаны үшін өлтіреді, айрақтыларды талауға салады. Бұл ұрыстан аман қалған айрақтылар түрікпендердің ішіне қашып көшіп кетеді. Қараханды қайта хан сайлап, Шора өзінің ағайындарымен Қазанға қайта кетеді.

Майлықожа айтуындағы «Шора батырды» Ә. Диваевтың өз қолымен жазып алғаны анық. Ол өзінің академик Бартольдқа жазған хатында: «Шымкент уезінің Арыс болысында Майлықожа Сұлтанқожиннің (Жиренше және т.б. ертегілердің авторы) аузынан мен жазып алған аңыз бойынша, Шора Темірден кейін өмір сүрген сияқты», – дейді [156]. Бірақ жинаушының «Шора батырды» дәл қай жылы жазып алғаны белгісіз. Бірінші рет оның түпнұсқасы емес, орыс тіліндегі аудармасы «Сырдария облысының санақ мәліметтері жинағында» жарияланғаны туралы жоғарыда айтылды. Осы жылы «Орта Азия» альманахында [157] да басылған болатын. Ал қазақ тіліндегі нұсқасы 1922 жылы ғана жарияланды. Ә. Диваев осы жылы қазақ эпосы үлгілерінен алты жырды жеке-жеке кітап етіп, «Батырлар» деген атпен Ташкентте жарыққа шығарған еді. Оның екінші және бесінші бөлімдері «Шора батыр» эпосына арналған. Мұның алғашқысы Төрткөл болысының қарақалпағы Ермұхаммет Нығметуллаұлынан алынған жыр түріндегі вариант болса (ол туралы жоғарыда айтқанбыз), кейінгісі – осы Майлықожа айтуындағы прозалық нұсқа [158]. Бірақ Ә. Диваевтың әуел бастағы Майлықожадан жазып алған қолжазбасының қайда екені бізге белгісіз. Оның Ташкент қаласындағы мұрағаттық қорлардың бірінде сақтаулы тұрған болуы да мүмкін.

Майлықожаның «Шора батырға» қатысты еңбегі зерттеушілер тарапынан көп жағдайда туындыгерлік деп емес, айтушылық деңгейінде ғана қарастырылды. «Шора батыр» жырын арнайы зерттеген М. Әуезов, С. Сейфуллин, А.С. Орлов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев сияқты жазушы-ғалымдар Майлықожаны «Шора батырды» айтушылардың бірі деп қана есептеген. Бұл шығарманың

Майлықожа шығармашылығындағы орнына айрықша мән берген Ә. Оспанұлы болатын. Осы мәселеге басқаша қарау керек деген ойын ол былай жеткізген еді: «Шора батырдың» Майлықожа айтқан нұсқасы эпостық шығармаларымыздың орындалу тәсілі қалыптасқан түсінікті де қайта қарауымызға негіз болғандай. Баршамызға белгілі, бұған дейін біз қазақ эпостары тек жырланады деп келдік. Шынында да солай ма? Жоқ, олар көркем қара сөзбен де әңгімеленеді екен. Мәселенің тарихын қысқаша шолып қарасақ, осы жағдай күні бүгінге дейін әдебиет зерттеушілеріміздің ешқайсысын ойландырмаған сияқты.

Қазақ ауыз әдебиетін зерлей зерттеушілерден тек 1922 жылы жарияланған «Қазақ әдебиеті» оқулығында «Шора батырдың» қара сөзбен айтылған әңгімесінде...» деп жазған Сәкен Сейфуллин, «эпостық жырдағы батырлар бейнесі... батырлар ертегісі негізінде туған» деген анықтама беретін «Қазақ совет энциклопедиясы» (10-том, 200-бет, 1979) болмаса, айтулы академиктеріміз Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, білікті профессорымыз Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин, Темірғали Нұртазин, Ханғали Сүйіншәлиевтердің ешқайсысы қара сөзбен баяндалатын батырлық, ғашықтық немесе тарихи эпос бар деген екен. Қайта өз пікірлерін үнемі кесіп айтатын Қ. Жұмалиев «Қазақ эпосы» зерттеуінде («Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» кітабы, 24-бет, 1968): «Қара сөзбен эпос айтылмайды. Сондықтан өлеңмен айтылуы эпостың өзіне тән қасиеттерінің бірі тәрізді», – деп үзілді-кесілді тұжырымдапты. Ал батырлық эпосқа тән қасиет-белгілердің бәрі дерлік бітім-болмысында бар «Шора батыр» хикаясының қара сөзбен баяндалған нұсқасы әдебиеттану ғылымымыздағы бұл беделді байламды құптап тұрған жоқ» [32,52]. Ә. Оспанұлы бұл жерде эпикалық дәстүрге қатысты ескерілуі керек мәселеге ден қойған. Эпостық жырдың қажет кезінде қара сөзбен де баяндалуы мүмкін екенін Майлықожа айтқан «Шора батырды» тілге тиек ете отырып дәлелдемек болған. Алайда бұл мәселеде Майлықожа автор ретінде емес, айтушы деңгейінде ғана есепке алынғаны жөн болар еді. Бірақ Ә. Оспанұлы оны айтушы сипатында ғана бағалауға қанағаттанбай, оның осы жердегі авторлық рөлін де көрсетуге тырысады. «Бәлкім, ауыз әдебиетіміздің осы бір шығармасын қазақ көркем қара сөзінің даму жолындағы бастапқы белестерінің бірі деп біліп, халықтық роман-хикая сипатында қарастырамыз. Себебі

аталған шығарманың ертегі-аңыздық белгілерінің бірқыдыру барлығына қарамастан, құрылымы жағынан, кейіпкерлерді мінездеу, бейнелеу жағынан, сөз қолданысы тұрғысынан қазіргі жазба әдебиетіміздің повесть, роман түрлеріне етене жақын тұрғанын байқаймыз» [32,52], – дей келіп, одан әрі елдің тұрмыс-тіршілігінің бейнеленуі мен кейіпкерлер мінезінің даралығына, тілдік ерекшелігіне тоқталады. Сөйтіп оларды өз тұжырымының дәлелі ретінде береді. Ә. Оспанұлының мұндай пікірге келуіне А.С. Орловтың жазғандары да әсер етуі мүмкін. Майлықожаның атын атамаса да, оның «айтушы» деудің орнына «автор» сөзін қолданған кездері бар болатын [26,99]. Бірақ ол бұл сөзді қолданғанымен, «Шора батырды» халық шығармасы деп есептеген.

Ә. Оспанұлының бұл пікірін ұсыныс деп қана есептемек ләзім. Ал шығарманың кейіпкерлер жүйесі мен бейнелеу тәсілдеріне енгізген Майлықожаның жаңалықтары болатын болса, оны нұсқаны жеке-дара түрде қарастырумен емес, «Шора батыр» жырының басқа да варианттарымен салыстыру арқылы ғана анықтау мүмкін. Өйткені біздің бейне даралығы деп көрсеткен айғағымыз бұрыннан бар, өзге нұсқаларда кездесетін үлгі болуы да мүмкін. Сол себептен осы тұста «Шора батыр» жырының вариант-версияларына тереңірек үнілу қажет.

Диваев жариялаған бұл нұсқа көлемі мен көркемдік, сюжеттік тәсілдері және оқиғаның шындық ретінде баяндалуы жағынан батырлық жырларға көп ұқсас. «Шора батырға» арнап, біздің құрастыруымызбен 2002 жылы шыққан ғылыми жинаққа эпостың Мұхамбетнәжіп Әлиакбарұлы жариялаған және Қазақбай жырау, Майкөт ақындар жырлаған, Молда Мұсадан тараған төрт варианты енгізілген еді [159]. Осы жинақтағы алғашқы және соңғы нұсқалары ғана қамтылып, түрік тіліне аударылған басылымы 2010 жылы Анкарада жарық көрді. Майлықожа баяндауындағы «Шора батырдың» осы нұсқалармен ортақ тұстары да, өзіндік ерекшеліктері де бар. Оның классикалық эпосқа тән белгі-қасиеттері, типологиялық сарындарға байлығы да бірден көзге түседі. Академик А.С. Орлов бұл нұсқаның өзге ұлттар эпосымен ортақ тұстарын көрсеткен. Мысалы, әулие-әнбиелерді зиярат ету сапарына шыққан Гүлқаныстың табаны темір етік киюі, Шораның жедел ержетуі, оның Әлібиді найзаға шаншып көтергенде, найзаның

сынып кетуі, Әлібидің басын Қараханға сәлемдеме ретінде жіберуі, жолдағы қауіп-қатерден әулиелердің аян беруі арқасында аман қалуы, Шораның атқан оғының сансыз көп қалмақтан өтіп кетуі, айдаһарды өлтіруі, Қараманды көтеріп алып, жерге ұрып, кеудесіне мініп алуы сияқты эпизодтар мен сарындардың «Қозын-Эркеш», «Ақ Тойчы» сияқты ойраттардың ертегілік эпосы мен «Илья Мурамец пен Идолище», «Алеша Попович пен Тугарин», «Добрыня Никитич пен оның әкесі Никита Романович», «Алеша Попович туралы былина», «Добрыня мен жылан», «Илья Мурамец пен Бориске», «Илья Мурамец пен Сокольник» сияқты орыс былиналары мен көптеген тарихи өлеңдерінде кездесетінін нақты мысалдармен көрсетеді. Сондай-ақ мұнда қазақтың «Алпамыс батыр» жырынан алынған көптеген образдар мен эпизодтар бар екенін, бұл екі эпосқа ортақ белгілердің көптігін де тілге тиек етеді [26]. «Шора батырдың» қазақ нұсқаларының көркемдігін зерттеген А. Мамыт та жырдың типологиялық сарындарына, әсіресе «Алпамыс батырмен» ортақ тұстарының мол екеніне баса мән берген [39]. Бұл белгілердің барлығы шығарманың қаһармандық эпостан пайда болғанының тағы бір дәлелі деуге болады. Кезінде академик Ә. Марғұлан да осы жайға көңіл бөлген болатын. «Ел аузында айтылып жүрген ерлік жырлар ғасырлар өткен сайын жыр түрі ұмытылып, қара сөзбен ертегіге айналуы – тарихи нәрсе. Мәселен, XIV-XV ғасырлардың жырлары «Едіге» мен «Шораны» алсақ, олар да жыр түрінен шығуға айналып, ертегі бола бастаған» [160], – дейді ол.

«Шора батырдың» проза түрінде баяндалуы Майлықожаға дейін де көрініс бергенін жоғарыда айтқан едік. Бұл, бір жағынан, жырдың проза түрінде баяндауға лайықты сипаттарының молдығына да байланысты болуы керек деп ойлаймыз. Ол, ең алдымен, кейіпкерлер арасындағы тартыс пен драматизмнің күштілігінен деп білеміз.

Ә. Оспанұлы да Майлықожа баяндауындағы «Шора батырдың» қаһармандық эпосқа барынша жақын екендігін ескерген [32,52]. Мұндай қасиет Мырзақай нұсқасынан да жақсы аңғарылады. Бұл екі нұсқадан ертегіге тән ерекшеліктер айрықша байқалмайтыны олардың қара сөз түрінде фольклорлық айналымда көп болмағандығын көрсетеді. Бұдан Мырзақайдың да, Майлықожаның да жазып алушылардың (Б. Залеский, Ә. Диваев) қажет еткені үшін ғана жыр-

ды қара сөзбен баяндап бергендігі аңғарылады. Ал олардың эпосты жыр түрінде айтпауының себебі шығарманы жатқа білмегендігінен екені анық. Өйткені Ә. Диваев жыр түрінде айтылған эпос үлгілерін сол қалпында жазып алуға тырысқан. Егер Майлықожа шығарманы поэзия түрінде айтқан болса, ол сол күйде хатқа түсірген болар еді. Бұған дәлел ретінде Ә. Диваевтың «Шора батырды» Майкөттен жыр түрінде жазып алғанын айтуға болады (ол жөнінде алдағы әңгімемізде баяндалады).

Ертегілердегі баяндалатын оқиғаның айтушы мен тыңдаушы арасында шындық ретінде айтылмайтындығы оның батырлық жырлардың ең басты айырмашылықтарының бірі болып табылады. Ал Майлықожадан жазылып алынған «Шора батыр» әңгімесінің өн бойынан сюжетке арқау болған оқиғаның өмірлік негізі бар екендігіне тыңдаушыны сендіру ниеті айқын сезіліп отырады. Бұл – қаһармандық эпосқа тән шарт. Бұл нұсқаның осындай табиғатын дұрыс түсіне білген басқа да зерттеушілер сияқты Ә. Диваев, С. Сейфуллин, С. Мұқановтар оны батырлық жырлар қатарында жариялады.

Егер, шындығында да, Майлықожа бұл эпосты Құлыншақтан үйренген болса, онда мәтін бойында Құлыншақтың да шығармашылық үлесі болуы керек қой. Әрине, солайы солай, бірақ бұны анықтау оңай емес. Өйткені жыр түріндегі мәтін қара сөзге айналған кезде, ондағы тілдік ерекшеліктердің барлығын сақтаудың мүмкіндігі бола бермейді. Бірақ мәтіннің орта тұсында аз ғана кейіпкер сөздері жыр түрінде берілген.

«Шораның күші ішіне сыймай, не қыларын білмей аласұрып, әкесі Нәрікбайға айтқан сөзі:

*Жарасарлық ат болса,
Ер салып бүгін мінейін.
Айрақтының еліне
Бидайық құша тиейін.
Әлібидің табанын
Ағашқа іліп тілейін.
Неше жылғы өшіңді
Бүгін алып берейін,—*

дейді. Сонда Нәрікбайдың айтқаны:

*Қарағым, Шора, жалғызым,
Ай мен күнім, жұлдызым.
Жарарлық саған менде ат жоқ,
Жалған емес бұл сөзім.
Бес үймен қайда барармын,
Болып кетсең сен жазым? –*

дегенде Шораның қайтарған жауабы:

*Ашуланып еліңе,
Қазаннан шығып кетіп ең.
Бірнеше ай көшіп, жол жүріп
Аққалаға жетіп ең.
Әлібидің зарынан
Ұйықтап жатып шошып ең.
Бала сұрап құдайдан,
Жапанда зар боп жүріп ең.
Тілегің бүгін қабыл боп
Екі інінің елмен болды тең.
Тілеп алған балаңнан
Шұбардай жақсы тұлпарды,
Құс қанатты сұңқарды
Аядыңыз сіз неден? –*

деп үйден ашуланып шығып кетті», – деп айтылады [158,29-30]. Бұл жолдар Майкөт пен Молда Мұса варианттарында кездеспейді. Осы айғақ та бұл туындының негізі Құлыншақ вариантында жатуы мүмкін деген және нұсқа әуел баста жыр түрінде айтылған деген ойларды бекіте түседі.

Майлықожада бар, Молда Мұса мен Майкөтте жоқ эпизодтар мен кейіпкерлерді кейіннен қосылған деп есептеуге болар еді, бірақ олардың көбі жырдың көне версиясы болып саналатын ноғай, қырымтатар варианттарында бар екен. Мысалы, Радлов жариялаған қырымтатар вариантында Шораның әкесі Кәріп деп аталады [125,21]. Ал Майлықожада Кәріпбай – Нәрікбайдың ағасы. Мұндағы

Гүлканыстың көлдегі аққуларды қырған бидайыққа қарап, болашақ перзентінің тағдырын болжауы да ноғай, қырымтатар нұсқаларында кездесетін Шораның анасының түс көріп, оны өзі жоритын эпизодпен сарындас. Осының бәрі бұл нұсқаның дербестігін көрсетеді. Майлықожада кейіпкерлер саны Майкөт вариантынан көбірек. Бірақ олардың дені қаһармандық эпостың көбіне ортақ шаблонды есімдер (Мәселен, Қараман, Жанбай, Қаныкей, Тыныкей, т.б.).

Майлықожа айтуындағы нұсқадағы басты ерекшеліктің бірі – Нәріктің баласыздығын бетіне басатын оның інісі Есім емес, немере інісі Тасан болады. Майлықожадағы бұл образ қазақтың әйгілі ханы «Еңсегей бойлы Ер Есім» атанған Есім ханның ұнамды бейнесіне қаяу түсірмеу ниетінен туғаны байқалады. Есім бейнесін ұнамсыздықтан арылту ниетінен туған деп есептеуге болатын Тасан образын Құлыншақ ойлап тапты ма, жоқ, әлде Майлықожа шығарды ма деген сауалға дәл жауап беру қиын. Майлықожаның сюжетті өзгертпей айтуға тырысқанын есепке алсақ, бұл бейнені Құлыншақ шығарған болуы керек деп болжау мүмкін.

Өзге нұсқаларда кездеспейтін Майлықожадағы кейбір кісі есімдері «Шора батырдың» бастапқы нұсқаларында-ақ болуы ықтимал. Соның бірі – жоғарыда айтылған Кәріпбай. Басқа оңтүстік нұсқаларында Нәрікбай екі ағайынды еді десе, мұндағы оның үш ағайынды болып жүруі де ноғай, қырымтатар нұсқаларында кездеседі. Сондай-ақ Әлібидің баласы Майлықожада Зәниминнет деп аталса, қазақ қауымында кездесе бермейтін бұл есім тарихи Шора өмір сүрген дәуірде және сол ортада болған Зәниет деген тарихи тұлғаның есіміне жақын екені көрініп тұр. Зәниет тарихи Шораның інілері Кебек пен Әліке Нәріковтермен бірге Жәдігерді Қазанда хан сайлаған [161]. Ол туралы жырдың тарихилығына арналған таруда айтамыз.

Дегенмен, көптеген детальдар мен эпизодтарды, кейіпкерлер мен кейіпкер әрекеттерін Майлықожаның да қосқандығы сезіліп тұрады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанда жырланған өзге нұсқаларда Қарахан Шораға астыртын хабармен жұмсағанда баратын Қаратиын деген адам болса, Майлықожада бұл істі аты белгісіз нөкер атқарады [158,14-16]. Бұл жерде атынан айырылып қалған нөкерге ат мінгізіп, оны сыйлап жіберетін Нәрікбайдың мырзалығын көрсету үшін осы образдың арнайы енгізілгені анық байқалып тұр. Яғни, нөкер

бейнесі Нәрікбайдың мінезін аша түсу үшін пайдаланылған деуге болады. Қаратиынның диірменші деп көрсетілуі де Майлықожаның өз жанынан қосқаны деуге келеді. Соңғы ғасырларда, отырықшы өмірге бет бұру кезеңінде ғана қазақ арасында пайда болған бұл кәсіпті саналы өмірін Арқа өңірінде өткізген [29,61] Құлыншақтан гөрі көбіне оңтүстік өңірде, көршілес өзбек, қарақалпақ арасында көп жүрген Майлықожа жақсы білген деуге негіз бар.

А.С. Орлов нөкер жөніндегі эпизодты және Нәрікбайды қарғайтын кемпір мен Жанбай таздың, сүйіншіге таласатын қатындардың бейнесін тыңдаушы көңілін сергіту үшін алынған деп есептейді [26,101-103]. «Көңіл күйдің шынайылығын сейілтіп отыру үшін ара-тұра юморға жол береді», – дейді ол осыған қатысты [26,101]. Расында да, айтушы мен тыңдаушы арасында өмірде болған шындық ретінде айтылатын батырлық жырды қара сөз түрінде баяндаған кезде, ол поэзия үлгісі беретін экспрессиядан ажырап қалатындықтан, тыңдаушыны тез жалықтыруы ықтимал. Әрине, мұндай жағдайда сергітуші комикалық эпизодтар мен бейнелер қажеттігі туындайды. Алайда Нәрікбайға тойға кешіктің деп жала жауып, оны қарғайтын жаршы бейнесі Майкөт нұсқасында да бар [159,110]. Бірақ оның кемпір екені айтылмайды. Ал Жанбай таз бейнесі Майкөтте Қызыл таз деп беріледі. Молда Мұсада да Жанбай таз бейнесі комикалық сипатта беріледі [159,259-260]. Осыларға назар салсақ, Майлықожаның «Шора батырдағы» комикалық бейнелердің бұрыннан барларын (Жанбай таз, жаршы кемпір, Жағалтай) әрлей түсіп, нөкер бейнесін өз жанынан қосқанын байқаймыз.

Майлықожа шығарманың комикалық сипатын арттырумен бірге, ондағы діни бояуды да күшейткен. Мұнда да «Алпамыс батырдағыдай» кәпірлерді дінге кіргізу сарыны бар. Шора Қараманды өлтірер алдында одан мұсылмандықты қабылдауын сұрайды. Бірақ өз құдайына сиынуын тоқтатпаған Қараманды өлтіруге мәжбүр болады [158,56]. Өзге нұсқаларда кездеспейтінін есепке алып, мұны да Майлықожа енгізген қоспа дей аламыз.

Майлықожаның діни мазмұнды қоюлатқаны шығарманың көптеген тұстарынан байқалады. Ол тіпті адамгершіліктен жүрдай Әлібидің өзін аруақтан қорқатын етіп көрсетеді [158,56]. Ең ұнамсыз кейіпкердің де әулие-пірлерді ойлап, тәубеге келуі де шығарманың

реалды сипатын арттырғысы келген Майлықожа өңдеуінің жемісі болуға тиісті. Бұл мәселеге А.С. Орлов та көңіл бөлген болатын. «Тіпті зұлым адамның өзі зорлықшыл әрекетін әулиелердің қалауына сай жасағысы келетіні қызықты. Босқындарға зорлық жасайтын Әліби оларды көп салықпен титықтатып қоймастан, баға жетпес тұлпарын да тартып алмақ болады. Әлібидің өзі тұлпарға бұғалық салған кезде, ол оны астындағы атымен бірге теуіп жығады... Әліби есін жиған кезде «Менің бұл істерім әулие, пірлерге жақпаған бола ма?» деп ойлады. Ұсақ-түйек себеппен-ақ әулиелердің араласуы, құдайды еске алудың, діни мазмұндағы насихат пен сезімге берілудің молдығы шығу тегі қаһармандық болған бұл шығарманың діни тұрғыда өңдеуге түскенін көрсетеді. Әрине, оның сюжеттік негізінде «қасиетті» персонаждар мен базбір діни сарындарға орын болған жоқ деп есептеген дұрыс емес; бірақ діни элементтердің шектен тыс көптігі, оларды орынды-орынсыз қолданып отыру, біздіңше, шығарманың бергі кездегі қабаттары екенін айғақтайды. Комикалық, тіпті ерсілеу эпизодтардың да көптігі осыны көрсетеді» [26,106-107], – дейді ғалым. А.С. Орлов өңдеушінің кім екенін тікелей көрсетпегенімен, ол өзінің бұл пікірін Майлықожаны есепке алып айтқаны өз-өзінен түсінікті. Өйткені бұның барлығы жырда қара сөзбен баяндау кезінде енгізілген өзгерістер екені сезіліп тұрады.

Осы орайда ұнамды кейіпкерлердің де кейде тыңдаушы ықыласына қайшы келетін қылықтар жасайтынын айтып өткен жөн. Бұның мысалы ретінде тамалардан Әлібидің кесілген басын доп қылып тебуін, Қараханның ол бастың терісін сыпырып, миын ойып, ішіне сабан тығуын айтуға болады [158,40-41]. Өлген адамды қорлаудың ислам қағидаларына қайшы екенін жақсы білетін Майлықожаның бұл эпизодтарды енгізуі тегін емес. Ақын осы арқылы жақсы адамдардың да осал тұстарының болатынын көрсеткен. Осы өңдеу де шығарманың шынайылығын күшейтпек ниеттен туған секілді.

Нәрікбай мен Гүлқаныс әулиелерді зиярат ету сапарына аттанғанда, Шұбар тұлпардың құландардың үйіріне қосылуы да Майлықожаның жасаған редакциясы деуге келеді. Өзге нұсқаларда жоқ бұл деталь да нұсқаны қара сөз түрінде баяндаудан туғаны аян. Осы тұста Шұбардың ендігі тағдыры не болады екен деген сауалдың тыңдарманды мазалайтыны анық. Жыр түрінде айтылған шы-

фарманы бөліп, көкейдегі сұрағын қоюға тыңдаушылардың мүмкіндігі болмағанымен, қара сөз үлгісіндегі шығарманы тыңдауда олар мұндай әрекет жасай алады. С. Қасқабасов халық прозасы түрлерінің күнделікті сұхбаттан туындайтынын айтқан [162]. Сондықтан халық прозасын айтушылар өз әңгімесін бұзбауы үшін, тыңдаушылар көкейінде туындайтын сауалдарды алдын ала болжап, оған тиісті жерінде айтқызбай жауап беруге тырысатыны анық. Майлықожаның Шұбар ат жөніндегі бұл толықтыруы да осылай туған сияқты.

Майлықожаның өз жанынан қосқандарының барлығы тыңнан туған дүниелер емес. Ол редакция жасау барысында дайын фольклорлық тәсілдерді, сарындар мен образдарды да пайдаланып отырған. Мәселен, шығармадағы: «Нәрікбай мен Гүлқаныс Қаратаудың бір қабат асуынан өткен соң шаршап, әлдері құрып, тағы да алдында Қаратаудың бір биік белін көріп, не қыларын білмей уайым қылып тұрғанда, жасаған иенің құдіретімен аспанмен таласқан тау қақ жарылып ашылып, екі жаққа бөлініп, ортасынан дүние кезген Нәрікбай мен Гүлқанысқа жол береді. Сол жолмен осы уақытқа шейін керуендер жүреді» [158,21-22], – деген баяндауда да аңыздық прозаға тән сипаттар бар. Әсіресе ертегісімекке (хикая) тән белгінің бірі – ондағы уақыт пен кеңістіктің реалды болуы [162,98]. Майлықожаның Қаратаудың күнгейі мен теріскейіне баратын жолды көрсете отырып, оны осы оқиғадан туып еді деп көрсетуі аңыздық прозаға тән осы белгіні еске түсіреді. Алайда бұл әңгіменің осыған дейін халық аузында айтылмағаны белгілі. Демек, Майлықожа бұл жерде аңыздық проза тәсілін пайдаланып, тың өзгеріс жасаған. Майлықожа баяндауындағы «Шора батырда» аңыздық проза түрлерінің сипаттары молдығын А.С. Орлов та ескерген. «Қаһармандық жыр (былина) деуге де, болмыш әңгіме деуге де, хикая (повесть) деуге де келмейтін бұл шығармада басқа туындылардағыдан бұрынырақ пайда болған сияқты көрінетін сарындар бар, тіпті сол сарындар әлгі айтылған шығармаларға әсер еткен деуіміз бекер болар; бәлкім, керісінше шығар», – дейді ғалым [26,98]. Қазанға аттанған Шораның жолда кездесетін қиындықтары да халық прозасына тән образдар арқылы көрсетілген. Мәселен, жабайы адамдар – қаһармандық эпосқа жат образ. Олар болмыш

әңгімелерде (побывальщина), ертегісімектерде ғана айтылуы мүмкін. Ал айдаһар – халық ертегілеріндегі басты бейнелердің бірі. Бірақ бұл образ кейбір қаһармандық жырларға да енген. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырының Біржан Толымбаев жырлаған нұсқасында бас қаһарман лебімен өзіне тартқан айдаһарды қылышын көлденең ұстап отырып, екіге бөліп тастайды [163]. Ал бұл образдың қара сөз түріндегі баяндауға оңай енгізілетінін аңғару қиын емес. Айдаһар бейнесі «Шора батырдың» өзге нұсқаларында да бар. Бірақ ол басқаша мәнде көрінеді, оған алда тоқталамыз. Осы эпизодтағы айдаһардың келе жатқанын ескертіп, Шораны су шашып оятатын Шұбардың әрекеті де әлем халықтарының эпосында кең таралған сарын. Р. Бердібай қаһармандық эпостағы тұлпарлар бейнесіне тән қасиеттердің қатарында: «Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын естілігі», – деген белгіні көрсетеді [164]. Осыдан Майлықожаның өзге нұсқаларда жоқ базбір образдар бен эпизодтарды кейде фольклорлық дәстүрге де сүйене отырып шығарғанын байқаймыз.

Майлықожа өзі айтқан нұсқаның кейбір тұстарына осылай мақсатты түрде түзету жасаса, шығарманың орысша аудармасының соңында өзі қателесуі мүмкін екенін ескерткендегідей, жаңылысқандықтан жасаған өзгертулері де бар. Мысалы, шығармада айтылатын Шымбас тауы ешбір жағырапиялық аймақта кездеспейді. Бұл атау шығармада: «Мұнан әрі Шымбас тауынан өтті (Шымбас тауы – нақ осы күні Шымкент қаласы тұрған жер)» деген сөйлем ішінде аталады. Мұндағы жақшаға алынған түсіндірме Майлықожанікі ме, жоқ, әлде Ә. Диваевтікі ме деген ой туады. Біздіңше, бұл – Майлықожанікі. Өйткені Ә. Диваев өзі түсіндірген жер атауларын мәтін ішінде және жақша арқылы емес, сілтеме арқылы берген. Мысалы, Қазығұрт атауына ол осылай түсінік берген [158,21]. Бұл топоним Майкөт нұсқасындағы Шыңбұлақ бастау атауын жаңылыс қолдану нәтижесінде пайда болған сияқты. Өйткені Шымкент қаласының орны Шымбас деп аталғаны жайлы ешбір дерек жоқ. Майкөт нұсқасында:

Шыңбұлақ деген бір жерде

Бір күні келіп қоныпты.

«Шыңбұлақ бастау» дер екен [159,133], –

деп жырланады. «Шыңбұлақ бастаудың» ауызша айтуда «Шымбастауға» өзгеруі қиын емес екені белгілі.

Прозалық нұсқада Майлықожаның тілдік шеберлігіне тән кейбір өзгешеліктер барын айтқан жөн. Оның ең негізгілерінің бірі – мақал-мәтелдердің көп қолданылуы. Шығармада кездесетін даналық сөздердің көпшілігі қазіргі мақал-мәтел жинақтарында кездеспейді. Олардың негізгілеріне тоқтала кетейік: «Баласы бар баласының қызығын көреді, малы бар малының қызығын көреді»; «Туысқандық – ащылық, байлық – тұщылық [158,4]; «Ердің басы не көрмейді, ат аяғы не баспайды»; «Адамның басы – алланың тобы»; «Туысқанды іске шақыр, асқа шақырма» [158,6]; «Жаман айтпай жақсы жоқ»; «Құдайдың ісін пайғамбар болжап болмайды» [153,7]; «Жеті қабат қар жауса жұтамайды сауысқан, жетесі жоқ болмаса шыдамайды туысқан» [158,8]; «Аққа зауал жоқ» [158,15]; «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» [158,18]; «Қатын – ақылсыз, құрбақа – құйрықсыз»; «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» [158,31]; «Жаяу жауға бармайды, жау аттануға қарамайды» [158,32]; «Арыстанның ойынынан түлкінің мойны үзіліпті» [158,39]. Бұлардың көпшілігі бізге белгілі мақал-мәтелдердің құрамында жоқ болса, енді біреулері белгілі мақалдардың жаңа варианты болуымен құнды.

Прозалық «Шора батырда» көне атаулар мен архаизмдер және диалект сөздер жеткілікті. Мысалы, шығармадағы Салар өзені көне оғыз тайпаларының салар руынан қалғаны айқын [158,21]. «Көлбар» деген көнерген сөздер мен «жана да» деген сияқты диалект сөздер [158,18] шығармада аз кездеспейді.

Нұсқада қаһармандық жырларға тән бейнелеу құралдары мен сөйлеу ерекшеліктері молынан қолданылған. «Ендігі сөзді Шұбар тұлпардан естіңіз» [158,26] деген сияқты сөйлеу үлгісі қаһармандық эпостағы прозалық баяндауларда жиі кездеседі. Сондай-ақ «қорасанға қой айтып, әулиеге ат айтып» деген тіркестің [158,18] де батырлық жырлардан алынғаны кәміл. Жүйрік атты атқан – оққа [158,3-4], жауға шапқан батырды – жыртқыш құсқа [158,33], қойға тиген қасқырға [153,53], қашқан қалмақтың әскерін қасқырдан үріккен қойға [158,38] теңеу – батырлық жырларға тән поэтикалық дәстүр. Сонымен қатар тұлпардың шабысын суреттегенде ат-

тың тұяғынан жер солқылдап, құстардың тұяқ астында қалып өлуі [158,33], жауға шапқан батырдың қимылын суреттегенде қаһарманның әрбір сілтеген қылышынан сансыз көп қалмақтың өлуі [158,53] сияқты әсірелеулер де қаһармандық эпос тәсілі болып табылады. Академик А.С. Орлов бұл шығармадағы символ, метафора, теңеу мен тұспал сөздердің молдығын тілге тиек еткен [26,109-110]. Ол Майлықожаның тілдік байлығын көрсете алған.

Осы орайда прозалық «Шора батырдың» кейінгі жарияланымдары жайлы да бір-екі ауыз айтып өткен жөн. Диваевтан кейін оны 1933 жылы С. Сейфуллин (бірақ мұнда баспа тарапынан жіберілген олқылықтар көп, нұсқаның бас-аяғы жоқ) [165], 1939 жылы С. Мұқанов бастырған болатын [166]. Олар Ә. Диваев жарияланымына көп өзгеріс енгізбеген. Тек қана «һәм» деген жалғаулық шылауды көп жерде қазақшалап отырған. С. Сейфуллин мен С. Мұқановқа қарағанда, қазіргі қазақ әліпбиінде бастырған Ә. Оспанұлы мәтінге көбірек өзгеріс жасаған. Мәселен, ол Ә. Диваев жарыққа шығарған мәтіндегі Гүлқаныс есімін бастан-аяқ Құлқаныс деп береді. Ә. Оспанұлы бұл есімді өзі білетін басқа нұсқаларға сүйене отырып өзгерткен тәрізді. Бұл есім Майкөт нұсқасында Құлқаныс, Молда Мұса вариантында Құлқаныс деп беріледі. Ал Мұсабай жырау вариантында, Ә. Диваев жарияланымындағыдай, Гүлқаныс деп беріледі. Молда Мұса вариантын жақсы білетін Ә. Оспанұлы бұл есімнің сол нұсқадағы вариантын дұрыс деп тапқан сияқты. Ә. Оспанұлы Диваевта жедел өткен шақ формасында баяндалған оқиғалардың көбін өткен шақ формасына алмастырған. Және де көптеген сөздерді қалдырып кетіп отырған. Мысалы, Диваевтағы: «...олай болса, қалған жеріңе мен сені ұрып өлтірейін» деп таяқпен ұрып өлтіріп, көп кешікпей-ақ арыстанның жон етін Гүлқанысқа алып келіп берді. Гүлқаныс арыстанның етін пісіріп жеп, жерігін басты», – деген сөйлемдерді былай өзгерткен: «...олай болса, қалған жеріңе мен сені ұрып өлтірейін» деп таяқпен ұрып өлтіреді. Көп кешікпей-ақ Құлқаныс арыстанның жон етін пісіріп жеп жерігін басты» [146,630]. Мұндай өңдеулерді Ә. Оспанұлы басылымынан көптеп кездестіреміз. Сонымен бірге көне басылымдағы кейбір араб әріптерінің көмескіленіп кетуіне байланысты бастырушының жекелеген сөздерді басқаша оқығанын да аңғарамыз. Мысалы, Диваев

басылымындағы: «Гүлқаныстың жүкті болған қызығының үстінде, Нәрікбай бұлақпен қош айтысып, Аққалаға қарай жол тартты», – деген сөйлемдегі [158,25] «бұлақ» сөзін Ә. Оспанұлы «жолақ» деп оқыған, оны жер аты болуы керек деп есептесе керек, бас әріппен жазған [146,630]. «Баласы бар баласының қызығын көреді, малы бар малының қызығын көреді» деген нақыл сөздің [158,4] екінші компонентінің түсіп қалуын [146,621] да осы қатарда айту керек.

«Қазыналы Оңтүстік» жинағын құрастырушылар Ә. Оспанұлы жариялаған мәтінді қайта бастырды [106,21-58]. Мұнда да Ә. Оспанұлы тарапынан жасалған өзгертулер сол қалпында берілген. Осы жағдайлардың барлығы шығарманың әуел бастағы стилі толық сақталмағанын көрсетеді.

Прозалық «Шора батырдың» тілдік ерекшеліктері жайында кесімді пікір айтудың тағы бір қиындығы шығарманың осындай стильдік өңдеуге түскендігімен байланысты. Мәтіннің кейбір тұстарында ғана ауызекі сөйлеудің белгілері көрінсе, басым бөлігінің әдеби тілге жақындатылғаны көрініп тұр. Тілдік өңдеудің жасалғандығы мәтіннің едәуір қысқартылып, ықшамдалғанынан да сезіледі. Мұны бірдей шрифтпен басылған прозалық «Шора батырдың» қазақша және орысша мәтіндерін салыстырып білуге де болады. Осы жинақтағы орысша мәтін отыз төрт жарым бет болса [146,669-703], қазақша мәтіні – жиырма екі жарым бет. Сол себепті қазақша нұсқадағы көптеген маңызды сәттер түсіп қалған. Біршама баяндаулар, диалог, монологтар қазақша нұсқада жоқ. Мысалы, А.С. Орлов мән берген Шораның атқан оғының сансыз көп қалмақты көктей өтуі, Гүлқаныстың табаны темір етік киюі, Шораның Қараманның кеудесіне мінуі сияқты сарындар мен эпизодтар орысшада бар да, қазақшада жоқ. Нұсқаның ең басты ерекшелігі болып табылатын мақал-мәтелдердің санында да екі мәтінде айырмашылық бар. Мысалы, орысшадағы «Не возьму огня из юрты, чтобы развести его в другой» [146,673], «Пока вырастает трава, откачует аул, пока муж наживает состояние, он лишится разума» [146,680], «Больной надеется выздороветь, бедный надеется разбогатеть» [146,686] деген мақалдардың қазақшада жоқ екенін көреміз. Өкініштісі, бұл мақалдардың қазақшасы бізге өз бетінше де жетпеген. Мұндағы үшінші мақалдың қазақшасын «Ауру сау бол-

сам дейді, кедей бай болсам дейді» деп жобалауға болады. Өйткені оның «Кедей бай болсам дейді, бай құдай болсам дейді» деген варианты ауызша айтуда сақталып қалған.

Сөз болып отырған нұсқаны Рәхим Баязит деген кісі татар тіліне ықшамдап аударып, 1915 жылғы «Ақ юл» журналының №16 санында жариялаған екен. Л. Ибраһимованың зерттеуінде осы аударма пайдаланылып, оның қосымшасында кирилл жазуымен берілген [101,184-188].

Майлықожа нұсқасы қара сөз түрінде айтылу себебінен аңыздық, эпсаналық бірлі-жарым элементтерді қабылдағаны болмаса, классикалық қаһармандық эпосқа тән басты белгілерді сақтап қалғанын тағы да ескерткеніміз жөн. «Қазақтың батырлық ертегілері шығу тегі мен сюжетінің сипатына қарай екі топқа бөлінеді. Бірінші топта – көне (архаикалық) батырлық ертегілер де, екінші топта – кейінгі дәуірде, XVIII-XIX ғасырларда жырдан туған ертегілер» [162,208], – дейді С. Қасқабасов. Мырзақай нұсқасы екінші топтағы батырлық ертегіге жатса, Майлықожа нұсқасы – әлі ертегінің жанрлық белгілерін қабылдай қоймаған, батырлық жырдың қара сөзбен айтылған үлгісі.

Майлықожа нұсқасының Құлыншақтан тарағанын білдіретін тағы бір айғақ – Мәшһүр Жүсіп баяндауындағы нұсқалар. Оның айтуында жырдың үш нұсқасы, нақтырақ айтқанда, бір түпнұсқа мен оның екі редакциясы сақталған. Бұлардың үшеуі әр кезде хатқа түскен сияқты. Ақын шығармаларының көптомдығының бесінші томында жарияланған түпнұсқа көлемдірек әрі сюжеттік желісі толығырақ [167]. Құрастырушылардың жинақ соңында берген түсініктемесінде мәтіннің хатқа түскен уақыты туралы мынадай болжам айтылады: «Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы әуелі оның үлкен ұлы Мұхаммедшарафи мұрағатында сақталған, кейін ол өлгеннен кейін 1937-1938 жылдардың бірінде Мұхаммедшарафи ұлы Төлеубайдың тапсыруымен ақынның кенже баласы Мұхаммедфазыл қолына көшкен. Сол жазбалар ішінен осы шығарма алынған 1645-папканы 1963-1964 жылдардың бірінде Мұхаммедфазыл ұлы Қуандық ҚР ҒА Орталық ғылыми қолжазба қорына өткізген. Папкадағы бет ретін белгілеп жазу да сол өткізуші қолымен жүргізілген. Шығарма

маңдайшасына ақынның өз қолымен мынадай ескерту жазылған: «Қазақ ертегісі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – сөйлеуші».

Сонымен бірге ақын жиені Жолмұрат және ұлы Мұхаммедфазылдың осы туындыдан жасаған көшірмелері әулеттік мұрағатта сақталған. Сондай-ақ жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176-папканың 331(424)-338 және 378(447)-380(449) беттері аралығында Жолмұрат қолымен жазылған көшірме нұсқада орын алған. Жолмұрат көшірмесінде (338-б.) «Мәшһүр Жүсіп. 1922. 8.02» деген жазу ұшырасуына сүйеніп, әзірше шығарманың қағазға түскен жылы 8.02.1922 жылы болар деп есептеп отырмыз» [167,260]. Құрастырушылар Мәшһүр нұсқасының хатқа түсіруі мүмкін деп отырған жылының Ә. Диваевтың Ташкентте батырлық жыр үлгілерін жариялайтын мерзімімен сәйкес келуі көп ойларға жетелейді. Мәшһүр Жүсіп бұл нұсқаны Диваевтың өтінішімен хатқа түсірген болуы да ықтимал. Ал бұл жазба қолында болса да, Диваевтың оны жариялай қоймасы анық еді. Себебі нұсқаның көп тұсы Диваевтың өзі жариялаған Майлықожа вариантын қайталайды. Оған қоса, бұл қолжазба Диваевқа жетпей қалуы да ғажап емес. С.Ш. Көпеев 1922 жылы Ташкентте опат болған баласы Әменге дұға етіп қайтуға жолға шыққанын баяндайды [168], бірақ оның осы жылы Ташкентте болғаны туралы мәлімет жоқ. Мәшһүрдің бұл жолы Ташкентке жете алмағандығын Жолмұрат Жүсіпұлы кеңірек әңгімелейді. Бірақ ол Мәшһүрдің бұл жолға дайындалған уақытын 1923 жыл деп көрсетеді. Соған қарағанда, аталмыш дайындық 1922 жылдың соңында жасалған болса керек. Ж. Жүсіпұлы мұны былай баяндайды: «Ақын мұнан кейін 65 жасында, 1923 жылдары төртінші рет (*Ташкентке – Б.Қ.*) тағы бармақ болады. Ондағы себебі – 1921 жылы Ташкенде 14-интернат-мектебінде мұғалім болып тұрған Әмен деген баласын бір кісі жарып өлтіреді. Соның басына барып қайтпақ болып, төте жолмен, көлік күшімен жүрмек болады. 1924 жылдың күзгі сентябрь айында пар ат пен бір түйеге азық-түлік, құс-қолаң – жол жабдығын артып, үш кісі жолдас болып шығып, бірнеше күн жол жүріп, жүрген бетінде елсіз жерлер кездесетін болғандықтан: «Ол жерлерде жол тосатын банды-қашқындар бар, жол қауіп[ті] (хауыс), жүрмеңіз! – деп жолдағы кездескен дос-жарандардың айтуымен

бармай, қайтып келеді» [169]. Мәшһүрдің осы сапардың алдында «Шора батырды» хатқа түсіруі тегін емес.

Мәшһүр Жүсіптің бірінші редакциясының жазылу себебі, уақыты туралы нақты дерек жоқ. Ақын көптомдығының 10-томында жарияланған бұл әңгіменің [170] көлемі түпнұсқадан азырақ. Мұнда әңгіме Нәріктің түрікпендермен көрші қонуынан басталады. Бірінші редакцияда түпнұсқадағының көп өзгермей сақталған тұсы ондағы жыр жолдары болса, оның өзінен жекелеген жолдар қалып қойып отырған. Бұл Мәшһүрдің түпнұсқаны біраз уақыт таба алмай қалып, қайта жазғанына ұқсайды. Ал екінші редакция тіпті шағын [170,262-263]. Мұнда үзік-үзік эпизодтар ғана берілген. Түпнұсқада бар, бірінші редакцияда жоқ бұл үзінділердің бірінші редакцияны толықтыру үшін жазылғаны айқын көрініп тұр. Осыған қарағанда, бұл редакциялар түпнұсқадан көп кейін, айтушы оның біраз жерін ұмыта бастағанда жазылған болуы мүмкін немесе, керісінше, Мәшһүр осылай бұрын естіген жырдың жекелеген эпизодтарын еске түскенін еске түскендей хаттап отырып, түпнұсқаны кейіннен қалпына келтірген болуы да ықтимал. Қалай болғанда да, біз ақын жинағын құрастырушылар сияқты бұл үшеуін жеке-жеке нұсқа деп емес, бір нұсқаның әр түрлі редакциялары деп санаймыз. Сондықтан бұдан әрі қарайғы осыған қатысты салыстыруларымызды түпнұсқаға [167] сүйеніп жүргізе береміз.

Мәшһүрде Майлықожа баяндауындағы «Шора батырдың» басты өзгешеліктері сақталған. Тіпті оңтүстіктегі варианттардан (Молда Мұса, Майкөт) өзгешеленіп тұратын ұсақ-түйек детальдар да бұл екеуіне ортақ. Мысалы, мұнда да Нәрік үш ағайынды, оны ренжітетін Тасен (Майлықожада – Тасан) болады. Мұнда да Шораның анасы Құлқаныс немесе Кұлқаныс емес, дәл Майлыдағыдай – Гүлқаныс. Тіпті эпизодтық кейіпкерлер мен жер аттары да ортақ. Мәселен, екеуінде де шығарма басында той жасайтын бай – Анасбай, Шораның қалмақтарға аттанар жолында кездесетін тауының аты – Қапсағай. Екеуінде де Тасен (Тасан) Нәрікке тіл тиізген кезде Есім ауылда жоқ, қалмаққа аттанған еді дейді. Сондай-ақ Нәрікбай мен Гүлқаныстың Қыдырға жолығып, оған мал сыйламақ болуы, Баба Түкті Шашты Өзіз әулиенің басындағы топ шеңгелге қатысты әңгіме, Нәрікбайдың

Гүлқаныстан адасып қалуы туралы эпизод та өте ұқсас. Осының бәрі бұл екеуінің түп негізі бір екенін көрсетеді.

Біздіңше, Мәшһүрдің бұл баяндаулары да, Майлықожаныкі сияқты, Құлыншақ нұсқасынан алынған. Әрине, М.Ж. Көпейұлының Құлыншақпен кездескендігі туралы бізде нақты дерек жоқ. Бірақ оның Майлықожамен жолыққандығы анық. Жолмұрат Жүсіпұлының жазбасында оның Майлықожамен таныс болғаны айтылады [169,329]. Қазақ фольклортанушылары да осыны қуаттайды [112,299;357]. М.Ж. Көпейұлының фольклорға қатысын зерттеген Н.Қ. Жүсіпов, айғақтайтын нақты деректері болмаса да, ақын Ақан сері мен Мәделі қожаның өлеңдерін олардың өз аузынан жазып алған болса керек деген болжам айтады [171]. Біз де сол сияқты Мәшһүрді Құлыншақпен де кездескен деп есептейміз. Олай деуге бірнеше дәйектер бар. Біріншіден, М.Ж. Көпейұлы оңтүстік өлкесіне діни білім алу мақсатымен барған, осымен байланысты қажылар туралы дерек жинаған. Бұған оның қажылар туралы жазғандары куә. Демек, оның қажылыққа барған Құлыншақ туралы білмеуі мүмкін емес. Сондықтан онымен кездесуге тырысатыны белгілі. Екіншіден, Мәшһүрдің жиырма тоғыз жасында Бұхараға барғаны өз жазбаларынан мәлім [172]. Бұл 1887 жылға тура келеді. Осы жылы оның Бұхар, Ташкент, Түркістанда болып, Бұхарда бір жыл тұрғанын, қайтарда Түркістанға тоқтағанын зерттеушілер де айтады [112,357]. Бұдан соң ол 1895-1996 жылдары да оңтүстікте болған. Бұл туралы ақынның өзі былай дейді: «1313-інші [бізше 1895 – Г. Ж.] *(тік жақшаның ішіндегі – бастырушы Г. Жүсіпованың ескерттуі – Б.Қ.)* ныжырет әлһыбойының 17-інші шығбанда, қой жылында Білтешашта сытқамет айладық. Ғидаутыр первый мартта жексенбі күн Әбілқасымхан ишан мешітінде оқылды. Сол айттан (ғыдтан) кейін Түркістан келдік. Бұл қой жылы қажылар болды. Арқаның көп қажысы қырылды» [173]. Мәшһүр айтқан қажылардың ішінде Құлыншақтың да болуы ықтимал. Осы екі сапардың әйтеуір біреуінде Мәшһүрдің Құлыншақпен кездескені көп күмән туғызбайды. Тіпті Арқа өңірін көп аралаған Құлыншақтың Мәшһүрмен бұған дейін де жолығуы ғажап емес.

Мәшһүрдің «Шора батырды» Майлықожадан емес, Құлыншақтан естіген болуы керек деуге негіз болатын айғақтар нұсқаның

өзінен де кездеседі. Соның бірі – Майлықожадағы жыр жолдарының Мәшһүр баяндауында кездеспейтіндігі. Екіншісі – Майлықожа нұсқасындағы біз баяндаушының өзі қосқан деп есептеген сарындар мен эпизодтардың Көпейұлында жоқтығы. Үшіншісі – Мәшһүрде Майлықожада жоқ элементтер аз емес.

М.Ж. Көпейұлы нұсқасында жыр жолдары Майлықожадан анағұрлым көп. Мәселен, Нәрікбайдың салық алуға келген Әлібиге келісім беруі (192-б.; бұл жерде бастырушылар қатармен емес, кара сөз сияқты қатарсыз берген), Шораның таманың қырық баласымен сөйлесуі (198-б.; бұл жерде де қатарсыз басылған), мың балаға айтқаны (198-199-бб.), Қызыл таздың сөздері (199-б.), қырық балаға екінші рет тіл қатуы (200-201-бб.), Әлібимен жауаптасулары (201-б.), Қазанға аттанардағы сөзі (202-б.), Шұбар атпен серттесулері (203-204-бб.), Тасыр мергенге айтқаны (204-205-бб.), Тасырдың сөзі (204-б.; қатарсыз берілген), Шораның жолда кездескен шалмен жауаптасуы (205-б.), Есім бимен тілдесуі (206-б.), ағайындарынан жаудың дерегін сұрағаны (207-б.), Садырқұлға айтқаны (208-б.), Қараманмен арыздасуы (211-212-бб.) сияқты монолог, диалогтардың бәрі жыр түрінде. Сондай-ақ Әлібидің қырық серігінің Шорадан қашқан сәті (202-б.; қатарсыз берілген), Шораның жауды жайратқаннан кейінгі сабырлы қалпы (209-б.), Қараманмен жекпе-жегі (210-211-бб.) де жырмен өрнектелген. Осы орайда ескере кететін бір жайт – жыр жолдарының дені кейіпкер сөздері екендігі. Зерттеушілер баяндаулары кара сөзбен, кейіпкер сөздері өлеңмен берілетін эпикалық үлгінің көне екенін айтады. Бұл пікірдің дұрыстығын осы үлгіні сақтап қалған көптеген ертегілік эпос үлгілері растайды. Осыған байланысты Мәшһүр нұсқасын «Шора батырдың» көне үлгісі деп санаған дұрыс емес. Бірақ бұл жерде айтушылар есінде кейіпкер сөздерінің жақсырақ сақталып қалатын заңдылығын эпос зерттеушілері болашақта ескере жүруі керек.

Мәшһүр Жүсіптегі жыр жолдарының ешқайсысы Майлықожада жоқ. Майлықожадағы шағын жыр үлгісі де Мәшһүрде кездеспейді. Оның есесіне, Көпейұлындағы жыр түріндегі бөлімдермен Молда Мұса нұсқасында біршама ұқсастықтар бар. Мысал келтіре кетейік:

Мәшһүр Жүсіпте

Доңғалақ арба жүрместей,
Қарлы ма еді жеріңіз?
Азды түтіп жегендей,
Бассыз ба еді еліңіз?
Іздегенің ұрыс пенен
Төбелес болса,
Кәні, маған келіңіз! [167,198-199].

Арғы атамды сұрасаң,
Қарабура ұранды –
Қырық үйлі жүрген тамамын.
Өз жөнімді сұрасаң,
Нәріктің ұлы Шорамын.
Қазан деген жеріме,
Тама деген еліме
Танысуға барамын! [167,205].

Мен бір азық қазғанмын,
Су таба алмай, азғанмын,
Жоқ жоғалтқан сергелдең,
Жоқ іздеген жазғанмын.
Аяулыда алты ат жоқ,
Тобылғы жүнді торы ат жоқ,
Сылдырдан еді сырғасы,
Мақпалдан еді дорбасы,
Сенделіп жүр жорғасы,
Он атым және қабат жоқ [167,208].

Молда Мұсада

Жалғыз-жарым жүрместей,
Зорлықшыл ма еді еліңіз?
Жылқым үркіп ішпестей,
Бақалы ма еді көліңіз?
Құс аралап ұшпастай,
Қоғалы ма еді көліңіз?
Ноғайлы-түрікпен елінің,
Біз болдық жейтін жеміңіз [159,293].

Танымасаң, Тасеке-ау,
Кеуістің ұлы тамамын.
Бергі атамды сұрасаң,
Нәріктің ұлы Шорамын,
Қолыңда туған баламын [159,291].

Жоқ жоғалтып торықтым,
Іздей-іздей зорықтым.
Жоғымның жөнін білгендей,
Білімді ерге жолықтым.
Аяулыда алты ат жоқ,
Белгіліден бес ат жоқ,
Құйысқан жетпес құла ат жоқ,
Әсіресе көкбесті,
Көкейімді сол кесті.
Мақпалдан еді дорбасы,
Күмістен еді сырғасы [159,315].

Біздің филология ғылымдарының докторы Н. Төрәқұловтан естіген ауызша дерегіміз бойынша, Молда Мұса өзі айтқан «Ер Шора» жырын Құлыншақтан үйренген. Сонда жоғарыдағы ұқсастықтар да Мәшһүр нұсқасының негізі Құлыншақта жатқандығын айқындай түспек.

Мәшһүрдің «Шора батырды» хатқа түсірген кезде оның ұмытқан тұстарын өзі бұрынырақ жазған батырлық жырлардан алып пайдаланғаны да аңғарылады. Мұны нұсқаның «Сайын батыр» жырымен мынадай ұқсас тұстарының болғанынан байқаймыз:

«Шора батырда»

Оттың басын боқ қылып, қырға шығар ішінде бір ондысын жоқ қылып, мен не етейін көбінді, құлан көде шөбінді?! Берсең маған қалап бер, басын мыңға балап бер, өмір жасын ұзақ қып, әр жасын мыңға санап бер! [167,195].

«Сайын батырда»

Оттың басын боқ қылып, Қырға шығар ішінде, Бір ондысын жоқ қылып. Мен не етейін көбінді, Үйіңе базар болғандай, Бір де болса сол маған, Бірін мыңға балап бер, Өмір жасын ұзақ қып, Берсең маған қалап бер [174].

Дегенмен, Көпейұлы бөгде жырдан мұндай үзікті себепсіз алмаған. Дәл осы эпизодтың оңтүстікте айтылған басқа нұсқаларда да болғаны сезіледі. Осымен мазмұндас монологты Ә. Сариев арқылы жеткен Майкөт нұсқасынан табамыз:

*Қырық баланы қайтейін,
Баласындай шошқаның
Шуылдасып не етейін?
Түйенің оты андызды-ай,
Сиырдың оты жалбызды-ай.
Дұға қыл да, кемел пір,
«Қырық мыңнан өтер қыран қып,
Берсін деп маған жалғызды» [159,148].*

Мәшһүрдегі жыр түріндегі бөлімдердің осы вариантпен де ұқсас тұстары аз да болса кездеседі. Мәселен:

Мәшһүр Жүсіпте

Қырғауыл жүнді қызыл таз,
Төбе шашы ұзын таз [167,199].

Майкөт – Ә. Сариевте

Адырайған Қызыл таз,
Желке шашың ұзын таз [159,178].

Көпейұлындағы жыр жолдарының Молда Мұса вариантымен көп ұқсастықтары бола тұра, өзіндік стильдік өзгешеліктері де бар. Ол әсіресе ұйқастың күрделілігінен көзге түседі. Мұнда бір-бірімен ерсілі-қарсылы байланысып жатқан ішкі ұйқастармен бірге, көптеген жолдарды өткізіп барып байланысатын түйдектік ұйқастар да бар. Соның бір мысалын (Қараманның өлер алдында Шораға айтқан сөзін) ішкі ұйқастарды курсивпен, ал түйдектік ұйқасты майлы бояумен көрсету арқылы бере кетейік:

*Өтпес біліп жалғанды
Өзімді өлмес **біліппін.**
Маңдайым қайтпай пендеден,
Бетіме ешкім келмеген.
Қарайған жанның бәрін де
Жан-ау деп көзге ілмеген.
Періп кетпе пірі боп,
Зорайып өсіп ірі боп,
Тоқтаусыз жортып **желіппін.**
Жау алатын қыз итті
Бала екен деп **біліппін.**
Маған сен күйеу болғандай,
Оң жағымға кіргізіп,
Қай қолымнан **беріппін?!**
Өзім үшін тусам да,
Жұртым үшін **өліппін!**
Елімнің баспа іргесін,
Өлтірме бит пен бүргесін.
Жебір де жесір қылдырма,
Шібішімнің аяғын бастырып,
Атқа сындырма,
Құдай риза (ырза), мен риза,
Кес кідірмей басымды.
Дулатып бергіз асымды.
Тірлік пенен өмірден
Өлімді артық **біліппін!***

Мұндай ерекшелік мәтіннің жыр түріндегі бөлімнің барлығында дерлік сақталады. Бұл – оны Молда Мұса стилінен даралап тұратын басты көрсеткіш. Сондай-ақ оның көне эпикалық формулаларды барынша мол пайдаланатын Майкөттің де, терме поэтикасына бейім Майлықожаның да жырлау үлгісіне де ұқсамайтындығы оңай ажыратылады. Осы тұста тағы да бұл Құлыншақтың жырлау ерекшелігіне тән сипат болуы керек деген ой туады.

Майлықожадағы сияқты мақал-мәтелдер мұнда да көп. Бірақ олардың басым бөлігі Майлыда жоқ. Мысалы, «Ас – аттынікі, той – тондынікі» [167,189]; «Айрылма үйіріңнен. Айрылсаң үйіріңнен, екі қолың кетпес бүйіріңнен»; «Бұралқының пұлы жоқ, бұзылған шаһардың сыны жоқ»; «Өз қорлықтан – жат қорлық, жат қорлықтан – сарт қорлық» [167,190]; «Мың қарабас саулықты бір қозы емер, сонда-дағы тоймайды, паруардігер»; «Ішкен – мас, жеген – тоқ»; "Бай қонысы бағулы»; «Көзбен көрген – анық, құлақпен естіген – танық» [167,191]; «Тапса танасын жейді, таппаса бас салып бақыртып баласын жейді»; «Керсен алдында, кездік қолыңда»; «Сусыз шөлдің шөбі арам, еңбексіз ердің дәмі арам, перзентсіз ердің малы арам»; «Сөз тапқанға қолқа жоқ» [167,192]; «Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ»; «Құдайдан жәрдем болсын десең, жалғыздықты ықтияр қыл»; «Әулиеге – шырақ, қожаға – тамақ» [167,193]; «Жоғалған пышақтың сабы алтын»; «Әулие жақынын қолтықтайды»; «Алыстың «әлхамынан» жақынның «құлһуалласы»; «Іздеген миқан ағашын табады» [167,194]; «Өлмегенге өлі балық» [167,196]; «Өлген қыздан дәметкен өмір тентек»; «Әлін білмеген әлек» [167,197]; «Құдай ұрғанды қоса ұрмаса, құдайдың жандай досы болмайсың» [167,197]; «Борай-борай қар жауса, боранына келтірер, аз кісіні көп кісі орамына келтірер» [167,198]; «От ішінде мақта, мақтадан құдай сақта!» [167,200]; «Көп қорқытады, терең батырады» [167,200]; «Тозған қазды топтанған қарға жейді» [167,205]; «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» [167,213]. Бұл мақал-мәтелдерде ішінара оңтүстік қазақтарының жергілікті сөйлеу ерекшеліктерінің де кездесетіндігі бұлардың көбі түпнұсқада айтылғанын аңғартады. Мысалы, «пұл», «шаһар», «керсен» сөздері соны көрсетеді. Екі прозалық баяндаудағы мақал-мәтелдердің көптігі оларға негіз болған жыр түріндегі варианттың, яғни Құлыншақ нұсқасының ділмар сөздерге бай болғанын танытады. Сондай-ақ Мәшһүрде Майлықожада бар

мақал-мәтелдердің сәл өзгеріске түскен варианттары да ұшырасып отырады. Мәселен, «Ұлы бар кісі ұлын көріп қуанады, қызы бар кісі қызын көріп қуанады» [167,189], «Ағайын – ащы, мал – тұшы» [167,190]. Соған қарағанда, Мәшһүр 1895-1996 жылы Түркістанға барған сапарында Майлының Диваевқа берген қолжазбасымен танысқан болуы ықтимал.

Майлықожа сияқты Көпейұлының да нұсқаға қосқан өзіндік үлесі бар екені аңғарылады. Бұл, әсіресе, шығарманың дін мәселесіне, нақтырақ айтсақ, әулие-әнбиелерге қатысты тұстарында көрінеді. «Құдайдай бір бермесе, бермей қақиып қалатұғын жалғыз емес қой. Әулие жарықтық көп қой, бірі болмаса бірі желеп-жебер» [167,190] деген сөздер, сондай-ақ «Ұшпас тауық, көшпес кентте жатқан жұрт сауда қылады, егін салады. Сол екі кәсіпке жарамаған жамандар, жатыпшыер жалқаулары оқу оқиды. Асы жоқтықтан оразашыл болады, іс-жұмысы жоқтықтан намазшыл болады. Сонан соң сондай жандары ажал жетіп өле қалса: «Жоғалған пышақтың сабы алтын», – деп әспеттеп, басына үй тұрғызып, бір сиырдың құйрығын байлап, әлеміштейді де, дәнемеге жарамаған жаман жалқаулар басын күзетіп, оны әулие деп ат қойып, айдар тағады. Құдай жаратуында әулие қылып жаратпаса, онымен ол әулие бола ма? Сендердің әулие деп жүргендеріңнің көбі сол...» деген сияқты пікірлердің еркіндігі Мәшһүр Жүсіп қаламына тән. Бұл, бір жағынан, қаһармандық эпос дәстүрінде әулиелерді бұлай саралап жатудың жоқ екендігінен байқалса, екінші жағынан, бұл сөздердің мазмұны Мәшһүрдің өз жазбаларымен үндесетіндігінен көрінеді. Қаһармандық жыр дәстүріндегі перзентсіз ата-ана сапарының қиындығын, тілегінің оңай орындала салмағанын сезіндіру үшін көркемдік тәсіл ретінде пайда болған көптеген әулиелерден жәрдем болмайтын сарынның дәлелдемесін (мотивировкасын) Мәшһүр өз жанынан қосып, оған реалды сипат дарытқан.

Құлыншақ вариантының оңтүстікте айтылған басқа нұсқаларға қарағанда, тарихи деректілігінің молдығымен қатар, көне сарындарға бай болғаны осы Мәшһүр баяндауынан да аңғарылады. Атап айтсақ, Мырзақай нұсқасында айтылатын бас қаһарманның алыптарға тән ұйқысы мұнда да бар. «Шора мың баланы жайратып, тыптыл қылып барып ұйықтап қалған екен, бір ұйықтаса, жиырма күнсіз оянбайды екен. Оята алмай жаман састы» [167,200], – дейді

баяндауда. Сондай-ақ Тасыр мергеннің күндік жерден көріп, түстік жерден еститіні, бір жетілік жерден болжайтыны да [167,203], Шұбар аттың сөйлеуі де [167,203-204] осындай көне сарындар.

Мәшһүрдің «Шора батырды» кімнен естігені, қашан және нендей себептермен хатқа түсіргені жөнінде әлі де тереңдей зерттеу қажет. Біз әзірше, көп жағдайда, жанама деректерге ғана иек артқан болжаммен ғана шектелуге мәжбүр болып отырмыз.

Ал 1896 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 33-санында А. Алекторов жариялаған «Нәрік батыр» ертегісін, жоғарыдағы нұсқалар сияқты, ертегіге жырдан айналған деп айтудың реті келмейді. Өйткені мұнда эпостың ноғай, қырымтатар варианттарында үнемі ертегілік, аңыздық ерекшеліктерімен көрінетін Нәрік жөніндегі прозалық бөлімдердегі оқиғалар қамтылған және солармен мазмұндас. «Нәрік батырдағы» сарындардың дені қырымтатар варианттарындағы Нәрікке қатысты бөліммен ортақ болғанымен, нұсқаның өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес.

Мұнда Нәрік Меңдісұлудың перзент көрмек болып үйленеді. Мендісұлудың сұлудығын хан Нәріктің үйіне қонған құсын іздеп барған нөкерінен естиді. Меңдісұлудың ханға айтатын мысалы да басқаша. Мұнда, керісінше, Нәрікті арыстанға, ханды мысыққа теңейді. Хан Нәрікті қайтпас сапарға айдаһардың сүтін алып кел деп жұмсайды. Ал Нәрік әйелінің адалдығына риза болғандықтан, бұрынғы нұсқалардағыдай ханды (кейде хан ұлы) өлтірмейді, түрікпен жұртына көшіп кетеді. Шораға жолығып ат сыйлайтын Қырым батыр қырымтатар нұсқаларындағыдай кереметтік қасиеті бар сопы-қолдаушы емес, реалды кейіпкер сипатында көрінеді, ол Шораға кездескенде қалмаққа аттанып бара жатқан болады.

Ал хан жұмсаған сапарға Мендісұлудың Нәрікке ақыл беруі, Шора туғанда Құл Шораның Нәріктен сүйінші сұрауы, сол үшін Нәріктің оған бостандық беруі, Нәріктің Шораға ермек етсін деп он қой алып беруі, Шораның келген қонақты қой сойып күтіп алуы, Қырым батырдың Шораға қырық кісімен келуі – көптеген қырымтатар, әсіресе Ескішеһир (Түркия) вариантымен ұқсас тұстар.

Бұл ертегіні А. Алекторовтың қай жерден, кімнен жазып алғаны белгісіз. Жазып алушының өмірбаянына үңіле отырып бажайласақ, «Нәрік батыр» Батыс Қазақстанда, дәлірек айтқанда,

Ішкі Ордада жазылған болуы тиіс. Себебі А.Е. Алекторов ертегі жарияланатын 1896 жылға дейін Ішкі Ордада оқу инспекторы болып істеген. Содан кейін ғана Торғай облысының оқу-ісі инспекторлығына алмасқан [170]. Ертегі кейінгі кезде де бірнеше жинақта жарық көрді [176], [177], [178].

«Шора батырдың» ертегілік нұсқаларының Батыс Қазақстанда айтылғаны байқалады. Оның Қырым түбегінде туған аңыздармен байланысы күшті. Ал классикалық эпос үлгісін қабылдаған нұсқаның қайтадан прозалық үлгіде баяндалуы Сыр бойы мен Оңтүстік Қазақстанда бой көрсеткен. Ал Мәшһүр Жүсіп редакциясы хатқа түскенімен, ол өмір сүрген Солтүстік Қазақстанда, Арқа өңірінде ауызша тарала қоймаған.

ЭПИКАЛЫҚ ЖЫР ТҮРІНДЕГІ ҚАЗАҚ НҰСҚАЛАРЫ

«Шора батырдың» жыр түріндегі қазақ варианттары Батыс және Оңтүстік Қазақстанда тараған. Олардың жыршылық мектептерге қатысты түбірлі айырмашылықтары бар. Мұны жоғарыдағы ертегілік және прозалық нұсқалардан да байқадық. Жыр түріндегі варианттардың жариялануы да ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады.

И. Березин жариялаған татар нұсқасынан [130] кейін поэзия түрінде жарияланған нұсқа – «Қисса-и Нәрукнуң ұғлы Чора батыр» деп аталатын қазақ варианты [179]. Ол 1884 жылы Қазанда Мұқамбетнәжіп Алиакбарұлы (Мұхамед-Наджиб Алиакберов) деген адамның бастыруымен шығады. Біз диссертациялық жұмысымызда: «Бастырушының кім, қай жерде, қашан өмір сүргені жөнінде бізде дерек жоқ» [90,44], – деген болатынбыз. Қазір оның кім болғаны жөнінде біршама мағлұматтар табылып отыр. Жазушы Н. Қазыбеков өзінің «Тел ағыс» (Шынжан қазақтарының әдебиетіне шолу) атты мақаласында М. Әлиакбарұлының (Н. Қазыбеков «Мұхамед-Нәжиб Галиакбаров» деп берген) 1867 жылы Ақыт Үлімжіұлының «Тәржума» деген кітабын бастырғанын көрсеткен [180]. Демек, ол – ХІХ ғасырдың екінші жартысында кітап бастыру ісімен айналысқан кісі. Татар ағартушысы Зәриф Карими сол кезде жарық көрген көптеген қазақтың жыр-дастандарымен бірге М. Әлиакбарұлы бастырған «Қисса-и Нәрукнуң ұғлы Чора батыр» кітабын да өлеңмен сынға алған. Мұны да тағы бір дерек көзі деп есептеуге болады.

*Болыпты бір нән, аты – Шора,
Қан ішіп, ләззат алған шыбын-сона.
Соғысып, қантөгісте қазақ жеңсе,
Оқушы құрбыларға мақсуд бола [181,6], –*

дейді ол. Алайда З. Каримидің бұл сынының біржақтылығын қазіргі оқырман оңай түсінеді. Ол қазақ жыр-дастандарының тәрбиелік мәнін тек қана шариғи мазмұнға негізделуі керек деп санап, осындай сынаржақ пікірге барған. Оның үстіне бұл шығармалардың

отансүйгіштікке баулитын тәрбиелік маңызын және танымдық, эстетикалық мәнін мүлде түсінбеген. Бірақ З. Каримидің бұл пікірі бізге жырдың қазақ варианты екенін айқындауымен құнды. Сөз болып отырған варианттың қазақ нұсқасы екенін 1899 жылы Н. Катаранов та айтқан болатын [132,36]. Сондай-ақ кейінгі зерттеушілер де оның қазақ эпосы екендігін анықтаған [182] [183].

Мұнда да Нәрік өз жұртынан кетіп Ақшаханның еліне барады. Ақшахан бір жолы ұзақ сапарға шыққанда өзін ерекше жақсы көретін жүйрік тазысын Нәріктің қарауына қалдырады. Нәріктің хан алдындағы беделін қызғанған қызметкерлері тазыны Нәріктің ықтиярыңыз қоянға қосады. Нәрік қоянды қуып жоғалған тазыны іздеп жүріп, бір інге тап болады. Қоян да, тазы да ін аузына қойылған қылышқа түсіп өлген екен. Іннің ішіне кіріп, көп алтын табады. Сапардан хан келген соң Нәрік науқастанады. Ханның тәуіптері мен сыншылары Нәріктің алтын көргенін, ауруы соған байланысты екенін айтқан соң Нәріктен хан бар шындықты біледі. Мол байлыққа хан ие болады да, Нәріктің беделі бұрынғыдан да арта түседі. Хан айналасындағы билердің өзін күндеп жүргенін біліп, ханнан еліне қайтуға рұқсат сұрайды. Нәріктің сұраған рұқсатына кім не айтар екен дегенде, ханға Меңдісұлу деген қыз тапқырлықпен жауап береді. Хан қыздың ақылдылығына тәнті болып, оны Нәрікке қосады.

Бұдан әрі қарайғы оқиғаның негізгі сарыны бұрынғы варианттарға жақын. Ал осыған дейінгі бөлімде де бұрынғы нұсқалармен ортақ сарындар бар. Мысалы, Нәріктің өз жұртынан кетуі, хан айналасындағылардың оны күндеуі, Нәріктің беделінің артуы, т.б. Бұдан кейінгі бөлімдегі қызметшілерінің азғыруымен ханның Меңді сұлуға қызығуы, Нәрікті өлімге жұмсауы, Меңдінің ханды сөзден ұтуы, Нәріктің ханды өлтіріп, басқа хандыққа кетіп қалуы, Шораның кереметтікпен тууы, ержеткен Шораның атын өзі жоқта хан билерінің алып кетуі, ол билерді (Әлібиді) өлтіріп, Қазанға кетіп бара жатқанда жол сұраушы қызға кездесуі эпостың жоғарыдағы қырымтатар, татар нұсқаларымен ұқсас.

Құлыншақ пен Шора Қазанда Қабыл деген мырзаның үйіне түседі. Салғырт үшін тауық жұмыртқасын алуға келген кәпірлерді екі батыр өлтіреді. Бұдан хабарланған кәпірлер әскер жиып келеді. Сан мыңдаған жау жасағын қырып, екі батыр еліне қайтады.

Елге келген соң Шора Құлынишақты оздырып жібереді. Құлынишақ түн ішінде Шораның отауынан бір жігіттің шығып келе жатқанын көріп, Шораға қайта келеді де, көрген жайын, алған жарының адал еместігін батырға тұспалдап жеткізеді. Ашуға мінген Шора қылышын суырып алып келе жатқанда, қарындасы Шырын алдынан шығады. Ағасының неден қаһарланғандығын бірден білген ақылды қыз оған Құлынишақтың қателескенін, отаудан түнде ерлерше киініп жылқыға шыққан өзі екендігін айтады. Қылышы қыныбына қайта сыймаған батыр Ақтанкер атының басын шауып тастайды. Бұдан соң Шора ел-жұртымен көрісіп, барша мұратына жетеді.

Эпостың түгелге жуық нұсқаларында кездесетін Шора батырдың:

*Нәріктің ұлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.
Мен Қазанға барғанша,
Қан жаумасын, қар жаусын.
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумасын қан жаусын, —*

деген сөзі әуел баста осы варианттағы Мақтым сұлудың мына сияқты сұрағына жауап ретінде айтылған болуы керек:

*Оқалы бөркің басыңда,
Құлақшың бөркің сенің жоқ.
Үш ай тоқсан қаһары бар
Жауатұғын қары бар [179,12].*

Себебі «қан жаусын» деген тіркес батырдың жорық мақсатын білдірсе, «қар жаусын» деген сөз табиғат құбылыстарымен байланысты айтылатыны анық. Мақтым сұлудың жоғарыдағы сөзі сияқты жыр жолдары көне варианттарда да кездеспегенімен, Ықыластың «Қазан күйі» атты музыкалық шығармасына байланысты А. Жұбановтан жазылып алынған халық әңгімесінен жоғарыдағы диалог жырдың бізге жетпеген басқа нұсқаларында да болғанын білеміз. Аталмыш әңгімеде былай делінеді:

Күйдің негізгі мазмұны талай рет елге маза бермей берекесін алған Қазан қаласына Нарықтың ұлы Шора батырдың сол қалаға аттанған жорығы туралы эпикалық халық поэмасы негізінде шығарылған. Поэмада жұрт «Қазанда қазір қарлы қыс болуы мүмкін» деп Шораға ескертеді. Бірақ Шора оларға «Мен Қазанға барғанша қар жаумасын, нұр жаусын, мен Қазанға жеткен соң, қар жаумасын, қан жаусын» деп жауап береді [184].

Ал осы күй жөніндегі тағы бір аңызда «Қазанға қыс ерте түсетін еді, бәлкім, жер аяғы кеңіген кезді күтерсіндер» дейтін кейпкер – Шораның анасы болып көрсетіледі [185]. Аңыздаулардағы бұл эпизод тарихи деректермен де сәйкеседі. Мәселен, М. Худяков Қазан ханы Сахып-Керейдің 1524 жылы табиғаты жайлы Стамбулға, одан соң Қырымға барып, Қазандағы хан тағына қайтып оралмай, сонда қалып қою себебін қысы қатты солтүстікке баруға құлқы болмағанынан деп түсіндіреді [161,89-90].

Демек, басқа нұсқаларда кездеспейтін мұндағы диалог үлгілерінің бәрін кейіннен қосылған деп есептей салу дұрыс емес. Варианттың прозалық бөлімінің ертегілік сипаттан арыла бастағаны, баяндау, суреттеу түріндегі жыр жолдарының көбеюі, қырымтатар, ноғай нұсқаларына қарағанда, оның едәуір көркемдік өңдеуге түскенін байқатады. Аттың шабысы мен батырдың жаумен соғысын, нақты қимыл-әрекет түрлерін баяндау сияқты классикалық эпосқа тән белгілері ноғай, қырымтатар нұсқаларынан әлдеқайда көбірек. Алайда бұл баяндаулар мен суреттеулер классикалық эпосқа тән кен құлаштылыққа жетпей қалған.

М. Әлиакбарұлы нұсқасы сол дәуір баспасына тән ерекшелікпен [186] татар тілінің дыбысталуына бейімделіп жазылған. Сонда да кейбір тұстарда қазақ сөздері, кездейсоқ болса да, өз қалпын сақтап жазылып қалып отырған. Мысалы, бастан-аяқ «Чырын» деп жазылатын Шораның қарындасының аты бір тұстарда «Шырын» деп таңбаланады. Сондай-ақ ішінара осылай жазылып қалған «қасқыр», «аспан», «неке» (варианттың басқа тұстарындағыдай «қашқыр», «асман», «никах» емес) деген сөздер қазақ тілінің ерекшелігін көрсетіп тұр.

Бұл вариант Қазан баспасынан өте аз тиражбен шыққан болса керек, сондықтан да нұсқаны көшіріп алушылар, өз бетінше редак-

ция жасаушылар көп болған. Сондай көшірменің бірін ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Құлмұхамбет Байғұлыұлы 1910 жылы араб әрпімен қағазға түсірген. Оны 1961 жылы Қостанай экспедициясында филология ғылымдарының кандидаты С. Ордалиев тауып, Қазақстан Ғылым академиясына тапсырған. Қазір академияның М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы тұр [187].

Түпнұсқа мен бұл көшірменің арасында айырмашылық жоққа тән. Тіпті көшіруші шығарма тілін «қайта қазақшалауға» да тырыспаған. Тек қана қате басылған сөздерді түзетіп жазған және кей тұстарда өзі де қате жіберген. Мәселен, Шырынның Шораның алдынан шығып, кінәсіз жеңгесін ақтап сөйлейтін сөзінің бүкіл мәнін ашатын ең қажетті:

*Жеңешемде кінә жоқ,
Құлыншақтан болды гафылдық
Ағамнан қайрат кеткен соң, –*

деген үш жол қалып қойған.

Көшірме соңын көшірушінің өте асығыс жазғаны жазу сипатынан көрініп тұр. Осындай жағдайда жоғарыдағыдай жолдардың жазылмай, назардан тыс қалып қоюы әбден мүмкін.

1922 жылы Ә. Диваев «Батырлар» жинағына [188], 1933 жылы С. Сейфуллин (мұнда да нұсқаның соңы аяқталмай қалған, баспа тарапынан жіберілген кемшілік екені көрініп тұр) [165,46-50], 1939 жылы С. Мұқанов [166, 249-260] өздері құрастырған жинақтарға енгізген «Шора батырдың» поэзиялық варианты болса, редакцияға жасалған редакция деуге лайық, яғни бұларда Е. Нығметуллин нұсқасы әдеби тілге лайықтап өңделген.

«Редакция» термині қазіргі жазба әдебиетте «Шығарманың концепциясы, оның идеялық бағыты мен көркемдік пішініне елеулі өзгеріс әкелетін авторлық өңдеу» [189] деген мағынада жұмсалады. «Редакция» деген атау фольклортануда да жиі қолданылып жүр. Алайда жазба әдебиет пен фольклордағы редакцияның сипаты мүлдем басқа болары сөзсіз. Авторсыз мәтіндердің көшіру кезінде өзгеруге бейім болатындығын және мәтіннің бұл өзгермелілігі

ауызша фольклордың варианттылығына жақын болатынын К.В. Чистов та айтқан еді [190]. 1922 жылы «Батырлар» жинағына енген «Шора батырдың» редакциялануынан осы белгілерді көре аламыз. Бұл редакцияның 1917, 1920 жылдары орыс тілінде, қарақалпақ версиясы ретінде жарияланғанын еңбегіміздің кіріспе бөлімінде айтып кеткен болатынбыз. Ал 1922 жылдан кейін қазақ версиясы деп жариялануының өзіндік сыры бар.

Ә. Диваев бұл редакцияны М.Д. Разгонов арқылы 1896 жылы қолға түсірген [191], бірақ оны Разгоновтың кімнен алғаны белгісіз. Қалай болғанда да, редакция М. Әлиакбарұлы нұсқасы шыққаннан кейін көп ұзамай жазылған. Қолжазбаның мұқабасындағы «Төрткүл болысының қарақалпағы молда Ермұхамбет Нығметуллиннің хабары» («Собш. Кара-калпак Дурть-Кульской вол. Мулла Ирь-Мухамеда Нигметуллина») деген белгі бұл нұсқаны қағазға түсірушінің кім екендігін көрсетіп тұр [192].

Ә. Диваев Е. Нығметуллин нұсқасын қолға түсіргенге дейін М. Әлиакбарұлы вариантын білмеген болу керек. Өйткені осы нұсқаны 1922 жылы жариялаған орысша басылымның бірінші бетіндегі сілтемеде бұдан басқа жыр нұсқалары ретінде өзі бұрынырақ жариялаған Майлықожа нұсқасын ғана көрсетіп, басқа жыр варианттарынан хабарсыздығын білдіреді. Ал М. Әлиакбарұлы варианты жөнінде ол осы нұсқамен жақсы таныс болған Н. Катановтан естісе керек. Катанов бұл туралы Диваевқа кейінірек, 1922 жылғы жарияланымнан соң айтқан тәрізді. Ол Катановпен дәл осы қолжазбаны қолға түсіретін 1896 жылдың 16 қаңтарынан бастап хат жазысып тұрған [191,20]. Қалайда Ә. Диваев бұл нұсқаның түбірін анықтап барып, оны қазақ эпосы ретінде жариялаған болуы тиіс. М. Әлиакбарұлы нұсқасы мен Е. Нығметуллин нұсқасын салыстырсақ, бірі – түпнұсқа, екіншісі оның редакциясы екеніне оңай көз жеткізе аламыз.

Е. Нығметуллин түпнұсқа мәтіннің қара сөздік бөлімдерін еркін өзгерткен де, жыр түріндегі бөлімдерді көп өзгерте алмаған, тек кейбір сөздердің орнын алмастырып, көптеген қысқартулар жасаған. Қысқартуларды көбіне белгілі бір мақсатпен жасағаны да байқалады.

Е. Нығметуллин жыр басында Нәрікті өз жұртына өкпелеп, Ақшаханға кеткен еді дейді. Ал М. Әлиакбарұлында өкпелеп

кеткендігі жөнінде еш нәрсе айтылмайды. Е. Нығметуллин Нәріктің өз жұртын Қазан етіп көрсеткен. Бұл өзгеріс «Шора батырдың» ауызша тарап келген басқа қарақалпақ нұсқаларындағы Нәрікті Қазан қаласынан кеткен етіп көрсететін сюжеттік желінің әсерінен туған болса керек. Ермұхамбет молданың Ақшахан жұртын «Үргеніш шаһары» деп атауы да М. Әлиакбарұлында жоқ. Бұл «жыршы, орындаушылар аңыз-әңгімені өзіне неғұрлым таныс өңірге жақындатып баяндауы – табиғи нәрсе» [2,135] екенін көрсетеді. М. Әлиакбарұлындағы Шораның монологында бірнеше ортаазиялық жер атаулары: Хиуа, Ташкент, Бұқар, Андижан аталса, оған Е. Нығметуллиннің Қоқан, Хорезм топонимдерін қосуы да осындай дәстүрмен байланысты. Мәселен, ол:

*Нәріктің ұлы Шорамын
Хорезмнен келемін [192,8], –*

деген жолдарды қосқан.

Нығметуллиннің өз жанынан қосқан жыр жолдары өте аз, жыр түріндегі бөлімдердегі өзгерістің көбі қысқартумен байланысты. Алтың жыр жолдарын көп қоса алмағаны өңдеушінің өлең ұйқастыруға қабілетсіздігінен болса керек. Оған төмендегі аз ғана өзі қосқан поэзиялық бөлімнің көркемдік сапасының төмендігі дәлел бола алады:

*Басқа тарлық түскенде,
Арқадан самал ескенде,
Ширын түрлі сіңліңді,
Қарт атаң мен анаңды,
Мүсәпірлік жерінде,
Қайда тастап барасың
Меңлі сұлуыңды? [192,6].*

Е. Нығметуллин қысқартуларды өз көзқарасына сай жасаған. Мәселен, ол Шораның Ақташы ханның алты биін өлтіретін сюжетті толығымен алып тастаған. Эпостың тарихи негізінен туған деп санауға болатын бұл сюжет классикалық эпос көркемдігіне

жақындаған нұсқаларда басы артық элемент есебінде болып қалғаны байқалады. Жырдағы Шораның Қазанға аттану себебі бір-біріне сыйымсыз екі мотивовкамен (батырдың айыпты болып қашуы және қаланы жаудан құтқарушы ретінде аттануы) түсіндірілетін болғандықтан, Е. Нығметуллин оның батырлық жырдың ел қорғау идеясына қайшы келетінін алып тастауды көздеп, оның ұйытқысы болған сюжеттік бөлікті қысқартқан болуы керек. Осы сюжетке қатысты, бірақ байқаусызда қысқартудан аман қалған:

*Ақтачы биді өлтірмей,
Кемеліне келтірмей [192,6], –*

деген сияқты жыр жолдары оқушыға түсініксіз болып қалған. Өңдеуші бұл сюжеттің орнын ертегі мен эпосқа ортақ, проза түріндегі көне мотивпен толықтырған: *Шора ойнап жүріп, балалардың бірін ұрып өлтіріп қояды да, «Қаңғырған Нәріктің баласы» деген сөз естиді, анасына келіп атажұртының қайда екенін сұрайды.* Ал М. Әлиакбарұлында Ақшаханның елі айтылмағанымен, жырдағы Шораға Шырынның айтқан «Кімге тастап барасың Қырым деген шаһарыңды?» деген сөзінен оның Қырым жұрты екенін білуге болады. Өз редакциясына қайшы келетін болғандықтан, Е. Нығметуллин (ол оны Үргеніш деп атаған болатын) бұл жолдарды да алып тастаған.

Қолжазбада Е. Нығметуллин есімі «Молда» деген анықтауышпен жазылады. Діни сауатты адам бұл тұрғыдан да қысқартулар жасаған. Мәселен, М. Әлиакбарұлындағы Шораны Әзірет Әліге теңестіріп суреттейтін, бірнеше рет қайталанып келетін жыр жолдары да алынып тасталған. Эпос қаһарманын бірегей дін қайраткеріне теңеу діндар адам үшін күпіршілікке жақын сияқты көрінген болса керек.

Сәтті шешіммен біткен варианттың мазмұнына үйлесімсіз, зар заман ақындарының жырларымен сарындас Шораның төмендегі сөзі де қатардан шығарылған:

*Күндердің күні болғанда,
Тарттырмай қоймас жазаңды,*

*Алмай қоймас мазаңды,
Бермей қоймас жазаңды.
Шаң етпей қоймас далаңды,
Қан етпей қоймас қалаңды.
Бізден дәурен өткен соң,
Ақша сұрап күніне,
Бір шулатар кәпір де
Қатын менен балаңды [179,15].*

Бұдан басқа да Шораның жаумен соғысын сипаттайтын көптеген жыр жолдары редакциялық нұсқаға түспеген. Сонымен бірге батырлық жырдың идеялық, эстетикалық нормаларымен үйлесе бермейтін Құлыншақтың Қарабек жөніндегі жайсыз хабары мен Шораның Ақтанкер аттың басын шауып тастау оқиғасы да қысқартуға түскен. Бұл нұсқаның қазақ варианты ретінде жарияланған 1922, 1933, 1939 жылдары жарық көрген басылымдарының қолжазбадан елеулі айырмашылығы бар. Бұларды редакцияға жасалған редакция деп есептеген дұрыс. Әсіресе нұсқадағы прозалық баяндау қазіргі әдеби тілге барынша жақындатып өзгертілген. Мәселен, С. Мұқанов латын әліпбиінде бастырған мәтіндегі өңдеу сипатының қай дәрежеде болғанын оны кирилл әрпінде берген А. Мамыт еңбегіндегі қосымшадан көруге болады [39,96-108].

Е. Нығметуллин редакциясының стильдік қалыбын барынша сақтап жарияланғаны – филология ғылымдарының кандидаты Ф. Оразаеваның дайындауымен жарық көрген басылым [193]. Дегенмен мұнда да аздаған өңдеулер бар. Егер түпнұсқадағы қалпында жарияланса, тілі тым шұбар болғандықтан, қазақ оқырманының түсінуі қиын болар еді. Соны ескерген Ф. Оразаева да біршама өзгерістер енгізген. Бірақ бұл өңдеу бұрынғы басылымдардағыдай стильдік жағынан емес, дыбыстық-әріптік тұрғыда ғана жасалынған. Қарақалпақ зерттеушісі Х. Хамидовтың айтуына қарағанда, Нығметуллин қолжазбасы қамыс қаламмен жазылған [194]. Жазу құралының осындай тұрпайы түрі қолданылғандықтан, әріптері көмескі қолжазбаның кейбір сөздерін әркелкі оқуға болар еді. Енді бұл басылымның бастапқы жолдарын қолжазбамен салыстырып көрейік.

Е. Нығметуллин қолжазбасында: *«Тама ұрығыдан Нәрік деген батыр кіші өз йұрты Қазан шахридин офкелеп, Үргеніш шахриниң бір тарафида болғучы Ақчахан деген йұртқа келіп, көп заманлар йүрді».*

«Тартуда»: *«Тама руынан Нәрік деген батыр өз жұртты Тизан шәһәрінен өкпелеп, Өргеніш шәхәрінің бір тәрәфиде болған Ақчахан деген жұртына келіп көп замандар жүрді».*

Ф. Оразаева дайындауымен шыққан нұсқа кейін «Қазыналы Оңтүстік» жинағына да енгізілді [106,59-70]. Жинақты құрастырушылар бұрынғы басылымда қолжазбадан дұрыс оқылмаған сөздерді де сол қалпында берген.

Біздің ойымызша, М. Әлиакбарұлы варианты Батыс Қазақстан өңірінде қағазға түскен болуы керек. Өйткені мұнда осы өңірде жырланған нұсқалармен ұқсастық көп. Нұсқадан Ресей қазақтарының сөйлеу ерекшеліктері байқалады. М. Әлиакбарұлының Астрахан қазағы болуы ғажап емес.

Батыс Қазақстанда «Шора батыр» жеке жыр ретінде ғана айтылып қоймай, «Қырымның қырық батыры» топтамасындағы «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» атты генеологиялық тұтастанған жыр құрамына да енген. Мұрын жырау жырлаған бұл шоғырдағы Шора жөніндегі жыр «Нәрік», «Шора» деген екі бөлімнен тұрады. Ол бірінші рет 1989 жылы [195] және одан кейін бірнеше рет жарияланды [196], [197]. «Шора» бөлімі Ажи-Молла (ноғай) вариантындағыдай Ақташ ханның алпыс биі (бұрынғы варианттардағы Ақташының Әлібиі, Әлиакбарұлында – алты би) Таспагерді алып кеткен тұсынан басталады. «Нәрік» бөлімінің сюжеттік құрылымында ноғай, қырымтатар нұсқаларымен ортақ белгілер көп.

Бұл бөлімде Нәрік Қазан шаһарының ханы деп айтылады. Мұнда да А. Алекторов жариялаған «Нәрік батыр» ертегісіндегідей, Нәрік бала көрмей жүргендіктен Меңдіге үйленеді. Әліби мұнда Нәрік ханның қырық биінің ең үлкені болып көрсетілген.

Әліби Нәрікке таңда деп жиырма қыз алып келгенде, шетте тұрған жарлының қызына алтын бергізеді. Билер Нәрік осы қызды таңдаған болса керек деп ойлайды. Бірақ жырда одан әрі қарай бұл қыз жөнінде ештеңе айтылмайды. Ал өзге варианттардан есімі

белгілі Меңдіні бұл жырда Нәрік белгісіз бір қойшының ақылымен таңдайды. Меңдінің әкесі Асылнұр деген кәрі ноғай болады. Асылнұрға екі қыздың қалыңмалын беріп, өзіне жас қыз алып берген Нәрік Меңдіні алады.

Бір-екі жыл өткен соң Нәрікті өлтіру мақсатымен қырық би қағаз жазып беріп қалмақтарға жібереді. Бірақ Меңді арудың ақылымен сапарға бармай қалады да, Телшора құлы арқылы шақыртып, қарау ойлы Әлібидің басын алады.

Нәрік өзі хан болса да ноғайларға өкпелеп, Телшора құл мен Меңдіні алып, көше жөнеледі. Олар бұрыннан өздерімен жауласып жүрген Өгізханның мекеніне байқамай барып қалады. Содан соң Нәрік Меңдінің ақылымен өзін танымайтын Өгізханды ноғай елінен қашқан қашқынмын деп алдап, оңаша бір тоғайды сұрап алады. Өгізханның малылары Меңдінің сұлулығын, ханның өзіне лайықтығын хабарлайды да, қалмақ ханы да қарау ниетпен Нәрікті жорыққа жұмсайды. Ол жарының жылағанына қарамай қоштасып, сапарға кеткен соң Өгізхан Меңдіні зорлықпен ордаға алдырады. Меңді өзінің тектілігін айтып, Өгізханды құлға теңейді.

Қалмақ әскерін алға жіберіп, өзі жасырын қайтып келген Нәрік ханды қасындағы он екі кісісімен бірге шауып тастайды да, жүгін нарға артып, Меңді және Телшорамен елге қарай қайтады. Жолда Меңді ұл туады.

Осы тұс қырымтатар, әсіресе Бекмамбет Құлмамбет нұсқасымен ұқсас. Шора туғанда Нәріктің кетіп қалуы, Шораны жууға су табылмағанда баланың өкшесі тиген жерден бұлақ көзінің пайда болуы, Телшораның (көп вариантта – Құлшора) Нәріктен сүйінші сұрап, өзіне азаттық алуы осы екі нұсқаға бірдей ортақ. Шораның далада (шөлде) қой (кейде бұзау) бағуы да қырымтатар варианттарының көбінде бар. Ал қой жайып жүрген Шораға тұлпар сыйлайтын адам мұнда жолаушы қария (сопы) немесе қарт батыр емес, бұрынғы варианттарда Шораның досы деп айтылатын Құлыншақ болып көрсетіледі.

Далада кездесіп, Шораға разы болған Құлыншақ бір құлынан атты беріп жібереді. Нәрік атты алып келген құлдан Құлыншаққа деп алтын тон беріп жіберіп, баламмен қияметтік дос болсын дейді.

Телишора намысына тие сөйлегенінен кейін Шораның бағып жүрген лақтарын бауыздап тастап, Қазанға аттануы тыңнан қосылған сюжет екені көрініп тұр. Ол Қазанға бара жатып, Нәріктің қолынан қаза тапқан Өгізханның баласы Меңдіханға жолығады. Садақ тартысып, оны өлтіреді де, қашиқан қалмақ әскерін қумастан әрі қарай кетеді. Қазанға барса, қалмақ әскері қаланы қоршап алған екен. Ақырғанда аузынан жалын шыққан Шораны көріп, қалмақтар қаша жөнеледі.

Қазанның сол кездегі ханы Әділшенің қызы Ханжан мұны көріп тұрады. Қазандағы қырық батыр жауды біз қашырдық деп Ханжанға таласқан кезде, қыз олардың өтірігін шығарады. Шораның көзін жоймақ болған Қазан батырлары да оның аузынан шыққан жалыннан қорқып жан-жаққа қашады. Мұнан соң мені ал деп тілек білдірген Ханжанға әуелі әкесінен рұқсат алуы қажет екенін және Меңдіханның қалмақтарын шабуы керектігін айтып жауап береді. Қазаннан қайтқан Шораға оның соңын ала шыққан Құлыншақ жолығып, екі батыр Меңдіханның елін бағындырады. Шораның ата-анасына келуімен «Нәрік» бөлімі аяқталады.

«Шора» бөлімінде Ақташ ханның алпыс биі Таспагерді алып кетеді. Бірақ олар атты бұрынғы нұсқалардағыдай зорлықпен емес, айламен әкетеді. Бұл кезде Шора алдыңғы нұсқалардың көбіндегідей қалыңдық ойнап жатады. Әкесі келіп хабар айтқан соң батыр билерді қуып жетіп, оларды байлап әкеледі де, көгендеп тастайды. Кейін Нәрік билерді сауғаға сұрап алып, босатып жібереді. Билерден Шораның хабарын естіп, одан қатты қорыққан Ақташ хан үй-жайы мен малдарын тастай қашады. Шора Құлыншақтың келуін тосады да, ол келген соң екеуі Ақташ ханның соңынан қуып барады. Ақташтың қалмақ екені осы тұста айтылады. Екі батыр қалмақ әскерін жеңіп, ханның басын алады да, жаудың қалғанын алдына салып айдап, еліне қайтады.

Бір күні Ханжаннан хат келіп, алам деген сөзі бар екенін есіне түсіреді. Батырды ата-анасы ризашылықпен шығарып салады. Ол Қазанға Құлыншақпен бірге барады. Келген екі батырды Әділше хан күтіп алып, Ханжан мен Шораны үйлендіріп, той жасайды. Содан соң екі батыр Ханжанды алып, мол дүниемен елге келеді. Елге келіп той жасап, біраз тыныққан соң батырлар тағы да

қалмаққа аттанады. Бұлар ноғайды жаулағалы бара жатқан Серен қалмақтың әскеріне ұшырасып, ұрыс салады. Жауды қырып болған соң екеуі демалып, тағы да жорыққа аттанбақшы болады.

Осы жерде екі батыр кімнің аруағы күшті деп бір-бірін сынайды. Шора аруағының күштілігіне сеніп, Құлыншақты қорқытпақ болады. Құлыншақ қылыш суырмаймын деген уәдесін бұзып, айдаһар болып келген Шораның аруағына қылыш сермейді. Айдаһар да жоқ болады, Шораны да жер жұтады.

Егер Құлыншақ қылыш сермегенде Шораны жер жұтпаған болар еді дейді эпос.

«Шора батырдың» Ш. Уәлиханов фабулалық желісін жазып қалдырған вариантының да оқиға өрілімі қырымтатар, әсіресе Б. Құлманбет нұсқасына жақындығын байқаймыз. «Шора – Көшімнің және Қазанды басып алған заманында болды. Орыстардың Қазанды басып алмақ ниетін естіп, Шора құлауға жақын патшалыққа көмекке аттанады, жолай Естек ханы (қырғыздар *қазақтар* – Б.Қ.) башқұрттарды естек немесе өстек деп атайды) Көшімге қонақ болады және Қазанға 12 шақырым жетпей жебесін тартады. Ол үрейлі ысқырығымен орыстарды шошытып, мұсылмандарға қайсақ батырының жақындағанын білдірді» [198], – дейді өзі сөз еткен жыр нұсқасы жөнінде Ш. Уәлиханов. Мұндағы батырдың өзгеше сипатты оқ атуы, оны қазандықтардың кімдікі екенін танып-білуі сияқты мотивтер және эпикалық жаудың «орыс» деп айтылуы, кейіпкерлерінің көбінің есімдері тарихтан белгілі болуы оның қырымтатар варианттарына жақын екендігін көрсетеді. Бір өкініштісі, ғалым бұл нұсқаны кімнен, қашан, қай жерде естігенін айтпаған және нұсқаның толық мәтінін жазып алмаған. Солай бола тұра, «Шора батырдың» бұл нұсқасын Шоқанның 1852 жылға дейін естігені анық. Оны мынадан біле аламыз: жоғарыдағы қысқа фабулалық баяндауды ол И.Н. Березиннің «Хан жарлықтары» деген кітабына жазған рецензиясында айтқан. Ал рецензияның жазылған уақытын Ә. Марғұлан 1852 жыл деп көрсеткен [199]. Бұл кезде небары 17 жастағы Шоқан әлі кадет корпусында оқитын. Демек, бұл нұсқаны Шоқан бала кезінде немесе оқудан демалысқа барған кездерінде естіген. Бұл нұсқа да Батыс Қазақстан өңірінде кең тараған варианттарға ұқсайды. Біздің ойымызша, ғалым бұл жырды

қыпшақтар ішінде қоныстанған Кіші жүз жыршысы, Шоқанның өзі «Орақ батыр» жырын жазып алған Нұрымбайдан естіген болу керек [198,236-237].

«Шора батырдың» ерекше нұсқалары Сыр бойы мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде көп тараған. Бұл өңірлердегі эпостың ертегіге айналған және қара сөзбен баяндалған Мырзақай мен Майлықожа, Мәшһүр Жүсіп арқылы жеткен нұсқаларына жоғарыда тоқталып өттік. Ертерек кезде қағаз бетіне түскен бұл өңірдің бір нұсқасы Мәскеудегі Мемлекеттік тарихи музейде сақтаулы тұр [200].

Қолжазбаның соңында «1885 жылы Қазалы уезінде қырғыз (қазақ – Б.Қ.) Мұсабайдан (өлеңші) жазылып алынды» деген хатқа түсірушінің ескертпесі бар. Жазып алушы «Е.А. Александров» деп қол қойған. Мұсабайдың көп жырларды жатқа айтқан жыршылығын, оны орыс ориенталистерінің көпшілігі білгендігін қазақ зерттеушілері жан-жақты айтып берген [111,134-135]. Бұл варианттың сюжеттік өрілуіне жоғарыдағы нұсқалардан айырмашылық барын көреміз.

Нұсқада Кеуісұлы таманың ханы Ындысталы деп аталады.

Тамалар түрікпенмен жсау болады. Түрікпен ханы – Ақтайша, биі Әліби делінеді. Тамалар түрікпендердің қысымынан Қазанға ауып кетеді де, тоғыз үйлі тама көшке жете алмай, Марықбайдың басымылығында қалып қояды. Бұларға Ақтайша мен Әліби көп қорлық көрсетеді.

Перзентсіз Нәрікбай әйелі Гүлқаныстың ақылымен әулие-әнбие-лерден бала сұрап, тақуалық жолға, сапарға шығады. Бір әулиенің басына түнеп, тілектері қабыл болады. Гүлқаныс айдаһардың етіне жерік болады. Нәрікбай айдаһарды айламен өлтіріп, етін әкеліп әйеліне береді. Гүлқаныс он екі айдан соң бір ұл, бір қыз табады. Балаларға ат қоюға келген хан мен биге Нәрік мол сыйлық береді. Сыйлыққа көңілі толмаған Әліби балаларды өлтіріп кетпек болған кезде, Гүлқаныс ақыл-айламен перзенттерін аман алып қалады. Екеуі балаларға ат қоя алмай жатқанда, гайыптан келген диуана оларға Шора, Торғын деп есім беріп кетеді.

Шора бес жасқа келгенде аң аулауға шығып жүреді. Бір күні аң аулауға кеткенде Әлібидің баласы Боздақ қасындағы қырық баласымен Нәріктің ауылына жақын келеді. Тоғыз үйлі таманың тоғыз

баласының асығын тартып алып зәбір көрсетіп жатқан кезде аңнан қайтқан Шора бұл істің үстінен түседі. Асық ойнаған Боздақ пен қырық балаға Шора қысым жасай бастайды. Ақырында жорта кінә тапқан болып, қырық баланы жұдырықтап, тепкілеп өлтіреді. Боздақтың қолын кесіп, ернін тесіп, төбе құйқасын сыпырып, Әліби мен Ақтайшаға сәлем айтып жібереді. Әлібиге болған жайды жеткізіп үлгереді де, Боздақ көз жұмады. Ашуға мінген Әліби қасына қырық жігітін ертіп жаяу жүрген Шораға келеді. Жекпе-жекте Шора Әлібиді өлтіріп, қасындағы қырық жігітін қырып салады. Шора туғанда алаша сары биеден туған Шұбар тұлпарды Әліби мен қырық нөкерінің, балаларының өтеуіне берсін деп Ақтайша хан Нәрікке сәлем айтып, еліі жібереді. Елішілерді Нәрік қонақ етіп, күтіп әлек болып жатқанда, оның хабарын естіген Шора ешкімді тыңдамай, барлық елішіні өлтіреді. Мұнан соң батыр ата-анасының өтінішімен Қазанға кетеді. Жолда Ақтайша ханға соғып, ата-анасына тимеуін ескертіп кетеді.

Шора Жайықтан өтіп, тоғыз айлық Қазанға келгенде қаланы қоршаған жауды көреді. Ындысталы патшаның Қарашаш деген қызын аламын деп қалмақтың көзі қатты Құлманбет деген батыры бір адамды шығармай, Қазанды қоршап жатыр екен. Қоршап жатқан қалмаққа Шора жалғыз ұрыс салады. Құлманбет Шұбар атты қарғайды да, қарғыс тиген тұлпар жығылады. Шора жаяу ұрыс салып, әбден шаршайды, Құдайдан, әулие-әнбиелерден жәрдем сұрап жалбарынады. Сол уақытта өзінің Кәміл бабасы қарақұс болып келіп, батырды атымен бірге көтеріп, бір бұлақтың басына алып барады. Пірлері атын қайта тұрғызып, батасын берген соң Шора тағы да жауға шабады. Жауды жеңіп, Құлманбетті өлтіреді. Ындысталы патша қызы Қарашашты өз қолынан Шораға некелеп береді.

Бір күні Шора ата-анасын сағынып жолға шығады. Еліне келіп, Ақтайша ханның жұртын шабады. Ханның басын алып, қызы Алакешти алады. Тоғыз үйлі таманы Қазанға көшіріп алып келеді. Ағайындар табысып, барша мұраттарына жетеді.

Қағаз бетіне ертерек түскен нұсқаның бірін Майкөт ақын жырлаған. Бұл вариант та Мәскеудегі мемлекеттік тарихи музейде сақтаулы тұр [201]. Нұсқа орыс тіліне аударылып жазылған. Қол-

жазбаның алғашқы бетінде «Әулиеата уезінің жыршысы Майкөт бойынша (По певцу Аулие-Атинского уезда Майкуту)» деп жазылған. Бірақ нұсқаны қашан, кім жазғаны көрсетілмеген. Майкөт ақын ориенталистер мен зерттеушілерден кімге кездескен деп ізденер болсақ, оның Ә. Диваевпен ғана жүздескенін көреміз. Н. Смирнова Ә. Диваевтің Әулиеата уезінен халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау сапары жөнінде айта келіп: «Ақырында ол Шымкентке жақын Қаратауда, шығармашылығында қазақ халқының мың жылдық тарихы өзгеше көрініс тапқан Оңтүстік Қазақстанның ірі ақыны, эпик Майкөт Сандыбаев пен кездесті» [202], – дейді. Н. Смирнова Диваевтің бұл сапарын 1883 жылы басталды деп көрсетеді [202].

Осындай дерек көздері мен қолжазбадағы жазудың Диваев жазу үлгісіне ұқсастығы нұсқаны қағазға түсірушінің сол кісі екенін айғақтайды. Олай болса, нұсқа ХІХ ғасырдың 80-жылдарының орта тұсында қағазға түскен.

Бұл варианттың сюжеттік желісі Майлықожадан жазылып алынған прозалық вариантқа ұқсас. Майлықожадағы Нәріктің ағайындарымен арыздасуы Майкөтте өзгеше. Мұнда тойға байланысты деталь айтылмайды. Нәрікті ренжіткен кісі інісі Есімнің өзі болады. Майлықожада жыр соңында айтылатын қалмақтар – Көзмамбет пен Садыр мұнда басынан бастап-ақ айтылады.

*Жылқысын Көзбембет пен Садыр алып кеткен Есім жауға
мінуге Нәріктен Шұбар атты сұрап келеді. Баласындай болған
Шұбарды Нәрік бермеген соң, ренжіген Есімнің оған тілі тиеді.
Нәріктің елден ауа көшуіне сол себеп болады.*

Екі нұсқаның бұдан кейінгі сюжеттік желісі өте ұқсас. Кейіпкер аттары да бірін-бірі қайталайды. Тек қана Майлықожада Әлібидің баласы Зәниминнет деп аталса, Майкөтте Мұсабай вариантына ұқсас Боздақ деп аталады, ал Жанбай тазды мұнда Қызыл таз деп атайды. Өкінішке орай, Шораның Қазанға аттанғанынан әрі қарайғы бөлім жазылып алынбаған. Қолжазба соңында «Аяғы жазылмады» деген қолтаңба бар. Бірақ бұдан әрі қарайғы сюжеттік желі екі нұсқада екі түрлі болған деп айтуға негіз боларлық дәлел бар. Ол дәлел – Жетісу өңірінен жазылып алынған эпос нұсқаларындағы жырдың дәл осы бөлігіндегі оқиға өрілімінің өзгеше болуы. Ал жетісулық нұсқаларды Майкөт вариантымен салыстырып, олар бір

варианттың әр түрлі жырланыстары екеніне көз жеткізе аламыз (ол туралы төменде тоқталамыз). Осы орайда фольклорлық туынды нұсқаларының айырмашылығы вариант деңгейіне жетпеген түрлерін атауға жазба әдебиетке лайықты «редакция» атауынан гөрі академик Р. Сыздықова қолдануды ұсынған «жырланыс» терминінің [203] лайықты екенін ескерте кеткіміз келеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде «Шора батырдың» жетісулық үш нұсқасы жазылған қолжазба дәптер бар [204]. Бұл нұсқалардың айтушылары: Әбдіғани Сариев, Сәдібек Нүсірепов (зерттеушілер кейде «Садықбек Мүсірепов» деп те жазылады) және Нақанбек Оразбековтер. С. Нүсірепов нұсқасы латын әрпімен жазылған, «Батыр Шораның дастаны» деп аталады. Онда «Айтушы – Нүсірепұлы Сәдібек, жазушы – қарындасы Сарқыт» деп жазылған [204/1,1]. Ал араб алфавитімен жазылған Нақанбек Оразбеков нұсқасына «Нәрікұлы Шора батыр» деген ат берілген. Дәптердің мұқабасында «1928-32 жылдар арасында жазған Оразбекұлы Нақанбек» деген ескертпе бар [204/2]. «Қисса Нәрікбай-Шора» деп аталған Ә. Сариев нұсқасы жазылған дәптердің мұқабасында да «Бұрынғы баспа сөзі бойынша жазылған. Аударушы – Сариев Әбдіғани. 15 июнь, 1938 жыл» деген жазу бар [204/3]. Осыдан кейін Ә. Сариев «Шора батырды» жатқа айтпаған, тек ескі араб жазуындағы (қадымша) кітапты немесе қолжазбаны төте (жәдидше) жазумен жазып алушыға оқып берген болуы мүмкін деген ой туады. Жоғарыдағы ескертпедегі «аударушы» деген сөздің мәні сол жайдан хабар беріп тұр. Оның үстіне Шамғали Сарыбаевтың «Терме» журналындағы мәлімдемесінде де, «Ақын-жыраулар» жинағында да Ә. Сарыбаевтың «Шора батырды» жырлағаны айтылмайды. Ескертпеде «баспа сөзі» деп айтылғанымен, Ә. Сариев пайдаланған мәтін қолжазба болуы мүмкін. Араб алфавитінде шыққан қазақ газет-журналдарынан біз «Шора батырдың» бұл нұсқасын ұшырата алмадық. Бірақ Мәскеу мұрағат үйіндегі екі вариант (Мұсабай, Майкөт варианттары) бізге белгісіз мерзімді баспасөз бетінде шыққан болуы да ықтимал. Әрине, Майкөт нұсқасын ақын аузынан қағазға түсіруші бірден орыс тілінде жазып алмайтыны анық. Әуелі қазақша қолжазбасын түсіріп, содан соң

барып қана аударма жасары сөзсіз. Бірақ мұрағат үйіндегі аудармаға негіз болған қазақша қолжазбаның тағдыры бізге мүлдем белгісіз. Жетісу нұсқалары осы қолжазбадан бастау алған сияқты. Майкөт ақынның баласы Арқабай жырлаған «Нәрік батыр» [205] жырын да жырлаушы осы хатқа түскен мәтіннен үйренуі ықтимал. Жоғарыда айтылған Жетісу нұсқаларында Шораның Қазанға аттанған тұсынан әрі қарайғы оқиға келте қайырылып, қара сөзбен жедел түрде аяқтала салынуы осындай ойға жетелейді. Майкөт нұсқасы да осы тұстан аяқталмай қалған. Демек, бітпей қалған қолжазбадағы мәтінді кейінгі айтушылар дамытып, жырлап кете алмаған, қысқаша қара сөзбен аяқтай салған.

Жетісулық нұсқалардың қара сөзбен келте қайырылған соңғы бөліміндегі сюжеттік желі, жоғарыда айтып өткеніміздей, Майлықожа вариантынан сәл өзгешерек.

Мұнда Қазан қаласына келген Шора қала сыртындағы күркеге тап болады. Онда тұратын шал мен кемпір Нәрікбайдың Қазанда жүрген кезіндегі уәзірі болып шығады. Шора шалдан Қазанды Қозбанбет пен Садыр алғанын, Есімнің зынданда жатқанын естіп біледі. Шора Есімді құтқару үшін қалаға кіреді. Қозбанбет пен Садыр қорыққанынан Есімді зынданнан өздері шығарып береді. Шора оған қарамастан, ол екеуінің басын кесіп, қалмақтарды қырады. Кейіннен Қазаннан әскермен барып, түрікпендерді шабады [159,210-211].

Бұдан кейінгі түрікпендерді Қараханға бағындырып, Әлібидің қызы Ақсұлуды алуы, ата-анасымен қайта Қазанға келіп, Нәрікті хан сайлауы Майлықожаға жақынырақ.

Жоғарыдағы айтылған жетісулық үш нұсқа бір-біріне өте ұқсас, тек аздаған стильдік айырмашылықтар мен кейбір жыр жолдарындағы өзгерістер ғана бар. Ішіндегі ең толығы – Ә. Сариев жырлаған нұсқа. Ә. Сариев нұсқасы мен Майкөттен жазылған қолжазбаны (орысша аударма) салыстырар болсақ, тіпті жолма-жол ұқсастықты байқаймыз. Тек орысша аудармада негізгі ойды беретін жолдарды ғана жазып, созылыңқы монолог, диалогтар мен баяндауларды тастап кетіп отырған. Шығарма басындағы философиялық толғау мен экспозиция екі қолжазбада өте ұқсас.

Орысша мәтінде

С самого начало начну я
Желая угодить добрым друзьям.
Этот человеческий род таков что,
Когда исполняется его месяцы.
Он в этот месяц,
Когда исполнится его день он в этот день.
Становится подобным улетащей птицы,
Еще я имею сказать одно слова.
От того кто не знает свое места,
Наживается беды.
Когда разбрелись Ун сан ногай,
Когда умер Урмамбет би.
Был город по имени Казань,
Был царь по имени Нарикбай.
Под его предводительством,
Было 40 000 кибиток из рода Тама.
У Нарыкбая был сын Шура,
Посреди его лба находится полупяденная
У иноходца походка ровная,
Моя речь нашла одобрении.
Эсим батыр было имя,
Младшего брата Нарыкбая [201,136].

Ә. Сариевте

Әуелі сөзді бастайын,
Жақсылар білер дос жайын,
Диканшы білер қос жайын.
Өзі жүрген адамдар
Айы біткен күнінде,
Күні біткен күнінде
Кетеді ұшып құстайын.
Және сөзім және бар,
Қазан деген қала бар,
Ол Қазанның ішінде
Ноғайлы мен тама бар.
Ол Қазанды билеген
Нәрікбай атты баба бар.
Неше қилы ел өткен,
Неше қилы бек өткен.
Он сан ноғай болғанда,
Орманбет би өлгенде,
Ол Қазанды билеген.
«сира». Кемшілікті білмеген
Нәрікбай деген баба бар.
Еңсегей бойлы Ер Есім,
Арыстан туған аға бар.
Нәріктен туған бала бар,
Ол баланы көрсеңіз,
Маңдайынан арасы
Кере қарыс сере бар [159,81].

Көріп отырғанымыздай, кейбір жолдардың орны алмасқаны бол-маса, жолма-жол ұқсастық көп. Жыр жолдарындағы орын алмасулар, кейбір жолдардың түсіп қалуы мен қосылуы, аздаған стильдік өзгерістер Ә. Сариевте болған қолжазба варианттың Майкөттен кейін бірнеше жырлаушының айтуынан соң қағазға түскенін көрсетеді. Ә. Сариев, С. Мүсірепов, Н. Оразбеков нұсқаларын Майкөт нұсқасының үш түрлі жырланыстары деп есептеу лайықты. Сондай-ақ Жетісу өңірінде бұл нұсқаның басқа да жырланыстары болған сияқты. Ә. Марғұлан өз еңбегінде «Өмірзақ ақынның айтуынан» деп берген үзінді жоғарыдағы жырланыстарға ұқсайды. Салыстырайық:

Ә. Марғұлан мысалы

Шұбар тұлпар сығайдан,
Енесі болған құмайдан,
Қызыл шақа күнінде
Бала қылып Гүлханыс
Бауырына басқан бір жайдан.
Ақ емшегін емізіп,
Пістенің дәнін жегізіп,
Тайдан құлын шыққан соң,
Мал боламын дегізіп,
Алтыннан кемқап жапқызып,
Тұяғы тасқа тиер деп,
Күмістен таға қақтырып.
Қараңғы үйде тұрғызбай
Қырық күн шырақ жаққызып,
Еркектің қолы «уу» дұр деп
Қырық қызға жеке баққызып

[160,132].

Ә. Сариевте

Атасы болған сыбайдан,
Анасы болған құмайдан,
Екі асылдың белінен
Сиырдан туған ылайдан.
Қызыл шақа күнінде
Бауырына басты Күлқаныс,
Бала қылып бір жайдан [159,83].
...Құлыныңнан тай шыққанда
Пістенің дәнін жегіздім,
Тайдан құнан шыққанда
Мал боламын дегіздім.
Аққу құстай мойныңа
Алтыннан қоңырау таққыздым.
Табаның тасқа тиер деп,
Күмістен таға қаққыздым.
Жарасуға сауырыңа
Жібектен қамқа жапқызыдым.
Анық дөнен шыққанша,
Еркектің қолы ауыр деп,
Қырық қызға сені бақтырдым,
Қараңғы үйде тұрғызбай,
Қырық шырақ күнде жаққыздым.
Көптің көзі түсер деп,
Қырық бой тұмар таққыздым

[159,125].

Ә. Марғұлан көрсеткен Өмірзақ ақын 1866-1951 жылдары Алматы облысы Қарақастек ауылында өмір сүрген Өмірзақ Қарғабаев болуы тиіс. Бірақ «Ақын-жыраулар» көрсеткішінде оның «Шора батырды» айтқаны туралы дерек жоқ [205,93-94]. Өмірзақ ақын жырланысында Құлыншақ нұсқасының да элементтері болған сияқты. Мәселен, Ә. Марғұланның: «Жырдың айтуынша, шұбар тұлпар дөненінде тұлпар атын алып, жұрт аузына ілігеді. Оның сұлулығына, жүйріктігіне ешбір тұлпар шақ келмейді. Ат құмарлар шұбар тұлпардың басын жылқының терісінен тіккен ыдыс толы алтынға балайды. Асығып бара жатқан дұшпанның өзі де шұбар тұлпарға көзін салмай таңданбай кетпейді» [160,132], – деген фабулалық баяндауы

Майлықожа, Мәшһүр Жүсіп нұсқаларындағы осыған ұқсас эпизодты еске түсіреді. Соған қарағанда, бұл бөлімдер бастапқы кезде Майкөтте де, Құлыншақта да болған тәрізді. Сондай-ақ өз нұсқасын Өмірзақ қолжазбадан емес, Майкөттің немесе Арқабайдың айтуынан тікелей үйренсе керек. Өкінішке орай, Өмірзақ ақын жырланысы қолымызда жоқ.

Майкөт варианты Жетісу өңіріне кім арқылы тарады деген сұрақ тумағы заңды. Біз жоғарыда айтып кеткен ақынның ұлы Арқабай айтқан «Нәрік батыр» жыры тап осы вариант болуы керек. Арқабай жыршының жырлауындағы варианттың «Нәрік батыр» деп аталатын жөні бар. Өйткені нұсқа Шораның жауға аттанған тұсынан әрі қарай жазылмағандығын біз жоғарыда айтып өттік. Сондықтан вариантта негізгі жырланатыны оқиғалар Нәріктің басынан кешіргендері ғана болып қалған. Шамасы, Арқабай жырды әкесінің өз аузынан емес, жоғарыдағы айтылған қолжазбадан жаттаған болуы керек.

Вариантты Жетісу өңіріне таратуы мүмкін жыршының бірі – Италмас Түнқатаров. «Италмастың өлең-жырларын, дастандарын ағайыны Бектас жыршы жаттап алып, ел аралап айтады екен. Бектас жыршының репертуарында «Шылым», «Шеризат», «Қамбар батыр», «Шора батыр» дастандары бар. Олардың Шу төңірегіне кең таратуының басты себебі 1910 жылдары Бектас Шаян ауылынан Шу өзені бойындағы жалайыр еліне көшіп келуінен болса керек», – делінген жыршы жөніндегі мәліметте [206]. Ә. Сариев жырлаған нұсқадағы кейбір жолдардың қарақалпақ халық поэзиясына тән кейбір жолдар кездеседі. Мәселен:

*Сырдариядан өтпекке,
Қожантты басып кетпекке,
Талап қылып жол жүрді,
Самарқанға жетпекке.
Самарқанда Шаһызанда,
Сапар қылып келдім мұнда,
Зор келтіріп екі қолға,
Ай, Құдай-ай, өзің оңда.
Талап қылып Нәрекем,
Самарқанға келді сонда.*

*Онда жатқан Шаһызанда,
Ол жерде һәм ишарат болмай,
Тәуекел деп түсті жолға.
Бұқарадағы Баһауаден,
Ол жылап келген кісіге,
Үш күн тұрды есігінде,
Тілеу тілеп шыныменен.
Бұл арада ишарат жоқ,
Тәуекел ден Нәрекең
Мамбайдың басып жолымен [159,133];*

немесе:

*Мың балаға бермей аман,
Мыңына түсті ақыр заман [159,17], –*

деген жолдардың буын санының әркелкілігінен, соңғы бунақтың 4 буыннан көп болуынан, тіпті тілдік ерекшелігінен де қарақалпақ қосықтарын еске түсіретін белгілер аңғарылады. Жырдың мұнан басқа жолдарында мұндай белгілер мүлдем жоқ. Міне, осы ерекшеліктер И. Түнғатаров қоспасы емес пе екен деген ойға қалдырады. Ол туралы өмірбаяндық мәліметте: «Ақын өзін жалайыр руынанмын дейді екен, шындығында жалайырдың қызынан туған, шыққан тегі қарақалпақ» [206,120], – делінген. Тап осы жолдардың Майкөттен жазылған қолжазбада жоқтығы да бұл ойды қуаттай түседі.

«Шора батырды» ең алғаш Жетісу жеріне алып келген Жамбыл Жабаев деген пікірді жоғарыда Құлыншақ нұсқасына қатысты айтқан болатынбыз. Ал қазір сөз болып отырған үш нұсқа Жетісуға Жамбылдан кейін келген болуы керек. Ал Сүйінбай ақын жырлаған «Мырқы батыр» [207] жырында айтылатын Шораның тарихи түп-тұлғасы Қазанда өмір кешкен Шора Нәрікұлына ешқандай қатысы жоқтығы байқалады. Қазіргі кезде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы тұрған, «Шора батырдың қиссасы» деп аталған жыр да [208] осы «Мырқы батырдың» бір нұсқасы болып табылады.

Оңтүстікте тараған тағы бір нұсқа Молда Мұсаға тиесілі. Оның Сұлтанбек Аққожаев жырлаған үлгісі 7600 жолдан астам (толық

күйінде 8000 жолдан асуы керек), екі бөлімнен тұрады [209]. Ол Майкөт, Майлықожа варианттарына өте жақын. Тек мұнда Шұбар ат – су тұлпары, ал Нәрікті жәбірлеуші Есімнің өзі емес, жіберген жаушысы болып көрсетіледі. Бұл да Майлықожа нұсқасындағыдай Есімнің ұнамды бейнесін сақтау мақсатынан туған қоспа екені белгілі. Шораның Әлібиді өлтіргеніне дейінгі тұсы Майкөт, онан кейінгі жағы Майлықожа, әсіресе Мәшһүр Жүсіп вариантына ұқсайды. Шораның Қазандағы әрекеті ғана сәл өзгеше көрсетіледі. Шораның жолын тосатын мерген мұнда Тасыр деп, ал Қазан ханы Әлімхан деп аталады.

Қазанға келген Шора қақпанышы шалға жолығып жөн сұрайды. Ағасы Есімді табады. Есімнің елін Көзбембет, Садыр шауып кеткен екен, жауға аттанғалы жатқан ағасы Есімнің қолымен бірге Шора да жолға шығады. Аты жүйрік батыр көп қосыннан озып кетіп, Садырдың әскерін қуып жетеді. Кейін қалған Есімнің қолына Садырды көкпарша сүйреп келеді. Есім оны өз қолымен өлтіреді. Содан соң қалмақтың әскерін қырады. Мұны көріп қаша жөнелген Көзбембетті Көкше шайыр деген қалмақ батыры намысына тиіп тоқтатады. Сөйтіп ол жекпе-жек атыста Шораның қолынан өледі. Қалмақ қолын түгел тауысып, батырлар Қазанға келгенде, қаланы Қараман деген қалмақ шауып кеткен болып шығады.

Тамалардан бес жүз ер сараланып шығып, кеткен қалмақтың соңынан қуады. Жау елінің шетіне келіп, Қараманың жылқысын қуып ала жөнөйді. Жылқыдан Қараманның Көкбесті аты қашып барып, жау хабарын береді. Көкбестіні Шораның қуып келгенін Қараманның қызы әкесіне айтып береді. Қараманды – Шора, ал оның Тебіренбес деген алып батырын Есім жекпе-жек ұрыста өлтіріп, қалмақ жұртын шауып қайтады. Әлімханның қызы Түймебике мен Жұрметөзді Шораға некелеп қосады. Бұдан соң тамалар жиналып, Қазаннан түрікпендерге келеді. Айыпты болған түрікпендерді жазалап, Шора мен Есім тама-түрікпен арасын жақындастырады. Тамалар Қазанға қайта көшеді.

Бұдан әрі екінші бөлім басталады. Мұнда өзінің күндестерінен қорлық көрген Жұрметөз еліне қашып кетеді. Жұрметөз бұрынғы соғыс кезінде тығылып қалып, Шораның қылышынан аман қалған Қараманның ағайыны Бақаймен жолығады. Аяғы ауыр Жұрметөз

мұнда келіп ұл туады, оның атын Алып қояды. Алып ерекше күшті болып ержестеді. Қалмақтар оны Қараманның баласы деп тәрбиелейді. Алып он жасқа келгенде қалмақтың ханы Қаңтархан қол жиып, тамаларды жаулауға шығады. Оған қалмақтың атақты батырлары қосылады. Жұрметөз баласын бұл сапардан тоқтатпақ болады. Баласының қайтпасын білген соң, ол да әскерімен бірге жолға шығады.

Шора мен Әлімхан аң аулауға кеткенде, қалмақ қолы Қазанға келіп жетеді. Екі жақтың әскері сап түзеп, батырлар жекпе-жек ұрысқа шығады. Қалмақ батыры Сәмбет ешкімді шақ келтірмейді. Ұрысқа өзі шықпақ болған Есімді Нәрік тоқтатып, Шора келгенше алдарқата тұру керектігі туралы кеңес береді. Есім бұл ақылды тыңдап әрі жау басшысының кім екенін білмек болып, бітімге еліші жібереді. Елішінің бітіміне Алып келісім бермек болған кезде, әкең Қараманды өлтірген Шорадан кегіңді ал деп азғырып, Бақай оны райынан қайтарады. Сөйтіп тамалар ұрысқа шығуға мәжбүр болады. Есім баяғы Тебіренбестің баласы Шахмұратты екі күн алысып әзер жеңеді. Ол келесі бір ұрыста Алыпқа кез келеді. Алыптың бет-жүзін, тұлғасын Шора мен Нәрікке ұқсатып, ерекше мейірімі түскен Есім оған қару жұмсауға қолы бармайды.

Қарсыласпаған Есімді Алып байлап алады. Есімді байлағанын көріп, Алыппен соғысуға Нәрік шығады. Нәрік бар қаруын жұмсап, ешбір амалын таппай, ақыры жеңілгенін мойындайды. Алып Бақайдың ақылымен тамалардың бәрін байлап, мал-жанмен айдап кетеді... (Осы арада қолжазбаның 3-4 парағы түсіп қалған). Шора аңнан келіп, ойрандалған елін көреді. Елде қалған Пайыз шалдан хабарын естіген Шора үш мыңдай адам жинап қалмақ еліне барады.

Қолжазба осы тұстан аяқталып қалған.

Молда Мұса нұсқасы біздің 2002 жылғы жариялауымыздан соң оңтүстік нұсқаларымен бірге бірнеше рет баспадан шықты. М. Әлиакбарұлы, Мұсабай, Майкөт (Ә. Сариев) варианттарымен бірге тағы да біздің дайындауымызбен 2006 жылы қайта жарық көрді [210]. Бірақ алдыңғы басылымда жырлаушылардың айтуы бойынша дыбысталуы өзгертілмей берілген жергілікті және көптеген көне сөздерді мұнда корректорлар түсінбеушілікпен олардың әдеби варианттарымен алмастырып жіберген. Сондай-ақ Молда Мұса ва-

рианты «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығында да [106,71-288] кейінгі басылымнан өзгеріссіз қайта басылды.

Молда Мұсаның өзі варианты қағазға түсіріп алып барып жатпаған сияқты. Осы варианттың бір жырланысы деп есептеуге болатын Ә. Қоңыратбаев Қызыл жыраудан (Мырзабек Байжанұлы) 1944 жылы жазып алған қолжазба [211] соңында жазып алушының: «Бұл жырды қолжазба түрінде Мұса Молда түсіріп алады екен. Одан бір кісі жазып алған. Сол кісіден нұсқасын алып, Қызыл жырау жырлап келген. Кім жазғаны мәлімсіз» [211/2,17], – деген жазуы осыны айғақтайды.

Молда Мұса жырды өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап қағазға түсірген сияқты. Егер ол 20-жылдары жырды жатқа білген болса, Ә. Диваев одан жырды жазып алған болуы керек еді. Өйткені ол Ә. Диваевтың фольклор үлгілерін жинап беруші тілшілерінің бірі болған [112,331]. Молда Мұсаның туыстас інісі әрі шәкірті Мұса Тоққожаев ақынның тапсыруымен 1917 жылы ақын шығармаларын араб жазуымен хатқа түсіреді де, 1967 жылы кирилл жазуымен қайта көшіреді. Бірақ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы нұсқаны М. Тоққожаевтың Молда Мұсаның өзінен емес, С. Аққожаевтың айтуынан хатқа түсіргені анық. Оның үстіне М. Тоққожаев бұл қолжазбаны Молда Мұса шығармаларын қайта көшіруден сәл ертерек жазған. Қолжазба қорындағы папканың және дәптердің сыртқы бетінде жазып алушының нұсқаны 1962 жылы қағазға түсіргені туралы мәлімет бар. 2010 жылы бұл варианттың және М. Әлиакбарұлы нұсқасының ғылыми басылымы түрік тіліне аударылып, Анкара қаласында жарық көрді [212]. Біз жоғарыда Молда Мұсаның «Шора батырды» жырлағанын 1937 жылы М. Әуезовтің назарға алғанын айтқан болатынбыз. Сондай-ақ Ө. Тұрманжанов та 1935 жылы Молда Мұса туралы мақаласында бұл мәселеге тоқталып өткен [213]. Демек, Молда Мұсаның «Шора батырға» ден қойып, оны хатқа түсіріп, жырлай бастаған кезі өткен ғасырдың 30-жылдары болса керек.

Молда Мұса вариантының С. Аққожаевтан басқа ақындар жырлаған сыңарлары да бар. Оларда кейбір жолдардың айырмашылығынан басқа өзгешелік жоқ. Көпшілігі көне араб әліпбиімен хатқа түскен жазбалардан қазіргі алфавитке көшірілгені байқалады.

Мәселен, 1950 жылы қағазға түскен бір қолжазба соңында «Аударған Әлімжанов Әбдіқаппар» деген жазу бар [214]. Бастапқы және соңғы бөлімдері жазылмай қалған келесі бірінде «Түркістан қаласы. Найман Өмірбекұлы Бекеннен көшірілді. 19.02.68. 21¹⁰, дүйсенбі» [215] делінген, соңына көшіруші қол қойған. Мұны қағазға түсірген – Кенжеғали Есжанов, жазуы – кирилл. Қолжазба басында «Арабшадан» деген таңба да бар. Ал жыршы Болатбек Ердәулетовтен 1981 жылы фольклорлық экспедиция кезінде филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы Қ. Сағтаров жазып алған нұсқаны [216] жыршының кімнен үйренгені жөнінде дерек берілмеген. С. Аққожаев жырлаған нұсқаға өте жақын болуы бұл жырды жыршы осындай бір қолжазбадан жаттаған болуы мүмкін деген ой туғызады. Қолжазба соңындағы:

*Айып етпе, әлеумет,
Қатасы болса хатымды, –*

деген жолдар да бұл ойдың растығын куәландырып тұр.

*Тұрсынбай Ораз руым,
Түркістан бағзал (вокзал – Б.Қ.) тұруым.
Абдірақман өз атым,
Әкемнің аты Бердібай.
Айтып қойдық мұны да,
Лезім-дүр мұны қылуым [216,269], –*

деген жолдар нұсқаны қағазға түсірушінің өзі жөнінде дерегі екені анық. Қазіргі кезде бұл жырланыстың қолжазбалық түпнұсқасы да табылып отыр. Ол Б. Ердәулетов нұсқасымен бірге «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығының 8-томына енгізілді [217]. Томды құрастырушылардың берген шағын түсініктемесін келтіре кетсек, оның түпнұсқалылығы анықталады деп білеміз: «Ер Шора» қисасы арғын ішіндегі тобықты руының азаматы Бедембайұлы Әбдірахманның көшіруімен қалың дәптерге латын әрпімен түсірілген. Жырау туралы жырдың соңында өзі жайлы жазған мына төмендегі деректен басқа мәлімет жоқтың қасы:

*...Ұкаша сахаба әулеті
Арғын деп айтар затымды.
Арғыннан ажырап шығатын
Тобықты деген ру бар,
Тұрсынбай Ораз боламын,
Түсінер енді ақылды.
Тұрсынбай Ораз руым,
Түркістан вокзал тұруым.
Әбдірахман өз атым,
Әкемнің аты – Бедембай.*

Жырау жыр соңында «Жазылып болынды 1951 жылы. Август 30/VIII 51» деп жазып біткен күнін жазған. Болатбек Ердәулетұлы нұсқасындағы «ноғайлы-түркімен» бұл нұсқада «түрікпен» болып айтылады» [217,399]. Екі редакциядағы айырмашылықтың тым елеусіздігі құрастырушылар сөзінен-ақ белгілі болып тұр. Бұдан басқа жоғарыда айтылған жырланыстардан да баспа бетін көргендері бар. Атап айтсақ, С. Аққожаев жырланысын Ә. Оспанұлы [218], Б. Ердәулетов жырланысын Қ.Саттаров [219] [220] пен Қ. Тәжіев, Н. Ахметовтер [217,5-165] бастырды.

Басқа жырланыстардың бірі-бірінен оншалықты айырмасы болмаса, Қызыл жырау вариантқа біршама өзгерістер енгізген. Гүлқаныс босанған кезде қатындардың сүйіншіге баруға таласып, бар киімдерін жыртып бітуі, ішінен жеңіп шыққан сақау қатынның Нәріктің алдына киімсіз баруы сияқты комикалық эпизод басқа жырланыстарда жоқ. Соған қарағанда, Қызыл жырау Құлыншақ вариантын да білген болуы керек. Сондай-ақ Қызыл жырау жыр көлемін біршама ықшамдап жырлаған. Варианттың басқа сыңарларының көлемі бір-біріне жуық болса, Қызыл жырау нұсқасы олардан әлдеқайда аз. Мәселен, С. Аққожаевта бірінші бөлім 5900 жолға жуық болса, Б. Ердәулетовте 5900 жолдан сәл асады, Ә. Әлімжановта 5700 жолдан астам. К. Есжанов нұсқасының басы аяғы жоқ болса да, көлемі осы шамалас болған деп тұспалдауға болады. Ал Қызыл жырау нұсқасы 3700 жолдан сәл ғана асатын көлемге қысқарған. Ол негізгі вариантта жыр түрінде келетін кейбір жолдарды қара өлең формасымен алмастырған. Нұсқасының соңғы жағын ол осылай өзгерткен.

Көріп отырғанымыздай, эпостың Оңтүстік Қазақстандағы нұсқалары, әсіресе Молда Мұса варианты жазбаша түрде кең тарағаны байқалады. Журналист С. Парманқұлов 1984 жылы шыққан мақаласында Кентау қаласының тұрғыны Нұғыман Айтжановтың осы Ә. Бедембайұлы жырланысына жасаған редакциясын Ғылым академиясына тапсырғанын айтып, оған берген Мардан Байділдаевтің төмендегі анықтамасын келтіреді: «Түркістандық Нұғыман Айтжанов Ғылым академиясына табыс еткен «Шора батыр» жырының ерекшелігі – бұрынғы нұсқаларға қарағанда мазмұны бай, тілі көркем, оқиғалары да қызықты. Сосынғы бір өзгешелігі – көлемі басқа текстермен салыстырсақ жеті есе үлкен. Бізге белгілісі 1925 жылы профессор Ә. Диваев Ташкентте бастырған «Батырлар жырындағы» «Шора батыр» мен 1939 жылы С. Мұқанов бастырған «Тоғыз батыр» жинағына енген «Шора батыр» тек мың жол көлемінде ғана еді ғой. Ал Айтжанов тапсырып отырған бұл нұсқа – 7400 жол. Осындағы айырмашылықтың өзі көп нәрсені айғақтаса керек. Жырдың соңында баяндалғандай, Нұғыманның әкесі Әубәкір қария Әбдірахман деген кісінің айтуымен жазып алған» [221]. Жоғарыдағы деректердің барлығы жырдың ауызша жырлануымен бірге, көшірме түрінде қатар тарауы оңтүстіктік нұсқаларға тән екенін көрсетеді.

С. Аққожаевтағы Алып жөніндегі екінші бөлім Б. Ердәулетовте де болған сияқты. Оған қолжазба соңындағы мына жолдар дәлел бола алады:

*Екі айдан соң Жүрметөз
Жүкті болған Шорадан.
Қосын жиып ер Шора,
Еліне кетті олар һам.
Жүрметөзден ұл туса,
Көрер деп артық бұлардан.
Кезегінде бір сөздің
Түймебике ханымша,
Көп сөйлеме тоқал деп,
Бір күні сөзді шығарған.
Бірнеше күн зорлықпен,
Аңдуға түсіп қорлықпен.*

*Жұрметөз жүрді жылаумен,
Еліне бір күн қашыпты.
Арып-ашып жол жүріп,
Еліне жетті жылаумен.
Артынан адам қуыпты,
Таба алмай көңілі суыпты.
Қылайын тамам мұны мен,
Жұрметөздің кітабын.
Екінші жыл жазайын [216,270].*

Бір ескерте кететін жай, жоғарыда біз келтіріп өткен нұсқаны жазушының өзі жөніндегі мәліметі де, осы жолдар да Қ. Саттаров бастырған кітапқа енбеген. Мұндай қысқарту Ә. Оспанұлы жариялануымында да бар. Екі кітапта да өздеріне негіз болған қолжазбаның соңғы жолдары басылмай қалған. Өздері пайдаланған қолжазбадан Қ. Саттаров соңғы 57 жолын, Ә. Оспанұлы 461 жолын қалдырып қойған. Көріп отырғанымыздай, Аққожаевтағы екінші бөлім басқа жырланыстарда да болғаны сезіледі.

Жырдың Сыр бойындағы, оңтүстіктегі нұсқаларымен Шоқан да танысқан сияқты. Ол жазған екінші бір фабулалық желіде баласыз ата-ананың әулиеге түйеден нар, жылқыдан айғыр, сиырдан бұқа, қойдан қошқар атап, перзент тілегені айтылады [222]. Бұл – классикалық нұсқаларда ғана бар сарын. Соған қарағанда, 1858-1859 жылдардағы Қашқар сапары кезінде Шоқанға оңтүстік нұсқаларын тыңдаудың сәті түскен сияқты. Ә. Марғұлан бұл фабула сақталған «Қырғыздардағы (қазақтардағы – Б.Қ.) шамандықтың қалдығы» атты еңбегін Шоқан ауылда болған кезінде 1862-1863 жылдары жазған дейді [199,709].

Біздің қазақ варианттарын ертегілік-прозалық және жыр түріндегі деп бөлуіміз шартты түрде ғана. Әйтпесе мұның жырдың сюжеттік желі өзгешелігі мен тарихилық сипатына, т.с.с. ғылыми маңызды мәселелеріне қатысы аз. Егер біз бұл мәселелерді басты назарда ұстап, соған орай жіктер болсақ, онда Батыс Қазақстан және Сыр бойы, Оңтүстік Қазақстан нұсқалары деп екіге топтастырған болар едік. Алайда бұл екі жіктеу түрін қатар жүзеге асыру мүмкін болмағандықтан алғашқысын таңдадық. Өйткені эпостың хатқа түсу, жариялану хронологиясын дұрыс белгілеу үшін және таралу ерекшеліктерін айқынырақ көрсету үшін осы қолайлы болды.

КӨРКЕМ ҚИЯЛМЕН КӨМКЕРІЛГЕН ҰЛТТЫҚ НҰСҚАЛАР

«Шора батырдың» қарақалпақ және қырғыз варианттары басынша көркемдік дамуға түскен. Бұларда жыршылық мектеп ықпалы да, жеке жырлаушылардың өңдеулері де көбірек байқалады. Мұнда жыр сюжетінің өзге ұлттық нұсқалардың бәріне ортақ, оның тарихи түбіріне қатысты тұрақты желілерінің де өзгеріске ұшырай бастағаны аңғарылады.

Қарақалпақтарда Ермұхамед Нығметуллин нұсқасын есептегенде, эпостың хатқа түскен бес нұсқасы сақталған.

«Ер Шора» дастанын білмеген, оны жырламаған бір де қарақалпақ жырауы болмаған. Бірақ атақты қарқалпақ жыраулары жырлаған «Ер Шора» дастанын жазып алуда саясат (*коммунистік идеология – Б.Қ.*) үлкен тосқауыл болды [10], – дейді зерттеуші Қ. Мәмбетназаров. Бірақ жоғарыда айтылған бес нұсқа жоғалғанның орнын толтырарлықтай көлемді әрі көркем. Олар атақты қарақалпақ жыраулары аузынан жазылып алынған. Мысалы, 7000 жолдан асатын Нұрабыллаұлы Есмұрат жырау жырлаған «Ер Шораны» 1958 жылы Рымберген Хожамбергенов бір рет [223], 1970 жылы Қ. Мақсетов, Ж. Хошаниязовтар екінші рет [224] айтушының өз аузынан жазып алған. 1961 жылы жазылған Нағимов Карам жырау нұсқасы 6000 жолдан асады [225]. 1961 жылы 6500 жолдан асатын Әйтiмбетов Сейiтжан жырау нұсқасы [226], 1959 жылы Ақназаров Жанназар жырау (4000 жолдан астам) нұсқасы [227] фольклоршылар мен халық мұраларын жинаушылар тарапынан жазылып алынған. Ал Имбетов Өтенияз жыраудың 4000 жолдан асатын нұсқасын [228] жыраудың өз баласы жазып алып, Өзбекстан Ғылым академиясының қарақалпақ бөліміне тапсырған. Олардың ішінде Есемұрат жырау нұсқасы жарық көрді [229]. Бұл варианттың қысқаша мазмұнын Қ. Мамбетназаров былай берген:

Сұлтаны Санжар Мазыханның билігінде Тама елінің байы Нәрікбай деген бай болады. Ол қартайған шағында ұл перзенті болып, атын Ер Шора қояды. Баласы үш жасқа келгенде Гүмісай атты қызды болады.

Ағдашылы елінің биі Әліби Нәрікбайдың баласы Ер Шораға еншіге атаған Ойшұбар атын сұратып жібереді. Ер Шора атасына

қамшы жұмсаған Әлібидің жаушыларының құлақ-мұрнын кесіп жібереді. Осы себептен ұрыс-жанжал болатынын сезген Ер Шораның бабасы алдын ала Ер Шораға ер қаруы – бес жау жабдығын әкеліп береді. Әліби үш жүз әскерімен Нәрікбайдың елін шауып, мал-мүлкін алып кетеді. Бұған ашуы келген Ер Шора Әлібидің әскеріне қарсы тұрып, қырғынға ұшыратады. Бірақ Ер Шора Әлібидің себебінен күнәсіз жандардың қаза тапқанына кешірім сұрап, Әлібидің алдына барады. Әліби бұған қарсы тұрып, ақырында Ер Шора Әлібиді өлтіріп тынады.

Ер Шора бұдан кейін Қазан шаһарындағы ноғайлардың ханы Әділханның қарауына бас паналауға кетеді. Жолда қой бағып жүрген Қазан шаһарының ханы Әділханың баласы Айдар төремен ұшырасып дос болады. Бұл уақытта Қазанды басқа патшалық басып алып, Әділханға от жақтырып, баласын қой соңына салып қояды. Ер Шораның хабарын естіген Қазан шаһарының Дана деген уәзірі қайтпас Қара Көсені байлап әкелуге жібереді. Ер Шора бұларға қарсы шығып, олар Қазан шаһарына тығылады. Ер Шораға қарсы аттанысқа шыққан Көзмәмбет дәу де жеңіліске ұшырайды. Бірақ Полатхан ұрысып жеңе алмаған Ер Шораны көзі қатты Көзмәмбетті жіберіп, көзін өткізіп өлтіруді ойлап, Көзмәмбетті жібереді. Көзмәмбеттің көзінен Ер Шораның Қыдыр Ілияс бабасы қорғап қалады, бірақ астындағы аты Ойшұбарға көз тиіп өледі. Бұл жағдайды білген Ер Шораның елінің патшасы Ер Шораға Шұбар тұлпарын беріп еліне алдырады. Ер Шора Омарханның ата дұшпаны қытайы-қотанның патшасы Қараханның еліне аттанады. Қарахан патшаның қызы Алмаханның тойының үстінен шығып, оның балуандарын жығады. Алмахан қырық кәнізегімен Ер Шораға өз ықтиярымен бенде болады. Бұл уақытта Қарахан басқа жақта жүрген болады.

Бұны білген Қарахан Тілләхан деген балуанын бас етіп Ер Шораға аттандырады. Ер Шора Тілләханды өлтіріп, әскерін мұсылман дініне ендіреді. Ер Шораның қаһарынан қорыққан Қарахан да өз ықтиярымен мұсылман дініне кіріп, өзінің жеңілгенін мойындайды және де Алмаханды Омарханға беріп, хақ некесін қияды. Омархан қызы Гүләймді Ер Шораға беріп, еліне жібереді.

Ер Шора Сұлтаны Санжар Мазыханнан рұқсат алып, Қазан шаһарына аттанады. Онда Көзмәмбет пен Полатханды өлтіріп,

Қазан шаһарындағы ноғайларда қой бағып жүрген Айдар төрені хан сайлайды. Абдулла досын оған уәзір етіп береді. Ер Шора барлық дұшпандарын жеңіп, оларды өз діні – мұсылман дініне енгізіп келе жатқанда теңізге кетіп өледі. Сұлтаны Санжар Мазыхан оның мәйітін бірнеше айдан соң тауып алып, өзінің туып-өскен жері Шорлыққа (Шоршаға) жерлейді [10].

Есмұрат жырау жырлаған «Ер Шора» басқа қарақалпақ варианттарынан әлдеқайда көлемді болғанымен, олардың ортақ, ұқсас тұстары көптеп кездеседі. Біз Нөкіс қаласына барып, Есмұрат вариантынан басқа қолжазба түріндегі нұсқаларды салыстыру нәтижесінде бұған көзімізді жеткіздік.

Ал Айтымбетов Сейітжан жырау вариантының Есмұраттан көп өзгешеліктері бар. Бұл вариант Шораның ержеткен кезінен басталады. Әліби хан деп айтылады.

Шораның ерекше тайы бар екенін естіген Әліби қырық балуанын жіберіп, тайды алып келуге бұйырады. Қырық балуан тай мен Нәріктің қол-аяғын байлап алып кетеді. Мектептен келген Шора жау жарағын алып, жеті балуанды өлтіріп, әкесі мен тайды кейін қайтарады. Кісі өлтіріп айыпты болған баласына Нәрік Қазанға кет дейді. Оған баласы көнбейді. Ақырында Қазанға кетуге оны анасы мәжбүр етеді.

Шора аттанып кеткен соң Әлібидің адамдары келіп, Нәрікті кемпірімен шөлге апарып тастайды. Бірақ олар Әлібидің қырық күншілік шөлге алып барып тастаңдар деген бұйрығын ақырына дейін орындамай, жиырма күндік жолдан кейін кері қайтып кетеді. Шал-кемпірге тауда аң аулап жүрген мерген жолығады. Мерген кемпірдің емшегін еміп, оларға өкіл бала болады.

Қазанға бара жатқан Шора Көзмәмбеттің қарауылдары жатқан жерге күндіз жетіп келеді, бірақ қарауылдар тойда болады. Шора Көзмәмбеттің қойшының құлағын кесіп, он бір күннен соң барамын, маған елін, жығалы мөрін, дінін, туын, қызын берсін деп Көзмәмбетке сәлем айтады.

Ер Шораның сәлемінен шошыған Көзмәмбет Қарахан мен Тілләханға хат жолдайды. Қарахан әскерін жияды. Тілләхан ауырып жатса да, он жеті күннен соң Қараханға қосылып, екеуі әскерімен Көзмәмбетке барады. Қарахан қара, Тілләхан жасыл, Көзмәмбет қызыл ту байлап, үшеуі Шораның үш тарапынан шығады.

Ұрыс кезінде батырдың атына оқ тиеді. Шораның бабасы кереметпен көтеріп, атымен бірге құм қоршаған күмбезге апарып тастайды. Шораға құндақта жатқан кезде ат қойған үш қалендер келіп, оны сынау үшін садақа сұрайды. Оларды танымаған батыр атымды тұрғызып берсеңдер, садақа берейін дейді. Бұған ашуланған бабаларының екеуі оны дұғасыз қалдырайық десе, үшіншісі тағы да бір сынайық деп, Шораға өздерінің кім екенін айтады. Шора содан кейін ғана олардан бата сұрайды. Қалендерлер батырдың атын тұрғызады.

Осы тұстан әрі қарай Омарханның жайы баяндалады. Алтыс екі жастағы Омарханның екі қызы болады. Ұлы жоқтықтан зарығып жылаған ханның қасіретін түсінген Көлән деген адам молдаларға кітап аштырып, оның болашағын болжатады. Молда Омарханға: «Әр жұрттан алтыс екі миуа алдырып бақ сал. Оған дәретсіз ешкім кірмесін. Әр күні тасбих тартып жүрсең тілегің қабыл болар», – дейді. Одан соң: «Мен туралы кімде-кім жақсы түс көрсе, айтсын, менен сыйлық алады», – деп Омархан жар салады. Шораның қайта тірілген Шұбар аты осы кезде Омарханның жылқысына келіп қосылады. Мұны көрген жылқышы бұл істі жақсылыққа жорып, жақсы түс көрдім деп Омарханға жалған сөйлеп, сыйлық алады. Бірақ ханның уәзіріне Шораның қалендерлері жолығып: «Омарханның тілегін құдай бермейді», – дейді. Бұдан соң өзін өлімге байлаған Омарханды аяп, қалендерлер оған Шораны бала етіп береді, оның жатқан жерін айтады. Омархан Шораны алып келуге бұйрық береді. Шораны алып келуге барған он адамның біреуі қызғаныштан оны өлтірейік деп ұсыныс айтады. Олардың ішіндегі ақсақалы бұған қарсы болып, батырды сынап көрейік дейді. Нан, тон, қыз беретіні туралы айтқанда орнынан тұрмаған Шора аты жөнінде айтқан кезде қарғып тұрып, Шұбарды құшақтайды. Келгендер оның ерлігіне тәнті болады. Шораны халық хан көтереді. Шора хан қызына үйленіп, осында тұрып қалады. Көп уақыттар өткен соң, бір күні ата-анасы есіне түсіп қайғырған Шора жарына сырын айтады. Елінде қатыны бар, мені тастап кетеді деп қауіптенген хан қызы жылап анасына барады, анасы бұл хабарды ханға жеткізеді. Хан жендеттерін (паишантар) жіберіп, Шораны шақыртады, оған шынын айтқызады. Хан Шораны қасына сегіз жүз

адам қосып, еліне жібереді. Жолда Шораға қастық қылмақ болған жиырма адам әшкереленеді, олардың күнәсін кешіріп, тағы жол жүреді. Еліне жиырма күндік жол қалғанда, ата-анасын шөлде тауып алады. Әліби қорыққанынан Шора жіберген тоғыз елшіге: «Қол-аяғымды байлап, Шораға алып бар», – дейді. Нәрік: «Қолы байланып, айдаумен келгеннің өзі өлім», – деп, Шорадан Әлібидің өмірін сұрап алады.

Ата-анасын баққан мергенді Шора Әлібидің орнына хан қойып, өзі Омарханның жұртына ие болады.

Вариант осындай бақытты финалмен аяқталады.

Қолжазбадағы берілген жыр жөніндегі мәлімдемеде былай делінген: «Сейітжан жырау «Ер Шора» дастанын Хожамбергеннен (Өгіз жыраудан) үйренген. Хожамберген «Ер Шора» дастанын Қызыл шалы Тұтлы Мешіт деген жерден, Әмин Молла дегеннен тапты, әңгіме етеді екен. Бұл қисса Қазанда басылған. Өзінің ұстазы Хожамберген осындай етіп айтатын еді», – дейді Сейітжан жырау [226,288].

Алайда біз білетін баспа жүзін көрген нұсқалардың ішінде бұл вариантқа ұқсайтыны жоқ. Варианттағы оқиғаның жарияланған нұсқалардан мүлдем басқа арнада дамитындығы Сейітжан жырау мәліметінің жаңсақтығын білдіреді. Барлық нұсқаларда дерлік Шора Әлібиді өлтірсе, мұнда оны аман қалдырады. Осы өзгеріс варианттағы Шораның Қазанға аттануын да мән-мағынасыз етіп жіберген. Тіпті Көзмәмбет, Қарахан, Тілләхандармен Шораның соғысы аяқсыз қалып қойған. Бір соғысқан дұшпанын жеңіп, оны өлтірумен немесе өзіне бағындырумен аяқталатын батырлық жырлардың басты концепциясына мұндағы сюжеттік құрылым мүлде қайшы. Бұл варианттың бастапқы кезде қара сөз түрінде әңгімеленгендігі Сейітжан жырау мәліметінен аңғарылып тұр. Нұсқа сол кездің өзінде барынша өзгерген болуы мүмкін.

Имбетов Өтенияз жырау жырлаған қарақалпақ вариантының да жоғарыда айтылған нұсқалармен ұқсас тұстары көп.

Бұл нұсқа да Нәріктің Құдайдан, әулие-әнбиелерден бата тілеп ұзақ жыл жүргенін, ақырында тілегіне жетіп, бір ұл, бір қызды болғанын қысқаша баяндаудан басталады. Шораны әкесі қазақтың «Қобыланды батыр» жырындағыдай баласын тоқсан құлдың

бастығына тәрбиелеуге береді. Оның аты Қодар болады. Бұл нұсқада Әліби Шұбардың хабарын тұлпарды аң аулап жүріп көрген екі нөкерінен естиді. Әліби Шұбарды берсін деген өктем сөзбен Нәрікке хат жолдайды. Хат әкелген екі нөкерді Шора ұстап алып, бірін өлтіреді де, екіншісінің құлақ-мұрнын кесіп жібереді.

Әліби ашуланып, әскер жиып келгенде, Нәрік екі түйе тарту алып, Дербенттің бойына қояды. Шора Әлібиді тартуға қарамай өткені үшін өлтіреді. Нұсқаның осы бір тұстағы ерекшелігі – Әліби жағымсыз бейнеде көрінбейді, қайта Шора көбірек өктем мінез танытады.

Әкесінің ақылымен Шора Қазанға аттанбақ болады. Ата-анасымен, қарындасы Гүмісаймен қоштасады.

Мұндағы Гүмісайдың «Кімге тапсырдың?» деген риторикалық сұрау қайталанып отыратын қоштасуы қырымтатарлардың Қарасу-Базар (Радлов) вариантындағы Қаныкей арудың және М. Әлиакбарұлы вариантындағы Шырынның сөздеріне ұқсайды. Ал Қазанға бара жатқан батырдың тауда шалға жолығуы, оның жөн сұрамағанына ренжуі – жырдың ноғай, қырымтатар нұсқаларымен де, Молда Мұса, Майкөт жырлаған қазақ нұсқаларымен де жақын келетін тұсы. Одан әрі қарайғы оқиғаның Есемұрат нұсқасымен көп жақындығы бар. Шораның Қазан ханы Әділханұлы Айдар төремен жолығуы, қаланы Көзмәмбет пен Қараханның жаулап алғандығы, Көзмәмбеттің Шорадан жеңілуі және оны алдап аман қалуы, күш жинаған соң көзін өткізіп, Шұбар атты өлтіру, қиналып бір күмбез астында жатқан батырға пірлердің жәрдем беруі, Омарханмен арадағы оқиға қарақалпақ нұсқаларының көбіне ортақ. Тек бір ерекшелігі – бұл вариантта діни сарындар көп. Мысалы, Көзмәмбеттің сиынатыны шайтан болып шығады, ол Құдаймын деп Көзмәмбетті әрдайым алдайды. Осы оқиғаға біршама орын берілген. Шора мен пірлерінің арақатынасы да барынша көбейтіле жырланған, тіпті драмалық тартысқа құрылған.

Одан әрі қарайғы оқиға дамуында Шора Омарханның қызы Қарашаққа үйленеді. Қазанға әскермен келген Темірхан қалмақты жеңіп, Қарахан еліне барады. Қараханның інісі Қарашолп дәуді үш күн алысып жеңеді. Қарашолптың қаласы Қара Дербент деп аталады. Қара Дербенттен қашқан қалмақтар Мәскеу шаһарын-

дағы Қараханға келеді. Қара Дербентке 560 батпан күрзисін, 350 батпан найзасын алып келген Қарахан Шорадан жеңіледі де, оны алдап, жанына сауға сұрайды.

Алдап қашқан Қараханды Шора қуып жеткен кезде қалмақтан жеңіліс табады. Батырдың жеңілу себебі Темірханның періден туған қызы Ақдәулеттің ісімен байланысты болады. Ақдәулет Омарханның басын айналдырып, бір сырықтың басына қондырады да (бұған дейін Шора Ақдәулетті қорқытып, мұсылман дініне енгізіп, Омарханға берген болатын), өзі дуа оқып, мұсылмандарды күйдіреді. Осы кезде батырды қолдаушы бабалары да күйіп кетіп, Қараханнан жеңіліп, оның тақымында кетеді. Мұның бәрін Шораға бабалары аян беріп айтады. Қараханнан ебін тауып құтылған Шора қайта келіп, Ақдәулетті өлтіреді. Ол жаққан отқа әйелдің өз қанын құйып сөндіреді.

Шора еліне келіп той жасайды. Сұлтаны Санжар хан: «Қызымды балаңа беремін», – деп Нәрікті шақыртады. «Қаңғырған жалғызға шықпаймын», – деген қызын Сұлтаны Санжар хан қарған, тұз етіп жібереді, Шораға тағын беріп, өзі қажыға кетеді. Одан кейін батыр тама жұртына келіп, ата-анасымен табысады, қала салдырады.

Бұл нұсқада да, Айтымбетов Сейітжан нұсқасындағыдай, Шораның Көзмәмбет дәумен соғысы ақырына дейін жетпей қалған және жырлаушылардың қиялынан қосылған қоспалар өте көп. Бұл, әсіресе, варианттың діни сипатын беретін тұстарында көбірек байқалады. Алайда мұндағы кереметтік элементтер түркі эпосына тән зерттеушілер шамандық деп есептейтін түсініктен гөрі шығыс халықтары арасына көбірек тараған наным-сенімдерге, магиялық ғұрыптарға көбірек байланысты.

Жанназар Акназаров жырлаған «Ер Шораның» осы Өтенияз нұсқасынан онша көп сюжеттік айырмашылығы жоқ. Өйткені Жанназар жырды Өтенияздан үйренген. Кейбір тұстарды қысқартып баяндаған. Ал Нағимов Кәрам жырау жырлаған «Ер Шораның» сәл ғана өзгешелігі бар. Бұл нұсқада Әліби Көзбембет ханның биі болып айтылады. Мұндағы негізгі сюжеттік желі Есмұрат жырау нұсқасына жақын, оқиға трагедиялы ахуалмен бітеді.

*Аталасын көре алмай,
Аманлығын біле алмай,
Теңізге кетіп өледі.
Тыңлап қараған құлаққа,
Аңлап қараған адамға,
Тамалы батыр Ер Шора
Сөйтіп тамам болады, –*

делінеді жыр соңында.

«Шора батырдың» көркемдікке қарай барынша ойысып, алғашқы тарихи негізінен көп өзгерген нұсқалары – оның қырғыздардағы варианттары. Біздің қолымызда қырғыздық екі нұсқа бар. Олар Қырғыз Ұлттық академиясының қолжазба фондында сақтаулы тұр [230]. Оның бірін 1970 жылы Талас ауданындағы Сырдыбаев Тұрсалыдан Ботаяров Қамбаралы деген кісі жазып алған. Ол едәуір көлемді, жыр жолы 5200 шамасында. Екінші қолжазба да осы жылы қағазға түскен. Оны қағазға түсірген – жырлаушы Сооронбек Чойбеков. Сырдыбаев Тұрсалы варианты бұрынғы нұсқалардан мүлдем өзгеше. Біз 1996 жылы Бішкекке барып қолжазбамен танысқанымызда, нұсқаның бастапқы бөлімдері табылмаған болатын. Алайда оны қырғыз фольклорының «Ел әдебиеті» атты көптомдығының 11-томын құрастырушылар тапқан екен. Ал біз танысқан қолжазба Шораның қалмаққа қырық бір жігітімен аттанып бара жатқан тұсынан басталатын. Енді біз таппаған бөлімді Г. Орозованың баяндауында бере кетейік: «Жыр Нәрікбайдың баласыздығын баяндаудан басталып, мұнда да оқиға алты арым арғын, тама руында өтеді. Бір тұлпардың кесірінен аға-іні араздасып, Нәрікбайдың көше жөнелуі Т. Сырдыбаевтан да орын алған. Бірақ оның інісіне ат бермей қоюы малды аяғандықтан ғана болған іс емес, оның жайы терең де, қайғылы да. Өйткені Нәрікбайдың малы есепсіз көп, төрт түлігі сай болғанымен бір перзентке зар, көңіліне қайғы толған адам болады. Әйелі Қаным бір күні желі шетінде тұрса, өте бір сымбатты айғыр ғайыптан пайда бола қалып, жылқының Қамбары шұбар биеге жанасады. Сонда ол: «Егер де шұбар бие тұлпар туса, менің де балалы болатындығым. Құлынның атын Гүлсары қойып, ұлыма мінгізем. Ұлды болғанша басына жүген салдырмаймын», – деп тілек тілейді. Ойлағанындай, шұбар бие құлындап, әйел оған

Гүлсары деп ат қояды. Нәрікбай арғын, таманың ақсақалы, қадірлі адамы болғандықтан, одан өтіп ешкім жүген салмаған құлын еркін жүріп, келіскен тұлпар болады. Осы кезде қалмақтар келіп, Әлібидің (Али-бий) (мұнда ол інісі делінеді) жылқысын шауып кетеді. Інісі жылқының артынан қуып бармақ болып Гүлсарыны сұратып кісі жібергенде ағасы: «Әзлейм десе – жер мына, сурайм десе – эл мына, адырдағы толған малдан ұстап мінсін», – деп Гүлсарыны бермей қояды. Әлібидің өзі келгенде: «Жеңгең тілек қылып қойған екен, айтқаныңнан қайт, өріс толған жылқымнан қалаған атыңды таңдап алып, мініп кет», – деп өтінеді.

Сонда інісі кәрі ағасына қатты сөз айтып, оған «қубас» дейді. «Артыңда ұл-қызың жоқ, Нәрікбайдың жайы деп салып кеткен ізің жоқ, үстіне ер салынбай, Гүлсары жайдақ жүріп өтсін, атты суытпай, дұшпаның мінсін», – деп көңілін су құйғандай мұздатады. Әлібидің сөзінен кейін Нәрік алты арым арғын елін тастап, әулие қыдырып, жер кезіп кетеді. Бұл вариантта жер кезу, ата-бабаның, аруақтың культына сиыну сияқты елдің діни нанымы көркем сөздің предметіне айналып, әрі қызықты, әрі нақты баяндалады.

Қысқасы, келешектегі батыр баланың бойға бітуі ұзақ зарығудан, жер кезіп, ата-баба аруағына сиынып азап шегуден кейін болып, өзінің мазмұны, бағыты жағынан эпостағы дәстүрлі оқиғаны түзеді. Бірақ «Нәрікбайда» оқиға схема түрінде түзілместен, толық баяндалуы, баланың пірі жөніндегі діни түсініктің көркемделген түрде поэмадан орын алуы, бастысы, қырғыз шығармасының дара белгісі, өз бетінше дамып, өсіп-өркендеуі болып табылады.

Кемпір-шал жер кезіп жүрген кезінде Гүлсары тұлпардың сондарынан келіп, Нәрікбай кеткеннен кейін «қалың арғын, тама елінің көрген азап-тозағын айтып» тұрған жері қырғыз вариантына тән оқиға болып, байырғы адамдардың ат культі жөніндегі түсінігінің жырдағы сәулесі екенін анық көрсетеді. Адамға жақын Гүлсары ат иесінің мойнынан иіскеп күйінішті сөз бастайды:

*«Сен көчкен жерде арғындын
Уулу түгүл, кызы жок,
Сан жылқыңдын изи жок.*

Қалмақтар (бір жерде моңғолдар) өзіңнен қалған елді шауып кеткен. Әліби бәйгіге тартылған құл, қатындары күң болған. Ұлы

тау менің мекенім, ғайыптан біткен екенмін. Ер балалы боласың, атын Шора (Чоро) қой. Одан гөрі маған мін, ертерек қырық үйлі тамаға жеткізейін. Қалың арғын, таманы қалмақтың қаратып алғанына үш жылдың жүзі болды. Ұлдары құл, қыздары күң, елдің арманы ішіне толды. Қосын жинап артымыздан келер деп өзіңнен үміттеніп жүр. Елдің қамын жемесең, халыққа қиын болды», – дейді. Т. Сырдыбаевта қалмақ билеушілерінің қырғыздарды бүліншілікке ұшыратуы, соғыстың халыққа тигізген залалы біршама реалды баяндалады. Қалмақ хандарының арғын, таманы оңай ғана шауып алуына олардың ішкі араздығы, бірлігі кетуі себеп болады. Жұрт басы Нәрік Әлібиге тарынып, өзіне қарайтын қырық үйлі таманы бөліп алып, Қараханның жеріне көшіп кетеді. Осы кезде қалмақтар басып кіріп, Әлібиді тұтқынға алып, қалың арғын, тама қалмаққа құл, күң болып, халық қиыншылық кезеңді басынан кешіріп тұрған кезде Шора туады. Ер баланың дүниеге келуі жұрт тілегіне сәйкес келіп, өз дәуірінің талабы, ел мүддесімен қабысады. Қырық үйлі тама ер ұлдың дүниеге келуін зор қуанышпен қарсы алады. Балаға той беру, ат қою рәсімі дәстүрлі жағдайда өтіп, жалпы салтанатқа айналады. Неше жыл үстіне ер, басына жүген түспей жүрген Гүлсарыға ер шабылады. Сонда қарт Нәрік:

*Кызыл желек, алтын туу
Көтөрүлсүн кылкылдап, –*

деп келешекте шабылып-шашылып ыдыраған қырғыздардың басын біріктіретін ұлдың жағдайы туралы жар салады. Нәтижеде қарт атаның Шораның ержетіп, дұшпанға аттанар шағын зарыға күтіп қалуы эпостағы дәстүрлі оқиғаны құрайды. Бала он екіге шыққанда Нәрік ел-жұрттан хабар алайық деп халқына ақыл салады.

Сонда ер ұлдың «санатын бұзған хан болса, сайысайын өлгенше» деп, қалмақтың артынан барып, жау қолында кеткен малды, халықты қайтарып келмекке атаның ар-намысын қорғап, жауға қарсы аттануы – батырға тән дәстүрлі жоралғы. Қырғыз нұсқасында елдің эпикалық жауы әдеттегідей қалмақтар болып есептеледі. Т. Сырдыбаевта оқиғаның өткен орны Солтүстік Моңғолия, Жетісу аймақтарындағы жер-су аттары аталып, қалмақтар қырғыздарға шектес ел қатарында суреттеледі» [82,370-372].

Одан әрі варианттың біз тапқан бөлігіндегі оқиға былай дамиды:

Шораны әкесі жібергісі келмей тұрған кезде, анасы Қаным рұқсат алып бергізеді. Шора әкесінің айтқан ақылымен жолдағы екі қарауылды өлтіріп, қалмақтың еліне келеді. Тұтқынға түсіп, қалмақтардың айдауында кеткен елінің, қалмақ елінің хал-жағдайын өзі өлтірген қарауылдардан әбден біліп алған Шора ел шетіндегі қалмақтардан өз жұртының және қалмақ халқының қай жерде орналасқанын тағы да сұрап алады. Кеш болғанда қалмақтың ханы Чин Кән Күн байдың үйіне келеді. Аттан түсіріп қонақ етпек болған кәрі қалмаққа батырлар түспейді, өздерінің кім екенін білдіреді.

Бұдан хабардар болған қалмақ ханы Шораға балуандарын жұмсайды. Шора қалмақ қолын қашырып, балуандарын байлап алады. Содан соң қалмақ ханы қалың әскермен келеді. Шораның жігіттерімен бірге қалмақ тұтқынындағы қырғыздар да соғысқа араласып, бұлар қалмақ қолын ойсыратып жібереді. Қалмақтар бітімге келуге шақырады. Бітім бойынша, жау қолына тұтқын болып отырған Нәріктің інісі Әліби төрелік айтатын болады. Қалмақтардан інісінің хабарын білген Әліби бетінен оты шығып ұялады. Кезінде ағасы Нәрікті «қубас» деп сөккен еді. Қалмақ қолына түсіп, азап шеккенін солардың наласынан деп ойлайды. Нәріктің ұлды болғанын, ол ұлдың елін құтқаруға келгенін естіп қуанады.

Әліби Шорадан өткен іске кешірім сұрап, інісімен табысады. Қалмақтардан айыпқа мол дүние алып, Чин Кан Күннің қызы Айгүлді Шораға бергізеді, сөйтіп екі елді біріктіреді. Шора ағайын-туыстарымен, мол дүниемен елге келеді. Әліби араздығын ұмытып, ағасымен құшақтасып табысады. Жыр соңы тоймен аяқталады.

Нұсқада кейіпкерлер диалогына өте көп орын берілген. Біз нұсқаның бастапқы бөлімдерін таба алмаған кезде де сол бөлімде баяндалатын Әлібидің Нәрікке «қубас» деп айтқаны үшін аға мен інінің араздасқаны, Нәріктің інісіне өкпелеп қаңғырып кеткені, одан кейін Әліби ел-жұртымен қалмақ қолына түскені, Шораның одан кейін туғаны туралы қолымызда бар бөлімдегі диалогтардан-ақ (Әліби мен Шораның, Әліби мен Нәріктің) білген болатынбыз.

С. Чойбеков нұсқасының да ерекше белгілері көп.

Мұнда Нәрікбай 17 жасында ата-анасынан жетім қалады. Анасы тағзы бір ұл туып, бір жылдан соң қайтыс болады, жас бала бесікте қалады. Ал әкесі бұл бала тумай тұрғанда-ақ қайтыс болған болатын. Баланың атын Есім деп қояды. Кезінде Нәріктің әкесі Көкше ханның қызы Гүлқанысқа (Гүл-қаныш) құда түскен екен. Нәріктің елі «қазақтың тама руы» деп аталады. Көпшілік Нәрікке қалыңдығын алып береді. Сол жылы тама елінің ханы өліп, халық Нәрікті хан сайлайды. Гүлқаныс Есімді бауырына басып, өз баласындай тәрбиелейді, 18 жасқа келгенде үйлендіреді. Есім ерлікпен елін қорғап жүреді. Нәрік оған елінің шығыс жақ бөлігін басқартып қояды. Ол билік құрып, арада 12 жыл өтеді.

Бір күндері қалмақтар көп қосынмен келген кезде Есімнің соғысуға шамасы келмей жеңіледі, қалмақтар мінерге тай қалдырмай, жылқыны айдап алып кетеді. Елі мен малынан айырылған Есім жұрт көзіне түсуге ұялып, айдалаға қаңғып кетеді. Есім бір тауға барып бекінеді. Оған әйелі жасырынып азық апарып беріп тұрады. Есім басқарған шығыс бөлікті енді қалмақтар билейді.

Нәрікбай мен Гүлқаныс Есімнің хабарын естіп, жағдайларын біліп келуге жолға шығады. Қалың жылқының ішінен шаранаға оранып жатқан құлынды тауып алып, оны Гүлқаныс баласындай етіп бауырына басады. Құлынды перзентіндей қабылдағаны сонша, олар ел-жұртын шақырып той береді. Бұған досы тілеулес болып, дұшпандары табалайды. Құлынды Гүлсары деп атайды.

Елден қашқан Есім ешкімге көрінбей алты жыл жүреді. Бір күні әйелі бұл істің батырға лайық еместігін айтады. Намыстанған Есім түн ішінде кепеде тұратын қайынатасына келіп, екі-үш күн паналайды да, жасырынып, қайыршы кейпінде Нәрікбайға келеді. Ағайындылар құшақтасып табысады.

Есім жауға мінуге Гүлсары атты сұрайды, бірақ Нәріктің бергісі келмейтінін біліп, оған «кубас» деп тіл тігізеді. Бұған қатты қайғырған Нәрікбай мен Гүлқаныс қасына қырық үй тама мен Гүлсарыны ертіп, елінен ауа көшеді. Мұнда да Есім кешірім сұрайды, бірақ аға-жеңгесі қайырылмайды. Жұртына қайта келген Есімді қалмақтар ұстап алып, зынданға салады.

Көшкен Нәрікбай Қарахан (Қараған) билеген қалаға тап болады. Қараханнан жер сұрап алмақ болып, тоғыз саба қымызды ханға

арнап алып барады. Мұнда Қарахан сексенге жетіп, қартайып қалған болып көрсетіледі. Әліби (Аалы бий) ханның тағынан үміттеніп жүрген оның аталасы делінген. Қарахан Нәрікті аса зор құрметпен, сый-сияпатпен шығарып салады. Бұған іші күйген Әліби маған арнайы тарту жасамадың деп қырық жігітімен Нәріктің ауылын шабады. Өзін соққыға жығады. Қорлық көрген ерлі-зайыптылар ел-жұртымен қоштасып, Құдайдан бала тілеп жолға шығады. Олар азып-тозып жүріп бір ай өткенде соңдарынан Гүлсары ат іздеп барады. Малға бас-көз бол деп екеуі тұлпарды қалдырып кетеді. Екеуі қаншама әулиеге түнесе де тілегі қабыл болмайды. Жолда Нәрік өлім аузынан қалады. Ақырында тілектері қабыл болып, Баба Түкті Шашты Әзиз түсіне кіріп, балалы болатындарын айтып қуантады. Екеуі көп жүріп, қырық үйлы тамаға келеді. Гүлқаныс жолбарыстың етіне жерік болады. Нәрік жолбарыс атып алып келеді. Гүлқаныс айы-күні жетіп ұл туады.

Шора ерекше болып өседі. Қасына қырық баланы ертіп даланы кезіп жүреді. Бір күні Шора Гүлсары атқа барады. Екеуі бірін-бірі таниды. Тұлпарға мінген Шора қырық балаға келеді. Нәрік оларға басынан өткен оқиганың барлығын айтады. Әлібиді өлтірмей алдыма алып келіңдер дейді. Шора Әлібиге хабаршы етіп екі жігіт жібереді. Әліби оларды ұстап алып, өлімші етіп сабайды. Бұл жайды Қарахан Нәрікке хабарлап, Әлібидің әскермен баратынын ескертеді. Шора қырық жігітімен Әлібидің әскерімен бетпе-бет кездеседі. Жекпе-жек күресте Әлібиді жеңіп, қол-аяғын байлап, Шора оны әкесіне алып келеді. Шора Әліби тақтан түсірген Қараханды қайта хан сайлайды. Гүлқаныстың шешімімен Әлібиді өгізге мінгізіп мал бақтырып қояды.

Мұнан соң батыр әскер жиып, Есімді құтқару үшін алты мың әскермен қалмаққа қарсы жорыққа шығады. Олар жауды қамап алып, қалмақ ханы Шурутхасанды қолға түсіріп, өзіне бағындырады. Есімді қайтадан өз орнына хан сайлайды.

«Шора батыр» қырғыздар арасында кейінгі ғасырда көбірек жырланған. Әсіресе жыр Талас өңірінде жиі айтылған екен [231]. Өйткені бұл өңірдің қырғыздары қазақтармен жиі араласып тұрған. Кезінде жырды қырғыздың әйгілі ақыны Тоқтағұл да айтқан көрінеді [231,61-62]. Бір қызығы, эпос қырғыздар арасында көбіне

«Нәрікбай», кейде «Нәрікхан» («Наркан») деген атпен айтылыпты. Оның ең басты себебінің бірі эпостың қырғыздар арасына тарауына Майкөттің баласы Арқабайдың ықпалы көп болғандығынан деп санаймыз. Арқабайдың жырды «Нәрік батыр» деген атпен жырлағанын біз жоғарыда айтып өткенбіз. Ал Арқабайдың Талас өңірінде жиі болып, қырғыз фольклорына өз әсерін тигізгенін Б. Кебекова да айтады [231,87]. Жоғарыда біз тоқталған екі нұсқа да «Нәрікбай» деп аталады.

Талас өңірінде таралған эпос қазақтар арасынан екі түрлі нұсқада келген сияқты. Бірі – Майкөт нұсқасы. Майкөттің өзі де қырғыздар арасында жиі болып, қырғыз ақындарымен тығыз қарым-қатынаста жүрген [231,87-90]. «Нәрікбай» жыры Майкөттің өз аузынан да, баласы Арқабай арқылы да қырғыздар арасында жиі айтылса керек. Біздің қолымыздағы екі қырғыз нұсқасының Майкөт нұсқасымен ортақ тұстары көп. Әсіресе С. Чойбеков варианты әуел баста Майкөттен тарағаны айқынырақ көрінеді. Өйткені С. Чойбеков жырды үйренген қазақ ақыны Бекәділдің ойық руынан екені айтылады [82,379]. Ойық – ысты руының үлкен бір тармағы. Ыстының екінші бір тармағы тіліктен Майкөт ақын шыққан [232]. Демек, Бекәділ Майкөтпен рулас болған. Сондықтан ол жырды Майкөттен үйренген деуге негіз бар. Алайда Нәріктің үйленуін суреттейтін жыр басы Майкөт нұсқасында жоқ болатын. Майкөт нұсқасында Есімнің жылқысын қалмақтар айдап кеткендігі айтылғанымен, ол оқиға кең түрде суреттелмейді. Осыған қарап, Майкөт өз вариантының бастапқы бөлімін қағазға түсірерде қысқартып айтқан болуы керек деп жобалауға болады. Бұл ойымызды Ә. Сариев жырланысындағы мына жағдай да қуаттайды: жырдың басында Өмірзақ ақын жырлауындағыдай (Ә. Марғұлан мысалындағы), Күлқаныстың Шұбар атты баласындай мәпелеп өсіргені баяндалмайды. Бірақ варианттың әр тұсындағы Күлқаныстың сөздерінен осы эпизодтың жыр басында болғаны сезіледі. Сондай-ақ Нәріктің үйленуі жөніндегі бөлімді С. Чойбеков қоспағаны анық. Өйткені жырлаушының: «Бекәділ Гүлқаныстың атасы Көкше хан деп айтқаны есімде. Нәрікбай мен Есімнің атасының аты кім екендігі жөнінде Бекәділ ақын айтқан емес», – деген сөзі осыған дәлел бола алады [82,379].

Талас өңіріне қазақтардан келген екінші бір нұсқа тама рулары арқылы келгендігі байқалады. Бұл жөнінде нақты мәлімет жоқ болғанымен, жанама деректер соны аңғартады. Мысалы, Б. Кебекова «Нәрікбайды» жырлаған Тоқтағұлдың Сібірдегі айдаудан қашып шығып, қазақ елін төрт жылдай аралағаны, сол кезде тама рулары жайлаған өңірлерде жүргенін айтады [231,86]. Біз 1996 жылы Бішкектегі қолжазба қорынан Тоқтағұл жырлаған нұсқаның қысқаша мазмұнын баяндаған Қалмырза Қожабековтің қара сөз түріндегі әңгімесін таба алмаған едік. Тоқтағұлдың шәкірті Алымқұл Үсенбаев та 1917 жылдардың шамасында Шудан Сарысуға барып «Нәрікбай» жырын үйренген [231,86]. Шамасы, ақын Шудан Сарысуға тама руының көшімен барған болуы керек. Өйткені бұл екі арада, негізінен, тамалар көшіп-қонып жүрген [233]. Эпостың Талас өңірінде таралуына үлес қосқан Жаныш ақын да көп жылдар тамалардың ішінде жасаған екен [231,85].

Б. Кебекова эпостың қырғыз жеріне әр түрлі мезгілде өткендігін, бір варианттар ерте кезден-ақ қырғыз жерінде айтылып, қырғыздардың тұрмыс-тіршілігін, этнографиялық ерекшеліктерін бейнелеп, тың нұсқаға айналса, екінші біреулері ХХ ғасырдың басында ғана қазақ ақындарынан үйреніп алынған, көп өзгере қоймаған нұсқалар екендігін атап өтеді [231,85]. Біз қарастырған Т. Сырдыбаев нұсқасы осының алғашқысына жатады. Жыршы бұл нұсқаны С. Қонақбаев дегеннен үйренген, одан бұрын кім жырлағаны белгісіз [231,85]. Қалай болғанда да, бұл нұсқа қырғыз жеріне ерте кезден келген. Ал С. Чойбеков нұсқасы екінші топқа жататыны белгілі.

«Нәрікбай» жыры қырғыздар арасында генеологиялық жолмен емес, қазақтардан ауысып келгендігі байқалады. Б. Кебекованың: «Қысқасы, «Нәрікбай» шығармасы қырғыздарға екі формада (жыр түрінде, қара сөз формасында) тараған. Бірқатары қазақ ақындарының орындауында естіп, сол негізде айтып жүрсе, екінші айтушылар қара сөз түрінен жырға айналдырған. Екі жағдайда да қазақ ақындарының әсері анық байқалады» [231,86-87], – деген сөзі де осы жайды білдіріп тұр. Қырғыз ақындары қара сөз түріндегі нұсқалардың көпшілігін тамалардан естігендігі байқалады.

Көркем қиялдың үлесі қарақалпақ және қырғыз варианттарында қазақ нұсқаларынан әлдеқайда күшті. Бұл қазақ нұсқаларында

эпикалық қиял аз деген сөз емес. Мәселе мынада: қазақ нұсқаларындағы көркем қиял дәстүр шеңберінен онша көп шыға қоймайды. Қазақ варианттарындағы классикалық эпос формуласынан алшақ тұрған детальдардың дені оның тарихилығына қатысты, ал қиял үлесі бола қалса, ол көп жағдайда дәстүрге бағындырылып отырған. Қарақалпақ, қырғыз нұсқаларына келсек, бұлардағы қияли қоспалардың дәстүрге тәуелсіздігі көп көзге түседі және олардың дені қазақтардағы сияқты тарихилыққа қатысты емес. Бұл – қырғыз нұсқаларына манасшылықтың, ал қарақалпақ нұсқаларына ортаазиялық діни оқу орындарының тигізген күшті ықпалынан туған құбылыс.

* * *

Біз қолымыздағы «Шора батырдың» ұлттық нұсқаларын вариант есебінде қарастырғанды дұрыс деп таптық. Олардың барлығына ортақ сюжеттік желі – батырдың Қазанға аттануы. Жырдың ең тұрақты осы сарынын қырғыз нұсқасында басқа оқиғалармен алмастырғанына байланысты оларды версия деп есептеуге болар еді. Әсіресе Т. Сырдыбаев варианты осылай атауға әбден лайық. Бірақ жалпылық сипат алмаған, жеке-дара нұсқаны бұлай атау ұшқары пікір болуы мүмкін. Бұл нұсқа барынша кең тарап, бірнеше вариантқа ие болса, оны версия деп қарастыруға толық мүмкіндік болар еді.

Жалпы алғанда, «Шора батырды» туғызған тарихи дәуірден бергі уақыт эпос дамуы үшін оншалықты көп емес. Осы уақыт аралығында эпос версиялық деңгейге жете қойған жоқ. Эпостану ғылымында ұлттық нұсқаларды «версия» деп атау талайдан бері орын алып келеді. Бірақ «Шора батырдың» көптеген ұлттық нұсқаларындағы тілдік ерекшеліктен басқа айырмашылық аздығын ескеріп, «версия» атауынан бойымызды барынша аулақ ұстадық. Оның есесіне, әмбебап «нұсқа» терминін барынша көп қолдандық.

ТҰТАСТАНУ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ДАМУ КӨРІНІСТЕРІ

Фольклорлық эпостың әдеби шығармадан бір ерекшелігі – ол әуел баста біз көрген пішінде пайда бола салмайды, көбінесе әр түрлі жанрлық үлгілердегі шағын халық шығармаларының стихиялы түрде шоғырлануының нәтижесінде түзіледі. Бұл жөнінде орыс фольклортанушысы Ю.К. Смирнов былай дейді: «Бір қаһарман немесе бір тақырып айналасында шығарманың тұтастану үдерісі дегеніміз – сол есім немесе тақырып маңында әр түрлі жанрлық пішіндегі баяндау өлендерінің шоғырлануы болып табылады» [234]. Бірақ енді тұтастана бастаған мұндай шығармалар шоғыры әлі де толыққанды эпос емес. С. Қасқабасов та мұндай жекелеген жырлардың цикл құрайтыны жөнінде айта келіп, әрі қарай былай дейді: «Бірақ онда ғұмырнамалық сипат болмауы мүмкін. Ол үшін топталған өлең-жырлардың бас-аяғын бүтіндеп, қаһарманның туғанынан бастап дүниеден өткеніне дейін өмірбаянын түгел қамту керек» [235].

«Шора батыр» жырының алғаш тұтастана бастаған кезінде шоғырланған шығармалардың негізгі жанрлық түрлері толғаулар мен прозалық баяндаулар болғандығын көруге болады. Бұған біз «Шора батырдың» ұлттық нұсқаларын салыстырумен-ақ көз жеткізе аламыз. Мәселен, жырдың ноғайлардағы, қырымтатарлардағы варианттары эпостың алғашқы шоғыр құраған кезіндегі белгілерін көп сақтап қалған. Бұл нұсқаларда кең құлашты эпикалық баяндау көрінбейді. Оның рөлін мұнда қысқа-қысқа прозалық баяндаулар атқарып тұр. Енді ғана шоғыр (цикл) құраған жырлардың басын біріктіруші дәнекер қызметіндегі қара сөздің классикалық деңгейге жеткен эпос үлгілеріндегі қара сөзден табиғаты бөлек. Классикалық эпостардағы қара сөз бен ондағы поэзияның көтерер жүгі ортақ. Екеуінің де жанр ішіндегі қызметі бір, баяндау барысында кезектесіп қолданыла береді. Ал шоғыр болып енді құрала бастаған эпостағы қара сөз жырға тәуелді өмір сүреді. Мұндағы поэзияда индивидуалдық шығармашылықтың және салтқа қатысты фольклор үлгілерінің белгілері айқын көрінсе, қара сөзден аңыздық проза жанрының қасиеттері байқалады. Ноғайлы топтамасындағы жырлардың Сібір

татарлары мен қырымтатарлардағы версияларының аңызға жақын екенін «Қобыланды батыр» жырына қатысты О. Нұрмағамбетова айтқан болатын [236].

Шоғыр құраған жырлар одан әрі көркемдік бағытқа қарай ойысқан кезде баяндаудың маңызы күшейіп, қиялдың үлес салмағы артары сөзсіз. Оның классикалық деңгейге жетуі үшін ең басты қажеттілік эпостың сауықтамалық (А. Байтұрсынов) мақсатта айтылуы болмақ. Ал оның сауықтамалық мақсатта айтылуы – соған қолайлы тарихи жағдай туған кезде ғана жүзеге асатын құбылыс. Есте жоқ ескі замандарда туған қаһармандық жырлардың қай кездерден бастап сауықтамалық мақсатта айтылғанын білудің мүмкіндігі жоққа тән болғанымен, пайда болған мезгілі мен мекені біршама белгілі ноғайлы тобындағы жырлардың осы функциясы қай уақыттан басталғанын шамалауға болады. «(...) XV-XVIII ғасырларда қазақ қоғамы мен тарихы үшін елді қорғау, жауға тойтарыс беру аса маңызды саналды. Бұл кезде қазақ фольклорының барлық жанрынан батырлар жыры маңызды болды, оның тәрбиелік, идеологиялық қызметі артты. Ал осы жанр XIX-XX ғасырларда көбіне сейілдік функция атқарды», – дейді С. Қасқабасов [162,20]. «Шора батырдың» кең құлашта жырлануы да осы XIX-XX ғасырларда өріс алғаны рас.

Патшалы Ресей бодандығын толық мойындаған соң орнаған бейбіт өмір қазақ фольклоры жанрларының сауықтамалық мақсатта айтылуын күшейтсе, әуел бастан-ақ азаттық үшін күрестің рухани құралы болған толғаулар бұл күрестердің саябырлауымен бірге тоқырай бастайды. Өмір сүру, сақталу жағдайы және танымдық қызметі толғауларға ұқсас болып келген (бұл ұқсастық жайында алда әңгіме болады) ноғайлы жырлары қазақ арасында осы кезден бастап үлкен өзгерістерге ұшырады. «Өмір шындығының әсерінен XIX-XX ғасырдың басында қазақ эпосы да (*басқа шығармалармен бірге – Б.Қ.*) өзгеріске түсті. Эпос жойылып кете алмады, өйткені оған негіз болған патриархалдық-феодалдық қатынас өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Бірақ эпостағы құлдырау байқалды. Оның құрамында елеулі өзгерістер көзге түсті. (...) Батырлық эпостың жаңа редакциялары пайда болды» [237], – дейді қазақ эпосының басынан кешірген аталмыш ахуалы жөнінде зерттеушілер.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақтарда «Шора батырды» әйгілі суырыпсалма ақындар жырлаған. Жырдың жаңаша жырланып, классикалық сатыға аяқ басуы осы тұсқа тура келеді. Тек «Шора батыр» ғана емес, басқа да эпостардың осы дәуірде жаңаша жырланғанын белгілі ғалымдардың көбі атап өткен. Мәселен, Ә. Қоңыратбаев: «Батырлар жырының жаңаша жырлануы XIX-XX ғасырларда ерекше көзге түседі» [238], – десе, Т. Сыдықов: «Олар әсіресе XIX-XX ғасырларда молырақ жасалынды» [239], – дейді.

Ал ноғайлардағы эпостың ахуалы бұған қарағанда басқашарак еді. Оларда да азаттық үшін болған күрестер XIX ғасырда біржола тоқталғанымен, халық басынан кешірген ауыр жағдай, басқыншылар тарапынан жүргізілген қуғын-сүргін бір сәт те толастаған жоқ. Сауықтамалық (сейілдік) мақсаттағы фольклорды барынша дамытуға XIX-XX ғасыр басында қазақтар үшін қолайлы жағдай туғанымен, ноғайлардың бұл тұста да ес жиюына мүмкіндігі болмады. Ноғай ауыз әдебиетін зерттеуші Н. Капиева бұл ахуал жөнінде айта келіп: «Мысалы, ноғай халқының жалпы жағдайының қандай күйде екендігінің куәсі болған этнограф Фарфоровский «Қазіргі кезде бұл халықтың құрып-біту үдерісі өте күшті қарқын алуда. Далаларға ығыстырылған олар аянышты, жартылай аштық жағдайында жойылып бара жатыр» деп ашық жазады. Бұл сөз Ұлы Октябрь социалистик революциясынан 8 жыл ғана бұрын, 1909 жылы айтылған болатын» [240], – дейді.

Міне, осындай жағдайда сауықтамалық мақсаттағы фольклордың дами қоймайтыны анық. Оның есесіне, ел бірлігі мен еркіндігі асқақ арманға, дәл осы аңсарды жырлайтын утилитарлық (қолданбалы) жанр толғау рухани медеуге, тіпті тіршілік қажеттілігіне айналары сөзсіз. Оған қоса, «Пәленшелер болса бұл уақиға болмас еді-ау» [19,344] деген халықтық аңсар қол бастаған батыр мен жыраулар тұлғасын толық көркем образға толық айналдырмай, нақты тарихи тұлға ретінде есте сақтаудың кепілі болмақ. Эпостың танымдық мақсатта айтылуының да ең басты себебінің бірі осы.

Ноғайлы эпосына негіз болған тарихи дәуір мен орта нағыз көшпелі қоғамның бесігі болған еді. Ал бұл тұста поэзия тек әдебиетте ғана жетекші орында болып қоймастан, қоғамның барлық саласынан шешуші орын алады. Осы кездегі поэзияның басты өкі-

лі – жырау, басты жанры – толғау болғаны белгілі. Шағын формалы эпос үлгілеріндегі кейіпкер сөздерінің жыраулар поэзиясымен үндес болып келуі бізге көп сырды аңғартады.

Ноғайлы эпосының кейіпкерлерінің көбінің тарихи түптұлғалары болса, ол тұлғалардың әдебиет тарихында біз қарастырып жүрген жыраулар сияқты өмірдің әр түрлі жағдайларына байланысты айтқан өлең-жырлары олардың өздері жөніндегі эпостың ең әуелгі негізі болған сияқты. «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда, олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады» [241], – дейді М. Әуезов. Ал бұл тұрмыс-салт жырларының бәрі де сол дәуірдің ерекшелігіне сай толғау формасында болуы тиіс. Ә. Дербісалин Ш. Уәлихановтың, М. Әуезовтің еңбектеріне тоқтала келіп, одан әрі мынадай ой айтады: «(...) жоғарыда біраз зерттеушілердің эпос әуел баста жеке, ұсақ шығармалар негізінде туып, кейін белгілі сюжет көлемінде біріккенге ұқсайды деген болжамын келтірдік. Бұл болжам сол ұсақ та жеке шығармалардың көбінесе толғау тәріздес немесе соған ұқсас туындылар болғанын аңғартады. Батырлар жырындағы ұзақ монолог түріндегі толғаулар, сол тәрізді өзге де толғау дәрежесіндегі кесек-кесек суреттемелер соның белгісі тәрізді» [242].

С. Мұқановтың толғауды ереуіл толғауы, нақыл толғауы және тіршілік толғауы деп үшке бөлуі [243] тікелей осыған қатысты. Мұндағы тіршілік толғауының тұрмыс-салт жырларымен мәндес екені көрініп тұр. Тұрмыс-салт жырларының ең бір асыл үлгілерін жыраулардың шығарғанын Қ. Сыдиқов та нақты мысалдармен көрсетіп берген: «Жыраулар мен ақындар мұрасында халық ауыз әдебиетінің, әсіресе тұрмыс-салт жырларының жанрлық үлгісі кездеседі. Мысалы, қоштасу (Доспанбет: «Айнала бұлақ басы тең»; Қазтуған: «Алаң да алаң, алаң жұрт»), естірту, жұбату (Үмбетейдің, Бұқардың Бөгембай өлімін Абылайға естіртулері), жұбату (Бұқардың Өз Тәуке ханның баласы өлгенде айтқаны), жоқтау (Үмбетей: «Бөгембай өліміне», Бұқар: «Күпшек санды күренді»), жұмбақ-жауап (Бұқар: «Ханға жауап айтпасам»), ақындық, шешендік сын (Асан: «Құйрығы жоқ, жалы жоқ» [242,170]. Толғау жанрын жан-жақты зерттеген Ә. Дербісалин «Толғау, әсіресе, XVIII ғасырда жаңа даму жолына түсіп, өз бойынан көптеген жанрлардың белгілерін көрсете

бастады» [242,18], – дейді. «Көптеген жанрлар» дегенде ғалымның тұрмыс-салт жырларын есепке алғаны күмән туғыза қоймайды.

Батырлық жырлар осындай ұсақ жырлар негізінде пайда болды деген пікірді басқа да көптеген ғалымдар қуаттайды. Атап айтсақ, Ә. Марғұлан [160,78-79], Е. Ысмайылов [244], М. Жармұхамедов [245], т.б. қазақ ғалымдары ғана емес, Н. Дәуқараев [246] сияқты карақалпақ ғалымдары осы пікірді ұстанады. Мұндай ғылыми пікірлердің бір жерде тоқайласуы болжамның нанымдылығын, нақты тәжірибеден туғандығын көрсетеді. Әрине, бұл көрқарасты бүкіл эпос атаулының, атап айтсақ, архаикалық, тарихи эпостардың туу үдерісіне қатысты қолдану әрдайым дұрыс бола қоймас, бірақ ноғайлы тобындағы жырлардың тарихи қалыптасуын анықтауда басты бағдар етіп ұстау керек деп есептейміз. Шығу тегі бұлардан әлдеқайда ілгеріде немесе кейінде жатқан жырлардың пайда болуында өзіндік ерекшеліктің болатыны сөзсіз. Осы концепциясын «Манас» эпосына да қатысты қолданған М. Әуезовтің пікіріне В.М. Жирмунскийдің [85,679-680], Е.М. Мелетинскийдің [247] қарсылық білдіруін де мүлде жөнсіз деуге бола қоймас.

Жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып, ноғайлы тобындағы жырлардың пайда болған дәуірінде үлкен қоғамдық рөл атқарған толғаулар сол жырлардың қалыптасуына негіз болған деп айта аламыз. Тарихта болған ноғайлы жырларының бас кейіпкерлері – біз нақты тарихи әрі әдеби тұлға деп есептеп жүрген көптеген жыраулардың замандасы. Оның үстіне, көшпелі хандық қоғамда жырау мен қолбасы батырдың (ноғайлы жырларының бас кейіпкерлері тарихта қолбасы болғаны мәлім) атқарар қызметі бір-бірімен ажырамастай бірігіп кеткен. «Ақылының, ақындық қуатының арқасында рубасы дәрежесіне дейін көтерілген жырау көне жаугершілік заманда сол тайпаның қолбасы батыры рөлін атқаруға тиіс» [248] болса, қолбасы батырға да жыраулық өнерді игеру қажеттілігі заман талабынан туған. Фольклоршы Е. Тұрсынов сыншының шешен емес екенін, бірақ сыншы болу үшін шешендік өнерді меңгеру шарт екенін дұрыс көрсетіп берген [249]. Егер сыншының шешен болуы өмір қажеттілігі болса, одан гөрі қоғамдық жауапкершілігі әлдеқайда күрделі қолбасының жырау немесе сөз шебері болуы тиіс екені ақиқат. Қоғамның жоғарғы сатысын иеленген

жыраулар мен батырлар толғауларды өздерінің ұлы идеяларын насихаттау мақсатында немесе ұрыс кезінде жауынгерлерді жігерлендіру үшін, сондай-ақ өмірдің әр түрлі шешуші кезеңдерінде нақты жағдайларға қатысты айтқан. Қазақ батырларының өмірдің әр түрлі жағдайларына қатысты жыр туғыза алатынына А.П. Крюков та куә болған [250]. Бұл тарихи тұлғалардың әр кезде айтқан мұндай шығармалары алғаш шоғыр құраған батырлық жырларға кейіпкер сөзі ретінде еніп отырған. Осы кейіпкер сөзін «толғау» десек те, «тұрмыс-салт жырлары» десек те, олардың алғаш шоғырланған эпоста жетекші орында болары анық.

Ноғайлы тобына жататын батырлық жырлардағы кейіпкер сөздері толғаулармен, ал олардың кейіпкерлері халық жадындағы жыраулар бейнесімен төркіндес екенін анық байқаймыз. Сондықтан да Қазтуған, Шалкиіз сияқты жыраулар жартылай, Сыпыра жырау толық эпос қаһарманына айналып кеткен.

Жыраулар тарих сахнасына, толғау поэзия төріне шыққан көшпелі қазақ қоғамының рулық басқару жүйесі XIX ғасырдың екінші жартысында өзгерген жоқ. Осы кезде толғаудың да қолданбалылық мәні мен өмірлік маңыздылығы жақсы сақталды. Батырлық эпостың жырлану мақсаты танымдықтан сауықтамалыққа (сейілдік) ауыса бастаған тұсы да осыдан былай қарай. Бұл жөніндегі С. Қасқабасовтың пікірін біз жоғарыда келтіріп өттік. Ал XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында батырлық эпос осы мақсатты біржола иемденген болатын. «Соңғы уақытта қазақта сауық кемігені себепті батырлар әңгімесі жоғалып барады» [251], – деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзі осының жарқын мысалы. Сауықтың кемуімен байланысты жойылу үдерісі оның осыдан бұрын сауықтамалық мақсатта орындалғанын білдіреді.

Жоғарыда біршама тоқталып өткеніміздей, тынышсыз, сүргінде өмір кешкен ноғай халқының сауықтамалық фольклорды дамытуға мұршасы болмады да, есесіне, заман мұңын, қайғысын арқау еткен, қиыншылықта халықтың жігерін жанып, рухани сүйеніш болатын толғауларды ұмытпай, жиі қолданып келді. Ноғай халық поэзиясында толғау беріге дейін жетекші рөл атқарып келгендіктен, олардың эпостарындағы кейіпкер сөздері болып жүретін толғаулардың да әуел бастағы эпикалық тұтастануға өзек болған қасиеті жойылмады.

Демек, сауықтамалық мақсатта айтылғанға дейінгі кезеңде қазақ «Шора батыры» да бастапқы шоғыр құраған формасында, яғни ноғай, қырымтатар нұсқалары сияқты пішінде айтылып келген. «Бұрын Қазақстанның кей жерлерінде батырлар жыры үзінді не бөлек-бөлек жырлар болып айтылатын» [252], – деген Қ. Жұмалиевтің сөзі осы сырды аңғартқандай. Ш. Уәлиханов өмір сүрген ХІХ ғасырдың орта шенінде де қазақ эпосының дамуы осы сатыда болғанын ғалымның: «Әдетте жырдың арқауы өмір немесе ертедегі белгілі бір батырының ерліктері болып табылады. Айта кететін жай, батырдың өмірі, ерлігі, бір сөзбен, проза тілімен айтылады, ал жыр жолдары тек басты кейіпкер немесе кейіпкерлер сөйлеген кезде ғана қолданылады» [198,236], – деген сөзінен көруімізге болады. М. Әлиакбарұлы жариялаған нұсқа «Шора батыр» жырының көне пішінін сақтап қалған бірден-бір қазақ варианты болып табылады. Эпос құрамындағы қара сөз бен жырдың арақатынасы шығарманың эволюциясы жөніндегі көп сырды аңғартқандай. Бұл мәселеге М. Мағауин да мән берген. «Эпикалық жырларымыз бізге әр түрлі композициялық формада жетті: біреулері тұтастай өлеңмен бірге қара сөздер де араласқан, кейбіреулері қысқа, бірнеше жүз жолдан тұрса, енді біреулері әлденеше жырларды біріктірген эпопея түрінде болып келеді. Поэтикалық баяндаулар мен прозалық баяндаулардың арақатынасын, кіші және үлкен эпикалық формалардың пайда болуын зерттеу – эпостың туу, қалыптасу және өмір сүру тарихына байланысты көптеген күңгірт жайлардың бетін ашқан болар еді» [248,163-164], – дейді ғалым.

Шағын формадағы, бастапқы шоғыр құрау кезеңіндегі қалыбын сақтап қалған жырларда поэзия кейіпкер сөзі ретінде қолданылып, проза көбіне баяндауға жұмсалса, классикалық эпоста бұл жүйе сақтала бермейді. Ал цикл құрау қалыбындағы вариант классикалық эпос деңгейіндегі нұсқадан бұрын пайда болары анық. Бұл мәселені эпостанушы ғалымдардың көбі арнайы зерттемегенімен, әр кезде ескеріп отырған. «Түркі эпосы толығымен жырдан, я болмаса жырдың ұзақ немесе қысқа прозалық ендірмелерімен кезектесіп келуінен тұруы мүмкін. Осы формалардың қайсысының көнелігін анықтау әлі қиын мәселе. Дегенмен аралас форма әлдеқайда ескі болуы керек: түркі қаһармандық эпосының көне үлгісі «Кітаби дәдем Қорқыт»

осы формаға ие, эпикалық баяндау проза түрінде, персонаждар сөзі жыр түрінде жүреді» [85,642], – дейді В.М. Жирмунский.

«Шора батырдың» қазақ, қарақалпақ нұсқалары сауықтамалық мақсатта айтылу дәуірін бастан кешіріп үлгерді. «Көркем өнерге айналмаған фольклордың басты мақсаты – танымдық» [162,25], – дейді С. Қасқабасов. Жырдың ноғай, қырымтатар, татар, башқұрт және М. Әлиакбарұлы жариялаған қазақ нұсқасының танымдық мақсаты басымырақ. Сондықтан бізге бұл нұсқаларды «көне» деп, ал сауықтамалық мақсатта айтылған нұсқаларды «классикалық нұсқалар» деп үлкен екі топқа бөлеміз. Олардың сауықтамалық және танымдық мақсатта айтылуынан басқа да бірнеше айырмашылықтары бар.

Енді айырмашылықтардың ең бастыларына тоқталайық.

Біріншіден, классикалық нұсқаларда эпикалық дәуірді, бас кейіпкерді дәріптеу (идеализация) жоғары сатыға көтерілген. Ал көне нұсқалардағы Шораның Қазанға кісі өлтіріп, айыпты болып аттануы, бас қаһарманның мерт болуы, сүйікті атының басын шауып тастауы, т.б. сарындар мен эпизодтар дәріптеу мақсатына сай келмейді. Зерттеушілер қазақ эпосындағы кейіпкерлер бейнесінің классикалық эпос мұратына сай қайта сомдалуы жөнінде былай деген еді: «Барлық ақындар эпосты қайта өңдемесе де, таланттылары – Майкөт, Жанақ, Қазақпай, Қашаған, т.б. өткенге және оның адамдарына: хандарға, қарапайым адамдарға, әйелдерге деген жаңа қатынастан туған мотивтерді енгізе отырып, ескі эпикалық аңыздаулардың жаңаша варианттарын жасады» [237,87]. Бұл «жаңаша варианттардың» классикалық варианттар екені анық.

Екіншіден, көне нұсқаларда сюжеттік желі құраған кіші сюжеттердің ара жігі, дербестігі айқын сезіліп тұрады, оларда жанрішілік бірлік жоқ. Мысалы, Нәрік оқиғасы, Шораның Әлібиді өлтіріп Қазанға аттануы, батырдың жол сұраушыға жолығуы, Шораның Қазандағы әрекеттері, Шораның жеке басының қасиеті туралы әңгімелер осындай ішкі бөліктер болса, жаңаша жырланған варианттарында ондай «ішкі» сюжеттердің дербестігі жойылған. Мұнда дара шығармашылықтың әсері көп. Классикалық варианттардың эпостың бастапқы қалыбынан көп өзгеруінің бір себебі оны импровизатор ақындардың эпикалық дәстүрге сай өңдеуінде жатыр.

Мұндағы эпосқа деген дара шығармашылық қатынас эпостың көне нұсқаларындағы бір-бірінен стильдік, пішіндік, тіпті жанрлық өзгешелігі бар жекелеген элементтердің, «ішкі» сюжеттердің, монолог-диалогтардың, эпизодтардың көнеден келе жатқан эпикалық дәстүрге сыйымсызын қалдырып, сыйымдысын дамытқан, олардың шығарма ішіндегі өзгешелігі мен дербестігін жойып, жанрдың дәстүрлі поэтикасына бағындырған. Сонда да көне нұсқалардағы типологиялық қасиеті аз бірлі-екілі эпизодтар мен мотивтер кейбір классикалық нұсқаларда ішінара сақталып қалған (№1 қосымшаны қараңыз). Жырдың классикалық нұсқалары әрісі мифтен, берісі батырлық ертегіден бастау алатын типологиялық біртұтас сюжеттік желінің [111,240] қалыбына түскен.

Үшіншіден, классикалық варианттардың стилі өзгерген. Көне варианттарда эпосты тудырған дәуір поэзиясының, яғни жыраулық толғаудың белгілері мол сақталса, бұларда кейінгі дәуір поэзиясының ерекшеліктері көп. Бұл эпос үлгілері сауықтамалық мақсатта айтыла бастаған XIX ғасыр мен XX ғасыр басында жыраулық поэзиядан ақындық поэзияның үстем бола бастауымен де байланысты. «Эпос пен жырау өлеңдері бұрынғы дәуірлердегі жыраулар шығармаларында молынан кездесетін дидактикалық және риторикалық өрнектерден XIX-XX ғасырларда айырылды десе де болады» [237,395], – дейді эпикалық дәстүрді зерттеушілер Е. Исмаилов пен Е. Тұрсынов. Көне нұсқаларда дәріптеу әсерінің елеусіздігі сияқты, стильдік өңдеудің де ықпалы сезіле қоймайды. Олардағы кейіпкерлер сөзі нақты бір өмірлік жағдайға байланысты айтылса да, терең философиялық ой түйіндеулерден, символикалық бейнелеулерден, тұспалдаулардан арылмайды. Осы тұрғыдан келгенде, олар поэтикалық тіл құбылтуларға, ажарлау мен айшықтауларға бай. Классикалық нұсқалардағы кейіпкер сөздері қазіргі заман тыңдаушысының дүниетанымына жақын, күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа лайықты болса, көне нұсқаларда қарапайым адам қолдана алмайтын жоғары стильде өрнектеледі. Классикалық нұсқа диалогтарындағы ұтымды әзіл, тапқыр жауап, бірін-бірі сөзден тоқтатуға деген ұмтылыс бұл шығармалардың негізгі өңдеушілері айтыс ақындары болғандығын білдіреді. Бұл қасиет, әсіресе, Майкөт вариантында айқын көрініс тапқан.

Төртіншіден, классикалық нұсқалардың тарихи сипаты көне нұсқалардан әлдеқайда төмен, оның есесіне, жанрлық көркемдігі мен көлемі жөнінен озық. В.М. Жирмунскийдің ноғай варианттары қазақ варианттарынан тарихқа біршама жақын деген пікірі [85,499] осындай жағдайға байланысты айтылған. Алайда эпос көлемі халықтардың эпикалық дәстүрі жөніндегі кейбір жаңсақ пікірлерді туғызды. Осындай жаңсақтықтардың бірі – кең көлемді варианттар – шығарманың толық сақталған түрі, ал шағын формалылары – көп бөлігі ұмтылған түрі деп есептеу.

Әрине, ноғайларда, қырымтатарларда эпикалық дәстүр дамуын тоқтатты десек, оның жөні бір басқа. Ал ұмытылу жайына келсек, ол үдеріс қазақ эпикалық дәстүрінде де болған. Жырдың қазақ нұсқаларындағы ұмтылған элементтер ноғай варианттарынан әлдеқайда көп. Оны біз көптеген ноғайлы эпостарының және өзіміз зерттеп отырған «Шора батырдың» нұсқаларына қарап отырып, тарихи деректілігімен және эпосты тудырған дәуірге тән поэзия белгілерімен көрінетін кейіпкер сөздерінің қазақтардан гөрі қырымтатарларда, әсіресе ноғайларда көбірек сақталғанынан көре аламыз (№3 қосымшаны қараңыз). Демек, жыршылық дәстүрі дамуын тоқтатқан ноғайлар мен қырымтатарлар қолда барын қадірлеп, оны жоғалтпауға тырысқан. Бірақ қазақтар мен қарақалпақтар ұмытылған ескінің орнын жаңамен толтырған. Бірақ бұл қоспа элементтер өзі құрамына енген эпос үшін жаңа болғанымен, өзінің пайда болуы жағынан одан әлдеқайда ескі, көне дәуірлерден келе жатқан дайын мотивтер мен сюжеттер болып саналады. Осы ойды кезінде В.М. Жирмунский де айтқан болатын: «Көптеген қазақ ертегілері («Желкілдек», «Дударқыз», «Мерген-Дәріші», т.б.), «Алпамыстың» қоңырат және оғыз редакциясы, қырғыз эпопеясы «Манас», қазақ батырлық жырлары «Қобыланды батыр», «Шора батыр», «Сайын батыр», т.б. бірқатар ортаазиялық эпос туындылары бір балаға зар болған кәрі ата-ана перзентінің батырға тән ғажайып тууы жөніндегі әңгімемен басталады. Бірқатар жағдайда бұл танымал бастау кейінгі кездегі қоспа екені кәміл; Қобыланды және Шора жөніндегі әлдеқайда қысқа және кең тараған кейінгі редакцияларын салыстырудан бұл жағдай анық көрінеді» [85,228-229], – дейді ғалым. Осындай қоспалар эпостың көлемін барынша ұлғайтқан және көне белгілерін, тарихилығын

көмескілендіріп жіберген. Бұл қоспалар эпос үшін жаңа болғанымен, өзінің пайда болған дәуірі жөнінен жырдан әлдеқайда көне, фольклорлық дайын сарындар болып табылады (№2 қосымшаға қараңыз).

Бесіншіден, жырдың көне нұсқалары мен классикалық нұсқалары олардағы көркем шындықтың негізделуі (бұл туралы төменде айтылады) және тұрақты элементтер тұрғысынан да бір-бірінен ерекшеленіп тұрады.

Ноғайлы эпосының көне нұсқаларындағы кейіпкер сөздерінің өзгеріссіз жүруі халықтың оларға да жыраулар шығармаларына деген көзқарас тұрғысынан қарағандығын көрсетеді. «Сөз ұрлаған – құдайдың ұрысы» деген түсінік үстем болған заманда халық нақты тарихи тұлға деп есептеген эпос кейіпкерлерінің аузынан айтылған деп саналатын толғаулар, яғни кейіпкер сөздерінің көп замандар бойы бізге өзгеріссіз келуі әбден заңды. «Атақты сөз зергерлерінің аттарын, олар жаратқан шығармаларды халқы, елі бүгінге дейін сақтап келген. Демек, өткен дәуірдің өзінде де, халық, ел-жұрт оларды ақын, жырау сипатында мойындап, өз халқының ақыны, жырауы, сөз зергері деп білген. Олардың сөз шығармаларынан сом алтындай құйған, болаттай берік халықтық бағытта соғылған халық мирасын «коллективтік» деп аталатын, көп болып жаратқан мирасқа қоспай, халық дара сақтаған, көпшілік мирасқа сіңіріп жібермей, өзінің бұрынғы халін жоғалтпай келешек ұрпаққа жеткізген» [253], – деген Қ. Жұмажановтың пікірі дәл тауып айтылған. Мұнда мәселе толғау түріндегі кейіпкер сөздерінің бір кезде өмірде айтылған-айтылмағандығында емес, жырлаушы мен халықтың кейіпкерді өмірде болған және оның эпос құрамына енген толғауы бір кезде айтылған деп нық сенуінде.

Кейіпкер сөзі көп өзгермей сақталатын типтік жағдайдың жырлау психологиясына да қатысы болса керек. Жыршы кейіпкер сөзін орындағанда рөлдік кейіпке еніп, өзгеше сезімге бөленеді [243,136]. Ал ала бөтен әсермен айтылған компоненттің есте берік сақталып қалатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Әрине, классикалық эпоста да кейіпкердің өмірде болғандығына деген сенім сақталады [86,4], бірақ көркем қиялдың үлесі күшеген кезде кейіпкер сөздерінен кең құлашты баяндаулардың маңызы арта бастайды. «Шора батырдың» барлық нұсқаларын салыстыру

нәтижесінде батырдың өмірде болғанына деген сенімді тірек еткен көркем шындықтың көне нұсқаларда кейіпкер сөздеріне, ал классикалық нұсқаларда кейіпкердің іс-әрекетіне негізделгенін көруге болады. Сол себепті «Шора батырдың» көне нұсқаларындағы тұрақты элементтер кейіпкер сөздері, ал классикалық нұсқаларында типологиялық мотивтер болып қалған.

«Шора батырдың» қазақ варианттары ішінде М. Әлиакбарұлы және Мұрын жырау нұсқаларының жанрлық және поэтикалық сипаты, классикалық нұсқаларға қарағанда, көне нұсқаларға көп жақын. Әсіресе М. Әлиакбарұлы вариантында бұл қасиет көп байқалады. Варианттың прозалық бөлімінің ертегілік сипатынан арыла бастағаны, баяндау, суреттеу формасындағы жыр жолдарының артуы оның қырымтатар, ноғай нұсқаларына қарағанда едәуір көркемдік дамуға түскендігін көрсетеді. Мұнда аттың шабысы мен батырдың жаумен соғысын әсірелей бейнеленген қимыл-әрекет арқылы және жыр түрінде беретін классикалық эпосқа тән белгілер пайда болған. Сондай-ақ варианттың сәтті финалмен аяқталуы да көркемдік даму белгісін көрсетеді. Көне нұсқалардың бәрінде мерт болатын Шораның мұнда аман-есен еліне оралуы варианттың классикалық эпостың моделіне бет бұра бастағандығын көрсетеді. Сонда да болса, варианттың стильдік ерекшелігі мен көркемдік даму сатысы ноғай, қырымтатар варианттарына көп ұқсайды. Әлібидің (алты бидің) Шораның атын алып кететін тұсына дейінгі бөлімі негізінен қара сөзден тұрады. Тек Нәріктің ханнан еліне рұқсат сұрағаны, Мендісұлудың оған берген жауабы ғана толғау түрінде айтылады. Сонымен қатар, сюжет құраған жеке әңгімелердің мұнда әлі де жымдасып кете қоймағандығы жанрлық дамудың бастапқы сатыларына тән. Мәселен, қызметі әбден сіңген Нәрікті жақсы көретін әрі оған Мендісұлуды өз қолымен қосқан ханның кейін Нәрікті өлімге жұмсап, әйелін алмақ болғаны шығарма мазмұнындағы қайшылықты көрсетеді. Осының бәрін баяндайтын жеке әңгімелер бір идеяға толық бағындырылмаған.

Мұрын жырау вариантының көне нұсқаларға, М. Әлиакбарұлы вариантына қарағанда көркемдік дамудың биік сатысына едәуір көтерілгенін байқауға болады. Мұны біз көне варианттардағы прозалық баяндаулардың мұнда поэзиялық үлгіге ауысқанын, кең

құлашты баяндауға ие бола бастағанынан көруімізге болады. Сондай-ақ бұл варианттағы эпикалық жаудың «қалмақ» деп аталуы да көркемдік дамудың басты белгілерінің бірі. Түркі халықтарының эпостарындағы қалмақтарға қарсы күресті суреттейтін эпизодтардың тым шаблонды сипатқа ие болатынын, оның кейінгі дәуірлердің қоспасы екенін В.М. Жирмунский жақсы айтып өткен болатын [85,500]. Бірақ, осындай көркемдік дамудың көптеген белгілеріне ие болғанына қарамастан, Мұрын жыраудағы кейбір жекелеген мотивтер көнелік белгілерін сақтап қалған. Мысалы, мұндағы Шораның мерт болуы көне нұсқаларға тән.

«Шора батырдың» Мұрын жырлаған нұсқасынан көрінетін тағы бір ерекшелік – ол қаншама кең құлашты жырлауға ие болғанымен, сюжеттік тұтастанудың алғашқы белгілерінің кейбірін сақтап қалған. Вариант бір-бірімен себеп-салдарлық байланыссыз, дербес оқиғалардың тізбегі сияқты әсер береді. Бұл нұсқаның осы қасиеті оны көне варианттарға жақындатады. Сюжеттік құрылым, кейіпкерлер құрамы мен олардың әрекеттері, көлемі мен поэтикасы, жанрлық табиғаты әркелкі болуына қарамастан, нұсқа қырымтатар варианттарына жоғарыда айтылған қасиеттерімен жақын. Нұсқаның көптеген тұстарының, әсіресе ондағы кереметтік элементтердің қырымтатар нұсқаларымен ұқсастығы анық байқалады. Жалпы Мұрын жырау жырлаған жырлар топтамасының «Қырымның *(ноғайдың емес – Б.Қ.)* қырық батыры» деп аталуы тегін емес. Бір кезде ноғайларда да болған осы топтама оларда «Ноғайлардың қырық батыры» деп аталған [42,17-18]. Атының өзі-ақ оның ноғайлардан гөрі қырымтатар эпосына жақындығын сездіріп тұр. Мұрын жырау нұсқасы барынша кең құлашта жырланғанымен, классикалық эпосқа тән белгілерге толық ие бола алмаған. Тек қана сюжеттік тұтастануға енді түскен күйден көп алыстамаған, эпос құрамында өзіндік дербестігі бар жеке сюжеттер барынша ұлғайтыла жырланған. Р. Бердібайдың: «Бұл – батырлық ертегі дәрежесіндегі жыр, Шораға байланысты аңыздың өзінше бір версиясы. Өйткені мұнда тосын шешімдер, эпос дәстүріне сыймайтын ситуациялар бар» [2,104], – деген бұл нұсқа жөніндегі пікірі оның классикалық эпос деңгейіне жетпегендігін танытады. Көне нұсқалардағы кейіпкер сөзі өзгермеуінің басты себебі халықтың аруақты қастерлеу,

құрметтеу, тіпті қорку ұғымымен байланысты деп айту қисынды болмақ [254]. Бұдан гөрі классикалық эпостың өзгеріске әлдеқайда бейім болатынын түсіну қиын емес. Көлемді эпостың өзгеріске көп ұшырайтынын, ал қысқа жырлар мен ақын-жыраулар шығармаларының бастапқы қалпын барынша сақтайтынын М. Мағауин де айтқан [248,146].

«Шора батырдың» көптеген нұсқаларына ортақ мұндай «өзгеріссіз элементтердің» ең бастылары Ажи-Молла вариантында сақталған. Сол себепті де мұны «Шора батырдың» әуел бастағы пайда болған қалыбының бітім-болмысын танытарлық сипаты мол деп айта аламыз. Ноғайлар ноғайлы топтамасындағы жырлардың ең алғашқы шығарушылары болғандықтан, эпостық даму сатыларының алғашқы басқышы да сақталса, соларда сақталуы мүмкін. Осы пікірге дәйек болатын сөзді В.М. Жирмунский де айтты. Ол былай дейді: «Ноғай батырлары жөніндегі аңыздаулар тек қазақтарда ғана емес, ең алдымен бұл эпостың әуелгі шығарушылары ноғайлар фольклорында да сақталған. Кейде түркі тілдес халықтардың эпосындағы прозалық әңгіме мен поэзиялық партиялар алмасып келетін дәстүрлі формада, кейде прозалық ертегі немесе шежірелік аңыз түріндегі еркін формада бізге жеткен олар, әдетте, тарихи шындыққа жақын және осы мағынада қазақ-ноғай эпосының пайда болуы мен даму картинасын көз алдымызға келтіретін зор мәнге ие» [85,502].

Ноғайлы эпосының көптеген үлгілері, негізінен алғанда, ноғайлар мен қазақтарда көбірек сақталғандықтан да, зерттеушілер эпос дамуының картинасын көрсетуде осы екі ұлттағы нұсқаларды салыстыруды алдыңғы орынға қояды. Егер әуел бастағы құралған шоғыр бір батырдың басынан өткен әр түрлі ерлік істерді баяндайтын әңгімелер жиынтығын қамтиды деп есептесек және батырдың дүниеге келуі, ержетуі сияқты мотивтер эпос дамуының мұнан кейінгі сатысы – өмірбаяндық тұтастану кезінде қосылатын элементтер екенін ескерсек, «Шора батырдағы» алғашқы ерлік көрінісі болып суреттелетін Али биді өлтіру сахнасы эпос тұтастанудағы бастапқы сюжеттік бөлшек, кейігі көркемдік дамуда шоғырлану

өзегі болған деп санауымызға тура келеді. Сол себепті де дәл осы оқиғадан басталатын Ажи-Молла вариантын «бастапқы үлгі» деп есептемегіміз заңды. Вариант сюжеттік тұтастану сатысында қалып қойған, өмірбаяндық тұтастануға әлі аяқ баспаған (№1 қосымшаны қараңыз).

Эпос зерттеушілерінің батырлық жырлар тұрмыс-салт жырларынан пайда болған деген пікірі де эпос тұтастануының бастапқы түріне қатысты айтылғаны анық. Ажи-Молла нұсқасында тұрмыс-салт жырларының көптігі – оның осы даму сатысындағы маңызды белгілердің бірі. Атап айтсақ, нұсқада сәлемдесу және өзін таныстыру (Шораның Али биге, Сәли қартқа айтқаны); қоштасу (Шораның Қазанға аттанарда Нәрікке, Меңлісұлуға, Алтынға айтқаны және олардың қайтарған жауабы); естірту (Абыл-Қасымның Меңлісұлуға айтқаны) және жоқтау (Меңлісұлудың жоқтауы) сияқты салт өлеңдерінің алуан жанрлық түрлері бар (№3 қосымшаны қараңыз). Осылардың ішінде батырлық жырларда өте сирек кездесетін түрі – жоқтау. Өйткені «өзінің сүйікті батырларының қандай да болмасын сәтсіздікке ұшырауына халық санасы келісе алмайды» [2,226], ал өлімге қиюы тіптен қиын. Жоқтаудың эпос құрамында болуы эпостың танымдық мақсатта айтылуынан қалған бір белгі болмақ.

Жоқтау мен батырлық жырлардың генетикалық байланысы болатындығына әдебиет пен фольклордың әр түрлі саласымен айналысқан ғалымдар зерттеу барысында көз жеткізген. Ә. Марғұлан: «Жоқтау – Орхон жазуларының түбегейлі аялғысы» [255], – десе, Г.Д. Гачев эпосты «қабір басында айтылатын гигант-сөз» [256] деп атаған. Жоғарыда аттары аталған эпостың жоқтауға қатысы жөнінде пікір айтушы ғалымдардан басқа П.А. Гринцер [257], В.М. Жирмунский [85,405], М. Жолдасбеков [148,67-68], С. Қасқабасов [235,183], М. Мағауин [248,129] сияқты ғалымдар да осы мәселе төңірегінде сөз қозғаған. Бұл пікірлердің мазмұны бір жерден шығады. Олардың дені М. Әуезовтің: «Сөз жоқ, қазақ эпосының батырлық жырларын шығарғанда ақындар сондай «жоқтаулардың» қайбірлерін негізгі фабулалық желі ретінде пайдаланғаны күмәнсіз» [241,171], – деген пікіріне саяды. Ал Ажи-Молла жырлаған «Шора батырдағы» Мең-

лісұлудың жоқтауы кейіпкер сөзі ретінде жұмсалғандықтан, бұл жоқтау сюжеттік желіге бастапқы негіз бола алмаған, алғашқы айтылуы дамытылмай, әуелгі күйінде қалып қойған.

Бұдан мынадай қорытындыға келуге болады: қаһармандық эпостың пайда болу, қалыптасу үдерісінде жоқтау мен т.б. тұрмыс-салт жырлары екі түрлі функция атқаруы мүмкін. Олар енді шоғыр құрай бастаған эпос құрамына кейіпкер сөзі ретінде стихиялы түрде, жырлаушы еркінен тыс қосылады да, оның құрамында көпке дейін консервативті күйде өмір сүріп келеді. Бұл жағдай көбіне жыр кейіпкеріне айналған тарихи тұлғаның қаза болуының, туған-туыстары, әйелі, т.б. жақын адамдары атынан жоқталуының халық жадында өмірде болған оқиға ретінде ұзақ уақыт сақталып қалуымен байланысты болады.

Үдерістегі екінші жоқтауларға дара шығармашылық үстемдік етіп, көркемдік дамуға ие болады (жоғарыдағы М. Әуезовтың пікірі осы жағдайға қатысты). Бұл көбіне батыр өлімінен кейінгі кезеңде айтылатын жоқтауларға тән. М. Әуезов: «Қазақта дүние салған адамды жыл бойына, ас бергенге дейін жоқтау салты ежелден бар, тіпті революцияға дейін сақталып келді» [241,170], – дейді. Ал Е. Тұрсынов жоқтаудың мадақ өлеңдерімен сабақтастығын, түркі-монғол халықтарында ас кезінде жылау, жоқтаудың орнына мадақтау өлеңін айтатынын, батырлық жырдың негізгі болған тарихи өлеңдердің бастапқы ұрығы осы мадақтау өлеңдері екенін көрсетіп берген [258].

«Шора батырдың» көптеген нұсқаларынан да мадақ өлеңінің іздерін көруге болады. Бірақ ол да алғашқы қалпын сақтап қалған, көп өзгеріске ұшырамаған, көркемдік дамуға түспеген. Ең қызығы, көне нұсқалардың бірі Добружа варианты мен классикалық нұсқаның нағыз үлгісі деуге болатын Майкөт – Ә. Сариев нұсқасы осындай мадақ жырларынан басталады. Майкөт нұсқасының орысша аудармасы мен Ә. Сариев жырланысындағы бұл мадақ-экспозицияны алғашқы тарауымызда салыстырғанбыз. Енді оның Добружа вариантындағы үлгісін қазақша аудармасымен бірге бере кетейік:

*Бир заманда бар экен,
Чора Батыр эр экен,
Эль ичинде бир экен,
Джав къайтатыр эр экен.
Бозкъыр деген еринде
Ат отлатып джургенде
Душман келе далагъа
Къазан къалесин алмагъа.
Боны туйгъан Чорачыкъ
Къылычын белине къушангъан
Окъ-садагъын такъынган
Қазан жолына къапынгъан.
Бир дульдудый уча экен,
Чал атыман чапкъанда,
Къая таишы джара экен,
Аткъычындан аткъанда.
Джавирине окъ тийсе,
«Джавын джава» дий экен.
Чекесине окъ тийсе
«Чыбын тишлий», дий экен.
Джелькесинден къан чыкса,
«Джеллер эсе», дий экен.
Минген аты тер экен,
Эльге кельген джавларгъа
Къаршы чыгъар эр экен [124,130]*

*Бір заманда бар экен,
Шора батыр ер экен.
Ел ішінде бір экен,
Жау қайтарар ер экен.
Дала дейтін жерінде
Атын жайып жүргенде,
Дұшпан келген далаға,
Қазан қаласын алмаққа.
Бұны білген Шорашық
Қылышын беліне құрсанған,
Оқ-садағын тағынған,
Қазан жолына асыққан.
Бір дүлдүлдей ұшыпты,
Қаба атымен шапқанда,
Қия тасты жарыпты.
Атар жерден атқанда,
Жауырынына оқ тисе,
Жауын жауды дер экен.
Шекесіне оқ тисе,
Шыбын шақты дер экен.
Желкесінен қан шықса,
Самал соқты дер экен.
Мінген аты тер экен,
Елге келген жауларға
Қарсы шығар ер экен. [61,68].*

Бір қызығы, бұл әсірелеумен берілген психологиялық портрет өзінің стилі, бейнелеу тәсілі жөнінен Едігеге арналған:

*Едіге деген Ер экен,
Елдің қамын жер экен,
Ел шетіне жау келсе,
«Мен шығайын» дер экен [259], –*

деген мадаққа ұқсайды. Соған қарағанда, қыпшақ тілдік тобына жататын түркілерде ел ішінен шыққан батырларды осы үлгіде

мақтау-дәріптеу дәстүрі «Едіге» жырынан кейін қалыптасқан сияқты. Шораға арналған мадақ өлеңдерінің эпостан тыс та айтылғаны байқалады. Мәселен, Мұрат Мөңкеұлы арқылы жеткен «Шалгез» жыры мен ноғайлардағы «Естереқұлы Ер Шобан» жырындағы Шораға айтылған мадақ бір-біріне өте жақын. Салыстырып көрейік:

«Шалгезде»

*Енді бірін кім десең –
Тумай аты жазылған,
Шаппай ізі қазылған,
Асылы нұрдан жаралған,
Жауды көрсе жайнаған,
Жай тасындай қайнаған,
Мың қызылбас кез келсе
Айдарынан ұстап байлаған,
Оның бір несін сұрайсың,
Ол кісінің ішінде
Күркеден жалғыз аттанған
Нәріктің ұлы Шора бар [260].*

«Естереқұлы Ер Шобанда»

*Менименен ере бер,
Өз көзинмен көре бар.
Аннан тағы сорасан,
Тумай аты жазылған,
Шаппай изи қазылған,
Асылы нұрдан яраған,
Яуды көрсе яйнаған,
Яй тасындай яйнаған,
Мың дұшпаны кез келсе,
Айдарынан байлаған,
Анан несин сорайсың
Жиынымның ишінде,
Нәріқұлы Шора бар [261].*

Сондай-ақ Ә. Сариев жырланысының басындағы мадақтың кейбір жолдары Мұрын жырлаған «Жаңбыршыұлы Телағыс» жырында Сыпыра жыраудың Мамайға айтқан сөзіндегі және Ажи-Молла вариантындағы Сәли карттың сөзіндегі Шораға айтылған дәріптеуге өте жақын. Соңғы екеуін салыстыра кетейік:

«Жаңбыршыұлы Телағыста»

Ажи-Молла вариантында

*Үйінде келмей қалулы,
Нәріктің ұлы Шора бар,
Меніменен ере бар,
Өз көзіңмен көре бар.
Маңдайының арасы
Екі қарыс сере бар.
Ту сыртынан қарасаң
Мекіре балық сазандай.
Қарсы алдынан қарасаң,
Басы бақыр қазандай [262].*

*Ага болсағ онда бар,
Шылбырлы суьнги колга алған,
Қары авзына таянған,
Салидинь улы Шора бар.
Сынык суьем эли бар,
Эки касынынынь арасы,
Ынанмасань кара бар [42,77].*

Бұларға жоғарыдағы «Естереқұлы Ер Шобандағы» алғашқы жолдар да ұқсайды. Бұл мадақ жырларының көпшілігі, Е. Тұрсынов айтқандай, ас кезіндегі жоқтаулардан туса керек.

Енді жоғарыда сөз болған эпос қалыптасуы мен дамуындағы жоқтаулардың екі түрлі рөліне қайта оралайық. «Шора батырды» жоқтау мен тұрмыс-салт жырларының эпостың пайда болуында атқаратын осы аталған екі функциясының алғашқы түрі негізінде түзілген деп айтуға болады.

Жырдың Ажи-Молла варианты өзінің көнелік сипатын басқа да қырларынан көрсетіп отырады. Классикалық эпос дәрежесіне жетпеген «Шора батырдың» татар, ноғай, башқұрт, сондай-ақ ертерек қағазға түскен кейбір қазақ, қарақалпақ нұсқаларындағы кейіпкер сөздері, негізінен, осы варианттағы түрлерімен өте ұқсас (№3 қосымшаны қараңыз). Ажи-Молладағы монолог пен диалогтың кейбір ұқсас түрлері бұл нұсқалардың бірінде жоқ болса, екінші біреулерінде кездесіп отырады, осындай сипатымен де бұл варианттардың бәрі дәл осы нұсқадан бастау алғандай әсер береді.

Кейіпкер сөздері ғана емес, барлық нұсқаның сюжеттік желісі де дәл осы нұсқаға негізделгендей әсер туғызатын ұқсастықтар бар. Әсіресе бұл ұқсастықтың эпос сюжетіндегі ең көп ұшырасатын тұсы – Шораның Әлі биді өлтіріп, Қазанға барғаны және Сәли қартпен, Қазан батырларымен кездесетін тұсы. Осы сюжет ноғайлар арасында пайда болса керек. Сонымен бірге жыр сюжетін құраған жеке-жеке әңгімелердің түрлі хандықтар аумағында пайда болғандығын да айта кету керек. Олардың негізгілері – Ноғай Ордасы, Қырым, Сібір және Қазан хандығы. Оның басты себебі – тарихи Шораның тағдыры осы хандықтар өмірімен байланысты болуында деп білеміз. «Шора батыр» – Ресейдің Қазанды басып алуынан алдыңғы екі татар (Қазан және Қырым) хандықтары арасындағы оқиғаларды, сонымен қатар басты әлеуметтік шарттарды білдіретін татар эпосы» [3,253], – дейді шетел ғалымы Х. Паксой.

«Шора батыр» нұсқаларындағы батырдың ата-анасының Қырым хандығына баруы, Шораның жолда тууы, одан батырдың кісі өлтіріп Қазан хандығына кетуі сияқты өзгермейтін сюжеттік желі тарихи шындық негізінде жасалған деуге лайық. Тарихи Шораның

осындай әр түрлі мезгіл мен мекен аясында істеген іс-әрекеттері сол кездің өзінде-ақ тұрақты сюжет құрап, әркімді әңгімелер туған. «Әр халықтың өзінің ғана эпосына тән ерекшеліктер тіпті көне заманда, эпикалық жырлар алғаш пайда бола бастаған кезде-ақ туған» [248,163], – деген М. Мағауин пікірі эпосқа негіз болатын өмірлік оқиғалардың сан алуан болып, олардың халыққа танымалдығы бастапқы кездің өзінде де жергілікті сипат алатынын аңғартқандай.

Тарихи Шораның эпос тудырған іс-әрекеттерін хронологиялық тәртіппен қарасақ, Әлі биді өлтіріп, Қазанға аттану оқиғасы сюжет құраған әңгімелердің алғашқысы болып шығады және олардың ноғайлар арасында тууы да шындыққа жақын келеді. Я. Шерфединов жариялаған қырымтатар вариантының да осы оқиғадан басталуы кездейсоқ құбылыс емес. Ал эпикалық Шораның Қазандағы іс-әрекетінің тарихи негізі бұдан кейін болған. Себебі тарихи Шораның өмірі Қазанда аяқталғаны анық. Және бұл оқиғалар жөніндегі әңгімелер шалғайдағы ноғайларға сол күйінде жете бермеген [5,34]. Бұл – өзге варианттардың көбінде бар эпос қаһарманының Қазанда айтқан монологтарының бірқатары Ажи-Моллада кездеспеуінің басты себебі. Мұның тағы бір себебі – Ажи-Моллада жоқ, басқа варианттарда бар монолог, диалогтардың бастылары кейінгі дәуірлерде шығарылған болуы ықтимал. Өйткені бұл монологтарда діни идеялар көп орын алған. Қазан үшін болған тарихи күрестердің саяси астарында ислам дінінің жетекші рөлі болғаны даусыз. Бірақ бұл күрестерді дін үшін ғана болған етіп көрсетудің кейінгі дәуір қоспасы екені анық. Оған қоса бұл қасиет исламдық баспа бетін көрген нұсқаларда көбірек байқалады. XIX ғасырдың орта тұсынан бастап орыстандыру саясатына қарсылық ретінде Орта Азиядағы түркі халықтарының арасында ислам дінінің ықпалы күшейген еді [175,41]. Бірақ бұл кездегі ислам атымен шыққан қозғалыстардың радикалы, саяси сипаты болғанын да ескеру керек. Сауатты баспагерлер өз идеяларын, діни уағыздарын өздері жарыққа шығарған халық шығармалары арқылы да там-тұмдап таратуға тырысты [263]. Мұндай идеялар «Шора батырдың» көркемдікке ойысқан нұсқаларында да бар.

Ажи-Молла нұсқасының көнелігінің тағы бір көрнекті дәлелі – мұндағы кейіпкер сөздерінің Добружа (Румыния) нұсқасындағы түрлерімен егіздің сыңарындай ұқсастығы (№3 қосымшаны қа-

раңыз). Румыниядағы татарлар өздерімен туыс ноғайлардан ерте кезден-ақ ажыраған. Нақтырақ айтқанда, бұл вариантты Румынияға қырымтатарлар құрамына енген ноғайлар алып барған. Бұл жырдың сюжеті мен тілінен айқын көрініп тұр. Румыния татарларының тілі – ноғайлар мен қырымтатарлар аралығындағы тіл. Мұны румыниялық тілші-ғалымдар дәлелдеген [264]. Қырымтатарлар құрамындағы ноғайлар татар көшпелілерімен XVII ғасыр бойында ассимиляцияға түскен [85,488]. Ал олардың Румынияға қоныс аударуы да сол тұста болған. М. Мағауин ноғайлардың Доннан ары өткен уақытын 1634 жыл деп көрсетеді [248,147].

«Шора батырдың» ноғайлық асыл нұсқасының осы оқиғалардан бұрын пайда болғандығы әбден түсінікті. Ол нұсқаның қазіргі ноғайларда өзгеріссіз сақталу себептерін айттық. Ал румыниялық татарларда (олардың құрамындағы ноғайларда) көне нұсқа ізінің өзгеріссіз сақталуының өзіндік сыры бар. Ол – татарлардың бұл бөлігінің тілі, діні, қаны бөлек, генетикалық туыстығы жоқ халықтардың арасында изоляцияда қалуынан болған ерекшелік. «Этникалық топ неғұрлым географиялық жағынан изоляцияланса, неғұрлым консервативті болса, оның қоғамдық құрылысы дәстүрлі болса, неғұрлым тарихи күйзелісті басынан аз кешірсе, соғұрлым олардың өткені туралы жадысы ғұмырлы болады» [265], – дейді эпос зерттеушілері. Туыстас татарлардың құрамына еніп, одан мүлдем жат өлкеге қоныс аударған ноғайлардың бұл тобы, тілі, тұрыс-салты, дүниетанымы біршама өзгергенімен, «Шора батырдағы» кейіпкер сөздерін мүмкіндігінше бастапқы қалпында сақтаған (№ 3 қосымшаны қараңыз).

Ажи-Молла варианты туралы ғалымдардың: «Жырдың асыл нұсқасы осылай ма, жоқ, әлде құрастырушылар кейбір қысқартулар жасаған ба – ол жағы бізге белгісіз» [111,221], – деген күмәнді сұрауына осы екі нұсқадағы сәйкестік толық жауап бергендей. Бұл сәйкестік Ажи-Молла вариантының қысқартуға ұшырамағандығын көрсетеді. Ал «Шора батырдың» румыниялық нұсқасындағы прозалық баяндаудың көптігіне қарап, оны Ажи-Молладан түсіп қалған немесе ұмытылған элемент деп есептеуге болмайды. Керісінше, олардың кейіннен қосылғандығын білдіретін белгілері көп (№2 қосымшаны қараңыз). Ажи-Молла варианты кейіннен, кеңестік дә-

уірдің жариялылық кезінде қайта жарық көргенде [43] қысқаша кіріспе сөзден басқа ешқандай жаңалық енгізілмегені де нұсқаға бұрын ешқандай қысқарту жасалмағанын білдіреді.

Ажи-Молладағы және Добружа нұсқаларындағы монологтар мен диалогтардың таңғаларлықтай ұқсастығының М. Әуезовтің: «Өлең сөз заман өткен сайын көп ақын ауыздарында өзгеріске ұшыраса да, оның өзгерісі онша мол болмайды. Себебі өлең күйінде айтушы, алдымен, көп болмайды. Онан соң олардың бір-бірінен ұғып алып айтуы бар, қосатын қоспасы өлгенше көп емес, қара сөз талай заманнан, талай айтушының аузынан өтеді. Сол сансыз көп айтушы көп түрлер қосып, өз заманына жақындатып, өзі айтып жүрген ертегілерге ұқсатып әкетеді» [12,93], – деген тұжырымында айтылған шындыққа да қатысы бар. Добружа вариантындағы кейіпкер сөздері тілдік дамуға сай фонетикалық өзгеріске түскенімен, лексикалық құрамын, грамматикалық тәртібін, негізгі мазмұнын сақтаған. Сондай-ақ варианттағы типтік сарындардың аздығы мен бейнеленген оқиғалардың реалды сипаты мұндағы сюжеттің тарихи шындықтан туғандығын мегзеп тұр.

Нұсқадағы дәлелдемелердің аздығы да осындай белгінің бірі. Тарихи шындықтан туған эпизодтар алғашқы да, оның себебін түсіндіру ретінде пайда болатын халық шығармаларындағы дәлелдемелер кейінгі екені даусыз. Дәлелдемелердің аздығынан да Ажи-Молла вариантының фольклорлық өңдеуге көп түспегені көрінеді. Мысалы, Добружа вариантында Шораның қаза табар тұсындағы: «Жау қолына түскенше, өзімді жардан Еділге атайын» [124,154], – деп, Шораның ойы осы есебінде айтылатын оның суға бату себебі Ажи-Моллада жоқ. Бұл да тарихи шындықтан туған халық қиялы екені даусыз.

М. Османов бастырған нұсқа бұрын баспадан шыққанын назарда ұстап, Ажи-Молла вариантын соның ауызша тараған редакциясы деп есептеуге де болмайды. Ноғай фольклорын көп зерттеген П.А. Фалевтің Орыс Императорлық қоғамында 1915 жылы жасаған М. Османов жинағы жөніндегі баяндамасында бұл жинақтың ноғай халық әдебиеті дамуына орасан зор ықпалы тигенін айтқан. Қоғамның жазбасында бұл баяндаманың қысқаша мазмұны былай берілген: «Баяндамашы ноғайлар арасында біршама кең тараған

халық шығармалары жөнінде мәлімет беріп өтті. Соңғыға (*халық шығармаларына – Б.Қ.*) Мұхаммед Османовтың ноғай-құмық мәтіндер жинағы ауыр соққы болып тиді. Бұл жинақ олардың арасында кең танымал. Ондағы жарияланған аңыздаулар мен өлең-жырлар жатталып, халық шығармаларының мәтіндері осы жолмен өзгермейтін берік қалыпқа ие болғандықтан да одан әрі дамымайды. Сонда да болса кейде М. Османовта орын алған аңыздар мен өлең-жырлардан айырмашылығы бар, оларға ұқсас шығармаларды естуге болады» [266]. «Шора батырдың» Ажи-Молла варианты да дәл осында айтылған өзіндік ерекшеліктері бар шығармалардың бірі.

Әрине, бұл екі вариантта да ұқсас жерлер бар. Ол ұқсастықтар Али бидің Қаракер атты алып кеткен сәтінен басталып, Шораның мерт болған тұсына дейін желі тартып отырады. М. Османов вариантындағы Нәріктің басынан өткен оқиғалар мен Шораның дүниеге келуіне дейінгі сюжеттің жанрлық, пішіндік табиғаты Ажи-Моллаға ұқсас бөлімнен мүлде бөлек және бұл сюжеттер кейіпкердің ерлік істерін қамтымайды. Осының өзі-ақ М. Османов вариантындағы Нәрік жөніндегі сюжеттің кейіннен, яғни өмірбаяндық тұтастану қосылғандығын көрсетеді.

Ажи-Молла варианты жеке адамдар арасындағы әр түрлі қарым-қатынастарды бейнелейтін реалды оқиғаларды қамтыса, М. Османовта қиялдан туған элементтер көбейе түскен. Мысалы, Шораның қаза болуы әке мен баланың соғысы сияқты ең көне әрі әлемдік сөз өнерінде кең орын алған сарынмен берілген. «Бұның арғы ұштығы – балаларын әкелері емес, аналары ғана тіктеп айыратын матриархат дәуіріне ұласатын ұғым. Сол ұғым өзге ситуация бойына сыйымды болып, қайта жаңғыра беруі мүмкін» [164,84], – дейді бұл мотивтің көнелігі мен өміршеңдігі жөнінде Р. Бердібаев. Хан қызының батырларға сыйлық жіберуі де көптеген ертегілерде бар, қыздың жігітке сынау мақсатында белгілі бір зат жіберетін мотивін еске түсіреді. Бірақ жырдағы бұл сарынның тарихи шындықпен де байланысы жоқ емес, ол жөнінде алдағы тарауымызда айтамыз.

Бұл екі нұсқада көп өзгеріске түспей, ұқсастығын сақтап қалған тұстар – кейіпкерлердің диалогы мен монологы. Шораның анасымен, Нәрікпен, жары Алтынмен қоштасуындағы көптеген жолма-жол сәйкестіктерді көруге болады. М. Османов нұсқасында қиял мен

прозаның үлесі күшейіп, оның есесіне, Ажи-Моллада бар көптеген кейіпкер сөздері түсіп қалған. Мысалы, Шора мен Али бидің ұзақ жауаптасулары Ажи-Моллада бар да, М. Османовта жоқ. Сондай-ақ батырдың Нәрікпен, Сәли қартпен, Құлыншақпен жауаптасуы да дәл осындай күйде. Және де екі нұсқадағы ұқсас болып келетін кейіпкер сөздерінің Ажи-Молладағы түрі әлдеқайда көлемді болып келуі де біздің бұл варианттың көнелігі жөніндегі ойымызды қуаттай түспек. Мәселен, Қарагерді Али би алып кеткенін Шораға айтатын Нәріктің сөзі Ажи-Моллада – 23; М. Османовта – 11; Шораның Али биге айтатын алғашқы сөзі Ажи-Моллада – 23, М. Османовта – 9; Шораның Али биді өлтіріп, жазықты болғандығы жөнінде айтатын Нәрік сөзі Ажи-Моллада – 9, М. Османовта – 6; Шорамен қоштасқан Алтынның сөзі Ажи-Моллада – 46, М. Османовта – 25 жыр жолынан тұрады. Ұқсас кейіпкер сөздерінің көлемі бірдей болып немесе М. Османовта артық болуы санаулы жерде ғана. Онда да артық жолдар бір-екі жолдан аспайды.

Ал Ажи-Молла нұсқасындағы кейіпкер сөзінің жол саны көп болуын кейінгі жырлаушылар қосқан деуге негіз жоқ. Өйткені мұндағы кейіпкер сөздері көне поэзиялық жанр – толғау формасын сақтап қалған (№3 қосымшаны қараңыз). Архаикалық сөздер мен сөз тіркестеріне толы, өзіндік өлшемдік ерекшелігі бар толғауды кейінгі дәуір поэзиясының дәстүрінде тәрбиелеген ақын-жыршылардың шығара алмасы анық. Осындай жайттарды есепке ала отырып, Ажи-Молла вариантына М. Османов жариялаған «Нәрік, Шора екі батырдың хикаяты» деген нұсқаның ықпалы тимегеніне, оның өз алдына өмір сүріп келген вариант екеніне және бұл нұсқа эпос дамуының бастапқы сатылардағы ескі белгілерді барынша сақтап қалғанына тағы да көз жеткіземіз.

Ажи-Молла вариантының сюжеттік тұтастану қалпын сақтап қалуының ең басты себебі бұл нұсқаның көшпелі өмір салтын ұзақ уақыттар бойы ұстанып келген қазіргі ноғайлар арасында айтылуынан деп білеміз. Ал М. Османов нұсқасына көршілес түркі халықтарының осы тақырыптағы шығармалары әсер еткені байқалады. Бұдан М. Османов нұсқасының ноғайлардың қалың ортасынан емес, көршілес ұлттар құрамына енген ноғайлар аузынан жазылып алынғаны сезіледі.

Бұл варианттың Ажи-Моллада кездеспейтін прозалық баяндаудан тұратын бөліктерінде отырықшы өмір салтын ұстанатын халықтар фольклорына тән белгілер өте көп. Атап айтсақ, сарай өмірі мен сарай қызметкерлері, жиналып бал (шарап) ішу, т.б. тіршілік суреттері ноғайлар өмірінен гөрі отырықшы көршіліс хандықтар өміріндегі қалыпты жағдайларға көбірек ұқсайды. М. Османов вариантындағы бірнеше сюжеттің біріктірілуінде айтушылардың ғана емес, жинаушының да үлесі болуы ықтимал. Мұны басылым соңындағы «Шора батырға уа һәм атасы Нәрікке байланысты айтылған жырлар бек көп. Лекин бүгін бізде мұнан артық жоқ еді. «Барын берген байға санлық» дегендей, қолда барын жаздық» [118,31] деген сөздерден көруге болады. М. Османов вариантындағы қара сөзді баяндаулардың қырымтатарлар арасында тараған Нәрік, Шораға байланысты аңыздармен ұқсастығы анық байқалады.

Қырымтатарлардағы жырдың әр түрлі нұсқасында Ажи-Молладағы сюжеттік желі сақталған. Бұл нұсқаларға кереметтік элементтер көп еніп, жырдың жанрлық сипатын өзгерткеніне қарамастан, Ажи-Моллада айтылатын сюжеттік желі көп өзгеріске түспеген, шығарманың бір бөлімі болып қалған. Бұл бөлім консервативті күйде сақталған, Ажи-Молладағы кейіпкерлер сөзінің көпшілігі өзгеріссіз қайталанады, реалдық сипаты сақталады. Ал қырымтатар нұсқаларына кейіннен қосылған элементтердің дені прозалық баяндаулар және оларда ертегілік, әпсаналық, мифтік белгілер көп. Олар Ажи-Молладағы сюжеттік желінің бас жағынан және соңғы жағынан (Шораның анасының жоқтауын есептемегенде) орын алған. Шораның әкесі Нәріктің басынан өткен оқиғалар, Шораның ерекше тууы және Шораның Қазанға барғаннан кейінгі ерлік істерін баяндайтын прозалық бөлімдер «ноғайлық» сюжетті екі жағынан «қоршауға» алған (№1 қосымшаны қараңыз).

Ноғай нұсқасындағы сияқты қырымтатар варианттарындағы проза түрінде келетін, көпшілігі ойдан шығарылған сюжеттер де әуелгі кезде жеке-дара пайда болып, кейіннен біріктірілгендігін шығарма құрамында олардың басқа сюжеттермен себеп-салдарлық байланыссыз, дербес тұруы аңғартады. Тіпті шығарма ішіндегі кейбір сюжеттердің бір-бірімен қарама-қайшы мазмұнда болып келетін тұстары да бар.

Эпостың Бекмамбет Құлмамбет варианты жөнінде айтқан қырымтатар зерттеушісі С. Нагаевтың мына сөзі де осы жайды аңғартып тұр: «Дастанның құрылысы қарапайым көрінгенімен, ол бірқанша қысқа бөліктерден құралған. Ал бұл шығарманың композициясын қайшылықты етіп көрсеткеніне қарамастан, олар дастанның негізін қалаған және байытқан, мазмұнын тереңдеткен» [267]. Зерттеушінің «қайшылықты» дегені дербес эпизодтардың мазмұндық қайшылығы туралы екені күмәнсіз.

Қырымтатар варианттарындағы ханның Нәрікті өз қолымен үйлендіру оқиғасы оның Меңді сұлуға қызығып, Нәрікті қайтпас сапарға жұмсауымен идеялық тұрғыдан мүлде қайшы келеді. Сондықтан кейбір нұсқаларда зорлық жасаушы ханның ұлы немесе інісі болып алмастырылған. Бекмамбет Құлмамбет (Ташкент) нұсқасындағы батырдың шын тілеулесі болып көрінетін Сары ханымның жау қолына қашып кетіп, әкесіне қарсы шығар ұл тууы да осындай қайшылықтың бірі. Ертегілік мотивтер мен кереметтік элементтер (Нәрік пен хан ұлы арасындағы оқиға, Шораның өкшесі тиген жерден су шығуы, оның көп адам жабылып әзер көтеретін оқ атуы, сопы қарияның әрекеттері, т.б.) дәл Ажи-Молладағы сюжеттік бөлімге дейін жалғасып келеді де, бұл бөлімдегі оқиғалар күрт реалды сипат алады. Бұдан әрі қарайғы сюжеттік желі қайтадан прозалық түрге ауысады және тағы да кереметтік элементтер көбейе түседі. Мұның өзі бұл екі, яғни прозалық және поэзиялық бөлімдердің пайда болуындағы мезгілдік және мекендік айырмашылықты және көркемдік дәстүр өзгешелігін, олардың жанрлық табиғатының бөлектігін байқатады.

Бұл варианттардың прозалық және поэзиялық бөлімдері поэтикалық, жанрлық тұрғыдан ғана емес, тілдік тұрғыдан да бір-бірінен дараланып тұр. Поэзиялық құрамда қыпшақ-ноғай тілдік тобына жататын түркі халықтарының поэзиясы мен тілдік ерекшеліктері көбірек көрінсе, прозалық құрамнан түрік (османлы) поэзиясы мен тілінің әсері анық байқалады. Бұған қарап, эпостың қырымтатар варианттарындағы прозалық бөлімдерді құраған қысқа-қысқа әңгімелердің көбі Қырымның қалалы аймақтарында, оңтүстік жағалаудың батыс бөлігінде және көпшілігі Ажи-Молладағы сюжеттен кейін пайда болған болуы керек деп жорамалдаймыз.

Қырымның дәл осы аймағында Осман әдеби тілінің әсері күшті екенін кезінде В.В. Радлов та айтқан болатын [125, XVI]. Эпостың Ескішеһир вариантында (Хажымұрат варианты) түрік тілінің әсері тіптен күшті. Ол түсінікті де, өйткені Түркияда едәуір уақыт тұрған айтушыдан жазылып алынған. Ал бұл тілдік ерекшелік ертерек хатқа түскен қырымтатар варианттарында да аз емес. Осының дәлелі ретінде бір ғана мысал келтірейік. Қарасу-Базар вариантындағы «Бір күл төбейе мінді» [125, 168] деген сияқты сөйлемдердегі – *йе* деген Осман түріктерінің тіліне тән барыс септігінің жалғауы поэзиялық бөліктерде мүлде ұшыраспайды. Бұл нұсқалардағы Нәрік оқиғасы мен Шораның ерекше тууы өмірбаяндық тұтастану кезінде жыр құрамына қосылған. Бұл тұтастану түрінің бас қаһарман түптұлғасының ғұмыр кешкен ортасымен сәйкес келуі «Шора батырдың» генезисіне тән дара сипат болуы да мүмкін.

Қалай болғанда да, Нәрік жөніндегі әңгіме өз алдына бөлек пайда болған сияқты. Оған жыр варианттарындағы Нәрікке қатысты сюжет құраған шағын әңгімелердің шығарма ішіндегі мазмұндық, пішіндік, тіпті жанрлық дербестігі, қазақтарда «Нәрік батыр» атты тап осындай сюжеттік желідегі жеке ертегінің болуы (А. Алекторов жариялаған нұсқа), Мұрын жырау топтамасындағы «Нәрік» бөлімінің өз алдына бөлек жырлануы және оның да қырымтатар нұсқаларының осы бөлімдегі оқиғаларды қамтитындығы, кейбір Оңтүстік Қазақстан және қырғыз нұсқаларының да «Нәрікбай» немесе «Нәрікхан» аталуы дәлел бола алады. Тап осы әңгіменің (бірақ Шораның Қырымдағы бастан кешкендері емес) Шора туралы жырдан бұрын пайда болуы да ықтимал.

Егер біз Чора Нарикович деген атпен тарихи деректерге есімі қалған қайраткерді эпикалық Шораға негіз болған деп санасақ, онда жырдағы Нәрік бейнесінің де тарихи түптұлғасы болған деп есептеуіміз керек. М. Османов және қырымтатар вариантындағы Нәрікке байланысты сюжет өмірлік оқиғадан туындап барып, кейінінен ертегілік пішін қабылдады ма, жоқ, болмаса, бұрыннан келе жатқан фольклорлық мотив негізінде ойдан шығарылды ма, Нәрік өміріне қатысты нақты тарихи дерек таппай тұрып, ол арасын ашып көрсетудің мүмкіндігі бола қоймайды. Бұл екі құбылыстың да бола беруі мүмкін. «Фольклордағы сюжет дегеніміз – фольклорлық

шығарманың негізгі оқиғалық қаңқасы, өзегі. Ол шығармадан бұрын пайда болып, одан тыс өмір сүре алады. Көркем шығармада, әсіресе фольклорда, сюжет көбінесе болмыстың өзінен пайда болады, ойдан да шығарылады» [162,18], – дейді мұндай фольклорлық құбылыс жөнінде С. Қасқабасов.

Бірақ Нәрікке қатысты әңгімелер өз алдына пайда болып, олардың Шора атымен байланысты шығармаларға кейін, өмірбаяндық тұтастану кезінде қосылып, шоғыр құрағандығы анық байқалады. Әуел баста дербес күйде пайда болып, өз бетінше өмір сүрген бұл әңгімелердің кейбірі белгілі бір себептермен «Шора батырдың» сюжеттік тұтастануында эпос құрамына қосылмастан, өз алдына окшау шығарма ретінде айтылып, жеке-дара көркемдік дамуға түскендігін Алекторов жариялаған ертегілік нұсқа дәлелдеп тұр. Нұсқаның «Нәрік батыр» аталу себебі де осында. Бұл әңгіме қырымтатар нұсқаларында да түгелдей проза түрінде айтылады. Тіпті «Шора батырдың» қалған бөлігіндегідей монолог, диалогтың жыр түрінде айтылуы кездеспейді. Оның үстіне, оның сюжеттік желісі де ертегіге тән дәстүрлі үлгіде құрылған. Билеуші ханның қол астындағылардың жұбайына қызығып, өзін өлімге жұмсауы – ескі қиял-ғажайып ертегілерден бері келе жатқан дәстүрлі сарын. В.М. Жирмунский осы сарынның қиял-ғажайып ертегіде де, қаһармандық эпоста да кездесе беретіндігін, оның ұмтылмайтындығы феодалдық дәуірге тән реалды тұрмыстық қатынас салдарынан деп түсіндіреді [85,321-322]. Демек, Нәрік есімімен байланысты осы сарынның да өмір шындығынан тууы әбден мүмкін нәрсе екен.

Біздің қолымызда, барлық жырланыстарымен, айтылымдарымен қоса есептегенде, «Шора батырдың» елуден астам нұсқалары бар. Бұл нұсқаның барлығы бір жанрдың аясында емес. Олардың ішінде батырлық жыр үлгілерінен басқа ертегілік, аңыздық, тіпті лирикалық жанрлар құрамына енетін нұсқалар да бар. Осы нұсқалардың барлығын бірдей қарастыруымыз – эпос генезисін анықтау қажеттілігінен туындаған әрекет. Себебі фольклордағы қандай да бір шығарма өзінің пайда болу кезеңінде біз онымен кездескен сәттегі жанрлық пішінде болмауы мүмкін. Әйгілі фольклортанушы В.Я. Пропп фольклор әдебиет сияқты бір ғана шығармашылық акт

емес, ұзақ үдеріс екенін дәл тауып айтқан [268]. Демек, біз көрген сәттегі фольклор үлгісі әуел баста да дәл сол қалпында пайда болды деуіміз – қате түсінік [108,237]. Фольклордағы бір сюжеттің бірнеше жанрлық түр қабылдайтынын көріп те жүрміз. Ғалымдар бұған төмендегідей мысалдар келтіреді: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақтарда лиро-эпос үлгілеріне жатса, алтайлықтардың «Қозын Эркеші» батырлық эпос болып табылады» [269]; «Едіге, Орақ – Мамай, Қобыланды, Алпамыс, Шора жөнінде екі ел арасында да көптеген өлең-жырлар мен ертегі-аңыздар бар. Бірақ қазақтың бұл батырлар жөніндегі ауыз әдебиеті көбінесе батырлық өлең-жыр түрінде келсе, татарлар олар жөніндегі ой-пікірлері, ой-қиялдарын ертегі-аңыз, яғни қарасөз түрінде ғана жеткізген» [89,23].

Генетикалық бір түбірден шыққан осы ұлттық нұсқаларды синхрондық тұрғыдан қарағанда әркелкі жанр деп есептеуге болғанмен, диахрондық тұрғыдан қарайтын болсақ, бір шығарманың түрлі дәуірлерде қабылдаған жанрлық пішіні деп есептеуге болады. Бұл шығармалар белгілі бір кезеңде тарихи-әлеуметтік жағдайлардың салдарынан одан әрі дамуын тоқтатып, сол кезеңдегі жанрлық қалыбын сақтап қалуы ықтимал. Демек, бір тақырып аясындағы барлық ауыз әдебиеті үлгілерін топтап, салыстыру арқылы оның поэтикалық даму тарихында барлау жасай алады екенбіз. «Көп қабатты, көп сатылы эпостың ішіндегі поэтикалық ұғымдардың арақатынасы, өзара жүйеге түсуінің заңдылығы қоғамдық процестерге байланысты тың сапаға ауысып, өзгерген тұсы да жаңа жанрлық түрге қадам басуымен ағайындас. (...) Асылында эпостың жанрлық түрлерін жалпы эпос поэтикасының ғасырлар бойғы жүріп отырған жолында белгі болып қалған ұрымтал тұс деп тұжырымдауға болғандай» [86,30], – деген Ш. Ыбыраевтың пікірін жекелеген эпос үлгілерінің поэтикалық дамуына байланысты да қолдануға болады.

Кезінде Қазан хандығы құрамына енген халықтардағы «Шора батырдың» нұсқалары көлемі жағынан өте қысқа. Әсіресе Қазан татарлары фольклорындағы қаһармандық пафос көлемді эпостан бәйіт сияқты қысқа шығармаларға ауыса бастаған. Дәл осы жағдайды татар әдебиетін зерттеуші Х. Усман былай баяндайды: «Бір кезде Қара теңіз жағасынан Алатау бөктеріне дейін созыла жатқан

сонау Дәшті-Қыпшақ дәуірінде осы ортақ эпос аталған аралықтың батысы мен шығысында бір үлгімен, құдіретті күшпен жаңғырып, айырмасыз, айна қатесіз айтылған да жырланған. Татар халқының тарихи дамуындағы одан бергі сан алуан этникалық өзгерістерге байланысты олардағы эпостың даму жағдайлары да өзгеріп кетті. Татардың халықтық творчествосы өзінің бұдан кейінгі дәуірінде бәйіт, қысқа жырлар түріне ауысты да, ал қазақтар болса, сол эпостың байырғы батырлық жыр дәстүрін одан әрі байытып әкете берді [270]. Бұл құбылыс халық эпосының тоқырауын білдіреді. Оның басты себебі халық өміріне ерте кезден дендеп ене бастаған капиталистік қатынастарда жатқаны ақиқат. «Татар поэзиясы дамуын тоқтатқан: жастар тек саудамен, заводтағы жұмыспен ғана айналысады, олардың ойынша «данышпандық» болып есептелетін бір нәрсені ойдан шығару қиялдарына да кірмейді» [271], – деп жазған болатын ХІХ ғасырдың бас кезінде Қазан татарларының тарихы мен этнографиясын зерттеген К. Фукс.

Бірақ эпос дамуының тоқтауы оның мүлдем жоғалып кетуінен емес, өз жүгін басқа жанрларға артуынан көрінеді. «Эпос халықтың талантының төмендеуінен және өздері жасаған өнерді бағалау мен дамытуға қабілетсіздігінен өлмейді. Эпос жаңа дәуірдің жаңа жыр түрін талап етуіне байланысты жоғалады» [268,547], – деген В.Я. Проптың пікірі өте дұрыс. Бұл үдеріс татар, башқұрт фольклорында қаһармандық тақырыптың эпостан бәйіттерге, аңыздарға ауыса бастауынан байқалады. «Жырлардағы *қаһармандық эпос мағынасында* – Б.Қ.) лиризмнің біртіндеп күшеюі ондағы қаһармандық тақырыптан алыстап, тұрмыстық-лирикалық мазмұнға байи түседі» [272], – дейді дәл осы үдеріс жөнінде А. Киреев. Тап осындай жағдайларға байланысты башқұрттар мен чуваштардағы Шора батыр тақырыбындағы шығармалар аңыз түріне ауысқан. Сонда да болса, башқұрттар мен татарларда шығарманың қаһармандық эпос түріндегі үлгілері да бір-біреуден ғана сақталып қалған. Олардың да тілі ноғайларға жақын екені көп нәрседен хабар береді. Сірә, олардың сақталуына осы халықтардың құрамына енген себеп болса керек.

Ал «Шора батырдың» ертегілік нұсқаларының жөні бұдан сәл басқашарак. Өйткені ертегі – стадиялық тұрғыдан бұлардың бәрі-

нен де көне жанр. Бұл жерде бір ескере кететін жайт, «Шора батыр» ертегілік немесе мифтік ойлаудың елегінен өтетіндей алғашқы қауымдық құрылысты, аталық рулық қоғамды басынан кешірген жоқ. Оның пайда болған дәуірі көптеген классикалық эпос түрлерінен әлдеқайда бергі кезеңде жатыр. Сондықтан «Шора батырдың» ертегілік нұсқаларын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сияқты эпостардың ертегілік түрлері сияқты оның көне «моделі» ретінде қарауға болмайды. «Шора батырдың» ертегілік нұсқалары кейінгі дәуірде пайда болған. С. Қасқабасов батырлық жырлардан туған мұндай ертегілердің XVIII-XIX ғасырларда пайда болғанын айтады [162,208-209]. Қырымтатарлардың Ескішеһир және Радлов жариялаған Бақшасарай нұсқаларының ертегілік сипаты күшейе түскен. Ескішеһир нұсқасына Түркия түріктерінің әдеби ықпалы тиген. Бұл шығарма бастан-аяқ қара сөзге құрылған, ондағы жол сұраушы қариялар мен Шораның диалогы ғана небары он алты жыр жолынан тұрады. Негізгі сюжеттік желі мен осы диалогтың қырымтатарлардағы, ноғайлардағы нұсқалармен ұқсастығы бұдан өзге де жыр жолдарының әуел баста мұнда да боландығын аңғартып тұр. Бірақ бұл жолдар толғау жанры өркендемеген жаңа ортада ұмытыла бастаған сияқты. Оның есесіне, бұл ортаның әдеби дәстүріне лайықты шығыстық ертегілерге тән сарындар дендеп ене бастағанға ұқсайды. Мысалы, басқа хандықтың қыздарын салық ретінде алып тұрған зорлықшыдан (айдаһар, дию, т.б.) құтқарып, сол елдің ханының қызына бас қаһарманның үйленуі – Шығыс ертегілерінде жиі кездесетін сарын. Бұл мотив эпосқа да ауысқан. Бірақ мұндағы зорлықшы көбіне реалды жау болып келеді. «Эпоста, ертегіде кейіпкердің осы сапарда басынан кешірген оқиғалары әр алуан болып келеді. Соның бірі – қаһарманның қыз еліне келгендегі жағдай. Көбінесе бұл қыздың ауылына жау келіп, сұлуды берсе қолынан, бермесе жолынан алып, әйел етпекші болғалы отырған қалмақ ханы мен қалың қолы жатады. Міне, осы зорлықшылармен соғысу – батырдың үйлену жолындағы тағы бір кезең, кәмететтік сынақ» [235,187-188], – дейді С. Қасқабасов. Ал Ескішеһир вариантындағы зорлықшы – реалды жау емес, табиғат апаты. Демек, бұл мотив нұсқаға ертегілік сарын әсерімен енген. Басқа варианттарда Шора мұндағыдай Қазанға үйлену немесе қалыңдығын құтқару

үшін емес, кісі өлтіргені үшін айыпты болып (көне варианттарда) немесе ағайынды жаудан азат ету үшін (классикалық варианттарда) барады. «Шора батырдың» Ескішеһир вариантындағы батырдың үйлену сарыны басқа қырымтатар варианттарындағы Сары ханымға қатысты сюжетпен контаминацияға түскен.

«Шора батырдың» Бақшасарай нұсқасында қаһармандық эпосқа тән ең басты белгі – ел қорғау тақырыбы көрінбейді. Мұнда батырдың жеке басына тән қасиеттер ғана әңгімеге арқау болады. Атақты адамдар жөніндегі әңгіменің негізгі пафосы батырлық емес, жеке бастың ерекше қасиеттері болып келетін Қырымдағы қырымчақ, қарайымдардың да қырымтатарлардың халық ауыз әдебиетіне тигізетін әсері болуы мүмкін. Қырымдағы осы халықтардың әдебиеті жөнінде 1915 жылы Императорлық Орыс Археология қоғамында баяндама жасаған М.С. Шапталы осындай белгілерді айтқан болатын. «Баяндамашы еврей ертегілерінде тура мағынасындағы батырдың мүлдем кездеспейтінін көрсетті, еврейлік батыр басқа халықтардағыдай жауды қылышпен жеңбейді, басқа халықтардың ертегілеріндегідей ерлік пен батылдық танытпайды. Жауды керемет көрсету арқылы немесе сөз құдіретімен, ақылдылықпен, былайша айтқанда, олармен сөз тартысына (диспут) түсіп жеңіп шығады» [273], – дейді баяндама мазмұны жөнінде қоғамның жазбасында. Бұл жерде М.С. Шапталыдың бұл халықтарды еврей деп атауының өзіндік сыры бар. Өйткені олардың тілі түркі болғанымен, Көне өсиетті (Ветхий завет) қасиет тұтады [273]. Осы тұста В.Я. Проптың фольклор генетикалық тұрғыдан қарағанда әдебиеттерден гөрі тілге жақын құбылыс екендігін айтқан пікірінің [109,22] дұрыстығына тағы да көз жеткізгендей боламыз.

Қазақтардағы «Шора батырдың» Б. Залеский жариялаған нұсқасын да ертегі деп айтуға болады. Бұл нұсқаның батырлық жырдан ертегіге енді айнала бастағаны сезіліп тұр. Нұсқадағы сюжеттік инвариант классикалық желіде құрылған. Тек кейіпкердің үйленуі ғана өз алдына бөлініп көрсетілмеген. Ал батырдың ерекше тууы жөнінде мұнда айтылмағанымен, жыр түріндегі бастапқы қалыбына бұл мотивтің болғандығы анық байқалады. Құдайдан бала сұрап әулие-әнбиелерге жалбарынып, кәміл пірлердің кереметімен, шарапатымен құдайдың бала беруі сияқты наным-сенімге негіз-

делген көне сарын Б. Залескийге түсініксіз болғандықтан, оны жазып алуды қажет деп есептемесе керек. Біз кейін тоқталатын Оңтүстік Қазақстан варианттарындағы Нәріктің ағайындарына өкпелеп Қазаннан ауа көшу оқиғасының бұл нұсқада да болуы осы ойға алып барады. Варианттағы Нәріктің Қазаннан кетуі арнайы айтылмағанымен, бұрын осылай болғаны Шораның Қазанға аттанар тұсында айқындалады.

Эпостың көне нұсқаларында кереметтік оқиғалар көп, бірақ олар типтік мотивтерді қайталамайды. Алайда бұл кереметтік оқиғалар жүйесіз түрде ойдан шығарылып, қосыла салғаны емес, батыр жөніндегі халық аңыздарына негізделіп, соған байланыстырыла жаратылған деп білуіміз керек. Мысалы, бұл варианттағы қарияның Шораға айдаһар, Құлыншаққа жылан сыйлап, қойындарына жіберуі Радлов жариялаған Бақшасарай, Бүйік-Хожалар варианттарындағы Шораның періштесі айдаһар, Құлыншақтың періштесі жылан кейпінде көрінетін әңгімемен тығыз байланысты екені көрініп тұр. Ал Шораның от болып тууы басқа варианттарда Меңлі сұлудың түсінде от көруімен байланысты деталь екені де белгілі. Бір-бірінен жағырапиялық жағынан да алшақ жатқан әр түрлі ұлт нұсқаларындағы мұндай детальдық байланыстарға қайран қалмасқа болмайды. Өте ұсақ элементтердің түрлі варианттарда ғасырлар бойы ұмытылмай келуі тарихи Шораның өз тұлғасының да, оған берілген дәріптеу түріндегі халық бағалауларының да ел жадында берік сақталуынан деп білмек ләзім. Демек, халық санасындағы Шора батырдың көркем бейнесінің кереметтік сипаттары ерте кезден-ақ, тіпті тарихи Шораның заманына іле-шала туып, айтылуда тұрақты сипатқа ие болған. Яғни, бұлар тарихи Шораның тұлғасын дәріптеген алғашқы ауызекі әңгімелерде де болған. Едіге батыр жөніндегі осындай ғажайып әңгімелердің тарихи түптұлғаның тірі кезінде болғанын В.М. Жирмунский тарихи деректермен дәлелдеген [85,377-378]. Ал жеке тұлғаның аруағы жануар бейнесінде көрініп, оның мықтылығын танытатыны жөніндегі әңгімелер көне нанымның рөлі күшті болған тарихи Шораның дәуірінде ғана емес, тіпті бергі замандарда да көптеп айтылған [275]. Жаңаша жырланған варианттарда да бұл мотивтің өзгеріске түскенімен сақталып қалуына осы көне түсініктің өміршеңдігі себеп болған. Мысалы, Шораның айдаһар түрінде

көрінетін аруағының (қырымтатар варианттарында періште) әрекеті көне нұсқаларда қысқаша әңгіме түрінде берілсе, М. Әлиакбарұлы варианты сияқты өтпелі, аралық вариантта «Ер Шораның аруағы Аздаһа болып жұтады» [159,38] деп, небары бір сөйлем көлемінде ғана баяндалады. Ал классикалық варианттарда (Молда Мұсада) «Сорса емшек тартады, Айдаһардың лебіне» [159,251] немесе «Ер Шора да тартып жүр Айдаһардай лебімен» [159,321-322], «Шартанабын тартады Айдаһардай лепіне» [159,286] деген сияқты тілдік көріктеу құралына айналып кеткен. Мұсабай вариантындағы Гүлқаныстың айдаһар етіне жерік болуы да кездейсоқ емес, көне нұсқалардағы осы сарынмен байланысты туған деп санаймыз. Эпостың әркелкі нұсқаларындағы айдаһармен байланысты мотивтің бастапқы нұсқаларда-ақ болғандығы байқалады. Мұрын жыраудағы және кейбір қырымтатар варианттарындағы Шораның аруағы айдаһар, Құлыншақтікі жылан болып, бір-біріне осы тылсым күштерін көрсетумен батырлық сынасуы, прозалық нұсқалардағы және эпос әсерімен пайда болған шығармалардағы Шораның айдаһармен, алып жыландармен алысуы туралы эпизодтың тууына түркі болғаны айқын. Мәселен, Майлықожа айтуындағы нұсқада батыр тоғай ішінде айдаһарды өлтірсе, Ф. Әхмәтованың айтуынша, Қыям Юлдаштың «Чура батыр» атты поэмасында шөл жыландарымен айқасады [102,347]. Сондай-ақ біз жазушы М. Мағауинмен 1996 жылы болған бір сұхбатымызда ол кісі өзінің жас кезінде ауылында өскен орыс жігітінен Шораның айдаһармен күресі туралы әңгіме естігені жайында айтқан еді (автордың жеке мұрағатынан).

Мұрын жырау нұсқасындағы Ханжанның Шораның асына Таспагерді союы да жаугершілік салтынан елес беретін, бергі бейбітшілік замандарда ұмыт болған дәстүр. Бұл сонау атын иесімен бірге жерлегенде «о дүниелік өмір – жер бетіндегі тіршіліктің жалғасы» [276] деп қабылданатын көне түркілердегі түсініктің исламдық сипатқа көшкен түрі болуы да мүмкін. Кейбір Сібірдегі түркі халықтарының эпосында иесімен атын бірге жерлеу сарыны кейінгі кезге дейін сақталып келген [277]. Бұл ерекше сарынды да эпостың бастапқы түзілуінен бері келе жатқан белгі деп қарауға болады. «Шораның қару-жарағын өртеу оның артында ұрпағы, ізбасары жоқтығын меңзегені ме, қалай болғанда да, Мұрын жырау

версиясының өзге нұсқалардан көп айырмашылығы бар» [2,104], – дейді Р. Бердібай.

Шораның жыр соңында жерге кіріп кету оқиғасы да көне сарын. Алайда Мұрын жыраудағы бұл мотив көне варианттардағы Шораның суға батуы туралы эпизодпен алмастырылғаны белгілі. Суға кетудің жерге кіруімен алмастыруының да өзіндік сырлары болса керек. Қырымтатар варианттарында Шораның судан қайта шығып келетіндігі жөніндегі халық сенімінің іздері байқалады. Мұны біз Польшада жарияланған варианттан көре аламыз. «Қазанның Қара суынан шығып келетініне және аты Тасмалы Керіне мінетініне, Шора (Чора) батырдың орыстарды қайта жеңетініне деген наным және Шора батырдың судан шықпауы үшін орыстардың оны су басында күтуі жөнінде дастандарымызда әлі күнге дейін айтылып келеді, бұл да халқымыздың болашаққа деген сенімі мен ерекше шыдамға ие болуының көрінісі, бұл – таңғаларлық жайт» [69], – дейді Түркия зерттеушісі М. Ақчора. Ал Мұрын жыраудағы эпос қаһарманын жерге кіріп кеткен етіп көрсету сарыны дәл осы оның қайта тірілуіне деген халық сенімінің күштілігінен алмастырылса керек. Жерге кіріп кеткен кейіпкерлердің қажетті кезінде қайта тірілетіндігі жөніндегі ескі діни мотивтер мұндай сенімді күшейтетіні кәміл. Бұл сарын қазақтар арасына кең тараған. Бұл, әсіресе, «Дариға қыз» дастаны мен «Жылаған ата» аңызындағы басты мотив. Демек, Мұрын жыраудағы бұл сарынды діни таным шеңберінде пайда болған деп айтуға негіз бар екен.

Генеологиялық тұтастануда ұрпақтар ерлігінің тізбесін жырлаушы әйтеуір қалай болса солай топтап, жүйесіз тізе бермейді. Ол тізбекті халықтық шежіре шындығы негізінде түзері сөзсіз. «(...) шежірелерден эпостық жырлардың, аңыздардың қаһармандары есімін де жиі кездесіреміз. Міне, осы деректер эпостануда қосымша мағлұмат ретінде пайдаланылса, жырдың генезисі мен эволюциясы туралы түсінігіміз арта түскен болар еді» [2,78], – деген Р. Бердібайдың тұжырымы, бір жағынан, шежіре мен эпостың сабақтастығын білдіріп тұр. «Шора батырдың» ең көне нұсқаларында да, кейінгі классикалық нұсқаларында да түгелге жуық кездесетін:

*Асылымды сұрасаң,
Көгіс ұлы Тамамын,
Өз атымды сұрасаң,
Нәріктің ұлы Шорамын, –*

деген Шораның сөзіндегі төрт түрлі кісі аттары «Қарадөң батыр және оның ұрпақтарында» да дәл сол күйінде қайталаанады (Көгіс – Тама – Нәрік – Шора). Тек Көгіс кейбір варианттарда ғана Көкіс, Кеуіс, Кеуіш, Нөкіс (бұл Көгіс атының кирилл жазуындағы қолжазбасын дұрыс оқымаудан туған секілді) деген сияқты фонетикалық өзгерістермен беріледі. Осы тәртіп қазақтардағы тама руының шежіресінде де сақталған. Әрине, ру шежіресі таманың өзінен бастап таратылатын болғандықтан, Шора батырдың әр түрлі нұсқаларындағы оның атасы болып айтылатын Көгіс оған кірмей қалған. Ол шежірелерде тамадан – Қарабура, Қарабурадан – Нәрік, одан кейін Шора болып таратылады. Тамалар Шораны өздерінің арғы бабалары деп есептейтінін М. Тынышбаев та айтқан [278].

Бір қызығы, қазақ шежіресіндегі тамадан тарайтын Қарабураны «Шора батырдың» қарақалпақ варианттарында:

*Арғы атамды сұрасаң,
Қарабура хан еді.
Бергі атамды сұрасаң,
Көгістің ұлы тама еді [229,8], –*

деп, керісінше, Таманы Қарабурадан таратып қойған. Қазақтардың құрамындағы тамалардың ұраны «Қарабура» болып келуі кездейсоқ нәрсе еместігін көруге болады.

Молда Мұса нұсқасындағы Шораның өзімен соғысатын баласының аты Алып деп аталуы кейіннен ойдан шығарылған сияқты. Көне варианттардың өзінде айтылмайтын (кейде Малай делінеді) кейіпкер есімі көркем өңдеуден әбден өтіп, барынша өзгеріске түскен нұсқада сақталып қалуы екіталай. Алып есімін енгізуде кейінгі жыршылар (Мола Мұса болуы ықтимал) Мұрын жырау сияқты шежіреге жүгінген болуы мүмкін. Шорадан таратылатын тама руының шежіресінде руды екі тармаққа бөледі. «Негізінен екі

тармақтан тұрады. Сондықтан алты ата Алып (*кейде Әліп – Б.Қ.*), жеті ата Жөгі дейді» [279].

«Халықтың нендей әңгімелерге қызығатынын жіті бақылып жүретін жыршылар өзінің репертуарын тек өлеңмен ғана емес, ертегілермен, шежірелермен, аңыздармен, шешендік сөздермен, мысал-тәмсілдермен ұдайы толықтырып отырған» [2,298], – дейді Р. Бердібай. Осындай материалдарды меңгерген жыршы эпосты өзінше жырлау кезінде оларды пайдаланбауы мүмкін емес. Бірақ Алып жөніндегі жырдың екінші бөлімін Молда Мұса толығымен өз ойынан шығарған деуге болмайды. Өйткені ол эпостың көне нұсқаларында да бар екенін білеміз. Сыр бойында, Оңтүстік Қазақстанда тараған нұсқалар басқа эпостардың ескіден келе жатқан классикалық түрлерімен контаминацияға түскен. Әсіресе «Алпамыс батыр», «Қобланды батыр», «Едіге батыр», «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырларының әсері көп байқалады. Бұл, ең алдымен, кейіпкер аттарының өзгеруінен көрінеді. Көне нұсқалардағы батырдың Таспагер (Тасмагер, Тасмалы кер) деп аталатын тұлпарының аты Шұбар болып алмастырылуы, сөз жоқ, «Алпамыс батыр» жырының әсерінен болған. Жүрметөз есімі де осы жырдың кейбір нұсқаларында бар болатын. Баласыздығына қорынып, тойға әкелген саба-саба қымызды жарып тастайтын болашақ батырдың әкесі туралы эпизод та «Алпамыстың» өзбек нұсқаларында бар. Ал Жанбай, Қаратиын, Қаныкей, Тыныкей деген кейіпкер аттары «Едіге батыр» жырынан ауысқаны анық. Тіпті «Едігедегі» Сыпыра жыраудың Тоқтамысқа айтатын сөзіндегі кейбір жыр жолдары Ә. Сариев нұсқасында Қызыл таздың Қараханға айтқанында:

*Нәрікбайдың Шорасын
Алдап-сулап қасыңа ал,
Қасыңа ал да басын ал [159,179], –*

деп қайталанады.

Сондай-ақ бұл өңірдегі барлық нұсқаға ортақ Шораның түрікпеннің мың баласын таманың қырық баласына қысым көрсеткені үшін қырып тастайтын жері де «Манас», «Ер Сайын» сияқты көптеген ескі жырларға ортақ мотив екендігін Ә. Марғұлан да айтып

кеткен болатын [255,84]. Молда Мұсадағы Қараманның жылқысын Шора айдап бара жатқанда Көкбесті аттың жылқыдан бөліне қашып, иесіне хабар беруі – «Қобыланды» жырында бұрыннан бар Көбіктімен байланысты сюжет негізінде пайда болған қоспа. Осы сияқты дайын сарындар және образдар, формулалар бұл нұсқалардың көлемін барынша ұлғайтқан, жырдың әуелгі қалыбын мүлдем өзгертіп жіберген.

«Шора батыр» – орыстарды жау етіп көрсеткен бірден-бір түркі эпосы» [3,256], – деп Х.Б. Паксой бекер айтпаған. Жырдың жаңаша жырланған нұсқаларында да, бергі кезге дейін эпикалық жау «орыс» деп айтылғанын аңғаруға болады. Мұның ізі, әсіресе, Мұсабай нұсқасында жақсы көрінеді. Нұсқадағы жаудың арбамен жүруі, мылтық, зеңбірек пайдалануы, тойға шошқа союы қалмақтан гөрі орыстардың тарихи-реалды бейнесіне жақын. Оған қоса, нұсқадағы соғыс суреттері Қазан үшін болған ұрыстардың тарихи сипатынан көбірек хабар береді.

*Қамап тұрған көп сандат
Жабыла мылтық атады,
Түтін қаптап жатады.
Атқан оғы мылтықтың
Шора киген жейдеге
Жабыса келіп қатады [159,74], –*

деген жыр жолдарынан оқ-дәрімен атылатын қару басты орында қолданылған Қазан үшін болған тарихи ұрыстардың елесі байқалады және жау әскерінің солдат (сандат) деп аталуы да нұсқадағы эпикалық жаудың бастапқы кезде «қалмақ» деп аталмағанын аңғартады. Кезінде «Манас» жырын жырлаушылардың бірінен эпос нұсқасын жазып алған В. Радловқа да жырлаушы өз нұсқасындағы эпос қаһарманының орыстарға қарсы соғысын алып тастап, керісінше, Манасты «ақ патшаға» бағынышты етіп баяндағаны ғылымға белгілі. Е. Александров та Қазалы уезд бастығының жәрдемшісі болған, кезінде Сырдария губерниясының генерал-губернаторы Н.И. Гродековтың 1884 жылғы экспедициясына қатысып, әдет-ғұрыпқа байланысты көп материал жинаған адам. Ол Көкше-

тау қаласында сібірлік казактың отбасында туған, казак тұрмысын, тілін жетік білген [280].

Мұсабайдағы Шораның көз тиіп мертіккен тұлпарын пірлері қарақұс болып көтеріп алып кетуі қарақалпақ нұсқаларының әсерінен туған. Қазак қаһармандық жырларында кездесе бермейтін бұл эпизод көршілес халықтардың наным-сеніміне көбірек жақын. Әдетте казак қаһармандық жырларында аруақтың, пірдің қолдауы көзге көрінбес тылсым дүние ретінде суреттеледі. Біз бұл мәселеге бұрынырақ жазылған зерттеуімізде арнайы тоқталған болатынбыз [281]. Соған карағанда, Мұсабай көршілес отырған қарақалпақ жырауларымен тығыз шығармашылық байланыста болған.

Эпостың Сыр бойы мен Оңтүстік Қазақстандағы нұсқаларының көптеген ортақ белгілері бар. Қазак халқының жыршылық дәстүрін зерттеушілер бұл екі өңірді екі мектепке бөліп қарастырғанмен [152,15-19], «Шора батырдың» бұл аймақтардағы нұсқаларының бір-бірімен ұқсас болу себептері көп. Біріншіден, бұл екі өлке де эпостың оғыздық дәстүрін берік ұстанған. Сыр бойы жыршылық мектебін құрайтын Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы, Арал жағалауындағы Кіші жүз казактарының ішінде оғыздармен тікелей генеологиялық байланысы бар рулар көп. Әрі бұл жер – оғыз тайпаларының тарихи мекені. Оңтүстік Қазақстан өлкесі жөнінде де осыны айтса болады. «Шора батырдың» осы екі өңірде айтылатын нұсқаларында орын алған кәрі атаның баласыздығын бетке басу мотиві оғыз эпикалық дәстүрінің бұл жердегі беріктігінен эпос құрамына енген. Дәл осы сарынның оғыз тайпаларының аңыздарынан бастау алатыны анық [2,145].

Екіншіден, бұл екі жыршылық мектептің жағырапиялық тұрғыдан шектестігі де эпос нұсқаларының ұқсас болуына септігін тигізген. Қоян-қолтық араласып жатқан ел бір-бірінен эпос нұсқаларын естуі, үйренуі әбден заңды.

Үшіншіден, бұл екі өңірдің саяси-экономикалық жағдайы да ұқсас еді. XIX ғасырдың орта шенінен бері бұл өлкелер Қокан хандығының қол астында болды. «Шора батырдың» бұл аймақтардағы нұсқаларында бейнеленген зекет, отын салығын төлеу сияқты өмір шындығы Қокан хандығы билеу жүйесін елестетеді. Майкөт нұсқасындағы «бекауыл», «мыршар», т.б. атаулар да сол дәуірдің елесін береді.

Қазақстанның бұл өлкелеріндегі нұсқалардың өзгеріске бейім болатын да жөні бар. Оның ең басты себептерінің бірі, жоғарыда айтып өткендей, оғыздық көне эпос дәстүрінің ықпалының күштілігі. Оған қоса, бұл аймақтың «Шора батырға» арқау болған тарихи оқиғалардың ошағынан алыс болуы да мұндағы қиялдың үлес салмағының күшеюіне ықпал еткен. Түркі халықтарының бір-бірімен тығыз байланысуына мүмкіндік беретін көш-қоны XIX ғасырда барынша қысқарды. Қазақтар өздерінің тарихи туыстарын ажырата алмайтын халге жетті. Қазан татарларын да, қырым татарларын да, ноғайларды да жинақтап «ноғай» деп атай салатын болды [274,101]. Қырым, Қазан, Астрахан хандықтарына тиісті жерлерді қарапайым қазақ жат өлке сияқты қабылдай бастады. «Абай» энциклопедиясында Абай заманындағы осындай түсінік жөнінде: «Ол кездегі қазақ үшін Қ. (*Қырым – Б.Қ.*) дүниенің бір бұрышы саналған («Қызын – Қырымға, ұлын – Үрімге» деген сөз бар)» [280], – деп айтылған. Міне, осындай түсінік эпос сюжетін туғызған оқиғаның тарихи фоны болған жағырапиялық өлкеден алыстаған сайын күшейіп, нәтижеде оның нақты реалды сипаты көмескеленіп, көркем образдық қасиеті артары даусыз. Және де эпостың Сыр бойы, Оңтүстік Қазақстандағы нұсқаларын жырлаушылардың көбі импровизатор, әсіресе айтыс ақындары болуы да бұл нұсқалардың барынша өзгеріске түсуіне әсер еткен фактордың бірі.

«Шора батыр» жырының Оңтүстік Қазақстанда барынша кең тарауының және оның қарақалпақ нұсқаларымен ұқсас болуының да өзіндік сыры бар. Қарақалпақтар 1596-1597 жылдар шамасында Еділ бойынан Түркістан өлкесіне келген [282], сөйтіп 1723 жылдардың шамасына дейін Түркістан, Сығанақ қалалары атырабында отырған да, жоңғарлар шабуылынан кейін бір бөлігі Арал маңына, екінші бөлігі Ташкент тарапына қарай қоныс аударған [16,59]. Еділ бойынан көшкен бұл этникалық топтың Оңтүстік Қазақстанға келуі кездейсоқ емес, рулық байланыстан туған жүйелі құбылыс сияқты. Өйткені бұл этникалық топ ол кезде «қарақалпақ» деп атала қоймаған, негізін қоңырат рулары құраған топ болатын. Олар осы өңірде бұрыннан жайлап келе жатқан өздерінің рулас ағайындарын сағалап келген [282,33-34]. Е. Мәмбетов: «Қарақалпақ қоңыраттары ру емес, бәлкі руларды құрамына алған үлкен бір қауым» [282,53], –

десе, енді бірде: «(...) IX ғасырда қалпақтар, XIV ғасырда қара бөріктілер, XII ғасырда қыпшақтар, XIV ғасырда ноғайлылар, XV ғасырда қоңыраттар мен маңғыттар деп аталып жүрген қарақалпақ қауымдары XVI ғасырда қарақалпақтар деген тұтас халықтық атаумен көрінеді» [282,68], – дейді. Сонда олар әлі жекелеген ұлттар құрамына енбеген тұста қазақ қоңыраттарымен байланысқан бүтін бір этникалық топ болған. Қазанның орыстардың қолына өтуімен байланысты сол жақтағы қоңыраттардың Үргеніш тарапқа үдере көшкені туралы 1864 жылы қайта көшірілген, Қазан қаласының тұрғыны Салах Атногудовтың қолжазбалар жинағында сақталған көне татар жылнамасында да айтылады. Онда: «Орыстардың қолынан құтылу үшін олар жан-жаққа босты. Көпшілігі батыс жақтағы Қырым мен Қобанға қашты; ол жақта Бақшасарай деген қала бар дейді; саяхатшылар оның үлкен қала екенін айтады, тағы бір қала Яхсай деп аталады. Төменгі жақта қалалар көп болды: Ақтөбе, Сары-Таң, Көске, Ишан қамалы. Көпшілігі Жем мен Қуан өзендерінің бойына қоныстанды. Қырғыздарға (*қазақтарға* – Б.Қ.) араласты, қырғыз болып кетті. Уфа қаласының маңындағы Ақ (Белая) өзеннің Дем өзені құятын тұсында Қоңырат қамалы болды; оның тұрғындары сол жерден Үргенішке қоныс аударды. Сол жақта қамал тұрғызып, оны да Қоңырат деп атады (*біздіңше, қазіргі Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласын айтқан* – Б.Қ.). Ақ өзенде Төре-тау деген тау бар. Төре – қоңырат ханының аты (*жылнамашы «төре» сөзінің кісі аты емес, этноним болуы да мүмкін екеніне мән бермеген сияқты* – Б.Қ.). Ол жерде қаланың қалдығы ғана қалған; сонда болғандар көріпті» [283], – делінген.

Қазіргі қарақалпақ ұлтының құрамындағы дербес рулар олар Еділ бойынан Түркістанға келген кезде қоңырат қауымына кіргенге ұқсайды. Мәселен, К. Мәмбетов қарақалпақтардағы ірі рудың бірі мүйтендердің бір кезде қоңырат тайпасында болғандығын айтады [282,76]. Ал осы мүйтендердің бір тармағы болып саналатын байлар атасы қазір қазақ қоңыраттарының құрамында бар. Оның үстіне, осы байлар тармағы кезінде Қазан хандығында болған башқұрттар арасында да бар. Байлар этнонимін Л.С. Толстова бұлғар тайпаларымен байланыстырады [284]. Л.С. Толстованың қарақалпақ фольклоры мен башқұрт фольклорының өзгелерде жоқ

ерекше ортақ сарындары [284,216-223] екі халықтың генетикалық жақындығынан келіп шыққаны сөзсіз. Мәселен, «Шора батырдың» Оңтүстік Қазақстандағы және қарақалпақ варианттарында су тұлпары жөніндегі мотив башқұрт фольклорынан айрықша орын алған, башқұрт ертегілері мен эпосында өте көп кездеседі [285]. Жоғарыда келтірілген татар жылнамасындағы қоңыраттардың бұл жаққа Уфа маңынан келуі де айтылмыш сәйкестіктердің түп-тамырын айқындап тұрғандай.

Эпостың Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойы, Жетісу нұсқаларындағы «түркіпен», «Үргенішке» байланысты тұстар да қоңырат руларының тарихи мекенімен байланысты туғандығы сезіледі. «Шайбани заманынан бері қарай қоңыраттар екіге бөлінді. Бір бөлігі – (ең көбі) Сыр бойында, Қаратауда, екінші бөлігі – XVI ғ. бері қарай солтүстікке көше алмай, Амудария бойын қоныстап қалды. Ол жердегі қоңыраттардың кейбір қарттары бабаларының Арқаға дейін көшіп барып жүргенін осы ғасырдың 30-жылдарына дейін айтып отыратын» [255,181], – дейді Ә. Марғұлан. Хорезмде билік құрған Қоңырат династиясына қатысты тарихи жағдайлар «Шора батырдағы» бас қаһарманның немесе оның ағайындарының түрікпендерге үстемдік жүргізуі жөніндегі қоспаның енуіне себеп болған. Аталмыш династия 1800-1919 жылдар аралығында да Үргеніште хандық құрған [278,12].

Байлар тармағынан басқа да қазақ және қарақалпақ қоңыраттарына ортақ тоқболат, тиекті, киікші, қазаяқты, т.б. аталары бар. Қазақ қоңыраттарының ішіндегі ноғай бөлімінің киікшілерімен ағайын ретінде айтылуы да бұл рулардың бір кезде Еділ бойынан келгендігін байқатады. Сонымен қатар, осы байлар тармағынан тарайтын тама-көбек атасының болуы бұл этникалық топтың эпостағы Шораның руы болып айтылатын әрі бір кезде Қазан хандығы құрамында болған тама руымен тығыз тарихи-генетикалық байланысы болғанын білдіреді.

М. Тынышпаевтың айтуынша, қазақ халқының құрамына енген қоңыраттардың үлкен бір тобы 1420 жылы Еділдің құйылысында болған. «Мұнда қоңыраттың ел басшысы Хайдар мырза алғашында Ұлы-Мұхаммедті қолдайды, кейін кіші Мұхамед жағына өтіп, Ұлы-Мұхаммед орыс қаласы Белевке қашатын ең ақырғы ұрысқа

катысады. Хайдар мырзаның 3 түмен (30 000) қоңыраты болды, оның арқасында Тоқтамыстың немересі Сейдахмет Қырым тағына ие болды. Хайдар мырза өлгеннен кейін қоңыраттар Еділге, одан кейін өзбек Әбілхайырға өткен сияқты. Қазіргі Қырымдағы қоңыраттар – сонда қалған (1449 жылдан кейін) қоңыраттардың ұрпақтары» [278,18-19], – дейді ғалым. Бұдан қарақалпақтардың және қазақтардың құрамына қосылған қоңырат қауымының бір бөлігі XVI ғасырдың аяқ кезінде тұтас күйде Еділ бойынан Түркістан өлкесіне қоныс аударғанын көреміз. Олар Еділ бойында «Шора батырға» негіз болған тарихи оқиғалардың куәсі болды.

Осы дерек көздерінің барлығы, айналып келгенде, «Шора батырдың» Оңтүстік Қазақстан өлкесіне XVI ғасырдың аяқ кезінде-ақ келгендігін білдіреді. Әрине, түркі халықтарының генетикалық туыстығы жаңалық емес. Оның үстіне, кез келген рулар миграциясымен халық шығармаларының таралу аймағын байланыстыра беру барлық уақытта сенімді бола бермес. Бізді жоғарыдағы тұжырымға алып келген нәрсе – қазақ, қарақалпақ, башқұрттардың құрамындағы кейбір рулардың бір-бірінен ажырап, бөлінген уақытымен «Шора батыр» жырының пайда болу, таралу дәуірі сәйкес келетіндігі. Эпостың Оңтүстік Қазақстан және қарақалпақ нұсқаларындағы ұқсастық, әсіресе, ондағы тарихи шындықтың ғана емес, көркем қиялдың сәйкестігі де тап осы байланыстан келіп шыққан.

Қарақалпақтардағы «Ер Шораның» осы аталған Оңтүстік Қазақстан және Сыр бойы мен Жетісу өңірлеріне жайылған қазақ нұсқаларымен кейіпкерлер жүйесінде де ортақ тұстар жеткілікті. Олардың аттары мен жырдағы атқаратын қызметтері ұқсас болып келеді. Мысалы, Көзбембет, Қарахан, Шұбар ат, т.б. кейіпкерлер осыған дәлел бола алады. Бұл нұсқалардағы өте ұқсас кейіпкер – Көзбембет. Оның аты сәл ғана фонетикалық өзгешелікпен бұл нұсқалардың бәрінде бірдей қайталанады. Мәселен, Мұсабай вариантында ол «көзі қатты Құлманбет» деп аталынады. Қарақалпақ вариантында да Көзмәмбетке «көзі қатты» деген атауды қосып айтады. Мұсабайда да ол, қарақалпақ нұсқаларындағыдай, Шораның тұлпарын қарғап өлтіреді. Шұбар аттың бейнесінде де ортақ тұстар жеткілікті. Эпостың көне нұсқаларында Таспагер, Қаракер деп

аталатын батырдың серігі Сыр бойы, Қаратау, Жетісу қазақтарының және қарақалпақ варианттарында біркелкі Шұбар деп аталуы – бұл нұсқалардың ноғайлардағы, қырымтатарлардағы, Батыс Қазақстан қазақтарындағы нұсқалардан басты ерекшелігінің бірі. Оңтүстік қазақстан мен қарақалпақ нұсқаларында Шұбар жай тұлпар ретінде емес, мифологиялық жануар ретінде суреттеледі. Ә. Сариев жырлауындағы Майкөт нұсқасында ол, жоғарыда айтылғандай:

*Атасы болған сыбайдан,
Анасы болған құмайдан.
Екі асылдың белінен
Сивырдан туған ылайдан [159,83], –*

деп суреттелсе, Молда Мұсада су тұлпары болып көрсетіледі. Ал қарақалпақтардың Сейітжан жырау вариантында Шұбар от жанғандай болып туса, Жанназар жырауда су тұлпар мен жел биеден туған деп айтылады.

Шұбардың ерекше жануар болып көрсетілуі жыр қаһарманының суға кетіп қаза табуының дәлелдемесі ретінде пайда болған сияқты. Оның жарқын көрсеткіші Есемұрат жыраудың вариантынан байқалады. Бұл вариантта Шұбардың су тұлпарымен байланысы тікелей айтылмаса да, Шораның суға кеткенін бейнелейтін эпизод басқа варианттардағы су тұлпары жөніндегі сарынды толықтырып тұр. Мұнда теңізден ала тұлпар шығып кісінейді де, Шораның Шұбары иесіне бой бермей, ала тұлпардың соңынан өзін теңізге атады. Батыр суға тұлпармен бірге батып кете барады. Бұл – Қазан татарларының «Чура батырындағы» атының тағасы қызып кеткен соң, соны суытамын деп суға түскен батырдың батып кеткенін байнелейтін «ішкі сюжеттің» барынша көркемделіп, көне мифтік түсініктермен әрленген түрі. Ал Жанназар жырау нұсқасындағы дәл осы эпизод эпостың тарихи негізінен ажырай бастаған, көркемдікке ойыса бастаған тұстарында, шамамен, XVIII ғасырдың аяқ кезінен сәл ертерек болған өзгеріс екендігі белгілі. Оңтүстік Қазақстан, қарақалпақ нұсқаларындағы Шұбар атты су тұлпарымен байланыстыратын сарынға осы эпизод негіз болғаны байқалады.

Шығу төркіні тым ескі дәуірде жатқан бұл түсінік кейінгі кезге дейін өмір сүріп келді. Су тұлпары жөніндегі әңгімелер қазақтар

арасында шындық ретінде айтылып келген. «Суын – су жылқысы. Асыл тұқымды бие – су жылқысы суынды түсінде көріп ғашық болды-мыс. Оны тәжірибелі жылқышылар айлы түнде теңіз жағасына байлайды. Теңізден құйрық-жалы төгілген, аса зор, үстінен су тамшылап тұратын сұлу суын шығады. Ол байлаулы биені әкетпек болады. Сол кезде адамдар айқайлауы тиіс. Биеден теңдессіз тұлпар туады» [286], – деп жазады Ш. Ыбыраев.

Әр түрлі дәуірлерде қосылатын осындай элементтердің эпос құрамына енген дәуірін анықтау өте қиын. Осы тектес проблеманы шешу жөнінде Ю.И. Смирновтың пікірі көкейге қонымды. «Белгілі бір құбылысты қарастырғанда, тым болмаса, оның басталар тұсын анықтап алу үшін, әрине, оның ең төменгі шегін (*уақыттық шекті айтып отыр* – Б.Қ.) іздестіру қисынға келеді, бірақ оның датасын белгілеуде құбылыс жоғалғаннан кейінгі уақыттың тек қана ең жоғарғы шегін есептеу қажет. Сондықтан эпостағы көптеген болмыс түрлері эпикалық жырдың өзін даталаумен бірге есептелмеуі керек. Өйткені олар хатқа түсіру кезінде жыршылар үшін зәру, белгілі нәрсе болды», – дейді ол. «Шора батырдың» көне нұсқаларында кездеспеуі және бұл түсініктің кейінгі кезге дейін халық санасынан орын алып келуі сияқты жайттар су тұлпары жөніндегі сарынның эпос құрамына бергі кезеңде енгенін көрсетеді.

Мұндай мифтік және ертегілік белгілердің ноғайлы дәуірінің жырларынан орын алуы жөнінде Ш. Ыбыраев былай деген: «Біздіңше, эпостың осындай байырғы көріністерінің тарихи ноғайлы дәуірінде аралас жүруінің екі түрлі себебі бар. Біріншіден, бұрыннан келе жатқан эпостық жырлардың бір тобы ноғайлы заманында өңделіп, тұрмыс-тіршілікке, тарихи жағдайға икемделіп жырланады. (...) Екіншіден, жалпы ежелден үзілмей келе жатқан эпикалық дәстүрге, әлі толық жойыла қоймаған мифтік санаға лайық байырғы замандардың түсініктері ноғайлы дәуірінің өз аясында пайда болған жаңа эпостарға мүмкін жердің бәріне сыналап енгізілді» [86,164]. «Шора батырдағы» су тұлпарына қатысты кереметтік элементтер осында айтылған екінші жолмен жасалғаны анық.

Біздің «Шора батырдың» таралу өлкесі қоңырат тайпаларының қоныс аударуларымен де байланысты деген ойымыздың жырдың Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойы, Жетісу және қарақалпақ нұсқаларына

ғана қатысы бар. Әйтпесе, жырдың ең басты таратушылары – қазақ шежіресі бойынша, тарихи Шораның тікелей ұрпақтары деп есептелетін тамалар. Тамалардың Оңтүстік Қазақстан және қарақалпақ нұсқаларының таралуына да тигізген ықпалы аз емес. Ол туралы алда тоқталамыз.

Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойындағы қазақ нұсқалары мен қарақалпақ нұсқаларының өзіндік айырмашылықтары да көп. Ол айырмашылықтың пайда болуы, сөз жоқ, екі халықтың бір-бірінен ірге ажыратқан XVIII ғасырдың екінші жартысынан бергі уақыттан басталған. Қарақалпақтар осы уақыттан бастап көршілес түрікмен, өзбек халықтарымен араласты әрі отырықшылық өмірге бет бұра бастады. Осындай тарихи-әлеуметтік өзгерістер олардың эпикалық дәстүріне де ықпалын тигізді.

Жырдың қарақалпақ варианттарындағы өзгешелігі, әсіресе, олардың жанрлық табиғаты мен поэзиялық құрылымынан байқалады. Қарақалпақ нұсқаларына романдық эпос белгілері көптеп еніп, оның жанрлық сипатын жаңартса, ортағасырлық түркі жазба әдебиетінің ықпалы мұндағы өлең өлшемдеріне өзгеріс әкелген. Қарақалпақ қаһармандық эпосының романдық эпосқа жақындаған түркі халықтарының эпикалық дәстүрін зерттеуші А.К. Боровков та айтқан еді [6,69]. Эпостың қарақалпақ варианттарында жеке адамдар арасындағы қатынастардың ауқымды бейнеленуі драматизм мен лиризмның күштілігі, ел тұрмысының ішкі қырлары, әлеуметтік қайшылықтардың, тартыстардың молынан суреттелуі, психологиялық дәлелдемелердің көптігі, әдет-ғұрыпқа, махаббат, іңкәрлік мәселелеріне көбірек ден қойылуы, сюжеттің сала-салаға тарамдалып кетуі байқалады. Ал мұның барлығы романдық эпос белгілерін танытатындығын осы жанрды зерттеген ғалымдар еңбегінен көре аламыз [164,184] [287] [288] [289]. Әдетте ноғайлы тобындағы жырларды Ормамбет би заманында болды деп көрсету – эпикалық дәстүрдің талайдан бері келе жатқан белгілерінің бірі. Ал қарақалпақ нұсқаларында Ормамбетпен қатар Сұлтаны Санжар заманы да айтылады.

Қарақалпақ нұсқаларындағы 7-8 буынды жырдың соңғы бунағы 4 буынды және 11-12 буынды поэзиялық үлгілердің соңғы бунағы 3 буынды болып келуі де жазба поэзияның ықпалы екені анық.

Бұл өлең формаларының қарақалпақ нұсқаларына енуінің екі түрлі жолы бар. Бірі ескіше сауатты жырлаушылар арқылы ортағасырлық түркі жазба әдебиетінің әсерімен еңсе, екіншісі ауызша жолмен, оғыз тілдік тобындағы түркі халықтарының, нақтырақ айтқанда, түрікмендердің фольклорынан ауысқан. «Әр түрлі өлең өлшемдері мен формалары көркемдік ойлауға бағынышты жұмсалады. Олар көрші халықтар – өзбек және түрікмендер әдебиетінің шығармашылық тәсілдерін белгілі мөлшерде игерген қарақалпақ эпосының дамуымен байланысты» [6,69], – деген А.К. Боровковтың сөзі тап осы жайға байланысты айтылған. Ә. Қоңыратбаев та ырғағы 4 – 4 – 3 буынды болып келетін өлең түрін «түрікпен күйі» деп бекер атамаған [275,137-139] [290]. Қарақалпақтарда осы өлең түрінің ұйқасы *a-a-a-b* болып келуі де оның жазба поэзия негізінде пайда болғандығын көрсетеді. «Ер Шораның» қарақалпақ нұсқаларында мұндай өлең формалары ерекше көп қолданылады. Бұл жөнінде де біз жоғарыда аталған зерттеуімізде біршама кеңірек сөз еткенбіз [281,213-218].

Қазақ нұсқаларындағы Қарахан Шораға жау ел – түрікпендердің ханы болғанымен, оның өз басы батырға іштей ниеттес адам етіп көрсетіледі. Ал қарақалпақтарда ол қалмақ ханы болып өзгертілген. Бұл өзгерістің өзіндік сыры бар. Қарақалпақтар өздеріне соңғы ғасырларда аралас-құралас отырған түрікмендерді өздерінің сүйікті эпосында жау етіп көрсетуді қош көрместен, оны типтік эпикалық жау – қалмақ атымен алмастырған сияқты. Бұл өзгеріс қарақалпақ жырауларын басқа да тың жиектелген (рамалық) сюжеттер мен эпизодтар қосуға, тыңнан ойлап табуға мәжбүр еткен.

Қарақалпақ нұсқаларында тың қоспалар қаншама көп болғанымен, жырдың көне нұсқаларындағы біршама белгілер сақталып қалған. Соның айқын дәлелі – Шораның суға кетіп мерт болу сарыны. Бұл, сірә, көне басылымдардың қарақалпақтар арасында кең таралуымен де байланысты болуы керек. Сондай-ақ бұл жерде өз бабалары туралы тарихи деректерді жадында берік сақтаған тамалардың әсері де жоқ емес.

Біз бұның алдында тамалардың Оңтүстік Қазақстан мен қарақалпақ нұсқаларының да таралуында өзіндік орны бар екенін айтқан болатынбыз. Жоғарыда сөз болған «Шора батырды» жырлаушы Токтағұл, Жаныш сияқты қырғыз ақындарының өз нұсқасын

тамалар арасынан және аңыз түрінде үйренгені сияқты, Б. Кебекова айтқан деректер де Ықыластың «Қазан күйімен» байланысты аңыз да жырдың Оңтүстік Қазақстанда таралуына тамалардың ықпалы күшті болғанын көрсетеді. Алайда тамалардың «Шора батыр» туралы аңыздауларды шежірелік және күй аңызы түрінде айтқанын аңғарамыз. Ол түсінікті де. Өйткені олар тікелей өз бабалары деп есептейтін таихи тұлға жөніндегі мәліметті көркем қиялдың үлесі көп қаһармандық эпос түрінде емес, танымдық сипаты басым аңыз арқылы жеткізген. Бұл аңыздар Оңтүстік Қазақстандағы классикалық нұсқаларды байытқан. Оңтүстік варианттарындағы көне нұсқаларда да кездеспейтін тарихилығы айқын кейбір бейнелер мен эпизодтардың (ол туралы алдағы тарауда айтылмақ) тамалар арқылы толықтырылғаны күмәнсіз. Б.Х. Кармышева XIX ғасырдың аяқ кезінде Қорғантабе, Балжуан бектіктерінде Кіші жүз қазақтарының көшіп-қонып жүргенін жазады [291]. Біз өзіміз де 1996 жылы Өзбекстанның Нұрата өңірінде өзбектерге сіңген тамаларды кездестіргенбіз. Бұл тамалардың көршілес қарақалпақтардағы нұсқалардың қалыптасуына қосқан үлесі болуы ғажап емес.

Қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақтармен бірге қырғыздарға да генеологиялық жолмен тараған ноғайлы тобындағы эпос қаһармандары «Манас» эпопеясының құрамына енген. В.М. Жирмунский қазақ-ноғай эпосы қаһармандарының «Манас» құрамына ену дәуірін қазақтар мен қырғыздар бір мемлекет құрамында болған, Тахир мен Хақназар хандар билік құрған XVI ғасырдың алғашқы жартысы деп көрсетеді [85,72-73]. Ал Шора батырдың «Манаста» есімі кездеспейді. «Манастағы» Яш-Айдар Чораның Нәрікұлы Шора батырға ешқандай қатысы жоқтығы байқалады. Тахир мен Хақназар кезіндегі қазақ хандығының Ноғай Ордасымен тығыз қарым-қатынаста болғандығы рас. Бірақ бұл мемлекеттің Қазан хандығымен байланысы жөніндегі деректер жоқтың қасы. Ал «Шора батырға» негіз болған басты тарихи фон Қырым, әсіресе Қазан хандығындағы оқиғалар екендігін және жырдың басты таратушылары да осы оқиғаларға қатысы бар этникалық топтар екендігін біз айтып өткен едік. Демек, қырғыздарға эпос XVI ғасырдан бергі кезеңде, біздіңше, XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап келген болуы керек. Біздің қолымыздағы қырғыздық екі вариант-

тың екеуі де Қазақстанның оңтүстік өңірінде жырланған нұсқа негізінде жасалғаны көрініп тұр. Бұлардағы Нәріктің өзін «қубас» деп сөккені үшін ағайындарымен араз болуы, Құдайдан бала тілеп сапарға шығуы сияқты шаблондық мотивтер, сондай-ақ жоғарыда сөз болған «ортақ тұстар» осыны көрсетеді. Бұлардағы кейіпкер аттары да Оңтүстік Қазақстан варианттарын қайталайды. Бабай Түкті шашты Әзиздің батырды қолдаушы пір ретінде айтылуы – Оңтүстік Қазақстан аймағында айтылатын шығармаларға ортақ бірден-бір басты белгі. Осы екі нұсқадағы Шораның тұлпары Гүлсары деп аталуы Майкөт жырлаған нұсқадағы Шұбар атты «гүлзар» (кейбір нұсқада «күлзар») деген атаудан шыққаны білінеді. Алайда Майкөт нұсқасындағы «гүлзар» сөзі «тұлпар ат» мағынасында қолданылады. Ә. Сариев жырлауындағы Майкөт нұсқасында Әліби мінген ат та «Гүлзар» деп аталады. «Гүл бақшасы» деген мағынаны білдіретін бұл сөз жорға, жүйрік атқа мінудің бақ ішінде жүргендей көңіл көтеретін қасиетінен туса керек. Осы есім қырғыз нұсқаларында «Гүлсары» деп өзгертілген. Бұл кейіннен Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» повесінде тұлпардың аты болып қолданылды.

Т. Сырдыбаев нұсқасы қырғыз жеріне ертерек келгендіктен, қырғыз эпикалық дәстүріне сай әбден өңделген. Мұнда Шора – қырғыз батыры деп айтылады. Әліби – Нәріктің інісі етіп көрсетілген, ол қазақ нұсқаларындағы Есім бейнесімен алмастырылған. С. Чойбеков вариантында да Әліби, басқа ұлттық нұсқалардың барлығындағыдай, Шораның қолынан өлмейді, батырмен татуласады. Әлібиге байланысты бұл өзгеріс қырғыз нұсқаларынан Шораның қазанға аттану мотивінің түсіп қалуымен байланысты туған. Ал қырғыз эпосында батырдың Қазанға аттануы қазақтардағыдай дәстүрлі сарын емес. Сондықтан да қырғыз жырлаушылары «Шора батырдағы» бұл мотивке мән бермей, көп жағдайда ұмытып қалғанға ұқсайды. Тіпті эпосты 1924 жылы естіп, үйренген С. Чойбеков те бұл дәстүрлі сарынды ұмыт қалдырған немесе жырламай қойған.

С. Чойбеков жырды жолма-жол жаттамаған, Бекәділ (Бекадыл) ақыннан жақсылап естіп алып, сол мазмұнда өзінше жырлаған. Жыршының жыр сюжетін өзгертпей айтуға барынша тырысқаны байқалады. Тіпті кейбір кішігірім оқиғалар да Майкөт нұсқасын қайталайды. Мысалы, Құдайдан бала тілеп шыққан кездегі Нәріктің өлім аузынан қалуы, ерлі-зайыптылардың иесіз бақшаға

тап болуы, жылқыға бас-көз бол деп Гүлсары атқа табыстап кетуі сияқты шағын эпизодтардың екі нұсқада да болуы кездейсоқ емес. Сөйте тұра, С. Чойбеков басқа ұлттық нұсқалардағы Шораның Әлібиді өлтіріп, Қазанға кетуі мотивін өзгертіп жіберген. Біздіңше, бұл өзгеріс ұмыту салдарынан болған. Өйткені осыған дейінгі жыр бөліміндегі кейіпкер аттарының Майкөт нұсқасынан айырмашылығы жоқ болса, бұдан кейінгі кейіпкерлер, әсіресе қалмақ хандарының аттары өзгертіліп берілген. С. Чойбековте қалмақ ханы Шурутхасан деп аталса, Т. Сырдыбаевта Чын Кан Күн деп деген қытайлық атқа ие болған.

Қырғыз жыршылары ұмытылған тұстарда фантазияға барынша ерік берген. Бұндайда жырды жаңартып айтуға бейім қырғыз эпикалық дәстүріне тән белгілер бой көрсетеді. Ә. Марғұлан: «Манас» жырын жаңартып айту Шоқан мен Радловтың кезінде-ақ көріне бастаған» [255,189], – дейді. Жаңартып айту, әсіресе, Т. Сырдыбаев нұсқасында көбірек байқалады. Мұндағы Шораның әрекеті басқа ұлттық нұсқалардан мүлдем өзгеше. Бірақ, ойдан шығарылған эпизодтар көп болғанына қарамастан, Т. Сырдыбаев вариантында кейіпкерлер әрекетінің реалды сипаты басымырақ. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан нұсқаларындағы (Молда Мұса, Майлықожа) Шораның жол тосқан қарауылды (Тасмерген) қолға түсіруі эпикалық әсірелеумен суреттелсе, мұнда өмірлік сипатта көрсетіледі: қарауылдарды қулықпен қолға түсіреді. Сондай-ақ қырғыз нұсқаларында соғыстағы батырдың ерекше қимылын бейнелеуде де эпикалық кендік байқалмайды. «Манас» эпосына қарағанда, қырғыздың кіші эпостарында нақтылық басымырақ екендігін Е. Тұрсынов та атап өткен [258,34]. Қырғыз нұсқаларындағы реалды сипаттың басымдығы да оларда «Шора батырдың» бергі ғасырлардан бастап жырланғандығын білдіреді.

«Шора батыр» жырының барлық ұлттық нұсқалары – ғылым үшін өте құнды дүниелер. Көне нұсқалар жырдың пайда болған кезіндегі поэтикалық пішінінен мол хабар берерлік сипатымен құнды болса, классикалық нұсқалардың жанрлық көркемдігі, эстетикалық қуаты күшті. «Шора батыр» жырын бізге мұра етіп жеткізген түркі халықтарының әрбірі өздерінің басынан кешкен тарихи-әлеуметтік жағдайларына және соның нәтижесінде қалыптасқан эпикалық дәстүр ерекшеліктеріне байланысты жырдың әрбір ұлттық нұсқасы оның көркемдік дамуындағы белгілі бір кезекті сатыларды көрсетіп бере алатындай дәрежеде әрқелкі дәуір белгілерін сақтап қалған.

ТАРИХИ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ ШЫНДЫҚ

«Шора батыр» эпосына негіз болған басты тарихи оқиғалар – XV-XVI ғасырлардағы Қазан, Қырым, Астрахан, Ноғай Ордасы, Сібір хандықтарындағы ішкі саяси-экономикалық жағдайлар мен олардың өзара және Орыс патшалығымен әр түрлі қарым-қатынастары. Сондай-ақ Қазан хандығы үшін болған саяси және әскери күрестер эпостан негізгі тарихи фон ретінде орын алған. Осы жағдайлардың барлығы бас кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы жырда әр түрлі деңгейде көрініс тауып отырған. Мұндағы бас кейіпкерлердің көбі тарихи тұлғалар екендігі, олардың өмір сүрген уақыты мен ортасы, іс-әрекеті мен лауазымындағы тарихи және эпикалық сәйкестік, эпостың тұрақты сюжеттік қаңқасы оның нақты тарихи шындықтан туғанын айғақтайды. Бұл тұрғыдан қарағанда, эпосқа тән анохронизм онша көп емес. Оның үлесі тек классикалық нұсқаларда ғана біршама артқан.

Ендігі әңгімені тікелей осы кейіпкерлерден бастаған жөн. Шораның тарихи бейнесі жөніндегі ғалымдардың екіұдай пікірін кіріспе бөлімде айтып өткен едік. Сол пікірлердің бір тобына бастау болған П.А. Фалевтің сөзін келтіре кетейік: «Шора Нәрікұлы тарихи деректемелерде еске алынады (эпостағы Шораның әкесі де Нәрік деп айтылады). Қазанның Мәскеуге бағынышты болуын тілеген Мәскеу партиясы мен Ұлттық партия Қазанда ерте кезден-ақ күресумен келді. Мәскеу партиясы көбінесе орыстардың әскери көмегіне сүйенеді. Ұлттық партия ноғайларды көмекке жиі шақырды. Шора Нәрікұлы Орыс партиясының басшысы болды (он алтыншы ғасырдың отызыншы жылдары). Ноғайлар өздерінің жауларын батыр ретінде дәріптеуі қалай? Аңызға үніле отырып байқағанмыз, онда Шора ноғай халқының төменгі табынан шыққан адам етіп көрсетіледі.

*Торэ тугул кара-ман,
Нарик улу Чора-ман
(Төре емеспін, қарамын,
Нәріктің ұлы Шорамын).*

Ол өзі жөнінде осылай жырлайды.

Аңыздың Қазанды көрмеген, үйлерінен ұзап шықпаған ноғайлардың төменгі табы арасында пайда болуы мүмкін екенін осыдан білуімізге болады. Қазаннан келген әрбір хабарларға, әңгімелер мен өлеңдерге қызыға құлақ тіккен олардың назарын князь әрі қолбасшы Шораның есімі өзіне бірден аударды, өйткені ол 1500 жылдары Азов жағасындағы далаларда қаруланып, мәртебелі Мәскеу князінің елшілерін жүргізбеген басқа Шора – Қарақшы Қара Шораны (қарапайым ортадан шыққан Шора) олардың есіне түсірді. Осы салыстыру көркем шығармашылыққа азық болды да, хан мырзасын өлтіріп, соның себебінен отанынан Қазанға қашқан Шора жөніндегі жыр пайда болды. Содан соң басқа батырлардың атымен немесе анонимді жырланған Қазанмен байланысты басқа жыр мен әңгімелер Шора жөніндегі жыр мен аңыздаулардың құрамына енді», – дейді ғалым.

Кейінгі зерттеушілерден кең қолдау тапқан осы пікірді пайдалана отырып, А.К. Бороков эпикалық Шораны орыс жылнамаларындағы Чора Нариковичпен байланыстыруды «тарихи мектеп» өкілдеріне тән кемшілік деп санайды [6,89]. П.А. Фалевтің жоғарыдағы танымал пікірі «Шора батырдың» пайда болу орны мен таралу жағырапиясы, көркемдік дамуы жөнінде біршама дұрыс, қызықты мағлұмат бергенімен, оның тарихилығына келгенде бірнеше қателікке ұрынған. Мысалы, жырдағы Шораның «төре емеспін, қарамын» деген сөзін негізге алып, оны төменгі таптан шықты деп бағалауы қисынсыз. Олай болатыны, бір кезде Алтын Ордаға қараған түркілерде «төре» атауы таптық емес, тектік (касталық) мәнді білдірді, яғни Шыңғыс ханның ұрпақтарын осы атаумен атаған. Ал «қара» сөзі осыған қарама-қарсы мәнде, яғни ақсүйектер тобына жатпайтын халықтың барлық мүшесін атауға қолданылған [193,90].

Сондай-ақ ғалымның Мәскеу партиясына «Қазанның Москваға бағынышты болуын тілеген» деп оп-оңай бере салған бағасы да ұшқары, оның бұл оқиғаны терең зерттемегенін көрсетеді. Ал, шындығында, Мәскеу партиясы мұндай мақсатты көздемеген. Ол туралы алдағы әңгімемізде белгілі болмақ.

Сондай-ақ Шораның эпикалық бейнесі эпос пайда болған сәттен бастап өз бойына бірнеше тарихи тұлғаларды жинақтай қоюы

да қиын. Мұндай даңқты оқиғаның ортасында күн кешкен, сол күрестерге белсене араласқан ірі топтың басшысы болған Шора Нәрікұлын (Чура Нарикович) мүлдем басқа Шорамен шалғайда жатқан ноғайлар шатастырды дегенге сенуге болса да, осы оқиғалардың куәсі болған қырымтатарлар, тіпті Қазан татарлары шатастырды деу сенімсіз. Ал П.А. Фалевтің осы пікірін қайталай отырып, тарихи мектеп ұстанған бағытты сынға алған А.К. Боровков өзі сынап отырған мектептің кемшілігіне өзі ұрынғанын сезбеген. Тарихи тұлға мен эпос кейіпкерінің іс-әрекеті ұқсамағандықтан, оларды бір-біріне қатысы жоқ деп қарау, сайып келгенде, ол екеуінің арасына тепе-теңдік қоюмен бірдей. Ал бұл «тарихи мектептің» басты концепциясы еді. Олардың іс-әрекетіндегі сәйкессіздік эпосқа тән көркемдік жинақтаудан да туатындығын, өкінішке орай, бұл ғалымдар ескере қоймаған. Біз эпикалық Шораның түптұлғасы деп есептейтін орыс жылнамаларындағы Чора (Чюра / Чура) Нариковичтен эпос қаһарманының басты айырмашылығы да нақ осы эпикалық жинақтау нәтижесінде пайда болған.

Осы тектес пікірлер кеңестік кезеңнен кейін де өз бетінше жаңғырды. Бұл жаңғыру татар ғалымдарының еңбектерінен байқалды. Мәселен, М.Х. Бакиров жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралындағы «Шора батыр» эпосы» («Чура батыр» дастаны») атты тарауында тарихи Шораны бірнеше жерде «сатқын» деп атайды. Сөйтіп, эпостағы бас қаһарманның түптұлғасы жылнамалардағы Чора Нарикович емес, ол Қазан үшін күресте құрбан болған батырлардың жиынтық образы деп тұжырым жасайды. Ал эпос қаһарманының аты «шора» сөзінің «батыр» деген мағына беретіндігіне байланысты және сол дәуірде осындай есімді қайраткерлердің көп болғанының себебінен қойылған дейді [103,257-258]. Осылайша ғалымның бір жаңсақ пікірі екінші бір қателікті туғызған. Ол қазақ версиясының хикаялық-мифологиялық сарындарының молдығына қарап, бастапқы нұсқа емес пе деген қисынсыз болжам жасайды [103,245-246]. Орыстарға сатылып, сырларды ашып қойғаны үшін Қазан ханы көмейіне күміс құйып өлтірген Шора биді (Чура би) де ешқандай дәлелсіз тарихи Шора Нәрікұлы деп есептейді [103,256]. Сонымен қатар, Шораның орыстарға қызмет еткені туралы башқұрт аңызын да еске алып, бұны тарихи Шора-

ның шынайы бейнесі деп санаған. Бас қаһарманның тарихи тұлғасының да, оның эпикалық бейнесінің де «Шора би» деп еш жерде айтылмағанын ескере отырып, біз М.Х. Бакировтың бұл бағалауы жөнсіз деп есептейміз. Ал башқұрттардың Шора туралы аңыздық пайымдаулары тарихи Шораның орыстарға шынайы қызмет еткендігінен емес, Қазан хандығы үшін болған күрестерде башқұрттардың өздерінің орыстармен одақтас болуынан туғаны анық. Сондықтан да оларда өзге ұлттық нұсқалардың ешбірінде жоқ аңыздық версия пайда болған. Біз бұған жоғарыда біршама тоқталғанбыз.

М.Х. Бакиров бұл жерде ең басты екі нәрсені ескермеген: біріншісі – халық өз жүрегінен орын алмаған тұлғаны жайдан-жай эпос қаһарманына айналдырмайтыны, екіншісі – фольклорлық жинақтаудың жазба әдебиетке тән авторлық жинақтауға мүлде ұқсамайтыны. Ғалым көрсеткендей, бас қаһарманға лайықсыз жанды пародиялық қатынаспен ұнамды кейіпкер ету [103,249-250] жазба әдеби жинақтау үдерісінде мүмкін болғанымен, бұл – фольклорлық қаһармандық образ сомдауға лайықсыз тәсіл. Әлі көпшілік тарапынын қолдау таба қоймаған М.Х. Бакировтың бұл пікірін оның жеке көзқарасына тән деп қараған дұрыс. Алайда көпшілік толық қабылдап болмаған ой-көзқарастарды оқулыққа енгізбеген ләзім екенін автордың ескергені жөн болар еді.

Тағы бір татар ғалымы Р. Фәхретдин де Шора Нәрікұлын «мұнафьк», «екіжүзді» деп айыптайды [97,105]. Мұндай қате топшылаулар Қазан хандығы үшін болған күрестердің күрделі сипатын терең тексермегеннен туындаған.

Жылнамалардағы Чора (Чура, Чюра) Нариковичті (Нарыков) эпос қаһарманына негіз болған деп сеніммен айтуға бірнеше себеп бар. Біріншіден, бұл тарихи тұлға мен эпос кейіпкерінің аттары ғана емес, әкесінің аттары да сәйкес келеді. Бұл кездейсоқ сәйкестік емес. Екіншіден, тарихи тұлға мен эпос кейіпкерінің іс-әрекеттерінде ұқсастық көп байқалады. Тарихи Шора басшылық жасаған Мәскеу партиясының да түпкі мақсаты Қазан хандығының тәуелсіздігі болатын. Үшіншіден, эпикалық бейне мен тарихи тұлғаның өмір сүрген мезгілі мен мекені де ұқсас.

Осы жағдайлар тарихи деректерге үңіле қараған адамға айқын көрінеді. Осыған біз ескі орыс жылнамалары және әр түрлі жазбалар

жинағымен бірге Қазан хандығы тарихына қатысты зерттеу еңбектерді қарастыру арқылы көз жеткіздік. Әрине, көптеген дерек көздеріне сын көзімен қарау керектігі де анық. Әсіресе кеңестік дәуірде жазылған зерттеулерде [292] [293] [294] [295] тоталитарлық идеологияға сай тарихи шындықтың бұрмаланған тұстары көп-ақ. Мәскеу өкіметі мен Қазан хандығы арасындағы күрестің саяси мәнін тым бүркемелеп көрсету – соның біреуі ғана.

В.М. Жирмунский: «Эпос тіпті өзінің шығу төркіні ноғайлыға дейінгі дәуірде жатуы ықтимал қарақыпшақ Қобландыны және орыс жылнамаларында қазандық татар ретінде танымал болған Шора Нәріковті ноғайларға қосады», – дей келіп, оның себебін эпосқа тән эклектизм мен тарихи анохронизмнен деп түсіндіреді [85,515-516]. Бірақ ноғайлар Шораны бекерге өз батыры етіп көрсетпеген. «Өздерінің жаугершілік тарихын естен шығармастан олар өз ұлыстарынан шығып, көршілес хандықтар мен көршілес тайпалардың әскери қорғаушысы болып жалданды» [5,34], – дейді ноғайлар жөнінде П.А. Фалев. Біздің ойымызша, тарихи Шора да В.М. Жирмунский айтқандай, түпкілікті Қазан татары емес, оны қорғауға келген ноғайлық болуы керек. Жырдың барлық нұсқаларында оның Қазанға сырттан келген етіп көрсетілуі заңды. Әрине, әрбір халықтың эпос кейіпкерін өз батыры деп жырлауы – эпикалық дәстүрге сай келетін құбылыс. Қазан татарлары да солай етуі керек еді. Бірақ татарлардың «Қазан бәйітінде» де Шора Қазанға көмекке келген батыр етіп көрсетіледі ғой. Демек, бұл жерде эпикалық өңдеуге бой бермей тұрған халық жадында мықты сақталып қалған тарихи шындықтың ізі бар. Енді бұл ақиқатты тарихи деректер мен эпикалық бейне сәйкестігінен іздеп көрелік.

А.С. Орлов орыс тарихшысы Карамзин Шораның қырымдық екенін, 1546 жылы Қазанда мерт болғанын айтқан дейді [26,112]. Алайда біз Н.М. Карамзин еңбектерінен Шораның мерт болғаны жайлы айтылған тұстарды тапқанымызбен, оның қырымдық екендігін көрсеткен мәліметін кездестіре алмадық. Сонда да болса, А.С. Орлов мұны Карамзин еңбектерінің бірінен ұшыратқанына күмән жоқ. Дәл осы мәселеге қатысты Б. Кенжебаев та: «(...) Нәрікұлы Шораның Қазанға, оны алған орыс патшалығына қарсы аттануы – тарихта болған оқиға» [21,125], – дейді.

Бірақ тарихи Шораның Қазандағы белгілі адамдар қатарына қосылуы, тіпті ел басқару ісіне араласатын дәрежеге дейін жетуі оның бұл жерде біршама ұзақ уақыт болғандығын білдіреді. Мұны эпос да қуаттайды. Көне нұсқаларда ол Қазанда кездескен қарттың үйінде тоғыз жыл бойы ешкімге танылмай жүреді. Тіпті классикалық нұсқаларда да Шораның Қазанда ұзақ уақыт тұрғандығы айтылады. Мәселен, Майкөт – Ә. Сариев вариантында ол мұнда жеті жыл тұрған етіп көрсетіледі. Біз эпостағы Шораның Қазан батырлары мен халқына өз ерлігі арқылы танылуы – тарихи Шораның өмірінен туған көркем сюжеттер деп білеміз.

*Нәріктің ұлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.
Мен Қазанға барғанша,
Қан жаумасын, қар жаусын,
Мен Қазанға барған соң,
Қар жаумасын, қан жаусын! –*

деген Шора монолығының эпостың поэзиялық нұсқаларында түгелге жуық қайталануының (№3 қосымшаны қараңыз), біздіңше, екі түрлі себебі бар. Біріншіден, бұл жолдар эпостың тарихи негізімен, сюжеттік құрылымымен, идеясымен тікелей байланысты болғандықтан, халық жадында көмескіленбей жақсы сақталған, екіншіден, өмірде кейіпкер түптұлғасының аузынан айтылған, яғни бұл жыр эпос сюжетіне негіз болған тарихи оқиғадан туған. Эпос нұсқаларында Шораны Қазанға Қырымнан аттанған етіп көрсетеді. «Қазанды болса, бостандық сүюшілер мен Қырымнан келгендер қорғаған еді. Бұл ұрыстар кезінде Шора батырға байланысты тарихи деректер барлығы білінеді» [69,27], – дейді Музафер Ақчора.

Тарихи Шораның Мәскеу партиясына басшылық ету дәуірі IV Иванның Қазанды басып алуынан бұрын болған еді. Қазанды басып алудан бұрынғы және одан кейінгі кезеңдердегі Мәскеу мен Қазан арасындағы қарым-қатынастың сипаты екі басқа болатын. Ал Мәскеу партиясы Қазанның орыс патшалығына бағынышты болуын тіледі, оның басшылары орыс патшасына адал қызмет етті деген түсініктің қате екендігін аңғару қиын емес. Қазан тағдыры қыл үс-

тінде тұрған қиын күндерде Мәскеу партиясындағылар батыл шешімдер қабылдап отырған. Сол дәуірде Қазанда бір-біріне қарама-қарсы Мәскеу және Қырым партияларының пайда болуындағы тарихи-әлеуметтік алғышарттарды дәл көрсетіп беру қиын. Олардың пайда болу себептерінің дұрыс зерттелмегенін ғалымдар да мойындайды. М.Н. Тихомиров Қазан хандығы билеушілерінің арасындағы жіктің пайда болу себепін идеологиядан емес, хандықтың таулы және шабындықты жақтарындағы феодалдардың әркелкі мүдделерінен деп түсіндіреді [296]. Шынында да, Қазан хандығының Еділ өзені бөліп тұрған бұл екі аймағы орналасқан жағырапиялық орны, этникалық құрамы, шаруашылығы, т.б. жағынан мүлде екі бөлек саяси-экономикалық жағдайларды бастан кешірді. Еділдің оң жағалауындағы тау жағының ең басты ерекшелігі – оның табиғи байлығы болды. Бұл жердің топырағы құнарлы, егін егуге, мал шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы болды. Бұл өлке ет пен нанға бай болуымен бірге, онда егін егуге жарамды бос жерлер өте көп болатын. Бағалы аң терілері мен балыққа да аса бай еді. Тау жағының адамдары ара өсірумен да шұғылданды. Ал осы дәуірде ара балының өте құнды тауар болғаны белгілі [296,104]. Осындай шаруашылықтың сан саласынан түскен пайда халықтың өзіне жетіп-артылған. Сондықтан да хандықтың тау жағына көршілес мемлекеттердің бәрі де қызықты. Әсіресе Мәскеу мемлекеті тау жағын өзіне қаратып алуға бірінші кезекте әрекет етті. Тіпті 1552 жылы Қазанды басып алғаннан кейін таққа орыс патшасының өзі отырғызған Шах-Алидің тау жағын хандыққа қайтару керек деген өтініші де «патша тарапынан қанағаттандырылмады» [296,104]. Ноғай Ордасының билеушілері де өздерінің тау жағынан салық алып тұру керектігі туралы орыс патшасына жиі-жиі хат жолдап тұрды [297].

Тау жағында татарлармен бірге олардан діні бөлек чуваш, сонымен қатар тілі де басқа марий, удмурттар тұрды. Сондықтан да олар орыс мемлекетінің қол астына өтіп кетуге көп жағдайда бейім болды. Тау жағы алғаш рет 1546 жылы Орыс мемлекетінің қол астына өтті. «Иван да олардың осы ниетін біліп, өз жауынгерлеріне бергеннен де бағалы сыйлықтар жасап отырды» [296,110]. Ал Еділдің сол жақ жағалауында жатқан шабындықты жақ орыс әскерлеріне қарсы өте ұзақ уақыт күрес жүргізді. Қырым, Ноғай, Сібір

хандықтарымен тығыз байланыста болған шабындықты жақ халқы Қазандағы хан тағына көбіне сол жақтардан өкілдер шақырып отырды [296,104].

М.Н. Тихомиров: «Еділдің тау жағында меншікті жерлері бар Шора Нәріков пен Борнаштың Қазандағы қырымдық ханзадалардың билік жүргізуіне қарсы феодалдық топтың басшылығында болуы жайдан-жай емес» [296,104, – деп, Мәскеу партиясының негізгі платформасын экономикалық мәселелерге тірейді. Осыған ұқсас ойды басқа тарихшылар да айтады. Мәселен, татар тарихшылары былай дейді: «Москва жағындағылардың әлеуметтік базасы феодалдар және әскери істердің ешбіріне қызықпайтын қаланың саудагер-көлөнері тұрғындары болды» [298]. Бірақ тарихи Шора меншігіндегі жерді ғана ойлап, яғни жеке басының қамы үшін-ақ Мәскеу партиясын басқарды десек, қателескен болар едік. Әрине, бұл партияның құрамында өз есебі үшін қызмет еткендер де аз болмаған болуы керек, бірақ бұл партия басшыларының мақсат-ниеттері Қазан халқының бостандық сүйгіш асыл мұраттарымен астасып жатқан болатын. М. Худяков бұл партияның пайда болу тарихын былай түсіндіреді: «Орыс партиясына белгілі қазандықтарды өзіне тартудың сәті түсті, қозғалыстың басында Болат Шырын мырза болды. Партия ескі Ұлығ-Мұхаммед династиясының тірі қалған жалғыз тұяғы, Мұхаммед-Әминнің қарындасы Гауһаршад (Ковгоршад, Горшадна) ханшаның атымен ұйымдастырылды. Гауһаршад ханшаның аты қазандықтардың алдында шетелдік, қырымдық династияға сәттілікпен қарсы қойылды» [161,88]. Ал Қазанды 1521 жылдан бастап Қырым ханзадалары билеп келе жатқан болатын. Олар Қазанда қырымдықтардың рөлін күшейтіп, жергілікті халықты қарулы күшпен бағынышты етуді көздеді. Жиналған алым-салықтың негізгі бөлігі Түркия мен Қырым хандығына жөнелтілді [299]. Сондықтан да қазандықтар Қырым билеушілерінің өз тағында отырғанын қаламады.

Мәскеу партиясының орыс патшасына сүйену себебі – одан қажет кезінде әскери көмек пен қару-жарақ алып тұру мүмкіндігі болды. Бұл партия өзінің өмір сүру дәуірінде екі оттың арасында қалғандай қиын жағдайды басынан кешірді. М. Худяков 1533 жылы III Василий патшаның өлімінен кейінгі орыс патшалығы тұ-

сындағы Гауһаршад басқарған өкіметтің жай-күйі жөнінде былай дейді: «Кезекті тарихи оқиға Гауһаршад ханша өкіметінің орыстар озбырлығынан қиналғандығын және де 1531 жылғы төңкеріс салдарынан Орыс партиясының Қазан хандығын шетелдіктерге тәуелді етуі олардың шын ниеттерінен емес, алдағы соғыстар мен герейлердің *(қырымдықтардың – Б.Қ.)* ұзаққа созылған агрессиялық саясатынан мемлекетті құтқаруға деген мәжбүрліктен болғанын көрсетті» [161,92].

М. Худяковтың «Гауһаршад үкіметі» деп айтатын себебі бар. 1931 жылы түпкі тегі қырымдық Қазан ханы Сафа-Керейге қарсы Орыс партиясының ұйымдастыруымен төңкеріс болып, Сафа-Керей бас сауғалап Ноғай Ордасына қашады [300]. Орыс патшасы Қазан тағына өз адамы, Қасым хандығының ханы Шах-Әлиді отырғызбақшы болады. Бірақ Гауһаршад басшылығындағы уақытша үкімет қазандықтарға жеке басының қасиеттері ұнамайтын Шах-Әлиді хан сайлаудан бас тартып, оның орнына Шах-Әлидің 15 жастағы інісі Жан-Алиді таққа отырғызуға келісім берді. Жас хан хандықты сөз жүзінде ғана басқарды. Шын мәніндегі билік Гауһаршад ханша басшылығындағы үкімет қолында болды. Орыс өкіметінің тек Жан-Алимен ғана емес, Гауһаршад басшылығындағы топпен де есептесуіне тура келді [299,276]. 1535 жылы Жан-Али белгісіз себеппен қаза тапқаннан кейін хан тағына Сафа-Керей қайта келіп отырады. Бірақ үкімет құрамына Гауһаршадпен бірге Орыс (Мәскеу) партиясын басқарған Болат шырын да енеді. 1545 жылдан бастап Орыс партиясының Сафа-Керейді тақтан тайдыру мақсатында Мәскеумен жасырын байланысы күшейеді. Гауһаршадпен Болат шырынның билікке араласуы 1545 жылға дейін созылады [161,95-97]. М. Худяковтың Гауһаршад үкіметі жөніндегі жоғарыда айтылған тұжырымы осы оқиғалармен байланысты.

1545 жылы Орыс өкіметі Қазанға қарсы әскери жорық ұйымдастырады, бірақ бұл жорық сәтсіздікке ұшырайды. Сафа-Керей бұл жорықты оппозицияның сатқындық әрекетінен болды деп есептеп, оларға қарсы репрессия бастайды. «Дәл осы кезде Гауһаршад ханша мен Болат мырза саяси сахнадан кетті. Олардың орнын оппозиция көсемдері ретінде Сейіт Бұйырған (Беюрган), Қадыш (Қадыш) мырза және талантты қайраткер Шора Нәрікұлы (Чура

Нариков) басты» [161,96], – дейді М. Худяков. Бұйырған, Қадыш, Шора басқаруындағы уақытша үкімет Болат шырын мен Гауһаршад үкіметінің заңды жалғасы болды. М. Худяков: «Болат мырзаның ұйымы орыстармен, сондай-ақ қырымдықтармен, жалпы шетелдік озбырлықпен күресті. Ол 1531 жылғы мемлекет бастан кешірген дағдарыста қиыннан шығатын жол таба білді. Нақты мемлекеттік мүддеге сай 1535 жылғы саяси бағдарды өзгертуде жеткілікті дәрежеде батылдық танытты» [161,97], – деп бұл ұйым жөнінде әділ бағасын айтса, Бұйырған, Қадыш, Шора басқарған уақытша үкімет жөнінде былай дейді: «Орыс партиясының өкілдігі болып саналатын Сейіт Бұйырған, Қадыш мырза және Шора Нәрікұлының үкіметі, сірә, өзінің ұлттық сезімін жоғалтқан жоқ және Москвамен одақтасуды тек қана шарасыздықтан туған қажеттілік деп есептеді, бірақ көрші мемлекетке шын жүректен беріле қоймады» [161,104]. Бұдан Орыс партиясының кейінгі басшылары алдыңғыларының ісін мүлтіксіз жалғастырғанын көреміз. Тарихи Шораның басқа мемлекеттен келгеніне қарамастан, ағайын жұрт Қазан татарларының бостандығы үшін күресте ең қиын, бірақ дұрыс жолды тандап, өмірінің ақырына дейін күрес жүргізгені – оның халық қамын ойлаған үлкен жүрек иесі екендігін көрсетеді. Шора Нәрікұлы эпос қаһарманына айналдырған ең басты қасиеті – оның осы халық қамын ойлаған қайраткерлігі. Оның үстіне, тарихи Шораның жеке басының қасиеттері де осы үдеріске үстеме болған. Н.М. Карамзин Шораны «мейірімді бекзада» деп атаса [300,53], көне «Қазан тарихы» жылнамасында: «Кейбіреулер Шораның қала бойынша ерлігі мен ақылы асқандығын құрмет тұтты» [301], – деп жазған. Осы жағдайға қатысты Р. Бердібай: «Тарихи адам Шораның халық санасында ер, батыр, халық қамқоры ретінде сақталып, кейін эпикалық жырға айналуы кездейсоқ болмауы тиіс. Ис-әрекеттері қалай да бұқараның терең мүдделерімен үйлеспеген адамның ұнамды қаһарман ретінде аңызға айналуы мүмкін емес» [2,54], – деп, шындықты дәл тауып айтқан.

Шораның тарихи тағдырының соңы 1564-1565 жылдары жазылған «Қазан тарихы» атты жылнамада біршама айтылған. «Қазан тарихының» авторы – 1532 жылдан 1552 жылға дейін Қазанда тұтқында болған есімі белгісіз орыс адамы. Демек, кітап авторы

бұл оқиғалардың тірі куәсі болған. Кітап IV Иванның боярлармен аяусыз жүргізген күресі кезінде жазылғандықтан, автор кітаптың негізгі идеясын сол саясатқа бейімдеп жазған [302]. Кітап авторының фантазияға көп орын беретіндігін М. Худяков та бірнеше рет айтып өткен [161,12].

1546 жылы Орыс партиясының ұйымдастыруымен болған төңкерістің нәтижесінде Сафа-Керей Қазаннан қуылған соң қазандықтар Шах-Әлиді хан тағына отырғызамыз деп шақырып алып, өлтіруді ниет етті деп түсіндіреді «Қазан тарихының» авторы [301,78-79]. Бірақ мұны ойдан шығарылған нәрсе деп айту қиын. Қазан халқының Шах-Әлиді сырт келбетінің сүйкімсіздігі үшін-ақ жек көргендігін көптеген тарихшылар айтады. С. Герберштейн: «Өзіне бағыныштылардың жеккөрінішін тереңдеткен оның сиықсыз да әлсіз дене бітімі еді: қарнының жойдасыз жуандығы, сақалының сиректігі және бет пішінінің әйелге ұқсастығы – оның соғысқа ешқандай бейімсіздігінің нышандары» [303], – десе, К. Маркс: «Василий Махмед-Әминнің (*Мұхаммед-Әмин – Б.Қ.*) орнына мейлінше жексұрын, оның үстіне, оны «орыс қолшоқпары» деп есептегендіктен, өз халқына барынша жек көрінішті болған Шах-Әлиді хан етіп қойды» [304], – дейді.

«Қазан тарихында» барлық Қазан бекзадалары өлтірмек болған Шах-Әлиге Шораның ғана араша түскендігі баяндалған. Шора мен Шах-Әлидің жақсы қатынаста болғандығы эпоста да айтылады. Ең қызығы – Қазан бектерінің көпшілігі өлтіргісі келген Шах-Әлиге Шораның не себептен арашашы болғандығы. Шах-Әлидің небары бір айға жетер-жетпес қана хан тағында отырғанының өзі-ақ қазандықтардың оның билікте болуын қаламағандығын көрсетеді. Қазанға Шах-Әлимен келген орыс гарнизонын, қару-жарағын сыртта қалдырып, Қасым татарларынан құралған, 3000 адамнан тұратын жасағын ғана ханмен бірге қалаға кіргізеді. Сөйтіп қазандықтар Шах-Әлиді тұтқын ретінде ұстаған [301,78-79]. Дәл осыны орыс тарихшысы П. Рычков та айтады [305].

Шора Шах-Әлидің қаладан қашып шығуына көмектеседі, сол себептен кейіннен өзі мерт болады. Шораның басын өлімге байлап, тәуекелге бел буған осы батыл әрекетінің сыры тереңде жатыр. Орыс патшасының жергілікті өкілін өлтіру екі мемлекет

арасындағы бітіспес жанжалға себеп болар еді. Оның үстіне, бұл жерде жай адамның ханды өлтіруіне тыйым салатын халықтың сан ғасырлар бойғы дәстүрін қастерлеу де жоқ емес. Ел басшысын құрметтеу, билікті киелі санау ислам дініндегі түркі халықтарының дүниетанымына Қожа Ахмет Иасауи ілімінің негізінде қалыптасты. Иасауи ілімі бойынша, рухани кемелдену жолындағы әрбір жан төрт түрлі шартты берік ұстануы керек. Олар: мақан – белгілі бір «елім» деп айтатын Отаны; заман – бейбітшілік, уақыт тыныштығы; ижуан – осы жолдағы қиындықты бірге көтерісетін бауырластары; рабт-и сұлтан – Ел басшысына деген құрмет болуы керек [306]. Осы шарттың тұтас сақталуы тек дін тазалығының ғана емес, ел бақытының да кепілі. Шораның Шах-Әлиді жан сала қорғауында ел биліктің киесіне ұшырап, бақытсыздыққа душар болмасын деген ізгі ниет жатыр. Бұл – халық тағдырына деген алаңдаушылықтан, шын жанашырлықтан туған әрекет. М. Худяков Шорамен бірге уақытша үкімет басқарған Сейіт Бұйырғанның, Құл-Шарифтің Қазандағы рухани басшылардың қатарынан орын алатынын [161,197], олардың Иасауи жолының өкілдері екенін [161,198] айтады. Бұл – осы кісілермен саяси көзқарастары жөнінен бір топта қызмет еткен Шораның да Иасауи жолының өкілі болғандығын қуатайтын айғақ. Біз бұл мәселеге кеңірек тоқталған болатынбыз [307].

«Қазан тарихында» және П. Рычковта осыған байланысты айтылған тағы бір назар аударарлық жай бар. Онда қазандықтардан бағалы сыйлықтар алып, оларға Шах-Әлиді өлтіру жөнінде кеңес берген Мәскеу боярларының мөрі бар грамотасын Шораның Шах-Әлиге жасырын беріп тұрып, бұл жөнінде патшаға хабарлауын өтінгені айтылған [301,80] [305,120]. Сол кездегі орыс боярларының негізгі мақсаты IV Иванның жастығын пайдаланып, билікті өз қолдарына алу болатын. Боярлар мен патша арасындағы қайшылық жөнінде тарихшы К. Валишевский жан-жақты айтқан [307]. Қазандықтар мен орыс боярларының мұндай жасырын байланысы екі мемлекет арасындағы шиеленісті одан әрі күшейтетіні белгілі. Ал Шораның Шах-Әлиді құтқару әрекеті Қазан хандығы үшін дәл сол кезде өте пайдалы іс болғаны сөзсіз. Біздіңше, бұның ең басты себебі де осы орыс боярларына қатысты мәселеде жатыр.

Шора Нәрікұлының Қазандағы Орыс партиясының мүшесі болуға итермелеген нәрсе – оның ел тыныштығы мен бірлігін ойлаған биік мақсаты, асқақ арманы деп білеміз. Ал Мәскеу мемлекетінің Қазанды жаулап алу қаупі Шора өмір сүрген 1546 жылға дейін мүлдем байқалған жоқ. Басқыншылық саясатты алғашқы жүргізуші IV Иван 1946 жылы патша тағына енді ғана ие болған еді. М. Худяков 1550 жылға дейінгі Қазанға жасалған орыс әскери жорықтарының хандық өкіметті жойып, оны орыс мемлекетіне қосу мақсатын көздемегенін, екі жақ та басқыншылық емес, тек тонаушылық саясат қана ұстанғанын айтады [161,114-115]. Демек, ол кезде Орыс партиясының өкілдері орыс патшасымен достық қарым-қатынас жасауды қауіпті нәрсе деп санамауы әбден заңды. М. Худяковтың пайымдауынша, Қазанды жаулап алу саясаты Қаһарлы Иванның (IV Иван) бастамасы емес, ол діни фанатизмнен тамыр тартқан еді. III Василийдің кезінде-ақ митрополит Данаил сол тұстағы көпшіліктің қиялына да кірмеген Қазанды басып алу пиғылын ақырын-ақырын дамытқан еді [161,116]. Ал Иван Васильевич патшалығы кезінде, 1547 жылдан бастап митрополит Макарий мемлекет басқаруына араласты, аталмыш жаулаушылық саясатты одан әрі жалғастырды. 1547-1549 жылдары белгісіз біреудің Иван Пересветов деген бүркеншік атпен дайындаған мемлекеттік саяси жобасының сыртқы саясатқа байланысты бөлімінде Қазанды жаулап алу мәселесі бірінші орында тұрды. М. Худяков И. Пересветовтың митрополит Макариймен тікелей байланыста болғанын айтады. Тарихшы IV Иванның ең жақын кеңесшісі ретінде протирей Сильвестормен (оны Новгородтан Мәскеуге митрополит Макарий алып келген) бірге үкімет құрамына енген, қандай қасиетіне байланысты көтерілгені белгісіз, атағы жоқ костромдық дворян А.Ф. Адашев дегенді И. Пересветовпен бір адам болу керек деген ой түйеді [161,121-122]. Ал В.О. Ключевский болса, ол екеуінің бір адам екендігін нық сеніммен көрсеткен [309]. 1550-1551 жыл аралығындағы қыста бояр И.В. Шереметов, дьяк Иван Михайлов және осы А.Ф. Адашев Қазан хандығын бағындырудың жобасын жасап, осыған қатысты барлық мәселені талқылайды.

«И.С. Пересветовтің жобасы бойынша, «өз әскерлерімен жан-тәнімен бірге, қажымас жауынгер патша» деген ой туғызу үшін әскер

басында патшаның өзі сөзсіз тұруы керек болды, Пересветовтің өзі түрік сұлтаны, жауынгер II Мұхамедті үлгі етіп қойды. Үкімет бұл пунктке де назар аударды және 1549-1550 жж. Қазанға қарсы соңғы үлкен жорықтарға жас IV Иванды қатысуға *мәжбүр етті* (*курсив біздікі – Б.Қ.*)», – дейді М. Худяков. Тарихшы Н. Костоморов (1817-1885) Қазан жорығына қатысып, кейін 1564 жылы Литва княздығына қашып кеткен бояр Л.М. Курбскийге жазған хатында Қаһарлы Иван өзінің көп уақытқа дейін Сильвестр мен Адашевтің зорлығымен, дегенімен жүргенін мойындағанын айтады [310].

Қарапайым халық түгілі, орыс патшасының да қиялында болмаған, аз ғана топқа мәлім болып келген құпия басқыншылық саясаттан Қазандағы Орыс партиясы өкілдерінің мүлдем бейхабар болары айтпай-ақ түсінікті. Оның үстіне, Орыс партиясы өмір сүрген дәуір (1531-1546) Мәскеу үкіметі тарапынан қауіп күте қоймайтындай уақыт болатын. Себебі 1533 жылы III Василий патша қайтыс болғаннан соң, билік оның литвалық әйелі Елена Глинская мен оның көңілдесі И.Ф. Овчинаның қолына көшеді де, 1538 жылы Еленаның кездейсоқ өліміне дейін созылады. Бұдан кейін де тақ иесі IV Иван болғанмен, оның жастығына байланысты, мемлекетті іс жүзінде жоғарғы Думадағы боярлар басқарды. Мәселен, 1539-1540 жылдары И.В. Шуйский, 1540-1541 жылдары Бельскийлер, 1542-1543 жылдары қайтадан Шуйскийлер басқарды. Өкімет басындағы мұндай берекесіздік, билік алмасулары оны әлсіретіп жіберді [311] [308,138-142]. Орыс мемлекеті жақтан ешқандай қауіп тумаған жағдайда Мәскеу партиясының Қазанда нақты билік жүргізіп отырған Қырым билеушілерімен ғана күресуі қисынды іс болатын.

1546 жылы Шах-Әли Қазаннан бас сауғалап қашып шыққан соң билік қырымдықтардың қолына көшеді. 1546 жылдан кейін Сафа-Керей қайта хандық құрады да, 1549 жылы наурыз айында кенеттен қайтыс болады [301,82-83]. Бұл кезде Қырым хандары өзара билікке таласып, Қазандағы жағдайға көңіл аударуға мұршалары болмайды. Қырымнан Қазан тағына отыруы тиіс деп жіберілген Бөлек-Керей мерт болады да, екі жастағы Сафа-Керейдің мұрагері Өтеміш-Керей хан сайланады, мемлекетті уақытша басқарып тұрушы (регент) ретінде оның анасы Сүйінбике жарияланады. Үкімет негізінен қы-

рымтатарлардан құралады да, оның басында Қошақ оғлан (Кучак кейде Кошак) болады [161,107-111].

Бұрынғы Мәскеу партиясының өкілдері Сафа-Керейдің соңғы таққа отырған кезінен бастап-ақ орыс мемлекетіне эмиграцияға кетеді. 1546 жылдың 20 қыркүйегінде Құлыш Төрешұлы, Борнаш (Бурнаш) және Шораның інісі Әлікелер (Аликей) басқарған 76 адамның «ұлы князьға қызмет етуге» келгені, Шора Нәрікұлы, Баубек, Қадыш мырзалардың Қазанда өлтірілгені орыс жылнамасында айтылған [312].

IV Иванның 1551 жылы көктемде Қазанды қоршауға алған жорығына Мәскеу партиясының белді мүшелері болған Шапқын (Чапкун Отучев) мен Борнаш мырзалар қатысады [312,164-165]. Демек, 1551 жылдың өзінде де Орыс партиясының қайраткерлері Орыс үкіметінің (нақтырақ айтқанда, басқыншылық пиғылдағы шіркеу қызметкерлерінің) түпкі пиғылын біле қоймаған. Осы жылдың маусым айында қоршаудан әбден титықтаған қазандықтар жағдайдың қиындауын орыстармен бітімге келмейтін үкіметтен (қырымдықтардан) көреді де, оларға наразылық білдіреді. Бастарына төнген қауіпті сезген қырымдықтар бас сауғалауды жөн көреді. Бірақ бұл кезде барлық жолды орыс әскері жауып қойған болатын. Қаладан қашып шыққан саны жағынан мүлдем аз қырымдықтарды орыс әскері қырып салады. Қошақ бастаған бірнеше мырза тұтқындалып, Мәскеуге жөнелтіледі де, сонда өлім жазасына кесіледі [300,78]. Қазан билігі қайтадан Орыс мемлекетімен бейбітшілікті жақтаушылар қолына көшеді. Құдайқұл оғлан мен Болат шырынның баласы Нұралы шырын бастаған уақытша үкімет құрылады. Уақытша үкімет Шах-Әлиді хан сайлауға және Сүйінбике мен Өтеміш-Керейді орыстардың қолына тапсыруға келісім береді [312,178-179]. Сүйінбикені ұлымен бірге орыстарға тапсыруы қазандықтардың Орыс мемлекетінен әлі де достық қарым-қатынас күткенін көрсетеді. Сүйінбикені қазандықтардың қолынан алу жаулаушылық саясаттың негізін қалаушылардың өте әккі айласы еді. Сондықтан да А.Ф. Адашев жасаған жобада бұл мәселеге ерекше мән берілген. Қазандықтар үшін Сүйінбикені ұлымен орыс қолына тапсыру өздерінің Қырым хандығымен, Ноғай Ордасымен байланыстарын үзумен парапар еді. Өйткені Өтеміш-Керей Қырым династиясының

мұрагері болса, Сүйінбикенің өзі ноғай биі Жүсіптің қызы болатын. Қазандықтардың осында аса күрделі мәселені шешерде тек көршілес, күші артық мемлекетпен бірге тату, бейбіт өмір сүруді басты орынға қоя отырып, тәуекелге бел буғандары көрінеді.

Алайда қазандықтардың бұл үміті ақталмады. 1551 жылы 11 тамызда Сүйінбике мен Өтеміш-Керейді, Қошақ оғланның екі ұлын уақытша үкімет орыстарға табыс етеді. Арада үш күн өткен соң, 14 тамызда құрылтай шақырылып, онда Мәскеу үкіметі қойған келісімшарт талқыланады. Шарт жасасу кезінде боярлар мен қазандықтар хандықтың тау жағы орыстардың қол астында болатындығына көп уақытқа дейін келісе алмай, ақырында қазандықтар Қазандағы барлық орыс тұтқындарын азат етіп, еліне қайтаруға тиіс болады. Егер тұтқындар толық азат етілмесе, Орыс үкіметі дереу соғыс ашатындығын білдіреді. 16 тамыз күні Шах-Әли аздаған қарулы жасақпен қалаға келеді де, 17 тамызда орыс тұтқындарын босату жұмыстарына кіріседі. Сол күні 2700 адам құлдықтан босатылған [312,180-183]. Қазандықтар хандықтың тау жағын орыстарға беруге келіскенмен, іштей наразы болады. Ақыры қазан айында Нұрәли, Шах-Абас, Абдулла бақшы сияқты көрнекті өкілдері бар елшілік Мәскеуге барады. М. Худяковтың көрсетуінше, олар мына нәрселерді сұрайды: 1) «Орыс үкіметі тау жағын қайтарса; 2) егер қайтара алмаса, Қазан қазынасына ол жерден салық жинауға (тым болмаса бір бөлігін) рұқсат берілсе; 3) қазандықтар ант берген келісімді сақтау үшін патша да ант берсе». Бұған орыс үкіметінен: 1) тау жағынан Қазан қазынасына бір тиын да берілмейтіні; 2) қазандықтар барлық тұтқындарды босатқанда ғана келісімнің сақталуына патшаның ант бере алатыны; 3) орыс тұтқындары толық босатылғанға дейін Қазан елшілігі аманат ретінде Москвада қалатындығын айтқан жауап келеді» [161,132].

Шах-Әли басқарған үкімет аса қиын жағдайда қалады. Қазандықтар тұтқындарды жасырып, хандықтың бұрынғы жерлерінің қайтарылуын талап етсе, орыс үкімдері тау жағын қайтаруды ойламады да, тұтқындардың босатылуын, толық азат етілуін қатаң талап етті. Қазан айында Қазанда Шах-Әлиге қарсы сібірлік Бибарыс Ростов басқарған оппозиция пайда болады. Шах-Әли оппозиция өкілдерін той үстінде кескілетіп өлтіреді [161,132-133].

Мәскеуде эмиграцияда жүрген бұрынғы Орыс партиясының өкілдері де, аманат ретінде сонда қалған елшілер де патша үкіметінің Қазанды біржолата бағындыруға ден қойғанын дәл осы кездерде ғана түсінгендігі байқалады. Эмиграциядағы Шапқын мен Борнаштар Қазанға әскер шығару керек деп орыстарға кеңес берсе, Нұралы шырын, т.б. елшілік өкілдері Шах-Әлиді хандықтан алып, орыс әкімін қою керек деген ұсыныс айтады [161,133-135]. Бұл ұсыныстары олардың әбден тығырыққа тірелгенін көрсетеді.

1552 жылдың қаңтар айында, қазандықтардың ұсынысы бойынша, орыс билігіндегі Қазанның ішкі тәуелсіздігі сақталып қалатындай жағдайды сақтай отырып, хандықты Ресейге қосудың жобасы жасалады. Ақпанда Шах-Әли хандықты тастап шығады. Оның орнына воевода С.И. Микулинский қойылмақшы болады. 7 наурызда Шапқын, Борнаш және стрелецтер басшысы Иван Черемисинов Қазанға келіп, қазандықтардан ант қабылдайды [312,197]. 9 наурыз күні Микулинский әскери отрядпен және аманатқа ұстаған қазандықтармен бірге, тау жағында 1551 жылы мамыр айының аяқ кезінде салынған Свяжск қаласынан шығып, Қазанға бет түзейді. Олар Бесбалта (Бежбалда) деген жерге (Қазан маңындағы деревнялардың бірі) келген кезде, патша әкімімен бірге келе жатқан қазандықтардан Кебек мырза мен Шораның інілері Ислам, Әліке Нәрікұлы (Алике Нарыков) қалаға ертерек баруға рұқсат алып кетеді. Үшеуі қалаға кірісімен қақпалардың барлығын жаптырады да, орыстар қазандықтарды түгел қырмақшы деген жалған хабар таратады, соның нәтижесінде қазандықтар тез арада қаруланады [312,475]. Орыс жылнамалары үшеуінің осы әрекетін сатқындық деп жазады. Орыстар үшін бұл әрекет сатқындық болып көрінгенімен, шын мәнінде олар өз халқы үшін қатерге бас тіккен ержүрек азаматтар еді. М. Худяковтың оларды «патриоттар» деп айтуы тегін емес [161,152]. Қалаға кіріп, елді дүрліктіре бастағаннан-ақ ол үшеуін Қазандағы орыс воеводалары (И. Черемисинов бастаған стрелецтер Қазанға алдын ала келіп орналасқанын жоғарыда айтқанбыз) тұтқынға алуы әбден мүмкін еді. Ал мұндай жағдайда тұтқындалған адамның бірден өлім жазасына кесілері анық. Бұл үшеуінің қалаға кіргеннен-ақ жалған хабар таратып, дүрбелең туғызуы ойлануға мұрша берместей жағдайда халықты жедел қа-

руландыру мақсатынан туғаны көрініп тұр. Ал қазандықтардың жедел түрде қаруланып, әскери әзірлікте болуы – халықты да, дүрбелең туғызушылардың өзін де қиын жағдайдан алып шығатын бірден-бір жол. Соның арқасында Қазандағы орыс стрелцтері дереу тұтқындалады [161,137]. Ислам, Кебек, Әліке мырзалардың бұл батыл әрекеті Қазан қайраткерлерінің тәуелсіздікті өліспей беріспеуге тас түйін бекінгенін көрсетті. Халықты осы кезде қарулы соғысқа көтеру аталған үш мырзаның ғана емес, басқа да Орыс партиясын жақтаған белгілі қайраткерлердің түпкілікті шешімі болғанын аңғару қиын емес. Орыстарға Қазанды соғыссыз бағындырудың жобасын жасасқан Шапқын да бұл үш мырзаны бірден қолдап, көп кешікпей орыс әскеріне қарсы тұрған Қазан үкіметінің басшысына айналады (Шапқын Қазанға ертерек, И. Черемисиновпен бірге келген болатын). Бас бостандығын қарулы соғыссыз бермеуге халықтың рухани дайын екендігін бұл үш мырза дәл таба білді. Олардың бұл әрекетіне М. Худяков былай баға береді: «Төңкеріс қаһармандарының жолдары болып кетуіне олардың өздерінің табандылығы және ниеттерінің шынайылығы, орыстардың өзіне-өзі тым сенімді болып, қапелімде сасып қалуы сияқты көптеген себептер болды, бірақ, әрине, бәрінен бұрын олар халықтың көңіл күйін дәл болжай білді, қазандықтардың түсіп кеткен рухын көтере алады. Жүректер Отанға деген махаббаттан селт етіп әрі жалындай лаулаған кезде, соншалықты екпінді ұстап тұру және қақпа алдында тұрған шетелдік билеушіге бірде-бір оқ атпау үшін ерік күшінің барынша беріктігі қажет екенін көрсете алған сол шақ шын мәнінде Қазан тарихындағы ең зор, маңызды сәттердің бірі болды» [161,138]. Қазандықтар көрсеткен осы табанды қарсылық орыстар күтпеген, есепке алмаған жағдай еді. Қазан 41 күн бойы тынбай қорғанды, қаланың әрбір тұрғыны жан аямай ұрысты. Қаланы қорғауға әйелдер мен жас балалар да қатысты [161,??].

Тәуелсіздік пен өмір таразыға тартылған жанкешті соғыста ерекше көзге түскендер бұрынғы Орыс партиясының өкілдері болды. Қазандықтар астрахандық династия өкілі Жәдігерді шақырып хан сайлаған кезде үкімет құрамына Шапқын, Зениет, Кебек және Әліке Нәрікұлы сияқты эмиграцияда болған Мәскеу партиясының өкілдері кірді. Орыс үкіметінің Қазан хандығын жоюға біржола

ден қойғанын да ең алғашқы түсінгендер солар болды. Олардың Мәскеуде аманат ретінде жүрген кезіндегі Қазанды бейбіт түрде бағындырудың жолдарын көрсетіп, орыс үкіметіне ұсынған жобасы шарасыздықтан барған қулық тәсіл екенін де аңғаруға болады. Көбіне орыс әскерімен бірге Қазанға қарсы әрекетте болған тау жағы халқының аса қиын кезеңде қазандықтар жағына өтуі [161,138] де бұрынғы Орыс партиясы өкілдерінің сіңірген еңбегінен екені анық.

Орыстар жарылғыш заттардың күшімен қамалды бұзып, қалаға енген кездегі кескілескен ұрыстарда Қазанның бас мешіті жанында шәкірттерімен соңғы адамы қалғанша соғысқан Құл-Шериф Сейіт те жоғарыда аталған қайраткерлермен ниеттес болған адам. Ол дінбасы болып қырымдықтар биліктен кеткен соң сайланған еді [161,133]. Небары 20 мың (кейде 30 мың делінеді) адамдық атты әскерімен 150 мыңдық жаңа техникалық жабдықтармен қаруланған орыс әскерінің тылынан жиі соққы беріп, ерен ерлігімен көзге түскен Епанча мырзаның [298,70] Шабан, Шах-Болат атты ұлдары да Орыс партиясы өкілдерімен бірге эмиграцияда болды [161,93].

Мұның барлығы 1546 жылы қаза тапқан Шора Нәрікұлы 1552 жылы тірі болған болса, сөзсіз Қазанды қорғаушылар қатарында жүретіндігін көрсетеді. «Шора батыр» жырының көптеген нұсқаларындағы Шораны Қазанды жаудан құтқарушы етіп көрсетуінде эпосқа тән тарихи алмастырумен бірге реалды шындықтың да сәулесі бар. Оған қоса Шора Нәрікұлының орыстарға қарсы соғыстарда теңдессіз ерліктер жасағаны туралы деректер де бар. Мәселен, ол 1540 (ескі орыс жыл санауында 7047) жылы қазандықтардан, черемистерден (тау жағының мариілері), чуваштардан құралған сегіз мыңдық жасағымен келіп, Кострома маңындағы селоларды шабады. Костромалықтарға Владимирдан көмекке жеткен орыс полктерін талқандап, көптеген воеводаларды өлтірген. Сөйтіп Владимир мұнына да шапқыншылық жасаған [313]. 1544 пен 1546 жылдардың аралығындағы қыста Владимир уезіне Аманақ (Амонок) мырзамен бірге қол бастап келіп, орыс әскерлерін күйрете жеңеді [313,290]. 1539 жылы Сафа-Керейдің Нижний Новгород пен Муром жеріне жасаған шабуылы сәтсіз аяқталған кезде, Шора Галич өңірін шауып, орыстардың жаңадан тұрғызған Жиланский қалашыған басып алады [314]. Шораның орыс воеводаларын өлтіруі «Қазан бәйітіндегі»

батырдың Иванның басын кесіп алуы туралы эпизодты туғызғаны күмәнсіз. Жиланский қалашығының аты түркінің «жылан» сөзінен шыққан болса, бұның да эпикалық Шораның жыландармен, айдаһармен күресі туралы мифтік сарынның жырға енуіне жол ашқан болуы ықтимал. Тарихи Шораның жоғарыда айтылған ерліктеріне зер салсақ, оның эпоста дәріптелетіндей жөні бар екеніне оңай көз жеткіземіз.

Тарихи деректер мен эпикалық бейнеден анық байқалатын шындық – Шора Нәрікұлының өз өмірінде-ақ халық жүрегінен терең орын алғаны. Оның эпос қаһарманына айналуындағы ең басты фактор осы. Тарихи Шораның бірде орыстармен соғысып, бірде оларды жақтауы сияқты қарама-қайшы іс-әрекетке баруы, бүгінгі күн тұрғысынан үстірт қарағанда, оның өмірлік ұстанымы мен саяси көзқарасының тұрақсыздығы сияқты көрінгенімен, қаузаі тексергенде, мүлде олай емес, сол кездегі саяси ахуалдың болжауға мүмкіндік бермес жеделдікпен сан алуан бағытқа құбылуына орай, қайраткердің ел бақыты мен тыныштығын көздеген іс-әрекеттері де шапшаң түрде өзгеріп отырғанынан деп білген жөн. Шындығында оның көзқарасы өте тұрақты, бір қалыпта, яғни халық қамын ойлау бағытында болған. Алайда Шора Нәрікұлының қайраткерлік ісіндегі мұндай қайшылықтарды дұрыс бағамдай алмай, оны оңай терістей салған кейбір жаңсақ ғылыми пікірлер сияқты, оған өз заманында да түрліше баға бергендер болғаны сезіледі. Халықтың эстетикалық талғамы ақиқатты қапысыз ажырататындықтан, Шора жөніндегі бұрынғы теріс пікірлердің бәрі тарихтың қоқыс тастайтын қалтарыс-бұлтарыстарында қалып қойған. Сондықтан да башқұрт аңыздарындағы бас қаһарманның орыстарды қолдағаны сияқты дара сюжеттердің өзі жағымды мәнде әңгімеленген. Осы орайда эпикалық дәріптеулер мен жағымды бағалауларды еш қиналыссыз терістей салатын зерттеушілердің сол сәттерде халықтың сәбиге тән аңғалдығын ғана есепке алып, әрдайым онымен қатар өмір сүретін даналығын мүлдем ескермей, «Халық айтса, қалт айтпайды» деген бұқаралық қағиданы қаперлеріне алмай, сондықтан да өздерінің жеке көзқарастарын халықтық танымнан жоғары қойып, оған түзету жасағысы келетін астам пиғылдары ақиқатты дәл табуға үнемі кедергі келтіретіндігін де ескерте кеткен жөн.

Тарихи Шораның Мәскеу партиясының басшылығында болуы оның билікке құмарлығынан емес, халық қамын ойлаған азаматтық ұстанымынан екенін жоғарыда келтірілген мысалдардан көруге болады. Оның Қырымнан айыпты болып кетуі де Қазандағы қырымдық билеушілермен қарсылығын күшейте түскен сияқты. Біздің ойымызша, эпостағы Шораның Әлібиді өлтіріп Қырымнан кетуі – тарихи шындықтың ізінен туған. Р. Бердібай: «Шора батыр туралы жыр немесе аңыз-әңгіме басқа халықтарда да бар. Солардың көлеміндегі, жанрлық бітіміндегі айырмашылықтарға қарамастан, барлығына тән ұқсастықтар да байқалады. Ол – Шораның және оның әкесі Нәріктің күштілердің өктемдігіне қарсы күресіп, асқан ерлік көрсетуі, өздерінің ғана емес, ру-елінің азаттығы мен бақыты үшін айқасқа шығатындығы. Міне, осы сарын жырдың бастапқы түрткілері деп есептеуге дәлел бола алады» [2,174], – дейді. Ал жырдың бастапқы түрткілері көбіне өмір шындығынан туары анық. Эпостағы зорлықшыл Әлібиді Шораның өлтіруі нақты тарихи дерек жүзінде сақталмаса да, шығарманың түгелге жуық нұсқаларында кездесуі оның өмірде болған оқиға екенін мегзейді.

Әліби есімі И. Березин 1851 жылы жариялаған Қырым ханы Сағдат-Керейдің жарлығында кездеседі [315]. Жарлық хиджра есебі бойынша 930 жылдың джәмади әл-аууал айында жазылған. Жарлықтың соңында «Ақташы Али би баян етті» деп жазылған [315,20]. Ә. Марғұлан осы жарлықтағы кейбір түсініксіз сөздердің мағынасын Костылецкийдің өтініші бойынша Ш. Уәлиханов талдағанын көрстеді [199,641-642]. Шоқан бұл жарлықтағы «ақташ» сөзін талдаған кезде, мұндағы Әліби «Шора батырдағы» осы аттас кейіпкердің түптұлғасы екендігін нық сеніммен айтады: «*یچانقا*» (бет 51, №45) Шора туралы қырғыз (*қазақ* – Б.Қ.) жырында (тама Шора батыр) Ақташы Әли би бар, ол кейде *یچانقا* – ақташының Әли биі деп аталады. Жыр бойынша, бұл Әли би – Орал не Сарайшық ноғайларының ақташы руының басшысы, оның руын поэма қаһарманы, Кіші жүз тама руының қырғызы (*қазағы* – Б.Қ.) Нарықтың ұлы, батыр Шора шауып алады» [198,91], – дейді ғалым И. Березин еңбегіне жазған рецензиясында.

Ал И. Березин «ақташ» сөзін хан сарайындағы «құсшы» («сокольник»), «барысшы» («барсник»), «аушы» («ловец») сияқты қыз-

меттер қатарында көрсеткен [316]. И. Березиннің «ақташы» сөзін «ат бағушы» деп аударғанын Шоқан дұрыс деп таппаған. Бірақ И. Березиннің бұл аудармасын түбірімен қате деуге де болмайтын сияқты, өйткені оның бұл жерде сөздің шығу төркініне назар аударғаны көрініп тұр. Тарихшы Ф. Хархатай да Березин сияқты «ақташ» сөзін «штальмейстер» (қазақшасы – ат бағушы) деп аударған [317]. Сондай-ақ ол Қырым хандығында «патшаның ат баушысы» деген лауазымдағы сарай қызметкерлері болғанын айтады [317,214]. Сондықтан Березиннің бұл сөзді қызметтік атау деп болжағаны дұрыс деп есептейміз. Оның үстіне, жарлық сияқты ресми қағазда ру атын емес, қызмет дәрежесін жазған деу қисынға келеді. Қырым татарларының Радлов жариялаған Бүйік-Хожалар вариантындағы «Ханның ақташысы Әли би» [125,124] деген сөз тіркесі де бұл сөздің қызмет атауы екендігін білдіріп тұр. И. Березин «ақташыны» ат бағушы деп аударғанда, «ақта» сөзінің көне түркі-моңғол тілінде «ат» деген мағынаны бергендігіне сүйенген [315,54]. Эпостағы Әлібидің Шораның атын алып кетуі де ат бағушылық қызметпен байланысы болуы мүмкін. Біздіңше, «ақташы» сөзі салық жинаушы мағынасын берген сияқты. Әли би баяндаған Сағдат-Керей жарлығында, мұнда аты аталған адамдардан салық түрлерін және әскерге адам алмауы жайында айтылуы тарихи Әлібидің қызмет дәрежесінен хабар беріп тұр. Тарихшы В.Е. Возгрин де француз саяхатшысы Пайсонелдің жазбаларына сүйене отырып, Қырым ханының кеңесшілігі (диван) құрамында «ақташы-башы» деген дауазым болғандығын атап өтеді [318]. Біздіңше, «ақташ» атауы қазақтардағы «төлеңгіт» сөзі сияқты қызметтік мағынадан рулық атауға алмасқан. Этнографиядан хабары мол Шоқанның оны ноғай руы ретінде көрсетуі тегін емес.

Сөз болып отырған жарлық Сағдат-Керейдің атынан жарияланғанымен, Қазы-Керей ханның мөрі қойылған. Мұның себебін И. Березин: «Сағдат-Керей әлі хан тағына отырмаған еді», – деп түсіндіреді. Осы тұстарда Қырымның атақты ханы Мұхаммед-Керей осы кезде қайтыс болып, Қазы-Керей де орнынан тайдырылып, тақ бірақ уақыт иесіз тұрған болуы керек. Демек, хан тағына отырмаған Сағдат-Керейдің атынан жарлық шығарған Әлібидің өзі болып шығады. Бұл кезде Сағдат-Керейдің «қуыршақ хан» болғаны байқалады. Эпостың Оңтүстік Қазақстан варианттарындағы Әлібидің жас

Қараханға өктемдік көрсетуінде осындай тарихи жағдайдың сәулесі болуы тиіс. Осы жыр варианттарындағы Қараханның бейнесі Қырым тағының тікелей мұрагері, Мұхаммед-Керейдің ұлы Ислам-Керейдің де билікке қол жеткізе алмай жүрген ахуалын [312,66] көзге елестетеді.

Сағдат-Керейдің жарлығы жазылған хиджираның 930 жылы біздің қазіргі жыл санауымыз бойынша 1524 жылы тура келеді. Тарихи Шораның аты Қазан тарихына байланысты деректерде осыдан кейін кездеседі. Біз бір диссертациямызда орыс жылнамасындағы деректерге [312,45] сүйене отырып: «(...) 1527 жылы Мәскеуге келген Сафа-Керей елшілерінің құрамындағы князь Шора, біздіңше, Шора Нәрікұлы болуы керек» [90,154], – деген болатынбыз. Бұған бүгінгі күн тұрғысынан қарай отырып, асығыстау айтылған болжам дегіміз келеді. Л. Ибрагимова да татар тарихшысы Н. Атласидың: «1526 жылдың март айында Сафагерей ханнан Мәскеуге Қазі хәм Шора бектер, Дауыл бақсы елші болып келді. Бұлар бұл жолы Карл V тарапынан жіберілген Герберштейнмен Мәскеуде кездесті», – деген дерегін таяныш етіп, жыр қаһарманының түптұлғасы осы дегенге тоқтайды [101,9]. Е. Ысмайлов та Шора 1526 жылдан кейін Қазаннан шықпаған дейді [20]. Шамасы, біз келтірген жылнамадағы дерек пен Н. Атласи мәліметі бір болуға тиіс. Біз диссертациядағы бұл жөніндегі ойымыз асығыс айтылыпты дегенде, тарихи Шораның барлық жазба деректерде үнемі әкесінің атымен бірге айтылатынын есепке аламыз. Соған қарағанда, сол тұста Шора есімді тұлғалар көп болғандықтан, халық өзінің сүйікті перзентін тірі кезінде-ақ олардан даралап, әкесінің атымен қосақтап атаған. Осының әсерімен Шораның інілері Әліке, Ислам есімдері де әкесінің атымен бірге айтылған. Біздіңше, тарихи Шора Қазанға Құлыншақтан кейін барған. Құлыншақ кейіпкер ретінде көрсетілетін варианттардың түгелге жуығында Шора Қазанға одан кейін барған етіп көрсетіледі. Шамасы, ол XV ғасырдың 26-27 жылдары Қошымда болып, бірер жылдан соң, өзінің ежелгі жұрты ретінде Қазанның тау жағына барып орналасқан болуы керек (М.Н. Тихомировтың Шораның тау жағында иелік жері болды деген пікірінің растығы жырдан да байқалады). Добружа вариантында Шора Қазанды «атамның жұрты» деп атайды [61,98]. Ол осы кезде өткен-

кеткен орыс саудагерлерінен алым-салық алып тұрған сияқты. Оның өзге түркілердегі нұсқаларда жоқ «әділетті қарақшы» ретіндегі бейнесі тап осы тау жағының халқы чуваштарда ғана сақталуының бірден-бір себебі осы деп білеміз. Сол тарихи кезеңде хандықтың тау жағында орыс елшілері мен көпестерінен алым-салық алып тұратын жол торушылар болғандығы ғажап емес. Өйткені сол тұста өткен-кеткен орыс және ноғай елшілері жол бойындағы тау жағы тұрғындарының бағалы заттарын тартып алатын болған [319]. Соған қарсылық ретінде мұндай халық жасақтарының пайда болары сөзсіз. Қашанда халық қамын ойлаушы Шора Нәрікұлының тау жағы тұрғындарынан құралған жасағы сол кезде құралса керек. Е. Ысмайлов, бұл деректі қайдан алғаны белгісіз, Шора Қазандағы соғысқа 1538 жылдан бастап қатысқан дейді [20]. Шынында да оның жылнамаларда ерлігімен алғаш көрінетін кезі осы шамада (ол туралы алда тоқталамыз). Бұл – жырдың ең түпкі нұсқасы Ажи-Молла вариантындағы батырдың Сали қарттың үйінде ешкімге танылмай тоғыз жыл тұруымен тұспа-тұс келетін айғақ. Осы нұсқада Әбіл-Қасым Шораның анасына ұлының қаза тапқанын естіртіп:

*Сенинь улынь эр Шора,
Он сегиз йыл бу Казанда дав этип,
Баьтирлигин дан этип,
Ахырысы, эй медет,
Сувга кеткен усайды [42,80], –*

дейді. Бұл да эпикалық мәліметтердің жоғарыда айтылған тарихи деректермен таңғаларлықтай сәйкестігі. Сонда 1546 жылы суға кеткен деп есептелетін Шора тоғыз жыл Қазанда ерлігімен көрінген болса, бұл 1537 жылға тура келеді. Шынында да жылнамалардағы Шораның 1538/39 жылдары ерлік көрсете бастауы осы мәліметтің растығын білдіреді. Ал оның арғы жағындағы тоғыз жыл Қазан сыртында көпшілікке көрінбей тұрғанын есептесек, ол Қазанға 1528 жылы келген болып шығады. Мұны чуваштардағы Шора жөніндегі аңыздардың мазмұндық алабөтендігі де қуаттайды.

Әлібиді Шора Нәрікұлының өлтіруі тарихта болған оқиға деп санауға осындай тарихи даталар хронологиясы және эпос пен тарихи

деректер сәйкестігі мүмкіндік береді. Ал Ә. Қоңыратбаевтың: «1043 жылы Жанкент патшасы Шах-Мәлік, оның баласы Әли Сырдан кетеді. Эпостық жырларға қарағанда, оғыз ұлысының ыдырауына қият Қараман бас болған. Әли елі қазақ эпосы «Нәрікұлы Шора батыр» жырында суреттеледі» [275,113], – деген пікірін де түбегейлі жоққа шығаруға болмайды. Ғалым бұл ойын өзі жазып алған Қызыл жырау вариантына сүйеніп айтқаны белгілі. Ал Оңтүстік Қазақстан нұсқаларында оғыздық мотивтің кең орын алғанын айтқан болатынбыз. Аттас тарихи тұлғалар туралы ауызша деректер оңтүстік нұсқаларында эпикалық жинақтауға түсуі әбден мүмкін.

Эпос нұсқаларындағы көрініс тапқан тарихи шындықтың бірі – Шораның суға кетіп мерт болуы деп білеміз. Шораның суға батып кетуі жөнінде ешқандай тарихи дерек жоқ болғанымен, оның өлімі өзен жағасында болғаны аңғарылады. «Қазан тарихының» баяндауынша, Шора Қазаннан бас сауғалап қашқан Шах-Әлиді Еділ жағалауына дейін шығарып салады да, оған өзінің осы әрекеті үшін өзін қазандықтардың өлтіруі мүмкін екенін, егер тірі қалатын болса, хан оны қайта келіп алып кетуі керектігін айтады, сөйтіп кездесетін уақыт пен жерді белгілейді. Бірақ жазбада уәделескен жер туралы айтылмайды. Ол кезде Ресеймен өзен жолдары арқылы қатынас жасайтын болғандықтан, Шах-Әлидің Шораны осы су жолдарының бірінде күтпек болғаны айқын. «Қазан тарихының» әрі қарайғы баяндауынша, Қазанның белгілі адамдары бос тұрған хан сарайын көріп, ашу-ызаға булығыды. Ханның қашып кеткенін және оны қуып жете алмасын білген соң бір-бірін кінәлап, өзара қырқысады. Ханның құтылып кетуін көпшілігі Шорадан көреді. Шора бұл кезде әйелімен, балаларымен және 500 қызметкерімен, 1000 адамдық жасағымен Қазаннан шығып өз селосына барады (бұл – батырдың тау жағындағы иелік жері болуы керек). Шах-Әлиден кеткеннен он күннен кейін Шора уәделі жерге келіп, ханды күтеді. Бірақ хан айтқан кезінде келмейді [301,80-82]. «Сол сағатта ол қатты опық жеді, – деп жазады «Қазан тарихында». – Ал қазандықтар Шораның қашқанын көріп, оған барлық қаһарын төкті де, қуып жетті. Ол болса қайратын бойына жиып, өз орнында тас түйін дайын тұрды, олардан құтылуға үміттеніп, ұзақ ұрысты. Сөйтіп олар өздерінің ержүрек қолбасшылары Шора Нәрікұлын баласымен,

ересек ұлдарымен бірге «Қазандағы құпия сырды ашып қоюшы, ханның (*Шах-Әлидің – Б.Қ.*) жанашыры» деп өлтірді, тек тірі қалған күндерімен бірге әйелін ғана Қазанға алып келді. Өзінің досы немесе қожайыны үшін жанын беретін мұндай махаббат иесі енді тумады» [301,82].

Осы ұрыста Шора суға кетіп, содан қайтып оны ешкім көрмеген сияқты. Егер де тарихи негізі болмаса, соншама ұлан-ғайыр аймақта, бір шеті Дунай бойынан Алатауға дейін, екінші шеті Анадолыдан Сібірге дейін тараған жырдың көптеген ұлттық нұсқаларындағы кейіпкердің суға батып өлу сарынының сақталып қалуы қиын болар еді. Жыр нұсқаларындағы бұл мотивтің шындыққа ең жақын келетіні – үш жағынан жау қоршағанда батырдың қолға түспеудің амалын қылып, атымен бірге Еділ суына батып кететін Добружа вариантындағысы. Кейіннен бұл мотив көркемделе түскен: жырдың Қазан татарларындағы вариантында батыр суға атының тағасы қызып кетіп түссе, қырымтатар нұсқаларында өз ұлымен соғысып жүріп суға батады. Ал қарақалпақ нұсқаларында кейіпкер мінген аттың тегі су тұлпары болғандықтан, иесін теңізге алып қашып кеткен етіп баяндалған. Қаншама қиял араласқанымен, бұл сарында тарихи шындық негізі сақталып қалған. Ал қиялдың араласуы да фольклорлық дәстүр шеңберінен шыға қоймаған. Су тұлпары жөніндегі қоспа жеке жырлаушылардың қиялының жемісі емес, халықтық көне наным-сенімнің негізінде жасалған.

Тарихи Шораның қайтыс болған жылы жөнінде де екі түрлі пікір бар. Тарихшылардың көпшілігі оны 1546 жылы опат болған десе, соңғы жылдары Шора Нәрікұлы 1551 жылға дейін тірі болған деген мәліметтер де айтылып жүр. Мысалы, А.Х. Халиков дәл осындай мәлімет келтірген. Ол Шора 1551 жылы Иванды тыңдамағаны үшін азапталып өлтірілген дейді [98,135]. Ғалымның бұлай есептеуіне Қаһарлы Иванмен соғысқан Шора батыр туралы аңыздар [134] негіз болған сияқты. Ал автордың бұған орыс жылнамаларынан дәйек етіп көрсеткен сілтемелері негізгі мәліметпен сәйкеспейді. Татарларда Қазанды орыстар басып алғанға дейін Шораның өмірде болағаны туралы ауызша ғана емес, жазбаша да деректердің болғаны аңғарылады. Мәселен, жоғарыда айтылған татар жылнамасында мынадай қызықты ақпарат кездеседі: «Ауыр жағдайда, алты жыл бойына соғыс жүргізді. Ақырында мұсылмандарға қасірет жүз көрсетті, олар жеңіліс тапты. Осы күні Мәліктің ұлы Шора батыр шаһит

болды» [283]. Демек, татарлардың біраз бөлігі әуелден-ақ Шораны Қазан үшін болған шешуші шайқастарға дейін тірі болған деп санаған. Егер бұр пікір расқа шықса, онда 1546 жылы көпшілік суға кетті деп есептеген Шора Нәрікұлы бұл сын сағатта аман қалып, орыс патшасына жеткен болып шығады. Осы жолғы оқиғаға куә болғандар Шораны мерт болды деп есептеп, оның суға кетіп опат болғаны туралы түрлі әңгімелер таратқан. Жоғарыдағы сөз болған батырдың суға кетіп өлу сарыны осылай түзілген. Сонымен бірге, оның мәйітін көзімен көргендер болмағандықтан да, батыр тірі болуы мүмкін деген әңгімелер туған. Бұл болжам С. Исхаки Польшада жариялаған варианттағыдай, Шораның өлмегендігі, қырық ғайып әулиенің ішінде жүретіндігі сияқты сарынға немесе Х.Б. Паксой айтқандай, батырды қайтадан судан шығады деп орыстардың өзен бойын күзетіп тұратыны туралы аңыздарға [3,264] негіз болған. Біз де Шора Нәрікұлы 1551 жылы аман болған деген ойға қосыламыз. Егер ол осы кезде тірі болса, орыс басқыншылығының әуелгі авторлары, Адашев сияқты Қазан хандығына қатысты қай мәселені қалай шешу керек екенін жетік меңгерген әккі отаршылдар Шапқын, Әлікелермен бірге оны Қазанға жібермесі мәлім. Өйткені бұлар Шораның халық арасындағы беделінің қандай екенін жақсы біледі. Шапқын, Әлікелер 1551 жылы Шораның азапталып өлтірілгенін біліп, соның нәтижесінде патша үкіметінің хандықты аяусыздықпен жою пиғылында екеніне көз жеткізген сияқты. Сөйтіп олар Қазан халқын орыстарға қарсы көтеруге бел буса керек.

Жыр нұсқаларындағы Шораның жау (орыс) қызынан туған өз ұлымен соғысып, мерт болатындығы жөніндегі сарынның әуелгі тарихи түрткісі не екенін тап басып айту қиын. «Қазан тарихында» баяндалғандай, Шораның өзімен бірге ұлдарының да өлтірілуі жыр-дан бұл сарынның орын алуына әсер етуі екіталай. Бәлкім, бұған «Қазан тарихында» айтылған Шораның әйелінің Қазанға тірі алып келінуі себеп болған шығар. Қазандағы көне зираттардың біріндегі құлпытаста «Жыл санаудың тоғыз жүз елу екісінде Шораның ұлы Әли-Мардан қайтыс болды, фәниден бақиға көшті» [320] деп жазылған. Хиджираның 952 жылы, шамамен Шора қайтыс болған 1546 жылға тура келеді. Мұндағы Әли-Мардан Шораның өзімен бірге мерт болған ұлы болуы ықтимал.

Эпостан нақты орын алған тарихи тұлғаның бірі – Шах-Әли. Шах-Әли жырдың көне нұсқаларында Шығалы деген атпен кездеседі. Оны халықтың сол заманның өзінде-ақ осылай атағаны білінеді. Өйткені орыс жылнамалары осы атқа сүйеніп, «Шигалей» деп жазады. М. Османов жариялаған ноғай вариантында Шығалы Қазанға келген Шораға жер беріп, қымбат киімдер сыйлайды. Қазанға ұлын іздеп келген Нәрікке көп мал беріп, Қырымға шығарып салады. Радлов жариялаған Қарасу-Базар вариантында Шығалы Шораны көрмей тұрып-ақ, оны Қазанға келе жатқан жолда атқан оғынан таниды. Бүйік-Хожалар вариантында Шора Шығалы ханымның (мұнда Шығалы Сары ханның қызы болып, екі кейіпкердің аттары алмастырылған) бас батыры болады. Мұның барлығы тарихтағы Шах-Әли мен Шораның жақын қарым-қатынасының эпостағы көрініс табуы болмақ. Шынында да, Шора Нәрікұлына тау жағындағы бағалы жерді Шах-Әли сыйлаған болуы мүмкін.

Осы орайда Шораның иелік жеріне қатысты тағы бір деректі айта кеткен жөн. Эпостың көне нұсқаларында да, көркемдік тұрғыдан әбден өңделген варианттарында да Нәріктің әуел баста Қазаннан кеткені туралы айтылады. Ә. Марғұлан: «Шора» жырында Тама руының атақты биі Нәріктің қырға ауып келуі Иван Грозныйдан (1552 ж.) біраз жыл бұрын» [160,358], – дейді. Егер тарихи Нәрік шынында да Қазанда тұрған болса, онда хандықтың тау жағында тіршілік еткен деп санайтын негіздер бар. Татар тарихшысы Д. Исхаков жыр варианттарына және шежірелік мәліметтерге сүйене отырып, тарихи Шораның арғы бабалары Қазан хандығында тұрған болуы мүмкін деп есептейді [99,17-18]. Эпос нұсқаларында осыған қатысты басқа да тарихи шындық белгілері көрініс беріп отырады. Мәселен, Майлықожа нұсқасында Аққаланың ханы – ноғайлылардан, биі – айрақтылардан деп көрсетіліп, шығарма соңында айрақтылардың түрікпендерге қосылып кеткені жайында баяндалады. Қазақтардың да, түрікмендердің де құрамында кездеспейтін айрақты руының атын Майлықожа, Құлыншақ және олардан бұрын жырлаған айтушылар қайдан алып отыр деген сұрақ туындайды. Осының өзі-ақ бұл бейнеленген оқиғаның тарихи шындықтан тууы ықтимал екенін аңғартады. Майкөт, Молда Мұса нұсқаларындағы айрақтылардың

түрікпен жұрты деп көрсетілгенінен гөрі бұл айғақтың тарихқа жақын екені сезіліп тұрады. Айрақтылардың кім болғандығы жөнінде қазақ зерттеушілерінен тексерген ешкім болған жоқ. Ал М.В. Гришкина мен В.Е. Владыкин айрақтылардың қазіргі удмурттар екенін айтады [321]. Удмурттар 1552 жылға дейін Қазан хандығының құрамында болған [123,464]. Олар Шора Нәрікұлы шабуыл жасаған Ресейдің Кострома облысына көрші тұрған. М.В. Гришкина мен В.Е. Владыкин удмурттарды Арск бектігінің (княздығы) атауы удмурттардың «арлар», «аряндар» деген бұлғарлық-татарлық аттарынан келіп шыққанын көрсете келіп: «Қазан хандығында елеулі рөл ойнаған және оның ішкі күрестеріне қатысқан удмурт бектігінің (княздық) болғандығын татар аңыздаулары да куәландырады. Солардың бірі – «Шора батыр дастанында» («Чур батыр дастане») Шора (Чура) батыр басқаруымен тамалар (теменцы) Әліби (Алибей) басшылығындағы айрақтыларды жеңеді. «Айрақты» атауы мамандар тарапынан «ақ арлардан» деген сөзден шыққан деп түсіндіріледі және Арск жерінің удмурттарымен бір ұғым деп есептеледі» [321,8], – дейді. Шындығында да, Арск бектігінің басшыларының көбі татар тілін жетік меңгерген удмурттардан шыққан. Орыстар оларды кейде туыстығына қарай «чуваш» деп, ислам мәдениеті ықпалының күштілігіне қарай «бесурман» («мұсылман») деп те атаған [322]. Демек, Қазан хандығының тау жағын мекендеген удмурт-айрақтылармен тарихи Нәріктің көрші қонуы әбден мүмкін. Қырымнан келген Шора Нәрікұлының тау жағынан бірден жер алуы, оның жасағының қазандықтардан (татарлар) ғана емес, черемистер (бұлардың ішінде удмурттар да болуы керек) мен чуваштардан да құралуы кездейсоқ болмасы кәміл. Алайда бұл мәселені арнайы зерттеу – тарихшылардың үлесіндегі іс.

Айрақтылардың (ақ арлардың) түрікмендерге қосылғанын куәландыратын айғақтар да жоқ емес. Мәселен, түрікменнің атақты XVII ғасырдағы шайыры Гаражаоглан өзінің бір өлеңінде былай дейді:

*Козан дагындан неслимиз, Қазан тауынан нәсіліміз,
Ары түркмендир асылымыз. Арлық түркікмен-дүр асылымыз.*

Түрікмен зерттеушісі О. Ягмыр Гаражаогланның бұл өлең жолдарындағы «ары» сөзін көпшілікке танымал «арий» атауымен бай-

ланыстырады [323]. Сондай-ақ анықтамалық әдебиеттердің көбінде ақын айтқан Козанды Түркіменстандағы тау аты деп көрсетеді. Бірақ, біздіңше, ол Қазан қаласының тау жағын айтқан. Бұған оның Бұлғарды, яғни атажұртын сағынып жазған «Бұлғардың өркеш шындары» деп басталатын өлеңі дәлел бола алады [324]. Маңғыстау жерінде Айрақты деген жер атауының болуы да бұл этникалық топтың бір кезде түрікмендерге қосылғанын көрсетеді. Гаражаогланның өз нәсілінің «Козан (Қазан) тауынан» екенін айтқанына қарағанда, удмурттар әуелде Арск бектігінің Қазанның тау жақ бетіне жақын тұсында тұрған және олардың түрікмендерге қарай ауа көшуі Қазанды орыстар басып алудан бұрын болған. Бұл да Нәріктің әуел баста Қазанның тау жағында болғаны, Шораның Қазанға барған кезде алдымен өзінің ескі жұртына барғаны туралы пікірімізді растайтын деректер.

М.В. Гришкина мен В.Е. Владыкиннің өздері сілтеме жасаған «Шора батыр дастанын» қайдан алғаны бізге мәлім болмай отыр. Біздің пайымдауымызша, бұл – В.И. Дальдің Санат жыршыдан естіген нұсқасы. Дальдің бұл жыр туралы «сөзбе-сөз жазып алынады» деуіне қарағанда, оны кейіннен басқа біреу арнайы хатқа түсірсе керек. Шығарманың аты («Чур батыр») және оқиғалық желісінің қазақ нұсқаларына жақын болуы соны көрсетеді. Сонда айрақтылардың (удмурттардың) түрікмендерге қосылу оқиғасы Шораның емес, Нәріктің заманында болған, эпостағы тарихи алмасыру нәтижесінде ол Шораға кейіннен телінген. Екінші жағынан, бұл аталмыш оқиға Құлыншақ ақынның нұсқасына тамалар айтқан әңгімелердің ықпалымен енсе керек дегенімізді де қуаттап тұр.

«Шора батырдың» бас қаһарманының руы барлық ұлттық нұсқаларда «тама» деп айтылады. Қазақ ішіндегі тамалар өз шежірелерін Нәрік пен Шорадан бастайды. Осы жағдайларды ескергенде, тарихи Шораның да тама руынан шыққаны күмән туғызбауы керек еді. Бірақ кейбір татар тарихшылары оны арғын руының өкілі деп көрсеткен. Әсіресе Д. Исаковтың еңбектерінде бұл көзқарас бірнеше рет көрініс береді. Ол бірде Ноғай Ордасында қыпшақ, барын, арғын рулары болғанын айта отырып, оның көрінісі «Шора батыр» эпосында бар екенін айтса [322,4], енді бірде Шора Нәрікұлының арғын руынан екенін тікелей тілге тиек етеді [99,17].

Әрине, тарихшы мұны жайдан-жай айтпаған. Ол бұл жерде эпостың кейбір нұсқаларындағы және татар, башқұрт шежірелеріндегі айғақтарға сүйенсе керек. Шынында да, әр түрлі ұлттық нұсқаларда бас қаһарманның руының арғындарға қатысы барлығы айтылады. Мысалы, Ажи-Молла (ноғай) вариантында Шора:

*Мен арғын ман, арғын ман,
Ақ сункардай кыргый ман,
Асылымды сорасанъ,
Ай тамгалы Тамаман [42,76], –*

деп; М. Османов вариантында:

*Асылымды сорасаң,
Мен арғынмын ақ сұңқар.
Құстың қарғынмын.
Ауылымды сорасаң,
Ай тамгалы Көкіс ұлы тамамын [118,25], –*

деп; ал Добружа нұсқасында:

*Мен арғынман, йорғынман,
Қарт қарталдай қырғынман,
Асылымны сорасаң,
Қырымдағы Көкішлі Тамаман [61,99], –*

деп арғын мен тама атын қатар айтса, Т. Сырдыбаев жырлаған қырғыз вариантында да батырдың жұрты «қалың арғын, тама елі» делінетін еді [82,371]. Ал Мұрын жырау айтқан «Нәрік» бөлімінде Шора:

*Асылымды сұрасаң,
Асылым артық арғынмын.
Тегімді менің сұрасаң,
Көк нарлы танамын [195,328], –*

десе; «Шора» бөлімінде:

*Ноғайлының ішінде
Асылым артық арғынмын.
Бергі атамды сұрасаң,
Көк нарлы танамын.
Атам аты қарт Нәрік,
Мен сонда туған Шорамын [195,366], –*

дейді. Байқап отырсақ, бұл мысалдың бәрінде арғын, тама руларының аттары қатар аталып отыр. Ал Мұрындағы «таманың» орнына «тананың» айтылуы бергі кезде енгізілген жаңалық екені анық. Бұны Мұрынның өзі құрастырған топтамаға сай жасаған редакциясы демек ләзім. Бұлар да эпостың тарихилығына қатысты сақталып қалған параллел-детальдар. Біздіңше, тамалар XV-XVI ғасырлардағы Қырым хандығында арғындармен бір бірлестікте болған. Басшылығында арғындар болғандықтан, бұл бірлестік сол рудың атымен аталған болуы керек. Аталмыш бірлестіктің негізі тым ерте дәуірлерде қаланған болса керек. М. Тынышпаев «Таматарак» («Тмутаракани») деген көне жер атауы болғаны туралы X ғасырдағы византиялық император Константин Порфирородныйдың жазбасынан мысал келтіреді [278,32]. Бұл, сірә, тамалар мен қазіргі арғындардың құрамына кіретін тарақтылардың бір замандарда бір бірлестікте болғанын білдіретін атау болса керек. Қырымдағы тамалардың арғындармен бір бірлестікте болғанын қырымдық арғындардың ішінде «көкес» (бұл – эпикалық Шора арғы атам деп айтатын көкіс (көкіш, көгіс, кеуіс, кеуіш, нөкіс) тармағының болуынан да аңғарамыз [99,17]. Бірақ бұл – Қырымдағы арғындарға ғана қатысты ақиқат. Ал өзге түркі халықтарындағы тамалар арғындармен бір бірлестікте емес. Сондықтан да тарихи Шораның тама руының өкілі болғандығы анық дегіміз келеді. Эпостың барлық ұлттық нұсқаларында дерлік батырдың тама екені айтылады. Бұл – бір. Екіншіден, тұлғаның рулық ерекшелігі рулар бірлестігінің атына байланысты емес, қандық тегіне қарай айқындалмақ. Қандық тұрғыда Шораның тама ішінен шыққаны күмәнсіз. Ал жоғарыда біз келтірген башқұрттардың Ғ. Хөсәйнов, Т. Рәхмәтуллин шежі-

релерінде Шораның арғы атасын Жағылбай, Жағыл бай (қазақша – жағалбайлы) деп көрсетулері де жаңсақтық. Өйткені башқұрт шежірелерінде Шораның ұлты «қазақ еді» деп айтылады. Олар, шамасы, қазақ ішінде екеуі де Кіші жүзге жататын тамалар мен жағалбайлыларды шатастырып алған.

«Шора батырдағы» бас кейіпкерлердің басым бөлігінің тарихи тұлғалары бар. Соның бірі Шығалы хан екенін, оның Шах-Әли тұлғасы негізінде сомдалғанын жоғарыда айтып өттік. Эпостың бас қаһарманымен сыйлас етіп көрсетілген бұл кейіпкер де жыда ұнамды бейнеде суреттелген. Сондай-ақ тарихшылардың, ғалымдардың Шах-Әлиді сырт келбетінің сүйкімсіздігі үшін және Орыс үкіметінің адамы ретінде оны Қазан халқының жек көргенін айтқан пікірлеріне де тоқталғанбыз. Олай болса, халық ұнатпаған тарихи тұлға эпоста қалайша жағымды кейіпкерге айналған? Бұл жерде тағы да көптеген зерттеушілердің, әсіресе шетел тарихшыларының Шах-Әли жөнінде тым асығыс баға бергендігі байқалады. Тарихи деректерге үңілсек, Шах-Әлиді жаратпағандар да, оны өлтіруге тырыскандар да Қазандағы билеуші топ екендігі аңғарылады. Ал қарапайым Қазан халқы орыстарды әрдайым жау санаған деп айту дұрыс емес. Қазандағы жалпы көпшіліктің орыстармен қарым-қатынасы жөнінде М. Худяков: «Жайшылықтағы қарапайымдылықпен әрі мейірбандылықпен атқарыла беретін тіршілік қатынастарын діни кедергілер жиі ушықтырып отырды, орыс саудагерлері үшін татар сатушысы өзі сияқты адам саналса, дін өкілдері үшін ол «лас адам» («поганый») болды, сондықтан олардың арасында ешқандай ынтымақ болуы мүмкін емес» [161,118], – деп басқыншылық саясаттың басты қозғаушысы орыстың шіркеу иелері екендігін көрсетеді. Ал Шах-Әлидің «орыс адамы» болғаны тіпті Қазан билеушілерінің де жек көруінің басты себебіне ұқсамайды. Оны Мәскеу партиясының өкілдері де жақтырмаған, 1531 жылы оны хан тағына қабылдамай қойған. Оны жек көрудің негізгі себебі басқада. Қазан тарихын арнайы зерттеген ғалым К. Фукс (1776-1846) бұның себебін: «Бұл хан қазандықтарға оларды тонаушылыққа жібермегені үшін, дәл айтқанда, өзінің қорғаушысы ұлы княздің еркінен шықпағаны үшін ұнамады» [271,163], – деп түсіндіреді. Біздіңше, К. Фукстің осы пікірі шындыққа дәл келеді.

Шах-Әли – қайшылығы өте мол тарихи тұлға. Оның өз басына төнген қауіп-қатерге қарамастан, орыс патшасының дегенінен шықпағанын оған шын жүрегімен берілгендіктен деп есептеу біржақты кеткендік болады. Оның өз әміршісінің тапсырмаларын екі етпей орындауы тағдыр мойнына жүктелген шырғалаңы мол, аса күрделі жағдайдың құлы болғанымен байланысты. Шах-Әлидің орыс патшасына «берілген тілалғыштығын» ақтайтын бірнеше тарихи себептері бар. Біріншіден, оның патша тапсырмаларын мүлтіксіз атқаруы екі мемлекет арасындағы бейбітшіліктің кепілі болатын. Көп жағдайда орыстар тарапынан болған әскери жорықтар бұған дейінгі қазандықтардың кішігірім шапқыншылығына қарымта қайтару мақсатынан туындап отырған. Сондықтан да орыстар жақтан келетін қатерді болдырмау үшін әуелі қазандықтардың шапқыншылығына тыйым салу қажет болды. Екіншіден, өзінің мүлт кеткен қателігінен қатты азап шегуі мүмкін оның негізгі бодан жұрты Қасым хандығы халқының тағдыры да ханды қатты алаңдатқаны анық. Оның 1531 жылы бір рет аңдаусызда шоқ басқаны бар. Сол жылы өз інісі Жан-Алиді қазандықтардың хан сайлағанына наразы болған ол өзінің сол таққа отыруына қолдаушылар іздеп, қазандықтармен астыртын байланыстар жасайды. Мұны Орыс үкіметінің жансыздары біліп қояды да, өз бетімен сыртқы саясатқа араласқаны үшін оны тұтқынға алып, Белоозеро деген жерге жасауылдар күзетімен жөнелтеді. Орыс үкіметі Шах-Әлидің қызметінде жүрген мүлде айыпсыз мырзаларды аяусыз жазаға тартады. Оларды Псков, Тверь, Новгородтағы түрмелерге әйел, бала-шағаларымен бірге қамайды. Псковта олардың көбін жас балалармен бірге мұнарадан лақтырады, кейбіреуін буындырып өлтіреді, әйелдерін шоқындырады. Сол кезде татар әйелдерін шоқындыруға митрополит Макарий белсене кіріскен. Шах-Әлидің қателігінен 200-ге жуық татар мырзалары азапталып өлтірілген, көптеген әйелдер мен жас балалар шоқындырылған. Шах-Әлидің өзі үш жылдай тұтқында болады [161,100-103]. «Тұтқындарға Орыс үкіметінің жәбір көрсету кезіндегі сол қаталдық адам таңғаларлықтай. Татарларға жүргізілген репрессияның ауыртпалығы Шах-Әлиді айыптаумен үйлеспейтіні соншалық, қозғалған іске әйтеуір бір ерекше саяси мән берілгені күмән туғызбайды. Бұрын Шах-Әлиге құрмет пен ілтипат көрсетіп келген III Василийдің достық қамқорлығы осылай қайғылы аяқталды, орыс мемлекетінде қызметте жүрген татарларды талқандау, әлбетте,

Москваның ұлы княздығын күшейтуге мүмкіндік туғыза алмайды» [161,102], – деп, М. Худяков бұл тарихи оқиғаға берген бағасын ащы мысқылмен түйіндеген.

Ал Шах-Әлидің Қасым хандығынан Қазан хандығына ұмтылуы үнемі жорық үстінде жүретін әскери қызметтен құтылудың амалы болуы керек. Бірақ оның орыс патшасына көзсіз құлдық ұрмағанын да байқауға болады. Ол Қазан тағына 1551-1552 жылдары соңғы рет отырған кезінде IV Иваннан хандықтың тау жағын қайтаруын үнемі сұраумен болған. «Шах-Әли Қазан хандығының екіге бөлінетінін білген соң, «тау жағының өзіне, яки Қазанға емес, Свяжеск қаласына қарайтынына разы болмады» (*цитата орыс жылнамасынан – Б.Қ.*), Қазан хандығына жат, Россияда туып-өскен және оның айнымас жақтасы болған бұл адамның мұндай түсініксіз жобамен бас қатырғаны тіпті таңғаларлық жай» [161,123], – дейді М. Худяков. 1552 жылы ол тақты орыс билеушісіне беруге «Мен – мұсылманмын, өз дініме қарсы шыққым келмейді» деп келіспеушілік білдіреді [300,81]. Сөйтіп өз басын да, бодан жұртын да дін үшін қатерге тігеді.

М. Худяковтың айтуынша, Рига бургомисрі Франц Ниенштель Шах-Әлиді ақылды адам деп мақтаған [161,164]. Оның халық қамын ойлайтындай парасаттылығының болғандығын «Шығалы ханның уәзірлері туралы өлеңі» деген шағын бәйіттен де көре аламыз. Ф. Урманчиев бұл бәйіт жөнінде былай дейді: «Тарихи тұлға есебіндегі Шах-Әли өзінің бұрынғы достары сынға алынатын бәйіттің татар халқының арасына тарап кететіндігін ойламаған. Шамасы, поэтикалық тұрғыдан аса көркем емес бұл шағын шығарма – Шах-Әлидің өзінің немесе оның айналасындағылардың бірінің туындысы» [74,227-228]. Бәйіт екі шумақтан тұрады. Соны аудармасымен берейік:

*Дус, дус диганім,
Дус төгал икансиз!
Дос диб уқ жөрғаным,*

*Дос, дос дегенім,
Дос емес екенсіз.
Дос деп ұғып жүргенім,
Бәрің де дұшпан екенсіз.*

*Бары – да дөшман икансиз.
Ай балалар, балалар,*

Ай, балалар, балалар,

*Бізден жылап қалалар.
Бізден қалған малларны
Рослар кишіп алалар.*

*Бізден жылап қаласыңдар.
Бізден қалған малдарды
Орыстар келіп алады [132,35-36].*

Егер Шах-Әлидің тарихи тұлғасы өз тұсындағы халыққа, көптеген тарихшылар айтқандай, жексұрын көрінген болатын болса, лирикалық кейіпкері халық болашағын ойлап күйзелген бұл бәйіт халық арасына дәл бұлай таралмас еді. Бәйіт Шах-Әлидің 1546 жылғы Қазан тағына отырған тұсынан, яғни қазандықтардың оны өлтірмек болған кезінен елес береді. Демек, халық оның қайшылығы мол қиын тағыдырын, басындағы трагедиялы ахуалын түсіне білген, оның сол күйзелісін бейнелеген бәйітті ұмытпай сақтап келген. Осы кейіпте халық жадынан орын алған Шах-Әлидің «Шора батыр» жырына ұнамды кейіпкер болып енуінің жөні бар. Оған қоса, өмірде эпос қаһарманының түптұлғасымен достық қатынаста болған ол жырда ұнамсыз бейнеде көрінсе, сөз жоқ, бұл халықтың тарихи жады мен эпос арасында қайшылық туғызған болар еді.

Жырдың көне нұсқаларында түгелге жуық кездесетін Құлыншақ батыр бейнесінің де, біздіңше, тарихи негізі бар. Халық аузындағы аңыз бойынша Құлыншақ – Шалкиіз (Шалгез) жыраудың баласы. Осы тұста Құлыншақты айтпас бұрын Шалгезге біршама тоқталу қажет болып тұр. Құлыншақтың Шалгезге қатысы жөнінде жырау шығармашылығы мен өмірін зерттеген Қ. Сыдиқов мынадай мәлімет келтіреді: «Мысалы, бір қолжазбада Шәлгез Құлыншақұлы делінсе, екінші біреуінде Құлыншақ Шәлгездің баласы боп көрінеді. Орақ, Мамайға ренжіген жырау бір қолжазбада Шораға, екінші біреуінде Тама Есетке, Нәрікке кетеді» [119,206]. Аздаған сәйкессіздікті есептемегенде, осы айтылған қолжазбалардағы деректер Құлыншақ Шәлгез жыраудың (Шалкиіз) ұлы екенін білдіріп тұр. Ал Шәлгезді Құлыншақтың ұлы етіп көрсеткен сәйкессіздік аңызды айтушылардың жаңылысқанынан туғаны анық. Өйткені жыраудың әкесінің аты Тіленші екендігі ғылымда дәлелденген. М. Әлиакбарұлы жариялаған жыр нұсқасында да Құлыншақ Шалкешұлы деп айтылады [179,9]. Егер бұл мәлімет қиялдан туған болса, оның әрқелкі жанрлық түрге жататын шығармаларда осыншалықты сәйкес келуі мүмкін болмас еді.

Ал Шәлгездің Нәрікке, бірде Шораға, енді бірде тіпті бергі тарихи кезеңнің өкілі Тама Есетке кетуі жөніндегі жазбалар бір кезде оның тама руына барғандығын мегзейді. Оның Нәрікке барғаны тарихи айғақ сияқты. «Шора батырдың» қырымтатар нұсқаларында

Құлыншақ Қырымда Шорамен бірге бұзау (кейде қой) бағады, Қазанға бірге аттанады (кейде Шорадан бұрын барған болады). Осы сәйкестіктер Нәрік пен Шәлгездің, Шора мен Құлыншақтың Қырымда бір мезгілде қатар өмір сүргенінен хабар береді.

Осы жерде Шәлгез атына қатысы бар «Ер Шобан» жыры туралы бір кезде қазақ әдебиетін зерттеушілердің арасында туған дауға тоқтала кетудің қажеттігі бар. М. Мағауин осыған ұқсас бір жырды 1970 жылы жарық көрген «Алдаспан» жинағында Шалгездікі (Шалкиіз) деп жарияласа, Ә. Дербісәлин бастаған бір топ ғалымдар 1982 жылы шыққан «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» жинағына бұл жырдың авторы Шобан жырау деп енгізген. М. Мағауин соңғы жинақ туралы жазылған «Бардың бағасы» атты сын мақаласында бұл жырдың Шалгездікі екеніне мынадай дәлелдер айтқан: «Ұлы жыраудың біздің заманымызға Мұраттың айтуымен жеткен, «Ер Шобанмен» мазмұндас, үндес, бір туындының екі нұсқасы деп айтарлықтай көлемді жыры болатын. Текстология ғылымының әліппе саналатын, «Егер бір шығарманың екі түрлі нұсқасының бірі автор атымен, екіншісі анониммен сақталса, онда осы екеуі де жаңағы, аталған авторға тиесілі» дейтін қағидасы бар. Оның үстіне «Ер Шобанның», қай жағынан алғанда да, Шалкиіз туындыларымен стильдік бірлігі күмән туғызбайды» [248,224].

Кейінгі жылдары осы мәселемен байланысы бар жаңа деректердің жариялануы танымдық көкжиегімізді біршама кеңейтті. Соңғы жылдары жарық көрген орыс патшасының елшілік жазбаларында Шобан деген кісінің аты ұшырасады екен. Онда 1523 жылдың қазан айында Мәскеуге барған азаулық Мұхаммед бектің елшісі патшаға мынадай хабар айтады: «[...] Сондай-ақ, мәртебелім, Қырымнан Шобан сұлтан қашып шығып, мәртебелім, Қазанға бармақ болды. Содан соң, мәртебелім, Ноғай Ордасынан қорқып, Қазанға барудың мүмкіндігін таппады. Сөйтіп ол, мәртебелім, Астраханға барды. Ал оған енді, меніңше, Астраханнан Түменге (Тюмень) баруы керек, мәртебелім, Түменде оның руластары бар [...]» [325]. Бұл – Қырымдағы бұлғақ кезінде болған оқиға.

Шобанның Қырымнан кету мезгілі мен жүрмек болған жолы да эпоста бейнеленіп қалған Шораның сапарымен сәйкес келуі назар аударарлық жай. Шоқан жариялаған жыр фабуласында Шора Қазан-

ға бара жатып, жолда естек (башқұрт) ханы Қошымның ауылында той тойлайды [199,138]. Осы тұста Шоқанның «Кучум» деп жазған есімін қазақ тіліне аударушылар «Көшім» деп бергенін [198,91], бірақ оның «Қошым» деп берілгені жөн болатынын айта кеткіміз келеді. Мұса бидің баласы Қажы-Мұхаммедті халық осылай атаған, ол жылнамаларда да көбіне осы атпен көрінеді. Қошымның (Қажы-Мұхаммед) Жүсіпке оппозицияда болған Ысмайылмен ымыраға келіп, онымен Орданың Еділ жағында бірге жүруі де көп жайдан хабар береді [326]. Демек, Қазанға жол тартқан Шора да Ноғай Ордасынан, нақтырақ айтқанда, Мамай мен Жүсіптен аулағырақ жүрген. Орыс елшілігі жазбасында сақталған Стамбулдағы орыс елшілерінің князь Микита Оболенский арқылы 1524 жылдың 25 наурызында Мәскеуге жіберген сәлемдемесінде: «[...] Сапақ татар (*түпнұсқада Сабак, сәлемдеме жіберушілердің бірі – Б.Қ.*) айтады. Олар Қырымнан шығардан бес күн бұрын Астраханнан қырымдық татар келген, ол Астраханға Шобан ханзадамен (*түпнұсқада «царевич» – Б.Қ.*) барыпты. Сол татар айтады, Астраханның түбінде Мамай болған, жеті күн тұрған, онымен бірге Жүсіп (Юсуп) мырза болған, ол арнаулы әскерімен келген. Ал Қошым (Кошум) мырза Мамаймен Астраханға бармады, ол Мамаймен жау. Сөйтіп қырымдық ханзада Шобан астрахандықтармен шығып, Жүсіп мырзаны талқандады. [...] Сосын Мамай да Астраханнан аулақ кетті [...]» [325,65-66], – делінген. В.В. Трепавлов осында айтылған Шобанды (Шобан-Керей) Мұхаммед-Керейдің ұлы деп көрсетеді. Ол Шобанды Қырымнан Сағдат-Керейге бағынғысы келмей кеткен дейді [327].

Шобанның Астраханда Жүсіп, Мамайлармен әкесі Мұхаммед-Керейдің кегі үшін соғысқаны анық. Шалгездің Орақ, Мамаймен араздасып кеткені туралы халық аузындағы әңгімелерге сүйенсек, оның да Мұхаммед-Керейді ноғай мырзаларының алдап өлтіргенін қолдамағанын білуге болады. Бірақ Шалгездің Мамайға ренжіп кетуі оның Жаңбыршыұлы Телағыстың азғыруымен ант бұзып, Мұхаммед-Керейді қапыда өлтіруінен бұрын болса керек. Бұл ретпен қарайтын болсақ, Мамаймен ренжіскеннен кейін Шалгездің де, М. Мағауин [248,42] мен Қ. Сыдықов [242,218-219] айтқандай, Хакназар ханға емес, Қырым хандығына, одан 1523 жылғы Қырымдағы бұлғақтан соң Астрахан арқылы Түменге кетуі, тіпті одан әрі

Қазанға баруы да ықтимал. «Шора батырдың» көптеген ұлттық нұсқаларында Қазанға жеткен бас қаһарман әуелі өзімен туыстас, жұрттас қарт кісіге жолығады. Ажи-Молла вариантында оның үйінде тоғыз жыл тұрады. Бұл қарттың Ажи-Молла вариантындағы аты Сали екенін де білеміз. Оның атының Шалгезбен үндестігі де назар аударалықтай. Зерттеушілер жыраудың лақап есімі туралы халық арасында айтылған әңгімелерде жетім қалып, оны Орақ, Мамай салдың үстінен тауып алғандықтан, әуелде «сал» және «кез» сөздерінің біріктірілуінен жасалған есіммен «Салкез» деп аталғаны туралы мәлімет береді [242,207-208]. Ал Сали есімі де «сал» сөзі мен *и* жұрнағының қосындысынан жасалып, «салдың баласы» деген мағына беруі мүмкін. Шалгез пір тұтқан би Темірдің де өмірінің соңында Ысмайылмен ниеттес болғаны [242,218] біздің бұл ойларымызды одан әрі қуаттай түседі. Біздіңше, би Темір де, Шобан да, Шалгез де, Шора Нәрікұлы да Ысмайылмен орыстармен ымыраға келу мәселесінде ғана ортақ пікірде болған. Бірақ бұлардың ешқайсысы да Алшы Ысмайыл сияқты орыстарға жан-тәнімен берілмеген. Шалгездің Мұрат Мөңкеұлы арқылы жеткен толғауы әуелде Шобан-Кереймен байланысты тууы ықтимал. Бұл жыр кейінгі ғасырдағы тағы бір Шобанға, нақтырақ айтқанда, Естереқұлы Шобанға телініп, соның заманына лайықталып қайта өңделуі де мүмкін. Алайда біз осы айтылғанның бәрін бұлжымас ақиқат деуден аулақпыз. Дейтұрғанмен, тарихи айғақтар мен эпикалық шындықтың тым жиі сәйкес келуі де ескермеуге болмайтын жағдай.

Жоғарыда айтылған Қырым жұртындағы оқиғалар кезінде тарихи Шораның да сонда болғаны жырдан да, тарихи деректерден де аңғарылады. М. Османов вариантында Қазанды жау алған кезде Шора батыр айтқан мына сөзде де осы шындықтың сәулесі бар:

*Қайта-қайта көп шапдық,
Бұ Қазандан ішкен дәмді ақларға.
Қазына бұзып мал бердік,
Бізім менен бірге аттанған
Сәдде атаудай нартларға.
Өлмей Қазан алдырдық,
Енди қалай барармыз,*

*Өпкелесип айрылған,
Алай күн Қазы-Керей ханды сақларға [118,30].*

Қазы-Керей – Сағдат-Керейден алдыңғы Қырым ханы. Бірақ оның билігінің ғұмыры ұзақ болмаған. Оның себебі жөнінде В.Е. Возгрин: «Тақты Қазы-Керей иеленді, бірақ билер оппозициясы Қырымның жалпы әлсірегендігін пайдаланып кетті. Олардың бірі Шырын Стамбулға барып, сұлтаннан өздеріне басқа хан беруін жалынып сұрады. Ол болса, өзінің қол астында жүрген марқұм Мұхамедтің ұлы Сағдат-Керейді жібереді (...)» [318,204], – дейді. Біздің есебімізше, тарихи Шора бұл кезде Қырымда болған. Қазы-Керейді тақтан тайдыруға қатысқан билер тобының ішінде ақташы Әли би де болса керек. 1523 жылдың 17 тамызында орыс патшасы Василийге Сағдат-Керейден хат келеді. Хан бұл хатында барлық түркі жұртының билеушілері мен хандарының өзіне туыс екенін айтып, күш көрсете сөйлейді. Ондағы мақсат патшаны ықтырып қою екені шүбәсіз. Хат таққа жаңадан отырған Сағдат-Кереймен бірге билердің де атынан келген [325,64]. Шындығында бұл хат ханға үстемдік жүргізген билердің Сағдат-Керейдің атынан жазғаны болса керек. Осы жағдай және 1524 жылы Сағдат-Керей жарлығына ханның орнына ақташы Әли бидің қолы, Қазы-Керейдің мөрі қойылуы жырдың қазақ нұсқаларындағы Әлібидің Қараханға жасаған өктемдігін еске салады. 1523 жылдың соңына қарай таққа келген Сағдат-Керей 1524 жылы да өзін таққа отырғызған билердің үстемдігінен құтыла алмаған секілді. Ал Шобан мен Шора Нәрікұлының бұл билердің тобында болмасы белгілі. Жас Шора Нәрікұлының сол кездің өзінде-ақ билікті кие тұту қасиетінің болғаны білінеді. Олардың Қазы-Керейдің билігін сақтап қалуы үшін күрес жүргізгені, бірақ дегендеріне жете алмағаны, сол үшін ренжіскендері жоғарыдағы жыр үзіндісінен де көрініп тұр. Қазы-Керейді тақтан кетіргеннен кейінгі Қырымдағы берекесіздікті ол қарашының биліктің киесіне ұшырауынан деп ұғынып, бұл ұстанымы одан әрі беки түскен сияқты. Шынында да, Қырымда Қазы-Керейден соң берекесіздік болғанын бұдан соң билікке келген Сағдат-Керейдің де, Ислам-Керейдің де тақта бір жылға жетер-жетпес отырғанынан-ақ [328] сезуге болады. Жоғарыдағы Қазы-Керейге

катысты жыр жолдарының бір кезде тарихи Шораның аузынан айтылғаны күмәнсіз.

Қазы-Керейдің тақтан тайғаннан кейінгі өмірі жайлы деректер мардымсыз. Тарихи мәнбелерде оның 1524 жылы 20 жасында Сағдат-Керейдің бұйрығымен өлтірілгені айтылады. Бірақ сол кездегі Қырым жұртының бұдан жаппай хабардар болмауы мүмкін. Сөйтіп оны Қырым гарнизонымен немесе туысы Шобан-Кереймен бірге Қазанға кеткен есептеулері де ықтимал. Ажи-Молла вариантында Қазанға аттанғалы жатқан Шораға Нәрік:

*Аксам шактан атланып,
Талпынып Тарлан тавдан оьтпе сен,
Казандагы Казы-герей ханлардынъ,
Капысынынъ карсы алдында турма сен [42,74], –*

дегені де осы жайдан хабар бергендей.

В.В. Трепавлов Қошымның 1538 жылдан кейін аты аталмайтындығын ескеріп, оны осы ғасырдың 30-жылдарының соңында қайтыс болса керек деп есептейді [326,50]. Демек, тарихи Шора, шынында да, Шоқан айтқан фабулалық желіде айтылғандай, Қошым жұртында той тойласа, Қазанға бұдан, яғни 1538 жылдан бұрынырақ барған болады. Бұл да жылнамалардағы деректермен сәйкес келіп тұр. Эпостың әр түрлі нұсқаларында батырдың жол сұраушыға жолығуы (көбінесе суға келген келіншек) осы Қошым жұртында болған оқиғаға меззейді. Добружа вариантында бұл оқиға болған жердің Қазаннан жетпіс шақырым екені батырдың аузынан айтылады [61,97].

М. Әлиакбарұлы нұсқасында және халық аузындағы аңыздарда Шалгездің ұлы деп айтылатын Құлыншақтың образы Қазан тарихына қатысы бар Қошақ оғланды еске түсіреді. Біз бұл ойымызды бұрынырақ диссертациямызда білдірген едік [90,161-164]. Осы пікірді Ф.И. Урманчев те айтыпты [100,102]. Құлыншақ есімі Қазан татарларының тілдік ерекшелігіне сай «Қолоншақ» болып дыбысталатыны белгілі. Ал түркі тілдеріндегі *л*, *н* дыбыстары сөйлеу кезінде түсіп қалуға бейім тұрады. Құлыншақ Ескішеһир аңыздық нұсқасында Қоншық болып өзгерген. Бұл есім жылдам айтылу сәтінде орыс адамына Қошшақ немесе Құлчақ болып естілуі ықтимал.

Қазандағы аз ғана қырымдықтардың ішіндегі үкімет билігіне араласқан әскербасы осы Қошақ (айтылу ерекшелігі бойынша дұрысы – Қошшақ, өйткені орыстар оны Кошак деп жазады) болатын. Қошақтың Қазанға Шорадан ертерек келгендігі де эпос сюжетімен сәйкес келетінін жоғарыда айттық. Біз Шораның Қазанға келуі Әліби тірі болған 1524 жылдан біршама кейін, нақтырақ айтқанда, 1528 жылдардың шамасы деп есептейміз. Ал Қошақ оғлан Қырым гарнизонының қолбасшысы болған. Демек, ол Қазанға Қырым династиясымен бірге, яғни 1521 жылы келген деп санауға болады. Егер бұл болжамымыз шындыққа сәйкес келсе, онда Құлыншақ Қырымдағы бұлғақтарға қатыспаған болады.

Қошақтың Сафа-Керей тұсында да Қырым гарнизонының қолбасшылығы қызметін атқарғаны анық. Эпоста Құлыншақ Шораның досы ретінде, кейде бақталасы ретінде көрінеді. Жырдың Радлов жариялаған Бақшасарай және Бүйік-Хожалар варианттарында екі батыр бақ сынасады. Құлыншақтың періштесі жылан болып көрінгенімен, Шора одан қаймықпайды, ал Шораның періштесі айдаһар кейпінде келіп Құлыншақтың зәресін ұшырады. Бүйік-Хожалар вариантында Шораның періштесі осы сынасуға өкпелеп кетіп қалады да, Шора суға батып өледі. Түркия (Ескішеһир) нұсқасында екі батыр қызға таласады. Ал Мұрын жырау вариантында бұл вариант әсірелене түскен: Шораны жер жұтып кетуі кімнің аруағы күшті деп екі батырдың бәстесу себебінен болады. Эпостағы екі батырдың бақ сынасуы тарихи Шора мен Қошақтың оппозициядағы екі партия өкілдері болғандығын көрсетеді. Ал олардың жырда дос ретінде көрінуі де негізсіз емес. Шора өмір сүрген 1546 жылға дейін Мәскеу мемлекеті мен Қазан хандығы арасында ірілі-ұсақты бірнеше соғыстар болған. Бұл соғыстардағы Шораның ерліктері жайында, Сафа-Кереймен қатар жорыққа шыққаны туралы жоғарыда біршама тоқталып өттік. Демек, орыс әскерлеріне қарсы соғыстарға екі партия өкілдерінің бірге қатысқаны анық. Оның үстіне, тарихи Шораның қырымдықтармен ашық айқасқа түскені жөнінде дерек жоқ. Көптеген тарихшылар Шораны Сафа-Керейдің қолынан қаза тапқан деп жаңсақ пікір айтады. «Қазан тарихында» баяндалған бұл оқиғадан Шораның Сафа-Керей таққа қайта отырғанға дейін қазандықтардың қолынан мерт болғанын көреміз [301,82]. Дәл осындай

мәліметті П. Рычков та келтіреді. Ол Шах-Әлидің Қазаннан Шораның көмегімен қашып шыққанын айта келіп, одан әрі қарайғы оқиғаны былай баяндайды: Қазандықтар осыдан үш күннен кейін хан сарайына келіп, оның бос тұрғанын көрген соң Шах-Әлидің қашып кеткенін білді және оны Шора мырзадан көріп, ашу-ызамен Шораны өлтірді және оларда бұрын хан болған Сафа-Керейдің (Сипгерей) ешқандай қорқынышсыз келіп олардан үшінші рет хандықты алуы, еркін жасауы үшін Жайықтың арғы жағындағы Ноғай Ордасына елші жіберді» [305,121].

Жырдың Добружа вариантында Сүйінбике атының Құлыншақ аузынан айтылуы да тегін емес. Тарихта Сүйінбике билік құрған кезде Қошақтың оны қолданғандығын айтқан едік. «Қазан тарихының» авторы тіпті Қошақты ханымның көңілдесі ретінде көрсетіп, «Қошақ оғлан мен ханымның зинақорлық сүйіспеншілігі жөнінде» деген тарау арнаған [301,93-94]. М. Худяков бұл тараудың растығын жоққа шығарады. «Бұл хабарға сенбеуге негіз бар. Ондағы тарихи факті емес, бұның автордың таусылмас қиялының арқасында ойдан шығарылғандығын оңай көруге болады. Сүйінбике ханым өз көңілдесін билік құруға шақырды деп ойлау қиын. Бәрінен дұрысырағы, Өтемішті хандыққа нақ осы хан гвардиясы көтерген және билікті ханымнан Қошақтың өзі алған жоқ, қайта Сүйінбике ханымға ол ұсынған» [161,111], – дейді ол.

Сүйінбикенің есімі Добружа вариантында ғана айтылады. Онда сарай алдында жирен аты сүрініп, айдары көрініп қалған Шораны сол арқылы таныған сарай қыздарының бірі бұл хабарды Сүйінбикеге жеткізсе [61,98], екінші бір тұсында ханымның есімі Құлыншақтың аузынан айтылады.

*Сехери танъдан билинген,
Суйимбике сарайынынъ,
Къаршысына келгенде,
Джыйрен аты суринген,
Нарик улы сенми эдинъ?* [124,152] –

дейді онда Құлыншақ Шора батырға. Ал ноғайлардың Ажи-Молла вариантында дәл осы жолдар: «Сапы ханым бикединъ, Сарайынынъ карсы алдына келгенде» [42,77], – деп алмастырылған. Бұған қа-

рап қырымтатар варианттарындағы Шораға бүктемелі қылыш сыйлайтын Сары ханымның түптұлғасы Сүйінбике болу керек деп долбарлауға да болады. Шынында да Сүйінбике қолы ашық, жомарт жан болған, ол үнемі қазандықтарға бағалы сыйлықтар жасап отырған [329]. Бірақ жыр варианттарындағы Сары ханымның Сүйінбикеден гөрі Шорамен бір саяси бағытта болған Гауһаршад ханшаға көбірек ұқсайтындығы да бар. Сары ханым қырымтатар нұсқаларында Шығалының қызы деп көрсетіледі. Бұл – таза халық қиялының жемісі. Ал Шах-Әлидің ұрпағы болмағандығы тарихтан белгілі [161,164]. Сондықтан бұл образдың әуел баста қалыптасуына Шах-Әлиді хандыққа сайлауды қолдап отырған Гауһаршад тұлғасы түрткі болған секілді.

Бірақ жырдың Бекмамбет Құлмамбет (қырымтатар) вариантындағы Сары ханымның орыс еліне кетіп қалуы, одан туған ұлдың әкесі Шораға қарсы ұрысқа шығуы Сүйінбикенің басынан өткен қайғылы оқиғаны да еске салады. Ханымның ұлы Өтеміш-Керей зорлықпен шоқындырылып, Александр деген христиан есімін иеленген болатын [161,165]. Бекмамбет Құлмамбет вариантындағы Сары ханым бейнесі жаңа көркемдік шешім нәтижесінде басқа кейбір нұсқаларда орыс (Молда Мұсада – қалмақ) қызымен алмастырылған. Жалпы алғанда, Сары ханым образында эпикалық жинақтау белгілерінің молдығы байқалады.

Сары ханым есімі басында «саф» сөзінен шыққан сияқты. Бұған ноғай варианттарындағы рудименттер дәлел бола алады. Бұл образ Ажи-Моллада «Сапы» делінсе, М. Османовта «Сафа» деген есіммен аталады. Осыған сүйене отырып, мұны тарихтағы Сүйінбике ханымның лақап есімі болуы мүмкін деп есептеген дұрыс сияқты. Иасауия тариқатының айқын өкілі болған Құл-Шәріп молданың Сүйінбикеге айрықша қамқорлық жасауы да көп жайдан хабар берердей. Сүйінбике мен Құл-Шәріптің көзқарасы, ұстанымдары, дүниетанымы ортақ болғаны шүбәсіз. Осыларға қарағанда, Сүйінбикенің «саф-ханым», «сопы-ханым» аталуы ғажап емес.

Көне варианттардың көпшілігінде кейбір тарихтағы ел билеушілерінің есімдері жиі кездеседі. Мәселен, М. Османов жариялаған ноғай вариантында Нәрік Қан мырзаны өлтіріп, Дағыстаннан Астрахандағы Ақша ханға кетеді. Содан кейін Ақша ханды да өлтіреді

де, Қырымға көшеді. Жалпы Шора тарихи адам болғандықтан, оның әкесі ретінде аталатын Нәріктің де тарихта болған адам екені күмәнсіз. Көне нұсқалардың көбіндегі сюжетте Нәріктің қоныс аудару (көбіне Қазаннан) маршруты әуелі Астрахан, кейін Қырым болғаны байқалады. Осыған қарап отырып, фольклорлық айналымға әбден түсіп, типологиялық сипат алған бұл сюжеттің негізінде де тарихи шындық жоқ па деген ой туады. Р. Бердібайдың Нәрік пен Шораның күштілерге қарсы әрекеті эпостың алғашқы түрткісі болуы мүмкін деген ойы да эпос нұсқаларындағы тұрақты қайталанатын оқиға желісінен туса керек.

Көне нұсқалардағы Қазанға кеткелі тұрған Шораны тоқтатпақ болып айтқан анасының төмендегі сөздерінде де Нәрікке қатысты оқиғаның ізі бар:

*Къайтсана, балам, къайтсана,
Атынънынъ башыны тартсана,
Сенинъ бабанъ Нарик къарт,
Докъуз султан ольдюрди,
Къырымдан чыкъып кетмеди [65,67];*

немесе:

*Сенинъ бабаңъ
Къырыкъ султан ольдурди
Къырымдан чыкъмады [127,18].*

М. Османов вариантындағы Қазы би – ноғайлы эпосынан орын алған Қазы болуы ықтимал. Ал оның інісі деп айтылатын Қан (Хан) мырзаның аты да тарихи деректерде бар. Ол – Шах-Мамайдың алты ұлының бірі [85,430], 1553 жылы өртеніп өлген [297,90]. Қан мырзаның жасы Қазидан әлдеқайда үлкен болуы керек, өйткені Қан мырза Мұсаның немересі болса, Қазы – шөбересі. Әрине, эпос үшін мұндай алмастырулар сыйымды. Бұл екі тұлға да жас шамасы жағынан Шорадан кіші. Нәріктің олармен замандас ретінде суреттелуі – эпосқа тән көркем жинақтаудың жемісі. Бұл жинақтау әуел баста Нәріктің Кавказ тарапынан шыққанын баяндайтын болмыш әңгімеден туған болуы керек. Өйткені кавказ ноғайлары Қазы елі деп айтылған [275,349]. Ал М. Әлиакбарұлы жариялаған

қазақ нұсқасында Нәрік Ақша ханды өлтіріп, Шағым-Керей ханға барады. Тарихтағы Мұсаның баласы Шағым шын мәнінде Нәріктің замандасы болуы мүмкін. Шағымды М. Тынышпаев 1503 жылы қазақ ханы Жәдікпен соғыста Үргеніште өлген десе [278,60], В.М. Жирмунский 1520-1621 жыл аралығында астрахандықтар қолынан мерт болған деп жазады [85,441]. Бұл жерде Жирмунский мәліметі дұрыс, ал Тынышпаев бұл екі қарсыласты шатастырып алған сияқты. Бұл ұрыста Шағым емес, керісінше, Жәдік хан қаза тапқан. Мұны В.М. Жирмунский орыс жылнамасына сүйеніп отырып айтқан [85,445]. М. Әлиакбарұлы вариантындағы Нәріктің Астраханға келгендігін баяндайтын эпизод эпостың бастапқы негізгі болған меморат-әңгімеден қалған жұрнақ болуы тиіс. Тарихи Нәрік Қырымға 1523 жылғы бұлғақтан бұрын барған болса, Шағымды өлтіруге қатысуы мүмкін екені осы даталардан да байқалады. Мұндай әңгіменің ізін басқа да көне нұсқалардан көре аламыз. Бүйік-Хожалар вариантындағы Жәнібек хан бейнесі де эпос сюжетінің тарихтағы Астрахан оқиғаларына қатысы барлығын сездіреді.

Көне нұсқалардағы кейіпкер сөздерінде де белгілі тарихи адам аттары көп айтылған Мысалы, Ажи-Молла (ноғай) вариантындағы Сәли қарттың:

*Сув ишинде мажар бар,
Мажар баста Ибан бар,
Элден алым алдырмас,
Ийги тувған Мамай бар,
Дегершиги языда,
Тентек коышкен ногай бар.
Ханда Камбар улы бар,
Оьзден болсань онда бар.
Биелер минип той еткен
Тауда Казы мырза бар,
Шешен болсань онда бар.
Кырымда аьруьв Али бар,
Ага болсань онда бар [42,76-77], –*

деген сөзіндегі Мамай, Қамбар, Әли, Қазылар (Қази) белгілі ноғай мырзалары екені анық. Ал Ибан деп 1462-1505 жылдар аралығында билік құрған орыс патшасы ІІІ Иванды айтқаны көрініп тұр. «Су

ішінде мажар бар, Мажар баста Ибан бар» деген жолдардағы «мажар» сөзі тастан салынған үй деген мағынаны білдіреді [330]. Бұл жолдар Ш Иван қайта салдырып, өзінің негізгі тұрағы еткен Мәскеу кремлін мегзейтін сияқты. Ал «елден алым алдырмас» деген жол 1478 жылы Ш Иванның Алтын Орда ханы Ахметке салық төлеуден бас тартып, оның елшілерін өлтіретін оқиғаны [331] еске салады. Әйгілі ноғай мырзаларымен бірге орыс патшасының да өз халқы үшін атқарған істерін үлгі етіп жырлаған бұл монолог – Қазан хандығы мен Орыс үкіметінің бейбіт өмір сүрген кезінен хабар беретін тарихи сипаты бар жыр. Осы монологта Қазандағы Орыс партиясы ұстанған бағыттың негізгі идеясының көлеңкесі бар.

Біз алғашқы екі тарауда көне нұсқаларды монолог, диалогтардың көп өзгермейтіндігіне назар аударғанымыз жырдың тарихилығын неғұрлым аша түспек мақсатымызбен байланысты еді. Кейіпкер сөздеріндегі тарихи тұлғалар әрекетінің, олардың мезгілі мен мекенінің үнемі тарихи шындыққа дәлме-дәл немесе жақын келіп отыруы бұл сөздер кезінде сол тарихи тұлғалардың өз аузынан айтылған деген ойға қайта-қайта алып барады.

Тарихи Шорамен замандас адам аттары тек көне нұсқаларда ғана емес, классикалық нұсқаларда да көптеп кездесетінін байқадық. Эпостың классикалық нұсқаларында эпикалық жинақтауға түскен әркім дәуір адамдарымен бірге, барлық нұсқада кездесетін Әлібиден басқа да тарихи Шораның замандастары бар.

Соның бірі – қарақалпақ нұсқаларындағы қалмақтан жеңілген Қазан ханының баласы, Шораға қой соңында жүргенде кездесетін Айдар төре. Айдардың есімі Мәскеу патшаларының Ноғай Ордасы мырзаларымен жүргізген дипломатиялық жазбалар жинағында кездеседі. Айдар мырзаның IV Иванға жазған хаты және орыс патшасының оған қайтарған жауабы сақталған. Айдар мырза бір хатында өзінің Асан мырзадан туғанын, өз ағайындарының саны елу-алпыс екенін жазған [332].

Асан (орыс жазбаларында – Алсан) – Оқастың баласы, Мұса мен Жаңбыршының ағайыны [85,436]. Айдар мырза бұл хатында IV Иваннан Сүйінбикені қайтаруын, Еділдің жоғарғы жағынан жайлау және көптеген бағалы сыйлықтар беруін сұрайды. Хатта Сүйінбикені «қарындасымыз» деуіне және оны қайтаруды сұрауына

қарағанда, Айдар мырза Жүсіптен жас жағынан кіші болғаны және онымен одақтас екендігі көрінеді. IV Иван: «Біз де Жүсіп мырза үшін және сіздердің барлығыңыз үшін оны Шығалы ханға бермекшіміз» [239,26-27], – деп, дәл Жүсіпке қайтарғандай [333] мазмұнда жымысқы жауап береді. Ал Айдар мырзаның басқа тілектері мүлдем ескерусіз қалған.

Осы хаттан Айдардың өмірі Қазан хандығымен тығыз байланыста болғандығы айқын көрініп тұр. Өйткені ол сұраған Еділдің жоғарғы ағысы Қазан хандығына тиісті еді. Осы хатта ол: «Қазан болса бізбен жау болып келді. Ал менің ұлым Ақсақал мырза ақ патшаның жауымен соғысты, Қазанда өлді, ал сол Қазанды ақ патша алды» [332,18], – деп өзінің орыс патшасына достық ниетте екенін білдіріп жазған. Әрине, өзінің ұлы Ақсақал орыс үкіметінің адамы Жан-Әли немесе Шах-Әли, тіпті орыс партиясының өкілдері Қазан билігінде болған кезде, соларға қарсы жорықтарда өлген болса, Айдар мырза мұны хатында жазбаған болар еді. Демек, Ақсақал Ресеймен бітіспес жау Қырым династиясы билігіне қарсы жорықтардың бірінде мерт болған. Қазандағы Қырым династиясы Сүйінбике арқылы Ноғай Ордасымен (Жүсіппен) жақсы қарым-қатынаста болған. Ноғайлардың Қырым династиясына қарсы соғысы бір-ақ рет, Сафа-Керейдің 1546 жылы таққа қайта отыруынан кейін болған.

1546 жылдың қаңтарындағы төңкерістен кейін Сафа-Керей Сүйінбикемен бірге көмек сұрап Жүсіпке барады. Сафа-Керей Жүсіптің баласы Жүніске Қазанның тау жағының билігін беремін деген уәдемен ноғай әскеріне Жүністі бас етіп, өзімен Қазанға алып келеді. Соның арқасында қайтадан билікке қол жеткізген Сафа Сүйінбике кейінірек (жаз айларында) Қазанға келісімен-ақ уәдесінен таяды. Осыған байланысты ноғайлар мен қырымдықтар және олардың одақтастарының арасында қақтығыс болған [85,454].

1549 жылдың 25 қыркүйегінде орыс елшісі Иван Федоровтен Мәскеуге келген хабарда былай делінеді: «Жүсіптің баласы Жүніс мырза өзін билікке алады деген үмітпен Қазанға барды. Ал қазандықтар оны Қазанға кіргізбеді және оның адамдарының көбін қырып жіберді, енді қазір, мәртебелім, мырзалар, жиналуда, күзде Қазан жерін жаулауға бармақшы» [333,169-170].

Жүсіптің одақтасы болған Айдар мырзаның ұлы Ақсақал, сөз жоқ, осындай қырымдықтармен қақтығыстың бірінде өлген. Қырымдықтармен оппозицияда болған Шорамен оның эпоста дос етіп көрсетілуі тегін емес. Қарақалпақ нұсқаларындағы Айдардың қой соңында жүрген аянышты кейпі ноғайлардың жоғарыда белгілі болғандай сәтсіздіктерін бейнелеген.

Ал Оңтүстік Қазақстан варианттарында (Майкөт, Молда Мұса нұсқалары) Айдархан кезінде Әлібидің өктемдігіне шарасыз шыдап жүрген Қараханның өліп кеткен әкесі болып айтылады. Бір қызығы, Ескішеһир (Түркия) нұсқасында да Хайдар хан айтылады. Мұнда ол Нәрік жүрген хандықтың ханы деп көрсетіледі. Мұндағы Хайдар хан М. Тынышпаев айтқан Қырымда өлетін қоңырат билеушісі Хайдар мырза (ол туралы алдыңғы тарауда айтқанбыз) болуы ғажап емес. Жырдың бір-бірінен шалғай аймақтардағы нұсқаларында аты аталуы, шынында да, тарихта Айдар мырза Шорамен қарым-қатынас жасаған болуы керек деген ойға жетелейді. Айдар мырзаның жоғарыдағы айтылған хаты 1552 жылдың бас кезінде жазылған сияқты, себебі орыс үкіметінің оған жауабы сол жылдың май айында қайтарылған.

Ертегілік және прозалық қазақ нұсқалары жөніндегі және осы тарауымызда Зениет есімін еске алған болатынбыз. Майлықожа айтуындағы прозалық нұсқадағы Зениетпен Қазан қаласын қорғаушылардың қатарында болған Зениетпен байланысы болуы мүмкін екенін ескерткен едік. Қазақ арасында кездесе бермейтін бұл есімнің эпосқа жырланған ортадан емес, оның сюжетіне негіз болған тарихи оқиғаның өзінен келгенін тағы да айта кеткіміз келеді. В.В. Трепавлов Қазан тарихындағы Зениеттің ноғайдың әйгілі биі Мұсаның баласы Жан-Мұхаммед екеніне, жылнамаларда оның Дзенеш, Зейнеш, Зениет деп әр түрлі аталатынына, бұл есімдердің Жан-Мұхаммедтің қысқартылып айтылған түрі екеніне назар аударады [327,254]. Осы орайда Жан-Мұхаммед атының эпосқа «Едіге батырдағы» Жанбайдың енуіне де әсер етуі де ықтимал екенін ескере кеткен жөн. Зениет Қазан қаласын қорғауда белсенділік көрсеткен. Ол ноғай биі Жүсіптің Қазандағы саясатын жүргізуші тұлға болған. Жоғарыда оның қырымдық династияға қарсы болғандықтан, Мәскеуде эмиграцияда болғанына, Жәдігерді хан сайлауға

қатысқанына тоқталған болатынбыз. Бұл әрекеттерінің бәрі оның Шора Нәрікұлымен бір саяси топта болғанын көрсетеді. Олай болса, прозалық нұсқада ол қалайша Шораға жау етіп көрсетілген? Біздіңше, Зениет (Жан-Мұхаммед) пен Шора Нәрікұлын қырымдық династиямен күрес қана біріктірген. Әйтпесе, олар бір-бірімен әуелден-ақ саяси қарсы топтың өкілдері болатын. Орыс үкіметінен келетін алым-салыққа толық ие болу үшін және саяси билікті өз қолдарына алу үшін ғана Мұхаммед-Керейді өлтіріп, Қырымды еш себепсіз шапқан ноғай билерінің бұл ісіне қарсы болған, Осман билігіне тәуелсіз Қазы-Керейді хан сайлауға тырысқан, ойлары жүзеге аспаған соң Астрахан, Түмен арқылы Қазанға кетпек болған, бұл жолда Жүсіп пен Мамайдан аулағырақ жүрген Шалғезбен, Шобанмен бір топта болған Шора Нәрікұлының да Жүсіптің Қазандағы өкілімен бір көзқараста болмасы анық. В.В. Трепавлов 1552 жылы Қазанға көмек беруге мүмкіндігі бола тұра бұған тәуекел етпеген Жүсіптің, Ысмайылдың бұл ісін Қазанның діни бауырластығынан гөрі Мәскеуге қатысты экономикалық мүддені жоғары қоюларынан деп түсіндіреді [327,257]. Әрине, зерттеушінің бұл көзқарасын бұлжымас ақиқат ретінде бағалауға болмас, бірақ Жүсіп пен Ысмайылдың сын сағатта Қазанға көмектеспеуінің ақтап аларлық себептері мардымсыз екені де шындық. Ал ел тәуелсіздігін өз өмірінен де жоғары қойған Шора Нәрікұлының бұл топпен бірлесе алмайтыны аян.

Қазан хандығының соңғы күндері Зениеттің орыстардың қолына өз еркімен түсуі де халықтың оған деген теріс бағалауын туғызуы мүмкін. М. Худяков Зениеттің Жәдігер (Ядгар) ханмен және оның екі інісімен бірге қолға түскенін айта отырып [161,146], Жәдігердің бұл әрекеті туралы: «Өлімге бас тігуге де, қашуға да тәуекел ете алмай, қорыққаннан жаудың қолына түсті, сөйтіп өз басын құтқарғанымен, өмірін қорлық мазағымен өткізді» [161,172], – дейді. Соған карағанда, Жәдігер де, Зениет те дұшпанның қолына өз еріктерімен түскен. Олардың бұл әрекетін ақтамаған халық Зениетті жырға ұнамсыз кейіпкер қатарында енгізген болуы тиіс. Ал оның Әлібидің баласы деп көрсетілуі – кейінгі эпикалық өңдеудің нәтижесі.

Жырдың Майкөт, Майлықожа, Молда Мұса варианттарындағы Көзмәмбет, Садырдың да тарихи тұлғалар екендігі 1945 жылы

Ә. Сариев вариантын баспаға дайындаушылар тарапынан айтылған. Бірақ бұл нұсқа солақай саясат салдарынан жарияланбай қалған. Вариантты баспаға дайындаушылардың (кім екендері көрсетілмеген) кісі есімдеріне жасалған сілтемелерінің бірінде: «Көзмамбет тарихи кітаптарда Қалмамбет атымен жүреді, Қалмамбет, Садыр екеуі Қазан қаласын қорғаған атақты ерлер», – деп жазылған [334]. Бірақ біз Қалмамбет, Садырдың атын ешбір тарихи еңбектен кездестіре алмадық. Бізге беймәлім болып қалған бұл дерек көздерін нұсқаның ғылыми басылымын дайындаушылардың қиялдан тұғызбасы анық. Сілтеме авторына сенсек, Қалмамбет, Садыр – тарихи адамдар, олай болса, оларды Шораға қарсы саяси топтың өкілдері болған деп есептеу керек. «Сырттағы орыс әскерлерімен емес, өз маңындағы бақталас топтың қосындарымен соғыс салса да, оның аты «жау» болатыны белгілі. Олай болса, уақыт өте келе татар, ноғайдың өз ішіндегі жауласқан күштердің аты ұмытылып, соңынан түрлі айтушылар немесе баспагерлер әсерімен «кәпір» болып кетуі табиғи» [2,54], – деген Р. Бердібайдың тұжырымы тап осындай жайларды айқындайды.

Қалмамбет атының эпоста Көзмамбет болып өзгеруі – тілдік үдеріспен байланысты. Оның ізі эпос нұсқаларынан көрініп тұр. Ертерек қағаз бетіне түскен Мұсабай вариантында – Құлмамбет; Майлықожада – Қосмамбет; қарақалпақ нұсқаларында – Көзмамбет; Майкөт, Молда Мұсада – Көзмамбет деп айтылады. Сонда бұл есімнің өзгеру эволюциясы мына ретпен болғаны көрініп тұр: Қалмамбет – Құлмамбет – Қосмамбет – Көзмамбет – Көзмамбет. Қазақтарда «Күзмамбет-Садыр» деген өз алдына бөлек жырдың [335] болуы бұл кейіпкерлердің тарихи адам екенін дәлелдей түседі. Т. Сыдықов бұл жырды қаскелеңдік Әшім Нұрлыбаевтан Б. Ысқақов жазып алған дейді [153,97]. Бірақ бұл жырдан Қазан хандығына қатысты оқиғалардың ізі байқалмайды.

Классикалық нұсқалардағы Сұлтаны Санжар, Көкше, Қарахан сияқты т.б. кейіпкерлердің тарихи негізі болғанымен, ол адамдардың өмір сүрген дәуірі Шора заманынан бөлек. Бұл қаһармандар, сөз жоқ, эпос құрамына көркем жинақтау арқылы енген. Осылардың қатарында Қаныкей, Тыныкейді айтса да болады. Тарихи деректер бойынша, Қаныкей, Жаныкей – Тоқтамыстың қыздары. Ә. Марғұлан

Тоқтамыстың бұл екі қызының күмбезі Қырымда сақталғанын атап өткен [255,75]. В.М. Жирмунский Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағында» Тоқтамыс қыздарының аты аталғандығын, оны аударып, бастыруда И. Березин Жаныкей есімін дұрыс оқымаған, асылы «Ханыкей» болуы мүмкін деген пікірді айтады. Тоқтамыстың да, қыздарының да эпикалық кейіпкер есебінде, ең алдымен, «Едіге батыр» жырына енгені даусыз.

Қанікей-Тыныкей «Шора батырдың» Молда Мұса жырлаған нұсқасында қалмақ қыздары ретінде жүр. «Қобыланды батырдың» да көптеген варианттарында олар қалмақ ханы Алшағырдың қыздары делінеді. «Қазақ эпосында Қанікей мен Тыныкей есімдері қазақ батырларының, жыр қаһарманының олжасы болатын жау (көбіне қалмақ) ханы қыздарының дәстүрлі аттарына айналған» [85,75], – дейді В.М. Жирмунский. Олжалаған жау қыздары болып келетін Қаныкей, Тыныкей есімдері басқа ноғайлы жырларына «Едіге батырдан» ауысқанын, кейін ол басқа да ертеден келе жатқан жырлардың құрамына еніп, типтік атқа айналғанын аңғару қиын емес. Ал «Шора батырдың» Оңтүстік Қазақстандағы нұсқалары «Едіге» жырымен контаминацияға түскенін екінші тарауда айтқанбыз. Сонда да болса, «Шора батыр» жырына бұл есімдердің кірігуі кездейсоқтық емес, белгілі бір себеппен жүзеге асқан. Жырға бұл типтік есімдердің енуіне көне нұсқалардағы Шораның қарындасы Қаныбек (кейде Қарабек) есімі түрткі болған деп білеміз. Добружа және Радловтың Қарасу-Базар вариантында Қаныбек батырдың қарындасы болып көрінсе, М. Әлиакбарұлы бастырған қазақ нұсқасында Қарабек батырдың жары делінген. Ал Қарасу-Базар вариантындағы Қаныбек жырдың екінші бір жерінде Қаныкей болып өзгертіліп айтылады. Бекмамбет Құлмамбет (Ташкент) нұсқасында да Қаныкей – батырдың қарындасы. Бұл жерде Қаныбектің Қаныкейге өзгеруі (тіпті бір нұсқа ішінде) бір есімнің екі түрлі мәнде айтылуынан. В.М. Жирмунский «кей» жұрнағы еркелету мағынасында қолданылатынын ескеріп, Қаныкейдің қосалқы есімі болуы мүмкін екенін атап өткен [85,76].

«Шора батырдың» көне нұсқаларындағы Қаныбек есімі Қаныкейге алмасып, кейін бұл есім батырдың қарындасынан жарына ауыстырылып, содан соң классикалық нұсқалардан Қаныкей, Ты-

ныкейлердің шаблондық образының орын алуына себеп болуы барынша мүмкін жағдай. Ал көне нұсқалардағы Қаныкей (Қаныбек) бейнесінен қазақ эпостарындағы Қаныкей, Тыныкей образдарының дәстүрлі белгілерінің байқалмауы бұлардың әуел бастан-ақ Тоқтамыс қыздарына қатысты тарихи оқиғамен ешбір байланысы жоқтығын білдіреді.

Майкөт вариантындағы Есім тарихтағы Есім ханды еске түсіреді. Майкөттен тараған қырғыз варианттарында айқынырақ көрінеді. Осыған байланысты болса керек, жетісулық жырланыстарда ол «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп атала бастаған [154,81]. Соған қарағанда, «Шора батырдың» оңтүстіктегі нұсқаларындағы Есімнің ұнамсыз қылығы тарихи Есім ханның туыстас жұрт – қатағандардың Тұрсын ханымен соғысуынан, оны өлтіруінен туса керек. Қазақ руларына сіңіп кеткен қатағандар көпке дейін Есім жайлы жағымсыз мәндегі әңгімелерді айтып жүрген болуы ықтимал. Тарихшы З. Жандарбек осы оқиғадан кейін қатаған, шанышқылы руларының кейбір аталары Орта жүз руларының құрамына өтіп кеткенін айтады [335]. Осы жағдайларды ескергенде, «Шора батыр» нұсқаларындағы Есімнің ұнамсыз бейнесі бұрынырақ пайда болғанын аңғарамыз. С. Чойбеков вариантындағы Есімнің хандықтың бір қанатын басқаруы, қалмақтар жұртын шауып кеткен соң жұрт көзіне түсуден ұялып, елден қашып жүруі қазақтардағы «Еңсегей бойлы Ер Есімнің ертегісі» деп аталатын Мәшһүр Жүсіп жазбасы арқылы жеткен бір аңызбен [174,146-148] үндеседі. Бірақ бертін келе тарихтағы Есім ханның халық арасындағы құрметінің, беделінің ықпалымен «Шора батырдағы» эпикалық Есімнің ұнамды жағы үстемдік алып, оның Нәрікті «кубас» деп жәбірлеуі сияқты жағымсыз қылығы өзге кейіпкерлерге алмастырылған. Соған байланысты жырлаушылар Тасан сияқты тың кейіпкерді ойдан шығарған.

Оңтүстік Қазақстан варианттарының кезінде халық арасында жиі айтылғаны соншалық, ол шежірелік аңыздарға да ықпал ете бастағаны білінеді. Соңғы жылдары жарық көрген тамалар шежіресінің бірінде Кәріп пен Есімді Нәрікпен бірге Қарабураның баласы деп көрсеткен [337]. Бұның «Шора батыр» жырының әсерінен туған шежірелік кесте екенін Кәріп пен Есімнен таратылған ұрпақтың көрсетілмеуінен және бұл мәліметтің өзге шежірелерде кездесе қоймайтындығынан біле аламыз.

Қарақалпақ нұсқаларындағы Сұлтаны Санжар да тарихи тұлға. Ол қазақ эпосында Шаншар хан деп аталады. Бір қызығы, Шаншар хан кездесетін «Мұңлық – Зарлық» жыры қарақалпақтарда және Оңтүстік Қазақстанда ғана айтылады (қырғыздарда да бар, бірақ ол осы жақтардан ауысып барған). Ортағасырлық тарихшы Махмут ибн Вали Санжардың Селжүк мемлекетінің билеушісі болғандығын көрсетеді [338]. Ескі қолжазбаларда оның Мары (Мерв) қаласын салдырғаны баяндалған [339]. Эпостың Есемұрат, Өтенияз (қарақалпақ) варианттарында Сұлтаны Санжар кейіпкер ретінде көрінеді. Бұл Сұлтан Санжар жөніндегі аңыз әңгімелер мен жырдың контоминацияға түскендігін көрсетеді. Екі бөлек дәуірдегі тарихи тұлғаларды бір заманға жинақтап көрсету – эпосқа лайықты көркемдік тәсіл.

Жыр нұсқаларында Қырым мен Қазан хандығының сыртқы жаулармен күресі ғана емес, елдің ішкі жағдайлары да жақсы бейнеленген. Х.Б. Паксой жырдың осы белгісі хақында былай дейді: «Эпос сол замандағы екі хандықтың әрбіріндегі ішкі жанжалдардың кейбір себептерін көрсетеді. Қырымда ханның салық жинаушылары тарапынан салық жинау ісінде тәртіп және белгілі бір жүйе болмаған. Қазанда орыстарға қарсы ұйымдастырылған жорықтарға басшының кім болары жөнінде пікірлер қайшылығы айқын көрінеді. Шора батырдың келуінен бұрын Қазанда отыз екі батыр бар болатын. Орыстарға қарсы ұрыстарда Қазан әскерінің басшылығына бұлардың біреуі ғана болуы тиіс еді» [3,259].

Эпос нұсқаларында, әсіресе, Қазан үшін болған ұрыстардың реалды белгілері көп сақталған. Көне нұсқаларда да, Мұсабай варианты сияқты классикалық нұсқаларда да жау әскері оқ-дәрімен атылатын қаруды қолданады. Ал Добружа вариантында 1552 жылғы Қазан хандығы құлайтын ақырғы соғыстың нақты көріністері орын алған. Бұл нұсқада соғыстың бір көрінісі былай берілген: «Жаулар Қазанды қоршап алады. Жер астынан да жол қазып, Қазан қаласының астына бөшкелермен дәрі салып, қаланы аспанға ұшырады. Бұл кезде халық у-шу болып, ерсілі-қарсылы, қайдан қашып жанын құтқаратын жер іздеді» [124,153]. Тарихта да орыс әскерінің қаланы басып алуына ең басты себеп болған нәрсе – олардың дәл осындай инженерлік-техникалық тәсілді қолдануы.

Орыс халқының аузындағы аңыз бойынша, мина қойылатын қазба жұмысын Бутлер деген англиялық инженер басқарған [161,144].

Татар тарихшылары орыс үкіметі қолданған осы соғыс тактикасын былай баяндайды: «24 августің өзінде-ақ миналар тізбегі бойынша жұмыстың жетекшісі, шебер мина қоюшы Размыслге Аталық және Түмен қақпаларының арасынан жер асты жолын қазу жұмысын бастауға бұйрық берілді. Бұл кездегі мұнара түбінен жарылыс болды ма, жоқ па, ол туралы жылнама еш нәрсе айтпайды, құпия қойма астынан қазылған басқа қазба дәл көрсетіледі. Кремль қабырғасының түбіндегі Нұрәли қақпасында қазандықтар су алатын кілт пен резервуар болды. Сол кілтке жер асты жолы алып баратын осы су көзін жою үшін шешім қабылданды. Және құпия қойма асты он күн қазылды. 4 сентябрде 11 бөшке, яғни 57 пұт дәрі қойылды. Жарылыстан құпия қойма және қабырғаның бір бөлігі бұзылды. Бұл алғашқы үлкен жарылыс тек қыруар шығын алып келіп қана қоймады, сонымен бірге қоршаудағыларды да есеңгіретіп тастады. Жылнамалардың айтуынша, тіпті кейбір қазандықтар IV Иванға бас ұрғысы келді, бірақ басқалар құдық қаза бастады» [298,72]. Осындай бір жарылыстар 30 қыркүйекте және қала қорғанысының ең соңғы, шешуші айқасында, яғни қазанның екісі күні болады [298,72;74]. Міне, осы деректермен салыстыра отырып, Добружа вариантында шындықтың айна-қатесіз бейнеленгенін көреміз. Осында айтылған жаңа соғыс тактикасының арқасында қамалдың бұзылған тұстарынан орыс әскері қалаға басып кіреді. Қазанды жарылғыш заттардың көмегімен алғаны орыс тарихи өлеңдерінде де сақталған. «Қазанды алу» («Взятие Казани») атты өлеңде орыстардың қаланы алу үшін үш жерден ор қазғанын, оған дәрісі, шарабы бар бөшкелерді тоғытқанын, жарылыс салдарынан қаланың аспанға ұшқанын нақты баяндайды [340]. Орыстардың қамал астынан ор қазуының ізі Молда Мұса вариантында да бар еді. Онда қалмақтар Қазанды шауып, ойрандап кеткен кезде аң аулап жүріп қапы қалған Шораға жұртта қалған Пайыз шалдың айтқан сөзінде осы ақиқаттың сәулесі бар:

*Ат ойнатты қалмақтар,
Үш күн ұдай ұрысып.
Тоғыз мың келді қалмақтан,
Тамадан бес жүз тұрысып.*

*Азбын деп тама тұрмады,
Аянбастан жұлысып.
Жібердік елші дүниемен,
Кетсін деп бізбен тынысып.
Тоқтатпады ұрысты,
Бейнаһият қырысып.
Есінен танды тамалар,
Келмеді, кәйтсін, шамалар.
Қалаға кіріп қамалып,
Кіргізбедік тырысып.
Ақым қазды қалмақтар,
Астымен жердің жылысып.
Қазған ақым жақындап,
Шаһарға жетті ығысып.
Бұзатын болды қаланы,
Құрыды жұрттың амалы.
Қақпаны аштық лажсыз,
Тәуекел аққа қылысып [159,392].*

Мұнда Қазан үшін болған соңғы соғысқа Шораның қатыспағаны, жау күшінің бірнеше есе басым болғаны, жаудың жер астын қазу жұмыстарымен жеңіске жеткені, қала қақпасын мәжбүрліктен ашқан сәттердің болғаны сияқты тарихи шындықтың көрінісі анық байқалып тұр.

Добружа вариантындағы соғыс суреттері классикалық эпос табиғатына жат, тарихтағы соғыстың бітім-болмысын барынша реалды көрсеткенімен, мұнда да эпикалық жинақтау белгісі бар. Өйткені тарихи Шора орыс әскері Қазанды басып алатын кездегі ұрысқа қатыспаған. Алайда бірнеше ғасырларды бір ғана эпикалық дәуірге иіп әкелетін эпос поэтикасына небары алты жыл уақытты біріктіріп жіберу түкке тұрмайды. Шораны орыс әскерінің Қазанды алуынан бұрын өлген етіп көрсететін қырымтатар варианттары да жоқ емес. Бекмамбет, Құлмамбет нұсқасында тарихи шындықтың осы белгісі сақталып қалған.

Эпосты тудырған тарихи мезгіл мен мекенге тән реалдардың ішінен эпос нұсқаларында ерекше сақталғаны – кейіпкерлердің

арақ-шарап (бал, сыра, боза) ішуі. Бүйік-Хожалар нұсқасында Шора Қазанға бара жатып, жолда бозаханадан боза ішеді, Қарасу-Базар нұсқасында бұл эпизод біршама өзгерген. Онда сапар шеккен Шора жолдағы майханаға келіп түседі. Онда отырғандар Шорадан жол сұрауға шамалары келмей, мас болып жығылады. Ал ноғай варианттарында Қазанға келген Шора Құлыншақ батырға сыра ішіп отырған жерінде жолығады. Осындай суреттер эпостың классикалық нұсқаларда да орын алған. Мұсабай вариантында Шора Әлібидің құнын даулап келген қырық нөкерді «арақ ішіп, қауласып» отырған жерінде қырып салады. Қарақалпақтардың Сейітжан жырау вариантында Шораны үйленуімен құттықтап барған жігіттер арақ ішіп қызып, төбелесіп қалады. Ал Т. Сырдыбаев жырлаған қырғыз нұсқасында Шора мен нөкерлерінің шаттығын: «Кәәкерде қайнап арағы, шишада қайнап шарабы, еріккенде жұтысып» [230,53], – деп суреттейді. Эпостың әр түрлі нұсқаларындағы арақ-шарап ішу мотиві Қазан хандығы өмірінің шындығынан туған деп нық сеніммен айтуға болады. Тарихи Шора Шах-Әлиді өлімнен құтқаруы қала халқының жаппай мас болғанының арқасында ғана жүзеге асқандығын «Қазан тарихының» авторы былай баяндайды: «Жұртшылықтың (қазандықтар – Б.Қ.) салттары бойынша, үйлерінде көңіл көтеріп, көптеген мейманханаларда ішкілікке салынатын мейрамдары болды. Сол күні хан барлық қазандықтар мен бекзадаларды, билеушілерді, қазыларды, барлық әскери адамдарды, ірі саудагерлерді, тіпті жай адамдар мен қатардағыларды да қонақасыға шақырды. Барлық қала халқына ас пен ішімдік бергізді, сарқылмас үлкен ыдыстарға толтырылған шарап пен бал көлікпен алып келтіріліп, хан сарайына да, алаңға да, қала бойынша көшелерге де, жол айрықтарына да қойылды, адамдар барып сауда жасады, ақшасы жоқтарға, қанша ішсе де, қарызға берілді. Бекзадаларға бағалы сыйлықтар тартылды. Ұландар мен князьдар, мырзалардың барлығы мас болғанша ішті. Олардың әрбірі құлаған жерінде ұйықтады. Бәрі де ханды мақтаумен болды, кемтарлар мен кембағалдар оған арнап дұға оқыды. Күштіден әлсізге дейін өлесі мас болып ұйықтады» [301,80-81]. Мұнда айтылған сол дәуірдегі бал (медове) мен жолаушылар тоқтайтын мейманхана (корчемница) «Шора батыр» жырының көне нұсқаларында дәл бейнеленген. М. Әлиакбарұлы вариантындағы

орыс әскерінің салық үшін тауық жұмыртқасын жинауы да ескі қазақ тұрмысына қатыссыз, жалпы қазақ ортасына бейтаныс сурет. Демек, мұнда да тарихи шындықтың негізі болуы мүмкін.

Зерттеушілер бірнеше күн ұйықтайтын батырлардың алыптарға тән сипатын көне фольклорлық сарын деп есептейді [85,573-574]. Мұндай сарын «Шора батырдың» проза түріндегі қазақ нұсқаларында да кездеседі. Ол Мырзақай және Мәшһүр Жүсіп варианттарынан орын алған. Бұл сарынның да тарихи негіздері бар екені жазба деректерден байқалады. Мәселен, С. Герберштейн татарларға қатысты мынадай мағлұмат береді: «Олар ұйқы мен аштыққа соншалықты төзімді, кейде төрт күн қатарынан ұйқысыз, аш болса да, қажетті жұмыспен айналысып жүре береді. Сондай-ақ, керісінше, жеуге жарайтын бір нәрсе тапса, шамадан тыс тойып алады (және бұл мешкейлікті алдындағы аштықтың өтеуі деп қарап, түк қалдырмайды. Осылайша тамаққа кекірелей тойған әрі шаршаған олар) үш-төрт күн қатарынан ұйықтайды. (Татарлар) күтпеген жерден шауып, олжа етіп малдарын айдап кеткен литвалықтар мен орыстар осындай кезде, олар қалың ұйқыға кеткен шақта қуып барып, олардың үрей атаулыны жиып қойып, сақтықты ұмытып, қарауылсыз, тәртіпсіз тоқтық пен ұйқыдан қалжырап, өлі жандай алаңсыз жатқандарын көріп таңғалатын» [303,167]. Демек, «батырлық ұйқы» сарыны өзінің шығу мезгілі жөнінен барынша көне болғанымен, оның актуальдылығы мен тарихи шындықпен байланыстылығы соңғы ғасырларға дейін сақталған. Мырзақай нұсқасында Қазанға келіп, жауды жайпап болған соң қалың ұйқыға кеткен батырды көпшілік болып оята алмайды. Қараның беріле оқыған дұғасынан кейін әзер басын көтереді. Баянның құшақтап аймалауынан соң (бұл жазып алушының қоспасы екенін жоғарыда айтқанбыз) ғана ұйқысын ашады [139,161]. Ал Мәшһүр Жүсіп нұсқасында түрікпеннің мың баласын қырған Шора демалуға жатып, оңайлықпен тұра қоймайды. Бұл туралы әңгімеде: «Шора мың баланы жайратып, тып-типыл қылып барып ұйықтап қалған екен. Бір ұйықтаса, жиырма күнсіз оянбайды екен. Оята алмай жаман састы» [167,200], – дейді. Жырдағы бұл эпизодтарды да, Герберштейн мәліметіне сүйене отырып, тарихи шындықтың сәулесі деп қарауға болады.

Шора батыр жөніндегі башқұрт аңыздарының мәні бөлек. Бұл аңыздардың басқа нұсқалармен мазмұндық қайшылығы болға-

нымен, оларда да тарихи шындықтың өзіндік белгілері бар. Мысалы, «Қазан алған» аңызы тарихи Шораның Қазан қаласы басып алынатын тарихи оқиғаға қатыспағандығын көрсеткен. Тек тарихи шындықтан шалғай кететін тұс – Шораны оған дейін мерт болған етіп көрсетпестен, кешігіп қалған етіп көрсетуі. Біз мұны Молда Мұса нұсқасынан да байқаған едік. Бұл айырмашылық, Р. Бердібай айтқандай, «сүйікті батырларының қандай да болмасын сәтсіздікке ұшырауына келісе алмайтын» халық санасының негізінде туған көркемдік тәсіл жемісі. Ал «Шора батырдың орыс әскеріне жәрдемге баруы» деген башқұрт аңызындағы өзге нұсқаларда жоқ, тосын оқиға да тарихи шындықтың негізінде туғанына дау жоқ. Аңызда Шораның орыстарға жәрдем берген әрекетін айыптау ізі байқалмайды. Қайта оны ақтап көрсетеді, бұл әрекетті өз басының азаттығы үшін атқарған іс етіп бейнелейді. Бұдан аңыздың тарихи Шораның жеке басына емес, Қазан хандығына қарсы топ арасында пайда болғандығын білуге болады.

«Шора батырдың» башқұрт нұсқаларындағы әркелкі мазмұнды да Қазан хандығы үшін болған күрестер дәуірінен бері келе жатқан ерекшелік деп білуіміз керек. Өйткені бұл күрес мемлекетаралық қана емес, мемлекет ішіндегі топтардың да өзара күрделі күресі болды. Ал башқұрттардың сол дәуірде-ақ бірнеше мемлекеттің құрамына енгені олардағы «Шора батырдың» қарама-қайшы мәндегі үлгілерін туғызуға себеп болған. «Қазан хандығы тек бұлғар татарларды ғана емес, басқа халықтарды да: морваларды, чуваш, мари, удмурттарды және башқұрттарды да өз құрамына алды, бірақ олар толығымен хандық ішіне кірген жоқ. Мәселен, мари, чуваш, мордавдалардың және удмурттардың бір бөлігі Мәскеу мемлекетінің іргесінде болды. Ал башқұрттардың бір бөлігі Сібір хандығы мен ноғайларға бағынышты болды», – дейді Қазан хандығының ұлттық құрамын зерттеген тарихшылар [341]. Бір тарихи оқиғаға әркелкі көзқарас халық арасында осындай жағдайда пайда болғаны сөзсіз.

Эпоста бейнеленген тарихи тұлғалардың көпшілігі бір мезгілде өмір сүріп, бір-бірімен қарым-қатынаста болғандығына және эпосты тудырған тарихи дәуірдің реалды суреттерінің жыр нұсқаларында молынан көрініс тапқанына қарап, «Шора батырды» тарихи жыр жанрына жатқызуға болмайды. Бәрібір мұнда батырлық жырға

тән белгілер үстемдік құрған. Әрине, эпостың көне нұсқаларында, әсіресе ноғай, қырымтатар нұсқаларында аңыздық прозаға тән белгілер мол. Бірақ жырдың басты тақырыбы мен идеясы, кейіпкерлерді бейнелеу тәсілі қаһармандық эпос белгісін танытады. «Эпос пен тарихи жыр өзіне ғана тән жекелеген белгілерге ие. Эпос шындықты ерекше қуатты көркемдік жинақтаумен беретіні сондай, эпикалық қаһармандық жырлар ұлттық мәдениеттің шыңы болып табылады. Және ғасырларды бастан кешіреді. Эпос жеке, бөлек оқиғаларды қамтымайды» [268,370-371], – дейді В.Я. Пропп тарихи жыр мен қаһармандық эпостың айырмашылығы жөнінде. Ал «Шора батырдың» тарихи белгілері мол көне нұсқаларының өзінде де жекелеген тарихи оқиғаны ғана қамтымайды. Онда XIV-XVI ғасырлардағы Орыс мемлекеті мен әр түрлі түркі хандықтарының арасындағы қарым-қатынас пен күрес жинақталып берілген. Ал жырдың классикалық нұсқаларындағы эпикалық жинақтауға түскен тарихи дәуір мен оқиғалардың ауқымы бұдан әлдеқайда кең, көне мотивтермен бірге бергі дәуір шындығының көріністері де молынан енгізілген, сюжет классикалық эпосқа тән типтік ізге түскен. Жырдың бас кейіпкері Шора батырдың бейнесі де қаһармандық эпостың жанрлық шеңберінде сомдалған. Біз жоғарыда айтылған тарихи деректерден Шора Нәрікұлының бірнеше ағайынды болғандығын білеміз (жылнамаларда Шораның ағайындары деп Ислам мен Әліке мырзалар айтылады). Ал жырдағы Шора болса, Нәріктің жалғыз ұлы болып көрсетілуі, оның жауға жалғыз аттануы, жалғыз өзі сан мыңдаған жаумен айқасуы, ерекше болып тууы – нағыз қаһармандық эпосқа тән белгілер. Бұл – эпостың мифтен бастау алатын көне әрі тұрақты қасиеті. «Біздіңше, батырдың керемет тууы, сыртқы жауға қарсы жалғыз өзі ерлік жасауы (тек әйел алу себепті емес) мифтің әлеуметтік дәйектемелерімен қарайлас» [86,230], – дейді Ш. Ыбыраев.

Тіпті эпос нұсқаларындағы тарихи шындықтың белгісі ретінде көрінетін оқ-дәрімен атылатын қаруы бар жаумен соғысқанда да Шораның өзі ол қаруды пайдаланбайды, жауға жалаң қылышпен қарсы шығады. Бұл – қаһармандық эпос жанрының хас белгілерінің бірі. В.Я. Пропп орыс қаһармандық эпосында ең ескі қару түрлерінен бастап, кейінгі заманның жоғарғы техникасымен дайындал-

ған қару-жарақ түрлері де айтыла беретінін сөз етіп келіп: «Бірақ эпос қаһарманы дәрімен атылатын қарумен жасанбайды. Бұлай ету көркемдікке қайшы келер еді» [268,337], – дейді. Ал кейбір қазақ эпостарындағы бас кейіпкердің мұндай қару түрін қолдануы кейінгі заман қоспасы екендігін Ш. Ыбыраев та жақсы көрсеткен [86,165].

Осыларға қоса, жырдың барлық нұсқаларындағы көркемдік тәсілдер: әсірелеулер, формулалар, ырғақ пен жыр өлшемі, құбылтулар мен айшықтаулар, шығарманың уақыт пен кеңістіктік концепциясы оның қаһармандық эпосқа жататындығын айқындай түседі. Осының бәрін ескере келіп, «Шора батыр» жырын өз бойына тарихи шындықтың белгілерін мол жинаған қаһармандық эпос деп айтуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

